

Каз
М37

МАШҲУР-ЖУЕЛ



مکتبہ اسلامیہ
۶

кәб
1137

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр-Жүсіп

Шығармалары. 13 том

Павлодар 2008

УДК 821:512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-44
М-37

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А.,
Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. (жауапты редактор),
Қаскабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.К., Негимов С.,
Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С. Еспенбетов – М. Әуезов атындағы
Семей университеті профессоры, фил. ғыл. докторы;
Д. Ыскақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

М-37 Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

ISBN 9965-08-293-6

Он үшінші томда Мәшһүр – Жүсіптің әдебиет, тарих, ғылымының басқа да түрлі салалары туралы айтқандары тікелей өз жазбалары және көшірмелер бойынша қамтылды. 1-10 томдарда Мәшһүр-Жүсіп еңбектері тақырып, сала, жанр т.с.с. бойынша жіктеліп беріліп келсе, 11-12 томдарда және осы 13-томда түпнұсқа тәртібін сақтап жариялау, яғни тақырып т.с.с. тұрғыдан жіктемей, қолжазбаның түптелу, сақталу реті бойынша бірінен соң бірін қалдырмай ұсыну жүзеге асты.

ББК 84 (5 ҚАЗ) 7-44

Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген – Лаура Қуандыққызы Жүсіпова тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

ук-4184

ISBN 9965-08-293-6

© Мәшһүр Ж.К., 2008

Адам тәні туралы

(бірінші әңгіме)

Саулық, тынышлық – бүтін патшалықтың ең зор қызметі – жүректе дүр. Жүрек қызметі сол – рүдірге (зідірге) онын (аның) бір тәулікте істеген (ішлеген) ісі. Мың да бес жүз пұтлы нәрсені бір санын (сауын) жоғары көтерерге бір-бір кило. Сондайын ойла – бір жыл (ил) тәуліктегі қызметін.

Жүрек ғұмыр бойына еш тоқтамай, шеліме (сыйлыма) жоқтағанда (иоклағанда), адам иал (ажал) жеткенде, ол да иал етсе, оның иалы сол ақырынлық білсе, істеуі (ішлеуі).

Адам тәнінде нелер бар? Адамның тәні: ет, сүйек, қан кебелерден кебегіне жиналмақ көрінсе де, оның тәнінде: темір, көмір, тұз, фосфор, май бар дүр. Орташа ғана бір кісінің тәнінде – кара такта, яки үш жүз алпыс қарындаш жасарлық көмір бар еді. Қағаға жетерлік, қадақ жасарлық темір бар, екі жүз мың шырпы жасарлық фосфор бар, 600 дана шам қоярлық жиырма қасық тұз бар.

Бір кісінің тәнінде болған фосфор[ды] айырып алынса, ол фосфор ила бес жүз кісіні заһарлап, отырып бүлдіреді.

«Ғұмыр етсін, сол мақсаттық милыз» – деп, хукім еткен Алла тағаланың: «...» – деген сөзінде бұ аңлашлар. Әмме халық мұның хылапынша дер көп халықтың өзінің жетпеген (жетушімеген) жері көп болып, өзі үйренесі жағында – халық не үйретуші надан көп, қышқыра нашар күшлігі артық, ақыры жақсысының тәні де шықпай, зиұрнасыз башақ барысында жоғарырақ дара байып тұр...

Тамиғсызлық, азаттық, кісіден үміт (мида) ету, құлдық (құллық) – үміттің (амимиднің) мұндайы бар. Алдағы күнде менхиш лактиптен алтын таулар күту... Ондай үмітте болмаған кісі өлік жүрек боларға керек.

Таудан мұраттау түгел шағыр Некрасов айтқан: «Бәрі жердің астына көмілгенде, жоқ үміт және сонда жылар да жоқ, қаны қатқан, әлі... жүз ел ғұмыр ит һиман үмітте бол. Век живи, век надейся. Үмітсіз шайтан – ғалия лағын.

Кім ерсе, не жаз күні иісті (иіслі) гүлдері бірлан талиянский ескеріп, сүйіс (сойыш) құлдары (қыллары) бірлан жақсы, күйлі

шағырлар мұңлы күйлері бірлән естікте (еслікте) алмаса, ол кім?
Бұзық мизаждар докторларға жөнелсін!

Құтырған ит пен наданды салыстыру

Бір уақыт хазірет Ғайса рухолла өзінің бір шәкірті ила барғанда, карсыларында бір құтырған ит көрінді. Шәкірті:

– Айда, қашайық, құтырған ит келсе! – деседі.

Хазірет Ғайса рухолла:

– Жекләрде кетір әлі! – дегенде, жолында дауам еткен.

Біраз барған соң, жолында бір надан келіп шыққан. Бұ уақытта хазірет Ғайса рухолла:

– Не, не надан келсе, бір жакқа кетейік! – деген.

Шәкірті тыңдамаған, наданға қарсы ұшырасқан. Надан келгенде, шәкіртіне әр түрлі лұғаз, қыбихса илан сөге бастаған. Сол уақытта хазірет Ғайса рухолла шәкіртіне қарап:

– Міне, көрдің бе, надан құтырған иттен һәм жаманырақ екен демес дүр [1].

Нух пайғамбар мен бір кемпір

(екінші нұсқа)

Топан суы әуел білінгенде [2], хазірет Нух ғалайссаламның нан жабатұғын тандырынан білінді. Ол тандыр тас еді! Хазірет Хауа анамыз нан жапқан, сонан үрім-бұтағына [3] мирас қалған. Ол уақытта ол тастың орнап тұрған жері – Куфа шаһарының Бапкенде деген даруазаның маңайында еді [4]. Қала бұл күнгеше ғаламаты бар: «Куфада опа жоқ» – деп айтылғандығы [5] – сол Куфа шаһарының бұрынғы заманда зорлығы сондай: бір шетінен кірген керуен он тоғыз күнде бір шетінен зорға шығушы еді. Енді осы күнде сонан дәнеме жоқ. Әр жерде жалғыз-жарым қалған үйлердің ескі орны бар. Ешқайда кете алмай қалған, өшпейтұғын, өспейтұғын, екі үйі бір жерге қонбайтұғын [6], бірігіп отырмайтұғын, ант жеткен, қарғыс тигендердің тұқымы бар.

Нух пайғамбар: «Топан суы тасиды» – деп, жиырма жыл кеме жасаған. Сонда кәпірлер келемеж қылған: «Қартайғанда алжып,

ашамайшы шал болды» – деп. Сонда бір кемпір жалғыз сиыры бар екен. Құдайдың құтты күні жалғыз сиырын сауып, пісіріп, ұйытып, катығын Нух пайғамбарға алып келіп береді екен: «Шырағым, су тасығанда, жалғыз сиырым мен мені кемеңе ала гөр!» – деп.

Топан суы тасыды, көк пен жердің арасы суға лық толды. «Кемпір қайда, кеп қайда?» Нух пайғамбар оны ұмытып кетті. Алты ай, он күн су дүние жүзін тегіс қаптап, қайтты. Дүние жүзі құрғақшылық болды.

Бір күн қалқактап баяғы кемпір тағы катығын алып келіп тұр дейді: «Шырағым-ау, су тасығанда, мені, жалғыз сиырымды кемеңе ала гөр!» – деп.

Сөйтсе, кемпір байғұстыныкыласы зор, жүрегі шын болғандықтан, Нух ұмытса да, Құдай ұмытпаған екен. Кемпір Нух пайғамбардан қайтып, үйіне барып, сиырын сауып, катығын ұйытып жата калыпты, ұйықтап, ката калыпты. Сол ұйықтағаннан ұйықтап, дүние ай-жай болған соң, бір-ақ оянып, ұйытқан катығын алып келіп тұрғаны екен. Жалғыз сиыры да аман, өзі де аман [7]. Міне, Құдайдың шеберлігі! Осы кемпірдің үйінің орны Бурса шаһарында, көп народ (нар от) бас косып, жұма намазын окитұғын мешіт жамиғынын ортасында. Ол мешіттің маңдайында жазылған дейді: «Міршәмсдин Мұхаммед Бұхарай опаты 338-де болған».

Ол өзі – хазірет кожа Баһаудиннің пірінің баласы, Міркүләл бабанын перзенті екен де, сұлтан Баязид ілдірімнің кызын алған күйсуі екен. «Сол мешіт жамиғынын ортасында бір кншкене хауыз (хозы) ішінде балыклар ойнап жүреді. Айналасы – аяк таятұғын тас» – дейді. «Кемпірдің үйінің орны – сол!» – дейді. «Сұлтанмұрат піруайынын зиараты сол Бурса шаһарында. Оның қасында Шегіртке [8] әулиенің зиараты бар!» – дейді.

Еділ-Жайық ертегісі

Түбі-тегі Қыпшақ еді [9].

«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» – мақалының шығу төркіні Қазақта бір мақал бар [10].

«Сөз тапқанға қолға жоқ» – деген сөздің басы қайдан шыққан? Жер иреті Сарысу өзенінің жазғытұрым тасып жатқан кезі [11].

Жүсіп пайғамбар туралы

«Ұры өлгенше: «Ақпын!» – дейді, Токал өлгенше: «Накпын!» – дейді». Хазірет Жүсіп (Иүсіф) ғалайссаламды аталарынан ұрлады. Ұрлағандығын Құдай сөзі «Құран» айтып тұр. «... Ұрлықта сізлер онан да жамансыз. Өз баласын өзінің әкесінен ұрладыңыздар!» – дегені. Бұлардың: «Ақпыз!» – дегені. Омарынт буминлына өлігіне сатқын. Хазірет Зылиха қытғиырға токал хош еді. Өзінің қылған пәлесіп хазірет Жүсіп ғалайссаламға жабу үшін қалт мажизай мен аратпа һілік суы ала ан исжын уағыздап ілім дейді. Хазірет Жүсіп ғалайссаламның ақтығы (хақлығы) төрт айлық жас тығылының сөйлеп, шаһадат беруімен екінші канша қатынлар бармақларын кесіп, бәрінің көзінше: «Ұлықтар ұтпағын, нәпсі пастығсам» – деп, мойнына алғанның соңында. Өзінің ісін ақтыққа (хақлыққа) айналдыру үшін, жұрт хазірет Жүсіпті: «Жазалы!» – деп білуі зынданға салдырды. Бағдымар уалаят лисжынына жеті шын шаһадат сахи көйлек арт етегінен жыртылғанлығы – қатынларының саусақларын турап алғанлығы, – бәрі айқындалған соң, зынданға жаптыруы – Зылиханың: «Өлгеше накпын!» – дегендігі.

Мақалдар туралы

Қазақта бір мақал бар: «Ер – туған жеріне, // Ит тойған жеріне». Қазақ соның айтуын білсе де, мағынасын білмейді. Бұл «Хадис Шәріпте» – Шіп алутиң мен Лайманның мағынасынан алынған сөз. Жақын біл (биіл): адам ұғлы болса, ойғағы. Отынның асылы: сый дүр бізге топырағы. Адамның асыл шыққан жері – рухтың (рухының) өр боп, өндіген жері – Құдай тәбәрік тағаланың күдірет қасы – денесінің шыққан жері – топырақ. Мұнан мағлұм болды: шын жұрты, шыққан жұрты – ақырет ғаламы.

Жалған дүниенің жүзі – ішпек, құшпақ... үшін болған, тойған жері болды. «Ердің ері, егеудің сынығы» – болған жан ақырет жұмысын костап (хошлап), соның жабдығын ойлап, есі-дерті, туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған – жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүниешілігімен (дүние шығылымен) алданып қалады.

«Еркек семіз болса, елдің құты, // Қатын семіз болса, үйдің жұты».

Бұл сөз де бар: «Еркек семіз болса, есек, // Қатын семіз болса, са-лулы төсек».

«Өспейтін елдің жігіті топ ішінде құрдасын: «Қатыным!» – деп, ойнайды. // Өсетін елдің жігіті топ ішінде құрдасын «Батырым!» – деп ойнайды».

«Онар елдің белгісі – ақсақалы үлгісі. // Оңбас елдің белгісі – ақсақалы күлкісі». «Өсетұғын елге с...іс кіреді, // Өспейтұғын елге сыбыс кіреді – пыш-пыш». «Кері кеткеннің саяғы далада жүріп тебіседі».

Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен Исабек (Ғайсабек) ишан дауам айтып отырады екен: «Байлық мұрат емес, жоктық ұят емес» – деп. Құлақ естігенді көз бір көрмек. 1928-інші жыл, ұлу жылы байлықтың мұрат еместігін көзінен көріп нанды.

Шортанбай қожанын айтқаны және қазақ мақалдары

Байды Құдай атқаны [12]

Жабағы жүнін сатқаны.

Кедей қайтсе, күн көрер,

Жаздай жатақ жатқаны?!

...Жалғыз сиыры бар болса,

Соғымына сояды.

Қағаздатып бұзауын

Ноғайына қояды.

Оның сөйлегені – біздің құрттай бала күнімізде еді. 1928-інші жылда, ұлу жылында Құдайдың байды атқанын көзіміз көрді. «Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, Құдайдың жанды досы бола алмайды» – деген де сөз бар. Қазақ мақалы: «Иесін сыйлағанның итіне сүйск сал» – дейді...

Қазақ мақалы: «Дүние – бір күн бетін көрсетеді, бір күн көтін көрсетеді». Бұған дәлел – «Айта Кериме»...

... «Ақылы жоктың жақыны жоқ». «Тойғанға тоң жоқ». «Қашқан түлкі қызыл көрінеді, // Жаланаштікі ұзын көрінеді».

«Жұртта қалған жөке арқан: алып кімді бай етеді, қалып кімді жарлы етеді?».

«Сүт – сүйек өсіреді, киім көңіл өсіреді».

«Баланың жеңінің ұшын жамаса, қарыс бойы өседі».

«Аман – айтуға, есен – естуге, семіз – көруге».

«Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады». Бұл қалай, көтсіз бала бола ма?»

Сарыбас мерген

Кіші жүз «Қарабура» ұранды Тамада «Қу жарғақ Сарыбас» – атанған мерген болыпты [13].

Ұйқының әлегі (Сарыбастың екінші бір әңгімесі)

Бір күн[і] бір төбенің басына шыға келдім [14].

«Ақ тышқан жұты»

«Ақ тышқан» -деген жұт болып, Қаракесек жаман жұтапты. Аштықтан Қызылтауға жаяу шұбырып келіп, он екі кісі жуа теріп жеп жүргенде, Орманшы – «Ұзын Жолдаяқ» – деген бір жерде он екі кісіні бауыздап тастапты.

Қаракесек-Жарылғап-Дегелең деген жерде Жаныс бай деген бай бар екен. [Жанысбайдың] әкесі Ақтанбердіге төрт мың жылқы біткен екен. Сол Жаныс «Ақ тышқанда» жұтап, кедей болып қалған соң, бар жа-сауын тамаққа сатып, үйі адам көргісіз болып қалғанда, Қаракесектен шыққан Балта ақын Тобықты жағынан келе жатып, Жаныстікіне кіріп келгенде, жылап жіберді дейді. Сонда айтқан өлеңі:

Әкуайдай – арбаның әлде несі,

Қолқа жүрек – адамның жан денесі.

Кірген кісі шыққысыз Жаныс үйі

«Ит байласа тұрғысыз» – болған несі?!

1931-інші жыл, жылқы жылы қайда барсаң, қазақ біткеннің үйі-күйі осы болды. Бұрыннан айтылып келе жатқан сөз еді: «Жылқы жылың алдында!» – дей беруші еді. Не зор күн, не қиыншылық болса, жылқы жылы болатұғын әуелден бір тағдыр бар екен. Он бір жасар бала күнімізде Күлік-Амалдық сопы:

– А, Құдай, жылқы жылын көрсетпей ала гөр! – деп отырушы еді.
– Мұныңыз қалай? – деушіге бұрынғылар айтқан екен:
– Ала қарға, сауысқан-құстың қоры,
Ақыр [за]ман болады жылқы жылы,-деген осы екен.

Сахаба ұрпағы

Хазірет Ғақаша сахаба ан хазіретіміздің он жеті ұранды туын көтеріп еді [15].

«Әдһам диуана және Ибраһим» дастаны соңы

[Құрып] бір қалдың, балам-ай,
Атаға бала ермек-ті,
Қызығын аз күн көрмек-ті [16].

Ғафурахман өлеңдері

Орманнан бір шал қайтты отын алып,
Бүкшендеп көтере алмай өліп-талып.
Отынын жерге қойып бір азырақ
Қисайып жатты байғұс ойға калып [17]...

XXX

Бұл кітап Ғафудікі, оқымаңыз,
Көңілге жаттап (жатлап) алып, тоқымаңыз.
Дүмшелеу, хат танымас адам болса,
Түрткілеп әр жерінен шоқымаңыз.

Оқи алмай кейбіреу езіп шатар,
Орнығып тындай алмай басың қатар.
Үйлесімен айта алмай дұрыс сөзді,
Әр жерде ұзын түсіп сұлап жатар.

Мәшһүр-Жүсіптің «Ағашсыз жапырақ» өлеңі

...Жігіттер, сараңдықты қылма кәсіп [18],
Болмайды сараң жанға ұрмақ несіп.
Болса да өзі тақуа, өзі сопы,
Тозақтан құтылмайды сараң кашып.

Алмасаң өз фазылына, біздер кәріп,
Күн көрер зағип пенде қайда барып?!
Сараңға, жарылқау жоқ, қарғауына,
Айтылған пайғамбардан – «Хадис Шәріп».

Қылындар сахилықты жастан машық,
Жомартқа сегіз ұрмақ есігі ашық.
Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы,
Болса да, бөгеті жоқ, қандай пасық?!

Аят пен жалған болмас хадис сөзі,
Әр жерде білгендердің көрді көзі.
Өзі есті, кейде ессіз, жөн білмейді,
Болғандай бұ жалғанда тым-[ақ өзі].

Жомартлық, жақсылық қыл орнын тауып,
Таппасаң, ысыраптан бар үлкен қауіп].
Көңіл қой, болар іске көзінді сал,
Аландап күн өткізбе, босқа шау[ып].

Күн бұрын істер істің тәртібін біл,
Көзге түс, ауызға іліп, майданға қ[ел].
Дүниеде қалған ісің нығыз болсын,
Тұрмайсың дүниеде өзін мың жыл.

Өзгеден ғылым парыз бұл дүниенің (дүнианын),
Болмайды қайда барсаң мұнсыз камын.

Мәшһүр-Жүсіптің «Опасыз әйел» дастаны

(екінші нұсқа)

... [Кө]пке топырақ шаша ма жалғыз кісі [19],
Қайратты болғанменен қанша мықты?!

Қызметкер жүгірді анталасып:
– Қарашы тұрғанын тайталасып!
Тұс-тұсынан жабылып, сабаса да,
Сонда-дағы қоймайды жанталасып.

– Қатынымды бер, – дейді, ханның ұлы,
– Құшақтатып қоймаймын саған мұны!
– Мә, катын!-деп, аузына калар қойып,
– Не былшылдап тұрсың?! – деп күн мен құлы.

Аузы қанап, тістері сынып жатыр,
Жығылса да, ішінен тынып жатыр.
«Обал болды-ау байғұсқа!» – дейтін жан жоқ,
Бір кісіге білгенін қылып жатыр.

[Даур]ығымен бұлардың жұрт жиылды,
Көзі аққырдың көзінен жас тыйылды.
«Өлгеніне мұнша аза тұтамын!» – деп,
Өлімнен де бір күшті көр қиынды.

Өз басына адамның өз тілі жау,
«Жақсы шақтың, – деген сөз, – бар көзі са[у]!
[Ба]ласымен бір ханның талас болып,
Бір катынға мұнша үлкен зорайды [дау].

Желкектеп жүгіре басып катын келді:
– Бұл кім?-деп, – шулықтырған осын[ша] [елді]!
Әлі күнге өлтірмей тұрсындар ма,
Былшылдатып сөйлетіп бұл ит[ті енді].

Қатыннан тұрған жанлар кеп сұрады,
Жиылған топ бұқара көп сұрады:

– [Б]ұл сенің бұрын көрген танысың ба,
Құдайлық, шынынды айтшы! – деп [сұрады].

Қатын айтты:

– Дәмі жоқ жаласының,
Келеріне, ұмтылмай, шамасының.
Бала жастан қолында ойнап өскен-
[Мен гүлімін патшаның баласының].

Езу тартып өмірімде күлген емен,
«Бай деген қандай болар?» – білген емен.

Мұндай түрсіз, жұғымсыз жексұрынды
Өңім түгіл, түсімде көрген емен.

Ысқақ айтты:

– Сен менің қатынымсың,
Қыздай алған айттырып қосағыңмын.
Ағасының әкемнің қызы емес пе ең,
Өлігінді күзеттім бірнеше күн.

Қатын айтты:

– Мен сені танымаймын,
Шошқа жолдас болған ба көктегі аймен?!
Орыны жоқ өтірікке кім нанады,
Кім отырар бір сағат сендей баймен?!

Баласы, айтты, патшаның:

– Сөзінді қой,
Қоймасаң, мұнан да үлкен көрерсің той!
Бізлердің арамызға: «Жел салам!» – деп,
Бір тапқан, қулық ойлап, амалың ғой!..

Ысқақ айтты:

– Бұл қатын менікі анық,
Бұл сөзімді уа, Алла, деме: «Танық!».
Өліп қалған жерінен душар болып,
Хазірет Ғайса тірілтіп берген алып.

Жакка-жакқа ұрады: «Патшағар!» – деп,

Құлларын бұйырды:

– Тарт, шығар! – деп.

– Дау – жанжалын бұлардың басып кел! – деп,

Бір қазыны бұйырды патша: «Бар!» – деп.

Бұйрығымен патшаның қазы келді,

Жүгініске түседі бұлар енді.

«Өліп, қайта тірілді!» – деген сөзден,

Естіген көп халайық жалған көрді.

Қазы айтты:

– Айтқан сенің сөзің жалған,
Дау екен бір өтірік жала салған.
Ол заман мен бұл заман бар ма, сірә,
Өлген жанды тірілтіп, қайтып ал[ған]?!

[Қатын] сонда қуанды:

– Құлдық бас!-деп,
– Орынсызға соқтыққан не еткен мас?! – деп...
[Арада бір парак, яғни 56 тармақ жоқ – Л.Ж.]

...– Сөзім жұртқа шын болсын, жалған болмай,
Бергенінді өзің ал, Құдай!-дейді.

Қатын сонда сылқ етіп жерге түсті,
Көрген жұрттын бәрінің зәресі [ұшты].
Бір мегежін болды да, өліп қалды,
Көзге солай көрсетті Құдірет күшті!

Мегежін болып қалыпты қатын өліп,
Қатын үшін жүрмендер көңіл бөліп.
Жұрт жығылды пайғамбар аяғына,
Қойдай шулап, қозыдай маңырап келіп.

Патша болды жығылған, жұрттың басы,
Бұлақ болып, көл дария көздің жасы:
– Кеше гөр! – деп, – ай, тақсыр, білместігім,-
Өгіздей өкіріпті ол баласы.

Ғайса айтты жұртқа:

– Құлақ салыныңыздар,
Көзбен көрдің, көңілмен наныңыздар!
Құдірет бар Тәңірім қылған әрбір істе,
Мұнан ғибрат баршаныз алыңыздар!

«Болам, – деп, ойлайды ғой әркім, – онды!»
Оңды болар, оңдаса Тәңірім жолды.
Кәпір өліп, мұсылман боп тірілген-
Көрдіңіздер тамаша етіп қара құлды.

Мұсылман еді қатын, көзің көрді,
Бір басты қайта келіп қара жерді.
Бір өліп, бір тіріліп, әуре болып,
Мінеки, ақырында кәпір өлді.

Қатынды аса жақсы Ысқақ сүйді,
Күйгенде, бұл жалғаннан, сонан күйді.
Өзі мен қатынына түк пайда жоқ,
Шарапат, жақсылығы құлға тиді.

Мұндай сөз, таба алмассың, берсең де ақшаң,
Алтын сырға, құлаққа, алып тақсаң.
[Бір қатынды] баққанша, жүз итті бақ,
Жаныңа қылдың за[лал, қатын бақсаң]!

...Бұл сөз шын: «Жоқ, – деп ойла, – мұның қалты»
Аты қатын болған соң, бір ғой салты.
Ынсаплы, тоқтауы бар ұрғашының
Жазулы істей бір болмақ саны алты [20].

Сөзім көп, айта берсем, мұнан да әрі [21],
Жіңішкелеп, аз айтып келген жері.
«Жақсы қатын қайда?» – деп, көз салсаңдар,
Қатынның ұжмақ барар мыңнан бірі.

Кітаптан мұның бәрін көзім көрді,
Білген жоқпын мұнымды – өлер жерді.
Ақ күмістей айырып алыңыздар,
Жүз «он» – мен он «тоғыз» бен оннан – «бірді».

Баяғы байғұс Ысқақ қайда кетті,
Босатып оны дардан азат етті.
Енді қатын алмасқа тәубе қылып,
Қаңғырып, жылап жүріп, шөлдерді өтті.

Жемтікке алданғаннан, болды қарға,
Қатын десең, құрылған бардың дарға.
Мұнан артық сөз ғибрат қандай болсын,
Баста – миы, мандайда көзі барға?!

Еңіреме бұл сөзімді тындай алмай,
Ұқпасаң: «Ах, ты, божем!» – дерсің талай.
Біздің сөз келгенде, өрге қайыр мықтым,
Кеткенге дау-дау арман қарай!

Бірі – алтын, бірі – күміс ұққанына,
Керек қып жанды жанға соққанына!
Итеріп найзаменен кіргізе алман
Құлақты мақтаменен тыққанына [22].

Неке шарттары

Некенің (некахның) дұрыслығының шарты бес дүр. Ол – уәли әзір (хазір) болмақ. Екінші – шаһит сазырбу болмақ. Үшінші – қыз-жігіт риза болмақ. Төртінші – ибап. Бесінші – кабыл неке (никах) – алты дұрыслығың бірлан байланұр. Ол – нағыз неке... [23].

Қазақ шежіресі, ру ұрандары

Кіші жүз: Табын, Тілеу екеуін алыпты [24].

Қаракесек шежіресі

Қарсын-Керней: Жарылғап балалары – Қырбас, Жәнібек, Сәдібек, Баубек [25].

Табиғат пен адам денесін салыстыру

Тынатхалық, ғибрау, палак. Ғибрау, палак, – баршасы өз бойында түгел. Жерде таулар болса, дененде – сүйеклер. Жерде ағаш, шөпpler болса, дененде – шаш, түктер (түклер). Жерде жеті қылым болса, дененде: көз – бір, құлақ – екі, мұрын – үш, ауыз – төрт, қол – бес, аяқ – алты, ұят жері – жеті. Өз дененде болған жеті қылым – осылар.

Жерде зіл-зала болса, дененде – түшкірмек, селк етіп шошып қалу бар.

Жерде өзендер (өзенлар) болса, дененде үш жүз алпыс (алтмыш) қан тамырлары бар.

Жерде ащы, тұщы бұлақтар болған болса, дененде: құлақта – құлық ащы, көзде – жас тұзлы, мұрында – сінбірліклер батпақ. Ауыз-

да тілдің түбінен шығатұғын су тәтті. Құлақта – құлық ащы болғаны: «Ұйықтап жатқанда, қыбырлаған, жыбырлаған бір нәрсе құлаққа кірмекші болса, ащылығынан жиреніп, қайтып шығып кетсін!» – дегені. Көздің суы тұзды болғаны – көздің айналасы (айланасы) – май. Тұз-майдың қатығы. Мұрын суы жарамсыз шіркін болғаны – «Жақсы иістің ләззатын білсін!» – деп. Тіл суының тәтті болғаны – әр жеген тамақты сүйкімді, ләзатлы қылу үшін. Қыз тілін сүйіп көрмеген ит ненің қадірін біледі?! Өзге жоғарғы жақтағы баға (баһа) асылдарды былай қояйын, адамның денесінде бір жаман соқыр бар. Дұшпаныңды құлыңдай қызметкер қылып, қасын керген қыздарды, жасын керген ұлдарды дүниенің жүзіне шығарып тұратұғын қуың – сол.

Бірінші қылым – бірән-бірән лүә бірә, хыбыш – бастағы шашың. Екінші қылым – Мекке-Мікірме, Медине, Мүнәре. Екі көз, екі құлақ, екі танау. Үшінші қылым – Мысыр, Қадис, Шариф, Дымшық, Бағдад, Басра, Сығбынан. Ауыз – жұтқан тамақтың жүрер жолдары. Төртінші қылым – Хылып, Азербайжан, Диярбікір, Мұсыл, Тебриз: екі емшек, кесар кеуде – жүрек тұрған жер.

Бесінші қылым – Анатолий, Субайыс, арыз – Рум, Хуарзым: екі қол.

Алтыншы қылым – Бұхара, Самарқанд, Балқы, Бадақшан, Қарақалпақ, Өзбек, Шағатай, Қашқар, Ұлынғай. Бұл қылымға тұрарлық мүше-ұят жері. Сол айтылған жерде қанша әулиелер шыққан болса, ұят жерлерде[н] шыққан әулиелерге сан-сапа бар ма?!

Жетінші қылым – Портқал, Англиз, мемлекет Қыпшақ, Сықалып, Болгар. Бұл: аяқ, бұт, сан.

Өмірбаяндық дерек

1913 жылында 21 февральда Семипалат облысының Павлодар үйезінің 5-інші учаскесінің Қызылтау елінің қазағы бан Мәшһүр Жүсіп Көпеев Далба елінің 2-інші һәм 5-інші ауылнайының қазақтарының ортасында, Айдос бұлағының басында кірпіштен жасалған, қазақ балалары оқитұғын ғибадатханада түннің тоғызыншы сағат мезгілінде лампа жарығымен қаламымды қолыма алып, өзімнен соңғы ұғыллар һәм анларының ұғлары, қызлары, отынларының өткен болғанлығынан хабардар болып, уанларының мемлекетке қылған жақсылықтары

үшін рақмет оқып, нашарлықтарының ғызуы үшін Аллаға ғибадат кылсынлар еді.

Біз[дің] қазақ өзімізден бұрынғы ата-бабаларымыздың тұсында қалмақпен жауласқан, қырғызбен жауласқан, Орал тауындағы Естекпен де жауласқан. Бұхарай Шарипте – Батырхан, Қоқанда-Құдиярхан, Ташкентте-Құспек, Молдабек, Түркістанда – Мырзапияз. Бұлардың дәуір сүріп тұрған күнінде сартпен де көп жауласқан.

Қазақ қайсысын қырып, жойып қиратып жүрді дейсің?! «Таспен жапалақты ұрса да, жапалақ өледі, // Жапалақпен тасты ұрса да, жапалақ өледі» – дегендей, кіммен төбелесе де, хайласы жоқ, қару-жарағы жоқ. Қазақ өлсе, қырыла бергеннен басқа бітірген де дәнemesі білінбейді.


Өз отындас ру, туған елім – Айдабол, Күлік. Бағынып қарағанына осы алдымыздағы тоғызыншы мартта кіретұғын сиыр жылына сексен бесінші жыл болады.

Шоң, Шорман ел иесі болып тұрған күнде, Құдай рақмет кылсын, Шоң бидің ғақылға кемеңгерлігімен Кенесары, Наурызбайдың жетегіне ілікпей, жел бергеніне желікпей, Иван Семенович деген полковой келін, Баянаула тауынан Мырзашоқы деген жерден ағаш кестіріп, қала салып, Шоң биді ағасұлтандыққа сайлап, сонан бері қарай қазақ жұрты асын тыныштықпен ішіп, жесір қатын, жетім бала малына ие болды.

Дін тағылымы

(бірінші әңгіме)

Алла Тәбәрік тағала: «Ныхын нықыс ғылік хасен лұтсыс» – дейді. Бір ноқаты далаға кетпей, бәрі адамның қарақан басынан табылатұғын болған соң, бізге қисса қылды... Оның мағынасы – шарифы хазірет Иосиф ғалайссаламды он ағасы керуенбасы Мәлік доғарға саудаласып тұрғанда: «Ұшуруы бшмен ныжыс дәрхам мағдұт» – дегені сатып алды. Базарда өтпей қалған балшабай тұрған, тесілген ақшаларға делінгені – хазіреті Иосиф ғалайссаламды ағалары да керек қылып сатып тұр. «Ортамызда болмасын, қолы жоғалып! Көз қорыс, құлақ естімес жерге кетсін! – деп, – болмасын мұны сатып пайда қылайық!» –



деп, пұлына қызығып сату емес. Солай болған үшін арзан бағаға беріп тұр. «Қымбаттатсақ, алмай кетеді!» – деп, керуен де керек қылып алып тұрған жоқ. Ағаларының айтуына қарағанда: «Өзі кашымпаз, өзі ұры, аяқ-қолын босатпа!» – дегендеріне нанғандықтан: «Бір түйемізді мініп қашып кетсе, қайдан тауып аламыз?» – деп, «Берсең, пәлен пұлға, эне, бермесең, эне!» – деп, солай болғаны үшін төрт теңге қырық тиынға қынжылып зорға алып тұр. Толық қойдын да құны емес.

Айналайын, Құдайдың шеберлігі қалай? Қандай нұрлы, қандай өнді (онды), қандай құнды, пұлды пендесін болмашы нәрсеге саттырып, кейінгіге мұнша тамаша ғибрат қылып қалдырғаны. Бұл заманадағы жанларда біз пақырдан һәм осындай указаниямен Лызһырын болып тұр, қалайша десеңіз, анық ру, шын үйлескен жері. Туысым-Айдабол-Күліктің Күлігі. Қызылтау – тұрағым, Айдабол-Төлебай ұрпағы. Ақбет тауда қағаз-хатым, колым Күлікте, өзім және каракаскамын, туған айдай қасқаның өзімін. «Ел ортасында емес, далада қаңғып жүрген біреу», – деп, Қызылтаудағы Күлік керек қылмайды. «Қаты-шоты, қаламы – басқа түндік есебінде жоқ!» – деп, бұл Айдабол керек қылмайды. Жалғандағы бір жаман нәрсе – бірі: «Келіп кетші!» – деп, бір жанның керек қылмағаны – бұ да бір ауыр жұмыс екен. «Қожакелді-Белтұрған мен Айтының Әбіші құрлы болмадым-ау!» – деген қиялымда болып отырған күндер болды. «Маңайымызға жуықтап кетсе, бір нәрсемді сұрап алып қояды ғой!» – дегендей байлар кашады. Көрініп тұрған қара-құраң болмаған соң: «Өзінен артылып берері жоқ!» – деп, кедей кашады. Қатын-баланың сыры – ол әркімге белгілі жұмыс қой. «Қыз кетеді байына, // Ұл кетеді жайына». Бала деген: «Ата-анам бар-ау, мен бұлардан тудым ғой!» – деген мысқал түгіл зәредей, иненің жасуындай ойларына кіріп те шықпайды.

Дін тағылымы

(екінші әңгіме)

Бір Құдайдан басқаның бәрі ерлі-байлы болып жаралған. Жан байы болғанда, дене-қатыны, екеуінен бір ұл, бір қыз туған. Көңіл ұл болып, еркек туған. Нәпсі қыз болып, әйел туған.

Қазактың да ұл-қызы болады. Ұл деген – еркек бала, ол әкесімен ыңғайлас. Әкесіне жан тартып, сөйлейді. Қыз деген шешесімен ыңғайлас, шешесіне жан тартып сөйлейді.

Көңіл өзі еркек болып туған соң, еркектік қылып, иман табу жағына ыңғайланады, жанға серік болуға тырысады. Нәпсі – өзі әйел болып туған соң, әйел жынысы сықылды шайтанға ергіш, өсек-аяң, күншіл, – ұрғашы мінезді болады. Хажып – араб тілі – «даруаза, күзетшісі. Саки – сусын даярлаушы. Хаббаз – нан даярлап тұруш. Мирахор – ат даярлаушы. Қуат махафаза – естігенді ұмыттырмайтұғын бір күш.

Бұл – зындан бан: естіген сөзді – керекті-керексізін зынданға салғандай, шықпастай қылып тастайды. Құлақ естігенді көз бір көрмек. Естіген күнде керексіз болса да, дүниеде бір сөйленбей қалмайды.

... Дүние казынасына, ұмтағына айырбастаса, яғни қанағатсыздық заһар қылып, дүние ізлесе, екі жиһан бағасына (биһасына) жетпейтұғын. Хазірет Иосиф ғалайссаламды төрт тенге қырық тиынға сатқан есепті: «Үшірде шымын нәжіс дір һәм мағдұданың» – дәл өзі.

Осылар, міне, адамның өз бойынан табылғандығы. Онан соң патшалардың бес хауасы болады: саки, хаббаз, хажып, зынданбан, мирахор. Қол астындағы халқынан ең сенімді кісілерді осы орындарға.

Адамның бойында: көз, мұрын, ауыз, құлақ, қол. Көз – саки, мұрын-хаббаз, құлақ – хажып, ауыз – зынданбан, қол – мирахор.

Көздің саки болатұғыны. Қазақта бір мақал бар: «Ат ауыздыктан су ішеді, // Жігіт көзінен су ішеді». Не нәрсеге болса да, көздің мейірі қанбай, адамның мейірі қанбайды.

Мұрын – хаббаз болатұғыны. Тірі кісінің тіршілігі – нанменен. Дене тіршілігі – мұрыннан кіріп, шығып тұратұғын демалыспенен.

Ауыз – зынданбан болғаны: ауыздан кірген нәрсе қарын зынданына барады да, жатады.

Құлақтың хажып болатұғыны: құлақта хыси міштірік бір тетік бар – керек сөзді адамның ішіне қарай алып, керек емес сөзді шығарып тастайды.

Қол мирахор болғаны: дененің бар күші, бар жұмысы қолменен бітеді. Дене шаһар болғанда, көз – баласайский, құлақ – телеграф, ауыз – телефон, мұрын – жансыз. Қол-ақ таяқ шабарман. Аяқ – парход. Осы бес сезім араб тілінде «Хауас хамса». Мида да бар. Хыс

міштірік, бұл – хажып орнында. Қиял – бұл сақи орнында. Қуат – мытғыкіре, бұл хаббаз орнында. Қуат уаһма, бұл мирахор орнында. Қуат мыхафаза, бұл зынданбан орнында.

Адамның денесі-арба, нәпсі оған жегілетұғын ат. Жан-көшір: атты божы тағып, ондап жүргізуші[ні] «Факла алзип» – дейді.

Бұл дүние – бір кәрі итқұс [қасқыр]: тісі өткірлігімен жемейді, алдап-арбап уысына түсірумен. «Аузында бір тіс жоқ, біздің немізді жейді?» – деп, жанның бәрі қойнын ашып, құлашын жазып, үйір-шүйір болады. Білдірмей талайдың басын шайнайтұғын кәрі итқұс – қу дүние. Бір уыс қанның ортасында орныққан нәрсені бастағы миға апарғаны – Кинғанның шөлінен Мысыр шаһарына алып барған есебінде болды. Хош, енді Мысырға барған соң, Зылиханың қолына түскеніндей, нәпсі һуаның (ауаның) уысына түсті. Ол нәпсі һуа орнын неше түрлі зейнетпен бұған түрлендіріп: «Айтқанымды қылмайсың, айдауыма жүрмейсің!» – деп, өзін ойдың терең зынданына салды, жіберді. «Табиғат зынданы тозақтан һәм бетер» – десе, кісі жалғаншы болмаса керек. Қысқа переводтағанда, жаман қатын – Кинғанның шөліндегі сусыз құдықтың түбі. Онан туған бала – көңілдің зынданы. Бір Құдайдан басқаның бәрі дұшпан екендігін таңдайына татыған соң, маңдайына тиген соң, бұл сезді, өкінді. Бұл сезуі хиссаят шарифа болды. Бұған сезіп, біліп, түсіну орнаған соң, Алла тәбәрік тағаладан қуат қадиса берілді. Ол екеуі «Отхылыға сахбын фатнан» орнында болды. Өз тарапынан табылған сезу дәнемеге жарамай қалды. Құдай тәбәрік тағаладан берілген қуат – қыдысия. Мұны зынданнан шығарып, Мәлік Риянға ұшырастырды.

Қиссадан-қисса. Мұнан ғибрат алайық. Ай, жігітлер, Алла тәбәрік тағаладан қанағат байлығын сұраңдар. Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады. Егер біреуге Алла тағала қанағат байлығын берсе, ол қанағат – көзіне көрінген дәнеме жоқ, көңіл байлығы. Онан соң бұл адам бұл қанағат байлығын тастап (ташлап), бұл жалғанда Кинғанның шөліндегі құдыққа, һәм Зылиханың зынданына түспеген жан жоқ. «Дүние, дүние!» – деп, дүние қуғандығын – Кинғанның шөліндегі құдыққа түскенің.

Жаслығында көңілдегісін тауып тұрған күнінде өз қатының Зылиха да, сен оған сүйкімділігің хазіреті Иосифтей. Сен қартайып, оның көңілін дауалатудан қалған соң, ұл-қызын патша есебінде тұтып, сені

бір қадірсіз қара құл орнына жұмсап, аяғың қылдан тайса, сені ұлы мен қызына жамандап, өзі даугер, өзі төреші болады да отырады.

Көтеш ақын өлеңі

Құдай рахмет қылсын, Көтеш ақынның бір сөзі келіп қалды.
Қартайғанда қатының дұшпан болды [26].

Қартайғанда қатының:

– Қазба! – дейді.

– Келін менен балаға жазба, – дейді.

– Ат болса, айғыр болса, бұлар мінсін,
Шолақ байтал қақбасқа аз ба?! – дейді.

«Бала, бала!» – дегенге мазалымыз,

Баладан болар сонда ажалымыз.

Баламызға жалынсақ, жан сақтар ек,

«Келін» – деген және бар тажалымыз.

XXX

Келін-ау, сен де тексіз, мен де тексіз,

Сен мені [27]: «Тексіз!» – дейсін жектен-жексіз.

Қартайғанда Көтештің ажалына

Келіннен айғыр шықты екі енексіз.

Дін тағылымы

(үшінші әңгіме)

Жеті семіз сныр менен жеті жасыл бидай – жігіттің жас уақыты. Адамның жас күнінде басына қахатшылық (қатшылық) бар ма? Не нәрсеге еншілігі бар ма? Мұндай тоқшылық, мұндай абадан мағмуарлық қайда?

Жеті арық сиыр мен жеті қуарған бидай – кәрілік уақыты. Бұл кәріліктен қахатшылық, мұнан тарлық, мұнан асқан жарлылық, мұнан асқан зарлылық не болсын?! Қахатшылықтың қатты болғаны – жеті жыл: 1. ашу, 2. шаһуат, 3. тәкаппарлық, 4. күншілдік, 5. хырыс дүние,

6. өтегендік, 7. кекшіл, кінәшыл. Бұл жетеуі бір басында тұрғанда, саған жалғаннан кеңшілік, рақат жоқ, ақырет те және тағы жоқ. Бұл қахатшылықты жоқ қылып абадан мағмұр қылатұғын: шажағат, ғағат, хикмет, хылым, руза, қанағат, сабыр. Бұл жетеуі бір басынан табылған жанға жалған дүниеде бір таршылық жоқ. Ылғи жалған дүниенің жарық дүниесінде райыста болады да отырады.

Кімде-кім жоғарғы айтылған қахатшылықта қалдыратұғын хылақ (залақ), зымима жаман мінездерден құтылып, мағмұрлық, абаданлыққа айналдыратұғын хылақ хамида жақсы мінезбен отырса, мұның денесі Мысыр шаһары болады. Көңілі хазірет Иосиф пайғамбардай ол шаһарға патша болып: «Оқалад хылуа мысыранша Алла амынайын!» – дейді де отырады.

Осы менің сөйлеп жатқаным – айтушы Құдайдың өзі де, не сөйлесем, соның сөзі.

Мұса Шорманов және Қаныш Сәтбаев

Қазақта бір мақал бар – бір-ақ ауыз сөз осының бәріне татиды: «Тайдың жорғасы түйе болады, // Жігіттің жорғасы еліне ие болады». Өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатұғын жігіт.

Өлі Мұсаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін! Өлі Мұсадан, тірі Қаныштан дүниенің азы бір тиын ғой! Оны да алып көрмеген кісімін. Осы күнде тірі шығар, Атығай байдың Жұмабегінің баласы Әшірбек айтады: «Басқа қожа-молдадай бұл кісі бізден дүние пайдаланған кісі емес» – деп. «...»-нің переводы: Иосиф белбеуін шешті, дамбал бауын шешті. Зылиха шалқасынан жатты. Екі аяқты белге алып отырды. Сонда Зылиха шошан етіп, ұшып тұра келіп, бас жағында тұрған шоқынатын бұрханының бетін жапты.

– Мұның қалай? – дегенде,

– Бақырайып тұрған көзінен ұялғаным ғой! – дегенде, Иосифтің көңіліне келіп қалды: «Бұл көрмейтұғын, есітпейтұғын Құдайынан ұялғанда, мен неге «Самиғ дыбхыр не ғылым бизат алсад дүр» – Құдайымнан ұялмаймын?! – деп тұра қашты.

Бастап сөйлеген сөзімізге келейік. Зылиха Қатқырдың нақсүйер токалы болып тұрған күнде өзі соқтығып, жалынып, тіленіп жабысты да, жеме-жемге келіп қалғанда, Иосиф қашты да, Зылиха қуып: «Жібермеймін!» – деп тартқанда, көйлектің артқы етегі жыртылып, Зылиханың қолында тұрған үстіне байы Қатқыр оқтай ұшырап қалғанда:

– Қарашы, мына құлынның тайдай тал түсте мені тартып, қыламын деп жүргенін! «Өлтіріп жіберер!» – деп, – бұған дүре сал, не абақтыға жаптыр! – деп, әрі даугер, әрі төреші болды. Өз бойында нәпсің Зылиха сықылды өзіңді неше түрлі пәлеге ұшыратады да, саған өзі даугер, өзі төреші болады.

Бұрынғының: «Токал өлгенше, «накпын» дейді, // Ұры өлгенше, «акпын!» – дейтұғыны осыдан қалған. Иосифтің көйлегінің артқы етегі жыртылды. Туғанына төрт ай болған емшек баласы Зылиха сөзінің – өтірік, Иосиф сөзі шындығына куәлік берді. Қырық бес қатынның қолы туралды. Сонда да Зылиха Иосифті зынданға жаптырып, он екі жыл зынданда қалдырды.

Құдай ісіне кісінің ақылы жетпейді. Иосифті зынданда қалдырған жазасы – Зылиханың тілін алып, бір с... пегендігі. Бізді: «Бір с...ек, әр ал, пәлеге қалдың! – дейді.

Жаңылтпаштар

(екінші нұсқа)

[1] Жүк үстінде төрт бөрік,
Төртеуі де көк бөрік.
Кел, қыздар, сол бөрікті
Тігісейік, сөгісейік [28].

[2] –Мынау кімнің қотаны?
– Қайын атамның қотаны.
– Қотанында қос терек,
Айналасы [29] жас терек.
Қотаны маған тік тұрды,
Мен қотанына тік тұрдым.

[3] Дарияның ортасында сен келеді,
Сеңменен сексен серке тең келеді.
Сексен серке біреуін ұстап алып,
Сақалын суға малып-малып,
Сілкіп, сығып, малып-малып,
Сілкіп, сығып!

[4] Отырар таудың басынан
Отау тікпек ойнайық.
Ор қоянның [30] терісін
«Отыра сілікпек» – ойнайық.
Отарбайдың үйін сілік,
Үйі толған қызын сілік,
Семіз қызын серпей сілік,
Арық қызын аяй сілік.

Беташар

(екінші нұсқа)

Шу, шу болар, шу табылар
Шуылдама көп болар [31].

Құлағыңды бері сал,
Ақылыңды кері сал!

Ата-еңеңмен ұрыссаң,
Қиқандама, келіншек!

Сауыр етігің салпылдап,
Сазды баспа, келіншек!

«Қолыма ұршық алдым!» – деп [32],
Елді кезбе, келіншек!

Жаулықтарың шошаңдап,
Бұзау қорыма, келіншек!

«Абысыным жақсы» – деп,
Сырыңды айтпа, келіншек !

«Қайындарым жақсы!» – деп,
Қойнына алма, келіншек!

Атан ақыл үйретсе,
Адырайма, келіншек!

Енен ақыл үйретсе,
Едірейме, келіншек!

Арғымақ келер аяндап,
Ақырын сөйле баяндап.

Қой келеді жыбырлап,
Ақырын сөйле сыбырлап.

Қойды берсең, ағынан
Өсер-өспес бағынан!

Жылқы берсең, көктен бер,
Өзі жүйрік, беріктен бер!

Түйе берсең, тайлак бер,
Мұрындығын сайлап бер!

Көңілін сұрағандарға Досболдың айтқаны

(екінші нұсқа)

Қыпшак-Досбол датқа картайып, наукас болып жатқанда, болыс-билер көңілін сұрай келіпті. Байсын деген соқыр болыс, Нұрмаш деген пұшық болыс, Саудагұл деген таз болыс бар екен. Сонда болыстар айтыпты:

– [Дат]қа – еке, бұрынғының арты едің, бүгінгінің карты едің, әлде қалай боласыз? Артында қалатұғын жандарға не айтып кетесің, ілгері өткендерге не айтып барасың? – депті.

Сонда Досбол:

– Сендерге не айтайын, заман сендердікі, жұрт сендердікі, өз ақылдарың өздеріңе жетеді. Ілгергі өткендерге айтып баратын сөзім мынау: «Бақ деген сендер тірі күнде сұңқар еді: елде кімнің басы биік болса, соған қонушы еді. Сол бақ қартая-қартая қарашыбын болды.

Қайда сасық болса, соған қонды: соқырдың көзіне қонды, пұшықтың мұрнына қонды, таздың басына қонды!» – деп барамын-дағы! – депті.

Төйте тәуіп

Бұл Қозғаннан шыққан Төйте тәуіп Қызылтауда-Жосалы деген жерде қоныс қыстауы [35].

4 мәтін [Географиялық мәліметтер туралы]

Жағырафияда Тянь-шань таулары дейді [36].

Шымырбай әнгімесі

Жолаушылап жүріп бір ауылға келіп қоныпты. Жазғы шілденің кезі, ауыз[ы] ораза екен. Аузын ашқан соң, мұрттай ұшып ұйықтап қалыпты. Бір мезгілде Шекеңді аятып, қолына су құйыпты. Бата қылдырып, мал соймағанына, тым болмаса «Мал соямыз» – деп, мезіреті қылмағанына Шымырбай кектеніп отыр екен. Етті абайлап қараса, сүр ет болып шығыпты. Сонда бата сұрағанда:

– Мынауың жас ет десем, сүр екен ғой!

Шықбермес Шығайбайдың бірі екен ғой!

«Өлді!» – деп, Қарынбайды естуші едім,

Ол итің әлі күнге тірі екен ғой! – [депті].

Шымырбай Меккеге барып, жерін көргенде:

[Мұхаммед] пайғамбарды «Құдайдың қимас досы!» – деп дәріптеуші еді...

[аяғы жоқ].

«Абылай хан сауалы (екінші нұсқа)

...Отырғандар шулай қоя берді [37]:

– «Батырдан – сауға, мергеннен-сыралғы» – бізге алған олжаңнан байла, байла! – десіп.

Сонда ол [Қыпшақ] – Таймас-Жуас айтыпты:

– Мұны бір қимас дүние көріп, байламай бара жатқаным жоқ. «Атамыз-Абылай ханның бір айтқан сөзін шешіп беріп, алған нәрсесі екен!» – деп, балаларым мұра қылып айта жүрсін деп, алып барамын! – деп, байламастан алып шығып жүре беріпті.

Ерте заманда Тобықты-Құнанбаймен сапарлас болып, қажыға барған Сілеті бойындағы Қыпшақ-Құрман баласы Хасен қажы сөйлеп еді...

Мәшһүр-Жүсіпке Сермұхаммед Токтарбайұлы хаты
Дұғай сәлем [38].

Өмірбаяндық мәліметтер

...Айдабол-Күліктің Күлігі... 1858 жылда, қой жылда Қызылтауда... ережеп айында жұма күні... Бес жасында мектепке беріліп, парсы тілінде Шар кітапты [қ]ыстай оқыған. Алты жаста да сол Шар кітап оқыған. Сегіз жасында Баянаулада Қамардин хазіреттің алдын өтіп, сарп нау деген оқудан бастап, тоғыз-он[да] Мұқтасар, Мұртбасарынды жентектеп таст[ап], он бес жасынаша сарп, наху, мантық, ғыкайд, фырайларды исху молла ситке болғандықтан, қыздарға өлен жазуға құмарланып, бұдан былай қарай ақындық атқа...

Жиырма тоғыз жасында Бұхарай – Шәріп барып, «Салт ат, [сабау] камшылы» жүріп, тоғыз ай тұрып қайтқан.

Отыз жеті жа[сында] Ташкент барып, Бесағашта Әбілқасым хан и[шан] медресесінде – немересі Әкімхан төренің алдын[да]... көп болып, оқып-білуі аз... мұғсақлықта қалған.

Дін тарихы

Жаббал Бикұбыс, Жаббал Хыра, Жаббал Шор, Жаббал Бытха, Жаббал Ғұрфат – ан хазіретіміздің алдына иіліп келіп:

– Бізді жалғандағы қорлықтан, ақыретте тозаққа отын болудан құтқарып ал! Алтын болайық, сен қабыл көрсең, Құдай қабылдайды. Орын-орнымызда тұрамыз. Сен: «Аламын!» – десең, қолыңа келеміз. Басқа: «Аламын!» – десе, үстіне құлап өлтіреміз. Хазірет, Жебірейіл, сен керек қылсаң, осы таулардың айтқаны рас! – дегенде, ан хазіретіміздің берген жауабы:

– Иа, Жебірейіл, ан дүниелермен дарлад малмен амалда. Қыдхыж миғһамен Лағкила фақалла Жебірейіл ғалайссалам...

Яһудилар... он мың әскермен Медине, Мүнәраға келіп, соғысуға ынғайланды. Мұсылман парсының далатымен ор қазуға жұмылып,

елу күн жабыла ор қазды. Дұшпандар келіп, жиырма тоғыз күн қамап жатып алды.

Мұсылмандарға зор машақат, мехнат қайғылы зор күн туды. Қатшылық – бір, дұшпангөйлігі – екі, өлім қорқынышы – үш, аштық-төрт, суық күн кез келді – бес.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа ғалия-ал, салауат уассалам айғайлап айтты:

– Мен!.. – дейді.

«Мен барайын!» – деп бірде-бірі айта алмады. Төрт сахабаның атын атап шақырды. Олардың берген жауабы:

– Қарнымыздан ас кетті, суық діңкемізге жетті. Қозғалуға мұршамыз жоқтықтан қыбырлай алмай тұрмыз! – дейді.

Хызығыта бин әлиманы шақырып, соны жіберді. Бұл бармак болды:

– Әйтеуір өлетұғын болсам, жауға барып өлейін! – дейді.

Барды, аман қайтып келді. Суықтан безер болып:

– Мұхаммед күн жайлатты, мынау бізді қырап, киратар! – деп, үркіп қашып кеткен екен.

Ан хазіретіміздің қарнына тас байлаған күндері сол күндер екен.

Жаратылыс туралы

Барша жаратылған Мұжудат осы екі жапырақтан туумен өсіп-өнді. Онан туғаннан қанша жанды, жансыз нәрселер туды. Бір Құдайдан басқаның бәрі – тумак та, тудырмак та. Өзі тумай, және өзінен екінші бір нәрсені тудырмай болып тұрған еш нәрсе жоқ.

Қара-син, кылым кәф болды, Дәуіт нон болды. Бұл екеуінің себебімен жазылып шыққан сөзлер – қағаз бен сияның қаралығы тән болса, оған жан есебінде болды.

Құдай тағаланың құдіреті-жоқтан бар қылып, өлікті тіргізсе. Жоқтан бар қылып, сөз жасап шығарғанлар һәм өлікті тіргізген [тірілткен] есепті болды. Сөз деген көңіл қазынасында жауһар, ауыз садабында гауһар болды. Тіл – болат метін болды. Қанша інжу маржан жұрт көзіне түсетұғын қылып жасап шығарды.

Алла тәбәрік тағала екі жапырақ жаратты. Бірін – кәф сортында (суретінде), бірін нон сортында. Үшбу екі жапырақты бірін-біріне орналастырып еді: кәф нон болды.

Ай, шебер құдірет-ай, шала осы күнде һәм нонға бір өзін сабақ – қылыммен тартып коссан, «Күне» – деген сөз болады. Не болса, сонымен болады. Кетпен-шот кәф емес пе?! Оның бір салып қалған жері-нон емес пе?!

Не нәрсе болса, жұмсалатұғын-алсит-кәфте. Оның жұмсалған [ж] ері – нон.

«Құдай әміріне қарсылығың бар ма?!» – дегенде, не айтады?

Сөз бір хаман бау бостан болды да, тіл ол шамының лаласы болды. Ол сөзден-өлген көңіл тіріліп, рух пак тапты. Калам фасих өлген көңілді тіргізді (тірілтті). Калам фасих ғасы рухолла умсих болды. Кейбір сөз біреудің көңілін өлтіретұғын болды. Мұндай бір көңілді тіргізіп (тірілтіп), бір көңілді өлтіретін сөз иесі болған жанды несін айтасың, айтпайық қой.

Алла тәбәрік тағала адамды кінжіраз (кебхіраз) қылғанда, өзге хайуаннан парқын сөзбен айырды. Сөйлеуден басқа жұмысты қылғанының бәрін басқа хайуанлар да қылады. Сен жатып жұмыстата беруді білсең, оны сиыр да біледі, қозғалмай, карап тұрады. Еркектің жұмысын б[ұқа] да біледі.

XXX

Көріп тұрғандай құлшылық қылуың – «Сен көріп тұрмасаң да, Алла сені көріп тұрады» – деп, әлгі кісі тағы айтты.

– Қиямет қашан болады? – деп, расул Алла жауап берді.

– Сен қияметтің қашан келетінін білмегенің сықылды – қашан болатынын, қай күні келетінін мен де білмеймін! – деп әлгі кісі тағы айтты.

– Ендеше қияметтің ғаламатларының белгілері не нәрсе? – деп, расул Алла жауап берді, – Күннен тугандардың басшы болуы, үйлерді ұзын-ұзын салуы, қой бағып, жалаң аяқ, жалаң бас жыртық киімдердің адамдардың жүруі – мұның мәнісі-орынсыз, лайықсыз кісілерден басшы ұлықтар болуы – мешел аяқ-бас, бас-аяқ болса, һәм Алланың нығметінің шүкіранасын білмейтін һәм... нығметінің ашырын көрсе... дүниекоңыз адамдар болса, хақлыққа аяқ баспай, бір пақыр міскіндерге бермек түгіл, өздері ішіп-жеп, кимейтін адамдарға

заһар болса, қиямет белгісі болады, – деп, осы жауаптың әрқайсысына әлгі кісі:

– Рас айтасың, ай, Мұхаммед! – деп... айтып қалды.

Сонда расул Алла сахабаларына айтты:

Сіздер бұл кісіні білесіздер ме? – деп, сахабалар:

Алла һәм Алланың расулы біледі, – деп жауап қайырды. Расул Алла айтты:

– Бұл Жебірейіл періште сіздерге дін пірінізді үйрету үшін келген, – деп жауап берді.

Иман ислам негізі – осы жолмен болуын хазірет Ғұмардан рауаят қылынған – осы хадис еш шүбәсіз ашық баян қылған. Алла тағала әрқайсыларымызды тағат ғибадатына муафиқ айлап, ақыр ғұмырымыз иман сағатымен сағаттанып, бұл дүниеден өтуді несіп қылсын! Әмин!

XXX

...Бірінші фалак – фалак Қамар. Екінші фалак – фалак Ғытард. Үшінші фалак-Заһре. Төртінші фалак-Шәміс. Бесінші фалак-Марих, алтыншы фалак-Мәміш. Жетінші фалак-Захыл, сегізінші фалак-Шуабыт. Тоғызыншы фалак-Тылыс.

Фалак асылы-фалак ғызым – Шамкс... Аспан, көк – жаратынды нәрсе. Неден жаратқанын, қалай тұрғызғанын Құдай өзі біледі, басқа кім білмекші?!

Өткір нақыл сөз (афоризм)

Бір көпес биеге теріс мініп келе жатқанда, биені кеме сияқты көрген. Өзін капитан сияқты көрген. Студент – қасында бір қыз бар гуляйтта Борковтан қулық асыру үшін:

– Кеменізде мінсеге орын бар ма? – деген.

Сонда биенің құйрығын көтерген:

– Капитанның каютасынан сұраның.

Студент дәнеме дей алмай ұялып қалған.

Арғын туралы бір дерек

Арғын бабамыз тоғыз жүз алпыс тоғызыншы (969) ныжыретте [39].

Мәшһүр-Жүсіпке жазған Әлкей Марғұлан хаттары

Молдеке, сіздің ақырғы [хатыңызды] Ленинградтан шығарда алдым да, бір жерде отырмай, жол үстінде болған соң, тез жауап қайыра алмадым. Қазір қысқы демалысты Қырым, Қара теңіз жағасында алып жүрмін. Бұ жақ бұрын көрмеген жақ болған соң, жылдағы баратын белгілі жерге бармай, жат жерге қашуға оңтүстікке барған едім.

Қырымда әлі күнге қыс жоқ, аркадан ыстығы өтетін кәдуілгі жаз, халқы жаз киімімен жүр. Көктем сарғаймастан, жазғытұрғы бойынша жайнап тұр. Біздің жақта ақпан, қаңтар аяз үскіріп сокканда, мұнда көктің маужыраған нағыз ұрмағыңыз осы-дағы. Аз күнде Ленинград[қа] қайтамыз.

Сізге жіберген посылка туралы – Баян почтасымен Зиятденге хат жаздым. Алсаныз, білдірерсіз. Басқа айтарлық бөтен сөз жоқ. Қош! Бауырыңыз Әлкей. 30 декабрь 1928 жыл.

25.02.1928 ж.

Қадірлі молдеке, сіздің хатыңызды алғалы бірсыпыра уақыт болса да, екі жұмадай сырқаттанып, жауапты тез қайыра алмадым. Қазірде тұрмысым, тіршілігім онша жаман емес: «Жусаннан аласа, бетегеден биік» болып жүрген жай бар.

Сіздің жіберген мағлұматыңызды Қызылордаға барғанымда кітап бастыратын кісілердің сарабына берген едім. Олар менен ол мағлұматты алып калып еді. «Жақын арада кітап қып бастырамыз, журналға бастырамыз» – деп хат жазыпты. «Тіленішінің сүйген ісін кім береді?» – дегендей, оған не дейсің? «Журналдың өзіне-ақ басылсын!» – деп, мен жауап қайырдым. Басылатын болса, кейін білдірермін. Ол мағлұмат қазірде басылмағанмен, түбінде басылады – оның ішінде қымбаттары. Хаттың маркасы жіберілді (Әлкей).

XXX

Бұқар жырау мен «Қозы Көрпеш» әңгімесі. Сіздің жинаған «Қозы Көрпештен» жалғыз-ақ Шәкәрім мен Мұхтар жинаған «Қозы Көрпеш» тәуір. Ал, Радловпен Қазанда басылған «Қозы Көрпештен» сіздікі артық. Шәкәрім мен Мұхтардікі – Жанак ақынның айтқанынан жазылған екен. Онда сурет жағы күшті, сіздікінің дәлелдері көп.

Осы Ленинградтың мемлекеттік кітапханасынан Қазанда ба-
сылған сіздің екі кітабыңызды тауып оқыдым. Бір кітабыңыз Шор-
танбай ақынның зарлы сарынымен жазылған. Жақсы екен. Маған
жақсы әсер қалдырды. Түбінде қазақ әдебиетінің тарихы зерттелсе,
зар заман ақындарының бірі болып, сіз де тарихтан орын алатын
ретіңіз бар көрінеді. Кітабыңыздың бірінің аты «Сарыарқаның кімдікі
екендігі» жайында. Енді біреуі «Хал ахуал» – деген кітап. Кейінгі
кітабыңыздың ішінде 1905 жылғы төңкеріс, реакция дәуірі болсын,
билердің, ауылнайлардың жемқорлығы жақсы айтылған. Қысқасы,
сіздің сарыныңыз – ой айтылған – өмірге толған көрінеді. Мен ол
кітаптарды оқып көрген жоқ едім. Ана жылы Керекуде Әмен марқұм:
«Басылған кітап бар» – деп айтушы еді. Соның сөзімен іздеп жүріп,
ақырында тауып оқып шықтым. Бұдан басқа басылған кітаптарыңыз
бар ма? Болса, аты қандай? Келесі хатта жазып білдіруіңізді өтінемін.

Және сізден сұрайтын өтінішім – мына төменде аталған кісілердің
мән-жайын, ата-тегін, қашан туып, қашан өлгенін білссіз бе? Бұлар
да – сіздің замандас ақындарыңыз. Білсеңіз, келесі хатта солардың
толық жайын жазып жіберуіңізді өтінемін. Ол кісілер:

1. Мақыш Қалтаев.
2. Садырғалиұлы.
3. Садуақасов Хамидолла.
4. Алмасов Өткірбай («Бұлбұл құс» – деген өлең жазған).
5. Кашафалдин Шаһмарданов.
6. Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков.
7. Ақылбек Сабал.
8. Сабыр ақын.

Осылардың хал-жайын білсеңіз, тезірек жазып жібере көріңіз. Бұлардан
басқа Абылайдан бері шыққан ақындардың аты болса, оны да жазыңыз.
Және қандай өлең жазып қал[дыр]ған, кімдермен айтысқан? Менің
сұрайтыным – осы.

Апрельдің аяқ кезінде... посылка жіберемін. Сол кезде күтіңіз.
«Запурға жіберген дәріні, үлкен қасықпен екі қасық дәріні жылы суга
(орта стакан) ерітіп, таңертеңгі астан кейін ішсін» – дейді. «Дәріні
ішкеннен кейін тамақты бірер күндей байқап ішкен жөн» – дейді.

Оның жайы-осы. Әбдештің адресі мынау: п/о Федоровское, Петропавловского округа, до востребование. Имамбекову Абдишу.

13 апрель 1929 жыл. Ленинград.

Қадірлі моллеке, бұдан бұрын бір хат жазған едім. Одан соң жауап келмеді. Мынау хат менің адресіме кате жіберілген баска біреуге жазған хатыңыз көрінеді. Адрес жазған кісі алдыңдық кылса керек. Бұ хатта бөтен әңгіме жоқ, бәрі бұрынғы қалпы. «Жаз елге барам ба?» – деген ойым бар. Оған шейін Омбыда бір ай бөгеліп, Кенесарының жорықтарын ақтармақпын. Кенесарының архиві [бұл] күнге шейін Омбыда сақтаулы. Сіздің жіберген мағлұматыңыздан «Қозы Көрпеш-Баянды» басуға уағда беріп отыр. Өзгесі әлі мәлім емес. Айтқандарындай істесе, «Қозыке» аз күндерде дүние бетіне шығуына керек. Баска жаңалық жоқ. Ленинград қаласында шай, май деген нәрселер кемтарлау болып тұр. Сізге сай қант сияқты нәрсе жіберу керек еді. Үш ай болды: қадақтап сатуды қойып, мысқалға түсті. Оның өзін алу қиын. Сондықтан үнсіз жатқан жай бар. Ленинградта кемтар болғанда, елде жоқ болуына тиіс.

Мұны ерте-ақ ойлап едім. Бірақ мүмкіндігі болмай келеді. «Алдыда таныс жұмыскер арқылы бір нәрсе істеп көрерміз» – деп, әлі сонымен келеміз. Тегінде ондай нәрсе болса, апрель мен майдың орта кезінде күтерсіз. Хат жазыңыз 15-майға шей[ін]. Амандық тілеуші-Әлкей.

18 май Мәскеу.

Ардақты Мәшһүр ағайға! Ақырғы жазған хатыңызды алдым, сансыз алғыс айтам. Қазір Ленинградтан шығып, Түркістан жағына бара жатырмын. «Бұл жаздың бір-екі айын Шымкентте өткізіп, июльдің ақырғы кезінде Алматы, Семейді басып, елге барып қайтармын» – деген ойым бар.

Сізде ерте күннің әдемі сөзі көп екенін мен әуелден білем. Көп кісі алып, жоқ кылып, ұшы-қиырын ұстатпай, сыландап кеткенін және білем. Бірақ бар дүниенізге енді ие болыңыз. Кім-көрінгенге бере бермеңіз. Қолыңыз тиіп, бос уақытыңыз болса, ол әңгімелерді ретке түсіріп, баптай беріңіз. Ол нәрсе түбінде далада қалмайды. Оған оқушы да, сүйетін ие де табылады. Маған хат жазсаңыз, Шымкентке

жазыңыз. Мүмкін болса, Кенесары жорығы жайынан есіңізде қалған әңгіме болса, тез күнде жіберуге тырысыңыз. Кенесарының әсіресе Ат-басар, Қараөткел төңірегіндегі аттаныстары, оған Қуандық, Сүйіндік қалай қарады? Шорман, Уәли, Қоңыркұлжа-Кенені қалай көрді?

Сейтен, Тайжан әңгімесінің қызықты түрлері болса, осыларды июннің 15-іне шейін алатын ғып жіберуіңізді өтінемін.

Кенесары жайында бір нәрсе жазбақшы едім. Соған осы сияқты мағлұмат аса керек еді. Не кылса да, есіңізде болсын.

Ленинградтан шығарда кішкене посылка жібердім: шай, кэмпит, шам сияқты (Жамалидден Байжанов атына). Шайдың елде жоғын сездім. Бірақ мұнда да шөлмен бірдей: шайды табу қиын. Және почта көп жібертпейді. Тек сәлемдеме ретінде көрерсіз. Әлкей.

Адресім: г. Чимкент, Сыр-дарьинского округа, Окроно, Маргулану А.

Мәшһүр-Жүсіптің «Мына заман» өлеңі
Жақсы өтін, бұл күндерде жаман қалды [40].

Мәшһүр-Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны
Неге жала жабысты саған, Мәшһүр [41] ?!

Ақырет жабдығы

... Бір үй тола саңырауды жиып алып, домбыра, кобыз, керней, сырнайды қанша тартқанмен, жалғызының құлағына кіре ме?! Бір үй тола соқырды жиып алып, ортасына мың жерден жарық саулатқанмен, соқырға шам сәуле бола ма?!

Дүние мен ақырет [к]үндесті қатын сықылды. Дүниеге махаббаты кеткен қулардың ортасында ақырет жабдығын, Құдай сөзін қанша ырғағына келтіріп айтқаныңмен, далада тұрған молаға, иесіз қалған қораға айтылған бір сөз болады да... деген. «Наданлардың ортасына ғылым мағрипат сөзін шашып таратпағың –соқырлардың ортасына шам жаққанмен бірдей» – деп. Наданлардың соқырлығы «хыбик (жік) лышы иғми осми» – дәлелінен мағлұм.

«Бір нәрсені жақсы көріп, махаббат қоймақлық – әлбетте (лабатта) соқыр, саңырау қылар!» – деген сөзден бұл мәжілісте көңіл көзін тігіп, жан құлағын салып, есі – дерті айтылған сөздің төркінінде бо-

лып, тыңдаушының жоғынан сөз сөйлеушінің (сөйлегушінің) аузына сөз салып тұратұғын Ғайып пірі сықылды иесі ұйықтап қалады.

Алла тәбәрік тағала хикмет иесі уағыз айтушының көңіліне, тыңдаушының фаһым һәмматының мөлшеріне қарай сөз салады. Мұның турасында ан хазіретіміз салиалла тағала ғалия уас-салам ан Аллалығын лыхкіме ғали қылып лұғазын: «Бықдыр һәм лымыстымғын» – дейді. Мығной Хадис шариф тілкын (тағын) қылады. Хикметті Алла тәбәрік тағала: «Уағыз айтушылардың көңіліне-тыңдаушыларының һымитының мағдарына қарай» – дейді. Нығхат ламис кітабында келтіріп, дүрлер (дәуірлер). Шайхы Әбілқасым (Буалқасым) абады Бақдасласыра бір күн уағыз айтып отырғанда, аузына сөзі түспеді. Өз-өзінен қайран болды: «Күндегі менің «Ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең» – таусылмайтұғын сөзім қайда кетті?» – деп. Бұл кісінің өзінің бір мүмин кәміл жолдас пірісі бар еді, жетіп келді:

– Бұл құзырында отырған жұрт не қылып отыр, көрдің бе өзін? – дейді. Онда Шайхы айтты:

– Бөтен дәнеме қылған жоқ: ояу отырғаны да бар, ішінде жалғыз-жарым ұйықтап отырғаны да бар, – дейді.

– Ұйықтап отырғандар не қылып отыр, оны көрдің бе? – дейді.

– Ұйықтап отырғаннан баска бір нәрсе қылып отырғанын көргенім жоқ, – дейді.

– Көрмесен, көзінді ашып, әбден байқап байқашы! – деп, көзін бір сипап жіберді. Көзін ашып қараса, ұйықтағандардың басында бір-бір қарға қонып отыр: екі канатымен екі құлағын бүркеп, құйрығымен екі көзін бүркеп.

Шайхы Әбілқасым насыр абады қайран қалып, жолдас пірісінен сұрады. Онда ол пірісі айтты:

– Өзін Құдай сөзі Құранды оқымап па едің! «Құлат ғали үмін иғышғын зікір ал рахман ныкизла шайтан!» – деп. Бұл қарғалар – ғалия лағына малғұнлар. Бұлардың төбесіне қонып алып, екі канатымен екі құлағын басып, құйрығымен көзін басып, мұрындарына осырығын иіскетіп биһош қылып, мас қылып ұйықтатып отырған солар. Сенен «сөз тыңлаймын» – деп, жауғышы мұндай болған соң, сенің аузына сөз қалай түссін?! – дейді.

«Латғытуа лыхкетме лығыр һылна» – демеп пе еді?» «Хикметті һыл болмағанларға қор қылма!» – дегені қайда?! Жап аузыңды,

жабың! – дейді. «...» Ол лағын шайтанлар Құдай жолына жібермеске әбден ерікті болғанлар өзін біреу билеп, иіріп, қамап алғанын білмей, жаһиллар ғапіллер: «Түзу жолда жүрген өзіміз ғой! Бізден басқаның бәрі де адасуда ғой!» – деп ойлайды. Міне, хикметлер.

XXX

Жан ділмен, шын көңілмен біз сөйлейік. Сізлер де жан құлағыңызды салып, шын ықыласыңызбен ұғып алыңыздар. Құдайға қылған құлшылықты танып қылыңыздар. Намаз оқымақ Аллаға арыз (ғарыз) айтпақ (айтмақ), имам сайламақ. Өз аузымен жеткізе алмаспыз. Біреуді доверной қылып, переводчик қылмақ пендесімін. Қожасының арасына молла деген жүйрік тілмаш – ол – переводчик не қылып, не айтып тұрғанын өзі білмей тұрса, халықтың сөзін қалай жеткізе алады? Білмесе, имам болу керек. Білмесе, имамлығы дұрыс (дырсыт) болмайды.

Кім-кімге болсын, намазды білуі керек. Намаз деген сөздің мағынасы не? Ол өзі не орынға тұратұғын жұмыс? Моллалардан сұрасақ, намаз ғараб тілінде «салит» дейді. Салауатлықта – дұға «Иа тіхірік салауайын» – дейді. – «Екі иінді қозғатпақ» – дейді. Дұға болғанда, құбылаға қарап қол жайып отыра берсек, онымен де болса керек. Иа болмаса екі иінді дамылсыз қозғай берсек, мұнымен де болса керек. Жок, бұл скеуімен намаз болмайды. Намаз немен намаз болады? Тіл өз қызметін орнына келтіріп, оқылатұғын шынау тасбих қырайтларны айтып, он екі мүше басқа жұмысқа бұрылмай, парыз, уәжіб, сныт, мыстыхыпты орнына келтіріп, көңіл – о да қарап бос тұрмай, Құдай тәбәрік тағаланың ұлығ зор патша екендігін, өзінің оған пенде екендігін, бұл тұрмыс сол Құдайға арыз (ғарыз) айту үшін тұрғандығын, «һумығкім ималкінтім ныхын қараб Алламен қабыл лорад Ибраһим ихбуна паз керуені зікіркім, не ғылым пизат лысирор» – осыларды молда шиза қылып, жадынан шығармай ойлап тұрса, намаз сонда намаз болады. «Ан Алла иамыр балхидил уала хасан».

Алла тәбәрік тағала ғаділменен, ыхсанменен (хасенменен) әмір қылғанлығы бұл. Айта Керимеден мағлұм болып тұр. Ыхсан не нәрсе? «Ла хасен ан тағыд Алла кәң тірепан лімкін ирет фане ирек» – хасан – сол.

Ғибадат кылмағың Алла тәбәрік тағалаға көз алдыннан көрініп тұрған патшаһыға иіліп тағзым кылған секілдісін. Сен көрмессен де, Алла тәбәрік тағала сені қазір нәзір көріп тұруы дүр. Олай болса, сен һәм көріп тұрған есепті аса қорқынышпен: «Қай жерімнен мін табады?» – дегендей, кылпылдап, қаймығып, құллығыңды орнына келтір. Сол намазда тұрғанда: «Құдай тәбәрік тағаланың құдіретін мен де көріп тұрмын, мені құдірет те көріп тұр!» – деп, ойыңда болу керек. Көңілінде бұл киял болмаса, намазың Құдайға кылған құлдық (құллык) емес, қарғаның екі қарап бір шоқығаны сықылды нәрсе.

Хадис Шариф: «Ла салауат лахзор лықылып» – дейді. «Намаз намаз болмайды, мікір болады» – калыптың «хышох, хызох хызорымен» – дейді.

Бір үйдің есігі ашық қалса, ішінде адамзат жоқ болса, ол үйге ит: «Қалай кіремін?» – десе, кіруге ерікті. Көңіл деген үй сықылды нәрсе. Оның ішіне кіретұғын иесі – жаратушы Құдай, һәм Құдайдың пікір-зікірі: Құдайдың пікір-зікірі болмаған көңілге шайтан ғалия лағына: «Қалай кіремін» – десе, кіруге ерікті. Шайтан ұялаған көңілдің иесі болған кісінің намазды оқығаны не, оқымағаны не?! Сол үшін құлақ қағып, намазға кірісе бастаса, қайда бір ұмытқан нәрсесі есіне түседі. Көңіл өз жұмысымен алданып тұрса, бөтен жаққа бұрылуға қолы тиіп, мұршасы келе алмайды. Намазда тұрғанда, көңілдің жұмысы төменде айтылмыш сөзлер болу керек. Намазда құлақ қағып: «Алла акпар!» – демегін: «Ай, бар Құдай, сенін жолыңда мына мен өзімді құрбан кылдым!» – дегенін. Мал бауыздағанда: «Бисмилла, Алла акпар!» – бұйырылды.

Намазға кіріскенде: «Бисмилла!» мен «Алла акпар!» – бұйырылды. Бауыздалған малдың жаны жалған дүниемен амандасқандай, намаз оқушы һәм қашан намаздан босанғанша жалған дүниемен амандасты. Солай болғаны үшін шаһариар кірамның бірден соңғы фазылы – хазірет Ғұмар зиаллығына намазда тұрғанда, өзін бір кылышпен шапса да, қол сермемеді. Не үшін? Өзін өлген кісі есебінде көріп тұрғандықтан. Хазірет Ғали кәрімалла ұжһа һәм сол хиялда болып, намазын бұзбады. Болмаса бір құлды солар қолымен қойып қалса, жайратпай ма?!

Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалия-ал-салауат уассаламның: «Мұта қабылан тымутуа» – дегені: «Өлмес бұрын өліңіз» –

дегені – «Ажалдан бұрын өліп қал», – дегені. «Намазға кіріскенде, өзінді өлік есебінде қылып тұр!» – дегені.

Құрбан мағынасы-Алла тағалайа (тағалаға) жақындық қылу. Сол үшін Айт (ғайд) күнлерінде шалынған мал «құрбан» атанды. «Намаз хәм құрбан не үшін?» – десеңіз, мұны хәм Құдайға жақынлықты (иақынлықты) кесіп (кәсіп) үшін қылып, тұрған жұмыс.

Тәкбір шыхыриманың мағынасы сол – әуелгі (ауыллғы) Тәкбир намаз оқушыны (оқығушыны) сөзден, фазылдан мыных айлакенлігі үшін дүние иа нығсанына фығылларны (пиғылдарын) намаз оқушыға харам қылғанлығы үшін «Тәкбір, тахрима», – делінді. Бұл бағыштан ан хазіретіміз салиалла тағала ғалайссалам лытхыралла ұлы қайырмен алдына мафиһа бұйырды. Болмаса масуыны нағи қылмаған көнілін бұл ниетке байламағанлардың бытхыр (тахыр) емес. Бұ мәртебе де емес. Мал бауыздағышы: «Бисмилла Алла акпар!» – деуменен малды өлтірген сықылды намаз оқушы хәм бұл тәкбірі тахриманың «Алла акпарменен» – нәпсісін өлтірді. Пенде мүминнің жаны Ибраһим халиалла дәрежесін тауып (табып), өзінің ұялап орын тиіп тұрған денесін хазірет Смағұл есепті қылып, аяқ-қолын жіп байлап, құрбандыққа шалды.

Дене жанның бұл тарика құрбан қылуыменен шаһитлерден, хырыслардан құтылып, мирдарлықтан халас болар.

«Бисмилла ал-рахман-ал рахим!» – деп, хәм тәкбір, тахриманың-Алла әкбар тәкбірін орнына келтіруменен халал бауыздалған малдай болды. Мұнан мағлұм болды – намаз оқымаған адам – арам өлген мал есепті екенлігі. Намаз оқып, намаздың шарт-шыратын орынға келтірушінің сүйкімділігі – құрбандыққа шалынған малдың етінің сүйкімділігі сықылды болғаны.

Қол қусырып, құбылаға қарап, Құдайға жылап тұрғанын: «Қиямет күнінде дәрге Құдай тәбәрік тағаланың құзырында тұрған күнім ғой!» – деп, ойлап тұруға керек. «Хисап (есеп) еріне (ырына) мінәжат айта келгенім осы ғой!» – деп, ойлауға керек. Бұл күнде мұңайып мәлимегеніңмен, ол күнде мұңайып, мәлііп, Құдай алдында тұруың – «Айдан-жарық, күннен-раушан!».

Қиямет күнінде Құдай алдында қандай тұрасың, намазда сондай тұр. «...» – Қиямет күні болғанда, аманнаба сыдығына (сыдықна) Құдай тәбәрік тағала «Паза уһма жамиг албырана мұхыре зарун»

жарлығы орнына келтірілгенде, жатқан орнынан ұшып түрегеліп, топырақтан басын сілкіп «...» – деп, айта түрегелмек – ақырет күніне инанып, Құдай алдын көру[ге] есі-дертінде эзір тұрғанлар.

Солай болатынлығы үшін намазда құлак қағысымен айтуға бұйырылған. Әркім намазда құлак какканда, таңла махшарда Құдай алдында айту ниетінде дап-даяр тұрсын. Сонда тілің кырайт оқып, денен намаздан басқаға бұрылмай тұрғанда, көңіліңмен: «Құдайдың алдында тұрмын-ау! Құдай тәбәрік тағала маған мына сөзлерді айтып тұр-ау!» – деген пікірде болуың керек.

Қола (Құдай) тағала: «...» айтады. Құдай тәбәрік тағала сол күнде: «Ай, пенделерім, дүниеде саған сондай кеншілік бердім. Маған сен не келтірдің? – деп-Пәлен жаска жеткенше берген ғұмырыңды не қызметке өткізіп: Пәлен дем алыс бердім, ол дем алысты не қызметпен тауыстың? Ғақыл бердім, қандай орынға жұмсадың? Ғылым бердім, оның күшімен не жұмыс қылдың? Мал бердім, оны қалай аударып, төңкердің? Гауһар тастай көз бердім, саңғырлап тұрған құлак бердім. Қалай жұмсасаң, икеміңе көнетұғын қол бердім. Қолыңды ойлаған жеріне жеткізуге тіл бердім. Ойлаған жеріңе баруыңа аяқ бердім. Өзімде бар болған сағат – сағатлардың әрқайсысынан саған бердім. Хиат ғылым күдірет һәм басырсымғы – арада қалам өткін дүр, ай, шамиғ!

Дүниені бір базар қылып, осынша сомамен жіберген маған не базарлық алып келдің? Бірі – шот, бірі – күрек орнында. Қол-аяқ беріп: «Егін салыңдар!» – деп жібердім. Қандай жерге егін салдыңдар? Қанша еңбек алдыңдар? – деген уақытта: «Не жауап айтамыз?» – деп, ұялуың күштісінен – иіліп тез басса керек. Бұл тез басып, рақуғ қылмақтың артықшылығы сол – жетпіс екі милләт бар. Бізбен – жетпіс үш. Соның бәрі Құдайға құлшылық қылады. Әркім өзінің ұстаған дінімен.

Біз Құдайға қол қусырсақ, олар да һәм бар Құдайға қол қусыратын құлшылық. Біз жерге бас қойсақ, оларда да бар – бас қойып, құлшылық қылатұғын. Жалғыз-ақ жоқта – біздің дін мүбайыннан (мұсылманнан) басқа дінлерде тізе басып, иіліп тұратұғын жоқ. Соның үшін Құдай тәбәрік тағала: «Әр қағуа миғы алып кигын» – дейді. Бұл иілектің мәнісі – «Міне, Құдай, не жүгің болса, үйіп қоя

бер! Тостым арқамды. Сенің құллығыңда арқам-соқпақ, басым омақа болсын!» – деп, иілгенге келеді екен.

Жалғанда дүниені қаптаған пәлеге кедергі болуға жарайтын түрлі жұмыстың бірі рақуғ екен. Құдай тәбәрік тағала өзі айтқан екен: «Егер рақуғта тұрған пенделерім болмағанда, хайуанлардың аузы отламақта болмағанда, аузы емшекте тұрған сәбилер болмағанда, пәлені сау еткізін қуып (қойып) жіберер едім!» – деген екен. Рақуғының қасиеті биік зор екен. Хыныр мақсатымызға келейік. Пенде мүмин тез басып рақуғта тұрғанда, Алла тағаладан: «Көтер басыңды, пенделерім!» – деген жарлық барлығынан мам хабардар болып, симиг Алла лымын хамда, яғни бұ махыл махил хамд дүр. Алла тағала хамдилін ғыбдының хамдыны қабыл айлар демгіле. Бас жоғары көтерер екен. Ұғушылар: «Рәбнәлік әлхамыт» – дерлер екен.

«Ай, бізім пәруардігеріміз ғали гүл халхамид сенің үшін дүр» – деп, төре келер екен.

Алла тағаланың сұртақтап ұмғына лытыфпа сауабына ешкімнің тақыты ұқтырды. Өлмегеннен қылған ісі хам ұғнылына тамам болғанлықтан, ғытап есептен (хысабтан) құтылып, Алла тағаланың рахмет ұрапатына қырып болу миды илан құлшылық, тәубешілігінің барып тұрған ғайыты сәждеге барып бас қояды екен. Екі сәжде бір мағынада тікірер тәкид үшін.

Хақ тағала: «Хазіретлер, басың көтер! Пендем болсаң, әр түгін сайын сұрайтұғын сұрауым бар!» – дегеннен пенде мүмин басты көтерсе де, Құдай тәбәрік тағаланың жарлық жүгінің ауырлығынан, тұруға шамасы болмағаннан – шөк түсіп, шарт жүгініп отырып: «Лытхиат дидуалсауа ілтипат!» – дер екен. Сол уақытта Алла тағала:

– Не келтірдің, не түрлік қылмысың бар? Тән тереңде, тәттілігі (татлығы) жан жараттым, биһам қылмадым, нисан жараттым, һимша айладым. Тәртібінді иағу қылдың, пір есен (ишан) ниетінді. Сені салдым – мұсылманлығы еріне (жеріне). Кәне шүкір еткенің менің дін біріне?! Тамам қазаларды сәлем еттім. Рағы зайым білдіруге ғалым еттім, суғардым. Аб нығыметтен тісіңізді, кәне (қане), айғыл мекен қылған ісіңізді! – дегенде, пенде мүмин не айтарын білмей, сасқаннан оң жағына жалт қарап:

– Ассалам ғалайік рақым Алла! – деп, исхап лимин атамыш сибиай ғазам уаулиаб кірамның рухаһитлардан жәрдем (иардем)

талап қылып, хал тілі илануай болсам миламитта қалған кінә, пәлекет балшығы мен аяғы болғанда, ғасы күнәкар росия, ғараб кінә дәрмендеге дестікәр ұшығығ бола көрінізлер! – деп, оң жағына дауысын шығарыңқырап, баса сәлем беретұғынның себебі сол екен. Ол қорқынышлы күнде нәбилерден жауап бұлайша қайтады екен: «Ай, ғапіл бейшаралар, қалай жалынсаң, жалынатұғын күнің. Жалған пейіллі меселін алзин бес ел, не өкініш, не зор қасірет сондайын намаз оқушылар».

«Таңда махшар күн бар: бізді алдына шақырушы Құдай бар. Бізді тергеп, тексеретұғын мизан таразы, Құдай қазы бар!» – деп нанғандықпен емес, ол айтылғанның бәрін жокка санап, мұнафиқлықпен құр намаз оқыған болғансиды.

Оңашада иа оқиды, иа оқымайды. Оқыса да, орындап, бажайына келтірмейді. Кісі көзінше сызылып созып, түрін бұзып, көзін сүзіп, «Намазшыл екен, сопы екен, Құдайдан қорқынышы бар екен!» – десін деп оқиды.

... Намаз оқушылар не қылса, риядан қылады. «Жұрт мақтап [а] йтсын!» – деп қылған қылық, – бәрі рия. Закотларын мысырпына Құдайдың: «Бер!» – деген орнына бермейді.

Ғұмар Қарашев өлені

Біреуді біреу аса жақсы көріп, сүю турасында айтылған сөз.

Жаратқан Алла ғаламды:

Бірін-бірі сүймекке,

Ғаламға кожа адамды

Осы жолда күймекке.

Жан кірлейді тот басып,

Махаббатпен күймесе,

Бір асылға сыр қосып,

Шын көңілден сүймесе.

Жан табысып тоядың

Пұлына баға табылмас.

Кір тазарып, күюдін

Құнына жиһан шағылмас.

Жан қосылып, сүйісу
Адамшылық міндеті.
Үнсіз, тілсіз сөйлесу-
Ғашықлықтың сүннеті.

Жақ көзіңнің шоғымен
Сүйіктім, ғашық жазыңды.
Ат кірпігің оғымен
Киіктей тағы жанымды.

Дидарың-қақпа, бір барып,
Тауап етпей басылман.
Махаббатың – құран, бір ашып,
Оқып шықпай ашылман.

Періште боп сыр тасып,
Қиялың күш береді.
Пайғамбарша көк асып,
Көңілім дидар көреді.

Періште – киял, өзің кім?
Жете алмайды біздің тіл,
Пайғамбар-көңіл, сөзің кім?
Ойла – дағы, өзің біл!

Ғұмар Қарашев сөзі

Пушкин сөзінен насихат. Шағырлардың ду әлһам хақиқат оты жокқа жанбай, мәселе бір іс келешекте мадақ етілсе, шек болса, анлар (андар), эне!

Алдын-ұқ. Әлһам ұшһыр арқасында ғали дәрежеге көтеріп қоя алар.

Нармамбет өлеңі

[К]ен дала, жазы жапан, кер бетеге [42].

Намаз туралы

Машайыхлардан бірі:

– Хатым ласымнан намазды қалай оқиын? – деп сұрады.

Оған былай жауап берді:

– Намаз уақыты болса, заһарынды (зәріңді) сумен пак қыл. Бәтеніңді (батыныңды) тәубемен пак қыл. Мешітке кірсен: «Мешіт харамда тұрмын!» – де. «Макам Ибраһим, екі қасым бар, бәрінде тұр!» – деп ойла. «Пейіш – оң жағымда, тозақ – сол жағымда, табанымның астында сират көпір бар. Мәлік-әлмұт қак желкемде даяр тұр. Құдай жүрегімде тұр!».

Сонан соң кұлак қак: тағзымы тамам болсын, таямы құрметпен болсын, кырайты һайбатпен болсын! Сәждесі тазырихпен (тахырықпен) болсын, рүкүғы тозақпен болсын, жылусы хылыммен (ғылыммен) болсын! Сәлемі – шүкірлікпен тамам болсын, – намаз болса, осылай болсын!..

Сократ сөзі сабақтары

Хақан өзі бас болсын, Фарһатты алып, жердің жүзін, күннің көзін толтырған әскермен (ғаскермен) Ионанға шеру тартты. Алдына шығып, бетін қағар жан жоқ. Ионан жұртына барып, жай-жапсарын айтқан соң, олар Рәсусыһайла деген хәкімді нұсқады: «Сократтан соң атағы жер жарған данышпан, соны тапсаң, ол бәрін табады!» – деді. Оны барып тапқан соң, жүрген жүрісінің бетін айтқан соң, ол:

– Фарһат екенсін ғой! Жамасып ұстазым еді, сол айтып еді: «Менен кейін мың жыл өткенде, Фарһат шығады. Осы Ионанға келеді, Сократты іздейді. Сократтың жолында үш кедергі бар. Бірі – айдаһар, бірі – Аһырмын, бірі-тылсым. Айдаһарды өлтіреді, Аһырмында харап қылады, тылсымды ашады. Аһырмында Сүлеймен жүзігі бар. Оны алады. Соған болыс, білгеніңді аяма! – деп еді. Менде Самындар кұстын майы бар. Айдаһармен тоғысканда, үсті-басыңды майлап ал: отқа күймейсің! Менің күзетіп отырғаным – сенің келуің еді,-деп, айтып-айтып болды да, өлді.

Әлдеқашанғы өтіп кеткендердің ұрыс-төбелесін сөйлеп, бас ауыртпайық. Айдаһарды өлтірді, мұның коймасынан Аһырмынмен соғысуға даярлаған калканды, оны шабатұғын қылышты алды. Так Сүлейменнен қалған сағатын, бір хия жазған сым Ағзамды алды. Феридынан қалған, Жәмшидтен қалған кен, казына қойманың бәрі сонда. Аһырмынды да өлтіреді. Тылсым біткенді ашады. Барып Сократты тірі тапты.

Бұл екі ортада көп жарылқан жүретұғын бабай Науша жігіт күні екен. Ол жолығып, тақ Сүлейменнен қалған Ескендір (Александр) Зұлқарнайыннан қалған Жам-Жәмшид, – солардың бәрін үйретіп, бірсыпыра басшылық қылып, көрген-білген әңгімесіне қандырып кетті.

Сократ мұнан аяған дәнemesі жоқ. «Дүниеде бұлтқа – басын, жұлдызға қолың жетті. Әкелі-балалы екеуіңе де желден, судан қатер бар. Онан өлмейсіңдер. Бес жүзден бір кем жасамайсың[дар]!».

Сократ сөзі:

– Осы жерде сені тосып жатуыма – мың жыл. Енді саған сөйлеп болған соң, бір минут та жасамаймын! Жарық жалған дүниенің жүзіне жалғыз қара келген жансың! Ғашықтар аталған өз алдына бір толық жамаға[т]. Жалғанда мұратына жеткендер ғашық мыжазыда қалады. Мұратына жете алмағандар – ғашық хақиқыға өтін кетеді. Мыжазы көпір сықылды. Хақиқы – көпірдің ар жағы. Дүниеде атың жұрт аузында қалады. Қиямет қайым болғанда, әміннаба сыдығына ғашықтардың патшасы болып, жұрт көзіне түсесің.

Үк, айтып – Ескендір тылсымын бұрқан-талқан қылдың. Баяғы атаң қоймасындағы айнаның кілті ашылды. Үйіңе барып, ол айнаны ашып қарайсың. Екі дүние бірдей саған арам есепті болады да, сол айнала көрінген суретке ғашық боласың да, кетесің! Бұ жалғанның жүзінде мың жыл патша болғандығың сол айнала көрінген суретке ғашық болып, бір «Ах!» – дегенінің пұлына, құнына татымайды. Қош, қош, аман бол! – деп, көзін жұмды да, жүре берді.

Сократ та қолынан жайлап, айналасына шаһар орнатты. Шынмашынға қайтты.

Мұхаммедәмен Көпеев өлеңі

Талапты, оқыған жастарға-

Тағдыр түзу, тыю жоқ.

Сезбес, мақау, настарға

Қайда барса, сүю жоқ.

Үлгі көрмей өскенге

Өмірде есін жию жоқ.

Әуеспен уақыт кешкенге
Ешбір істе кию жоқ.

Береке деген тілектен
Таза келсе, күю жоқ,
Қайнасып шыққан жүректен
Еш қазақта сүю жоқ.

Көрінісі – құр мұсылман,
Жұмысқа жоқ ұсынған.
Болса, сасып қысылған,
Оған мейірім ию жоқ.

Кетті қазақ адасып,
Дінге жүрмес жанасып,
Қарындасқа қарасып,
Қол қайырым ию жоқ.

Пайдакүнемнен сескену

Бір сабаздың өлейін деп жатқанда айтқан сөзі:

– Мен шынымды айтайын. «Жанымды алады!» – деп, эзезілден де қорықпаймын, «Иманымды алады!» – деп, эзезілден де қорықпаймын. «Ерте бастан қазулы даяр тұрған, қасында үюлі тұрған жаңа топырағы бар – азынаған суық көрдің басына өлген өлікті алып барғанда, қараңғы көр жұрттың есіне (ісіне) суық өлімді түсіргендей, көп жұрт бір қараған соң, шыдай алмай, теріс айналып (айланып) келгенде, бейбіт басында бір қалпынан аумай, құтырған сияктанып, қызылды сезген тазқаралардай желігіп, жанталасып жүрген молдалар шын рақымсыз [ниет]імен тастай суық қатты қолымен ұстап, көрге салады-ау!» – деп, сескенемін. «Ай, дүние, уай, дариға, оқымаған әми да болса, мейлі аузы түкті орыс та болса, мұнайған жүзбенен, аямпаз мінезбен, өзі [жан]ынан жаңа айрылған тәнді ауыртпай саларлық жан ұшырассын!» – [деп тілеймін]!

Табиғат пен адам денесін салыстыру

(екінші әңгіме)

..Өкпең – бірінші аспан. Бірінші аспанда Ай не қызмет қылса, өз денеңде өкпең соның қылғанын қылады. Құрсак – екінші аспан. Екінші көкте Ғитард не қызмет қылса, құрсағың өз денеңде соның не қылғанын қылады.

Бүйрек – үшінші аспан. Үшінші көкте Зухре не қызмет қылса, өз денеңдегі бүйрегің соның қылғанын қылады.

Жүрек – төртінші аспан. Төртінші көкте Күн не қызмет қылса, өз денеңдегі жүрегің соның қылғанын қылады.

Өт – бесінші аспан. Бесінші көкте Ғытырных не қызмет қылса, өтің өз денеңде соның қылғанын қылады.

Бауыр – алтыншы аспан. Алтыншы көкте Маштыры не қызмет қылса, өз денеңде болған бауырың соның не қылғанын қылады.

Талақ – жетінші аспан. Жетінші көкте Зухале не қызмет қылса, бұл талақ та өз денеңде соның не қылғанын қылады.

Аспандағы шақшиып тұрған Күнді әлдеқандай көресің. Өз көзіңді көрмейсің. Өзіңнің заһар денеңде күн тұрғандығымен жұмысың жоқ. Кәне, айырбас қыласың ба күнге көзіңді?!

Уалсымазат әліп рух.

Аспан көкте он екі бұрыж болса, денеңдегі он екі бұрыж бар: екі құлақ, екі көз, екі танау, екі емшек, ауыз, кіндік, төменгі екі жол. Афлакта: сыбға, ситарре, – жеті жұлдыз бар болса, денеңде: өкпе... құрсақтар: бүйрек – зухре, жүрек – семіс, өт – мырих, бауыр-мыштыры, талақ – зу – [хале].

Афлакта көп жұлдыз (иұлдыз) болса, денеңде көп тамырлар, сіңірлер.

Афлакта жиырма сегіз мыназыл болса, денеңде жиырма сегіз хау-ас қуат.

Афлакта үш жүз алпыс (алтмыш) даржат, денеңде үш жүз алпыс кан тамырлары.

Афлакта – шарғына хырар (сырар) баға болса, денеңде – зерде өт орнында – қан; жел орнында – қақырық, су орнында – қарақұрым, топырақ орнында – ол төрт ғына сырадин, мәуліт, шіләше болса, жа-

мадат, набатат, хайуанат. Бұл хылат рабғадан муалид шлеше: қан, жан, ғақыл. Күндіз орнында – адамның шатлығы, түн орнында – қапалығы.

Көкті күрсаған бұлт – адамның өз-өзінен қуырылып шытынбағы. Оның айт... – адамның жадырап отырмағы. Күркіреген күн – адамның дауысы, жалт еткен нажағай – күлкісі. Жаңбыр – жылағаны.

Жалғанның жүзіне хошлық беріп тұрған жел – дем алыс. Көк жұлдызы, құстың жолы – қасы. Жаңа туған ай-құлағы, толған Ай – жүзі. Түн қараңғылығы – шашы. Атқан таң, жарқ еткен [күн] – маңдайы.

Қайсыбірін айтайын, аспанда болғанның бәрін де адамның денесінде болған – асыл. Маған десең, біреуге көңілін кетсін, шалақұмар қылсын да, далбаса етсін, есі-дерті біреуге кеткен ит – бұл сөзімнің қадіріне қайдан жетсін?!

Тағы бір дерек

Кианилсрдін – уәлиі-қиқбад, Рүстем [43].

Мәшһүр-Жүсіптің өлер шағындағы сөзі

(екінші нұсқа)

...түрінің қандай екенін танымайды
Самаладай қойсаң да мың шам жағып [44].

Айтқан сөзім құлақтан кетеді ағып,
Құлақ қайда, мақтанар гауһар тағып.
Құлағы тарс бекіген саңырауларға
Шаршама сылдыр-сылдыр қоңырау тағып.

Құлақ естігенді көз бір көрмек. «Баяғы Нух пайғамбардың заманында дүние жүзін топан суы қаптады. Тау-таудан қырық кез асты», – деуші еді. Біздің өз заманымызда 1928-інші жыл ғинуардан бастап, «науқан» – деген шықты. Байлар жиған-терген мал-мүлкімен суға кетіп, толқын жұтып, мал да құрып таусылып, бай да құрып, тау[сылып], [тып-типыл болды]. [Байлардың ешкімге] беруге көзі кимай жинаған мал-мүлкі [дария] болып, өзін қарқ (ғарық) қылды...

Кедейлер сусыз шұқанақ еді. Тасыған дария бөлініп-бөлініп бытырап, әр шұқанақта қалды.

Мәшһүр-Жүсіп өлені

Мақсатқа жетер деймін бейнет тартқан,
Рақатқа мехнат тартпай, бар ма батқан?!
Дүниені кезген білер, жүрген білер,
Не білер ұйықтап ұйқы үйде жатқан?!

[Өлең маңдайшасында орын алған Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі – Л.Ж.]: «Бала күнінде Омбыда оқып жатқан бала Ғаббас Шоңовқа жазған өлеңі».

Жыл мезгілі ерекшеліктері

Бір жылда жиырма төрт нас күн бар:

- Махрам – харамның төрті, оны.
- Сағыр айының бірі, үші.
- Лиғы лауулының оны, жиырмасы.
- Рабиға лазырының бірі, оны.
- Жамади лаууалының екісі, оны.
- Жамади алазырының екісі, алтысы.
- Ережеп-ламыржыпның үші, оны.
- Шұғбан ламғызымның төрті, алтысы.
- Рамазан шариптің үші, жиырмасы.
- Сауал (шауал) айының үші, жетісі.
- Зейалқығданың екісі, сегізі.
- Зейалхыжаның алтысы, жиырмасы.

Бұхарай Шарипте жазылған молда (молла) Қасым, молда һашымұғлының (Әшімұлының) нұсқасынан көшірілді, Иншалла: мықпыз нұсқа осы болса керек. Жазған өзім[нің] көңілім тұрақтамайды. [Осы сөздер жазылған беттің сол жағында көлденеңдеп орын алған Мәшһүр-Жүсіп ескертпесі – Л.Ж.]: «Екі нұсқаның сөзі бір жерден шықпайды. Асылы: «Кітапта жазылған!» – деп, нануға жарамайды. Бәрі пенденің қолынан шыққан».

Қилы деректер

Бұл кітапты Мерғали мышырат сынып қылып, тамамға тигізгенге төрт жүз жиырма (420) жыл болыпты.

Қоканд ханларының дәулетін күншығыс халқы ниғмау (иғмау) тараж қылғанында бір офицерінің жігітінің қолға түсіп, ...қазақ – Арғын – Ақыман мыңбасы – Тынымбайұғлы осы жетпіс сом беделіне алып, неше жыл тұтынып, 1908-інші жылында 27-інші сентябрьде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына «Мұхаммед саламалдиннің халқына дұғағөй бола көріңіз!» – деп һиба қылды 1326-һижраның 14-інші мархызарда сенбі күні Ташкент шаһарында. Бұл Ақыман мыңбасы – Арғын ұрығынан – Қаракесек – Қамбар, акын Жанақпен бір туысқан, жеті ағайындының хизаты. Жылы қой, алпыс үш жасында бір ұл перзент көрген екен, есімі – Мұхаммедсалық алдан ерген. Өзі осы мешін жылы қажы барып сәлемет келген екен. Бұрын қалың ашна тату-тәтті айрылған, жақсы көретұғын әкеміз еді. Қадірден ашналықты әлхамдид шүкір бажа келтірді.

Тоғыз жүз алтыда Мерғали шайыр әмір Науаи сөйлеп, тамамға жеткізіпті. Тоғыз жүз отыз алтыда (936) Мұхаммед Дасамалы кетіп, жазып, тамамға жеткізіпті. Заман қадимда қатипларының қазынасында болып, ол қазыналар инғыма таражы болған заманда бейқадір, бейқұрмет қалған күнінде жетпіс рубльға қолдан-қолға өтіп жүріпті. Арситу хазірет Ғайса рухолладан 384 жыл бұрын туған 61 жыл жасаған Қыронұлы да бұның қадір шәкірт иесі кісі болмаған. Ескендір жеті жасында он үш жасына қадір Арыстудан айрылмаған. Ескендір өзінің ұлылығын Арсту (Аристотель) арқасында деп билейді. «Аристот» – деп те айтылады, «Аристалис» – деп те айтылады. Платон (Аплотон), Сократ ипдеші болған хазірет Ғайса рухолладан 387 жыл бұрын дүниеге келіп, өлгенше хақиқат іздеген, фалсиғада маһыр болған.

Алла тағалаға фазилиит гидалт ила гибадат ету тиіслігін (тыйышлығын) раһипларының керексізлігін сөйлеген. Ғақылмен айтқан сөзі Ан Алла иамырба Лағдалға мұтабық түскен.

Ан хазіретіміз: «Ларһибанитыр уалсалам» – деген. Сократ хәкім: «Құдайды көре алмағаныңа ішін пысады, денендегі жаныңды қандай екенін көргенің бар ма? Дененде жан барына нансаң, Құдай да бар. Егер: «Дененде жан жоқ!» – деп білсең, саған айтар сөзім жоқ!

Мәшһүр-Жүсіптің «Мұхаммед пен Әбу Жаһил» өлеңі

(екінші нұсқа)

...Күжілдеп үрген иттей кәпір төбет [45],

Бұ жөйіттің алғаны шын мың лағынет.

Түкіріп екі қолға, жалақтады:

– Кел, кел, дәмең болса, деп – Мұхаммед!

...Бұл сөзді естіген жұрт аң-таң қалды:

– Кім де болса, шын сөз, – деп, мақұл алды.

– Емшек сүті аузынан исі [46] кетпей,

Айтқан сөзін қара! – деп, таңырқады.

...Мұныменен тарқасты жиылған көп,

Құр күлумен көбейтін әңгіме кеп.

Жаман гулеп [47] барады дуылдасып:

– Күресуге қорықты ғой, батпады! – деп.

...Мұнайтып, қайтармасын Ием өзі [48],

Мақтанып неге айтасын мұндай сөзді?!

Мұхаммед жыкса, жалғыз өзім соям:

Қойдан – бес жүз, түйе – тап үш жүзді!

...– Жаланаш жерім бәрі тегіс майлы,

«Қолға ұстауға келмесін – деп – ыңғайлы».

– Дәнемені көрмеген баласың ғой,

Бұрын түйіп [49] көрмеген еш мұндайды.

...Тұрған жандар теп-тегіс көрді көзден,

Оңай боп бір ауыз айтқан сөзден.

Сықылды көкке де тоқтар емес,

Ғайып боп көрінбей [50], кетті көзден.

...Санасаң, жұрт біледі, рас, көпсің [51],

Көп те болсаң, біздерге сабан шөпсін.

Қалдырмастан бірінді қыруыма

Бұл майданға жиылып жақсы кепсің!

...Әшім жасы көзінен саулап ақты,
Жалынып Мұхаммедке жылап бақты.
– Мен емеспін жел беріп, желіктірген,
Сенімен күресуге ауыр [52] әлімсақ-ты.

Әр не қылсаң, еріктімін, құдіретім бар,
Өзімді ойға алғанға – Мен өзім бар.
Кімде-кім қайырылысса мұндай жанға [53],
Мен оны дүние – ақырет қылмаймын зар!

1915 ж.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)

«Тобықтыда: Кішеке, Самысты деген... елдің ішінде [54]...

Мәшһүр-Жүсіптің «Жетпіс бап» туындысы

(екінші нұсқа)

Екінші бап

Көңілінде тұт жаратқан құдайынды [55],
Сыйлап жүр ата-анан мен жұбайынды!
Адамға жала жаппа, қастық қылма,
Махшарда тартпан дессен шын уайымды.

Ораза мен намазыңды қылма қаза,
Сақтағыл өз бойынды судай таза.
Мойныңа пенде хақын жүктеп кетпе,
Сабыр қыл, келсе пәле, болма наза!

Шүкір қыл Алла берген нығыметіне,
Сабыр қыл, келсе [56] қаза, құдіретіне.
Мал мен бас, катын-бала, – бәрі дұшпан,
Алданба бұл дүниенің дәулетіне!

Бұйрығын шарифаттың әр кез қойма,
Ас жеуге, шақырмаған барма тойға!
Іс қылсаң, құдай үшін қыл ниетпен,
Риямен өз ісінді өзің жойма!

Бұйрығын шарифаттың айлағыл сап [57],
Істерден құдай сүймес жүргіл аулак!
Бозбалалық, бокшылық гадет қылма,
Күлкі, сықақ, жел сөзге жоламай бак!

Алданба баяны жоқ дүние малға,
Жоқ нәрсеге, ағалар, көзің салма [58].
Жалғанда жаманшылық жанға залал,
Махшарда даулап тұрған отқа жанба!

Жылқы, кой, ара түспес, сиыр, түйе,
Жатарсың жазаң болса, отқа күйе.
Бермейді жәрдем саған қатын-балаң,
Болмаса жарылқаушы Жаббар ие.

Жігіттер, айта берсем, таусылмас сөз,
Бұл ажал бәрімізге келеді кез [59].
Жиылған мүкәмалың, – бәрі қалар,
Бұйырар ораздыға үш қабат бөз.

Әзәзіл аздырмаққа буар берін,
Жігіттер, берме қолдан иман гүлін!
Шамасы ғибадатқа келмеген соң,
Безейді ақын Мәшһүр қызыл тілін.

Насихат сөз айтамын, салсаң құлақ,
Азық ал: барар жерің алысырақ.
Жүк ауыр, жеңілте гөр, қылып ғамал,
Бұл өлім қас пен көзден жақынырақ.

Бұл өлім бірдей келер барға, жокка,
Бір күн – аш, қанағат қыл – бір күн – тоққа!
Қай күн кез келері болжаусыз ғой,
Құрулы сарыжадай атқан оққа!

Жел көңіл жігітлікте тыйылмайды,
Жан, шіркін, сондай тәтті, қиылмайды [60].
Жисаң да дүние малын түк шығармай,
Үш қабат бөзден басқа бұйырмайды.

Су емес мейірің қанар, дүние – сағым,
Сөйлеп қал тіршілікте тіл мен жағым.
Жалғанның опасызын тегіс көріп,
Бар болса, аянбайтын келді шағым.

Орын бар жататұғын кара жерде,
Шайтанның нәпсі дұшпан тіліне ерме [61].
Алтыннан салсаң сарай, пайдасы жоқ,
Бұйырса, артық сарай – қазған көр де!

Жатарсың мекен қылып кара жерді,
Бағзыға бұйыртпайды қазған көрді,
Жаныңды әзірейіл алып кетер,
Қойсаң да күзетшіге қырық мың ерді.

Әзірейіл [62] шыбын жанды алып кетер
Астында қара жердің зар еңіретер.
Періште Мүңкір-Нәңкүр келсе жетіп,
Бишара, дәрмені жоқ пенде не етер?!

Артық бақ: қойса халқың таза жуып,
Кебіндеп көрге салса, жіпсіз буып.
Басыңды сол көтеріп алғаныңда,
Жүрегің корқады – мыс мұздай суып [63].

Ах, дүние, жетіп келсе ата-анаң,
Жан үзген тіршілікте қатын-балаң.
[Ағайын, жақындасың, тамырласың, –
Бармайды біреуі де, не дүр шараң?!].

...Көп сөз бар мұнан кейін, тұра тұрсын [64]
Аз дәурен пенде, шіркін, құра тұрсын!
Мысалды (мәністі) адамзаттан баян кылып,
Жазылар, кандырайын құлақ құрышын!

Жаратты қайғымсенен жанның бәрін,
Барсың ғой сол жиында баршаларың!
Қандил нұрда пайғамбар рухы тұрып,
Көрсетті тамам рухқа Хақ дидарын.

Фаннау иаратын келді жауап,
Рух біткен пайғамбарды қылды тауап.
Басын көрген дүниеде сұлтан болып,
Қолын көрген ғаділ боп, тапты сауап.

Кеудесін көрген жанлар ғалым болды,
Әр мүшесі әркімге мағлұм болды.
Сонда мақрұм көре алмай қалған жандар,
Жалған дүние жүзінде залым болды.

Жаратқан бәрінен де әуел нұрды,
Құдайға жетпіс мың жыл жылап тұрды.
Суретін пайғамбардың жасаған соң,
Жүз мың жыл және отырып шүкір қылды.

Жаратты анық қылып нұрды, әне,
Мақтауын, жаным құрбан айтқан жерде.
Үш жүз мың жыл ғаламның жылдардан соң,
Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Перденің бірі-қызмет, бірі – құдірет,
Бірі рахмат болғанда, бірі – минат.
Сағадат, керемет пен ғажап (нәубат) нәбуат,
Һидаят, шапағат пен рафғат, һибат.

Құдіреттің пердесінде нұр толыпты,
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.
Қызметте он бір мың жыл мекен қылып,
Минатта және он мың жыл тұрыпты.

Рахматта тоғыз мың жыл харар етіп,
Сегіз мың жыл сағадат (рүкүғ ғып) хажатта өтіп.
Керемет манзилатта он үш мың жыл,
Һидаятта бес мың жылдай оны күтті.

Төрт мың жыл Нәбуатта мекен етті,
Үш мың жыл раһиғатта тұрып кетті.
Екі мың жыл һибаттан өткеннен соң,
Такитына шапағаттың келіп жетті.

Тахитында шапағаттың мың жыл тұрды,
Үстіне Ғаршы төсеп, күрсі құрды.
Лаухи калам жаннатты жаратқан соң,
Орынлы, салтанатлы патша болды.

Үшінші бап

Ғаршы, күрсінің баяны

Бұлайша жаратыпты әуел нұрды,
Жаратқан жаннан [65] бұрын ақыл-ойды.
Ерітіп жасыл гауһар сонда ағызып,
Ғаршыны жаратпаққа жарлық қойды.

Көтеріп ол ғаршыны суға қойды,
Ол суды жел көтеріп буға қойды.
Сақтады құдіретімен сонда желді,
Нұрына Мұхаммедтің ғалам тойды.

Баскышсыз, ашасы [66] жоқ ғаршы қылды,
Хисапсыз сол ғаршыға аяқ берді.
Саны жоқ мөлшерінің тарау-тарау,
Сыйғызды бір өзіне талай жерді.

Арасы аяқлардың сондай алыс,
Құс ұшса, отыз мың жыл қылып жарыс.
Жүйрік ат шапса, жетпес отыз мың жыл,
Кітаптың айтқанынан қылман алыс.

Әр күнде құбылады жетпіс мың жол,
Жасады алты жүз мың перде оған мол.
Періште іші толған сәжде қылып,
Бәрі де болып тұрған Құдайға құл.

Көтерген төрт періште бұйрық алып,
Бек сасқан көтере алмай қайран қалып.
Әскері қасындағы сегіз жүз мың
Су аққан терлерінен шырқ айналып.

Құдайға сонда қылған көп мінажат,
Көтерген құдіретімен қадір қажат.

Сонда аққан періштенің терлерінен
Жаратты бір дарияны бахыр ухиат.

Үйретті Сүбхан Алла калимасын,
Сәждеге көп періште қойды басын.
Көтерілді сол ғаршы құдіретімен-
Орнатты енді күрсі лаухи тасын.

Жасады Зәбіржаттан лаухи тақтай,
Қойыпты сонда жазып мал мен бақты-ай!
Жаратты одан кейін рух рауан
Өтіпті оның асылын адам таппай.

Төртінші бап

Сегіз жұмақ, төрт періште баяны

Жебірейіл, Мекайіл мен жаратты екеу,
Исрафил, Ғазірейіл мен қылып төртеу.
Бірін-желге, біреуі суға қойып,
Жұмақ – сегіз жаратқан, тозақ – жетеу.

Жаннатың бірі – Ғадін: нығыметі көп,
Айтады: «Дарис салам Фирдаус» – деп.
Жаннат Алмауи қылды, жаннат – Нағим,
Осылай Дарил қарар жаралған жұп.

Жаннаттың жаратыпты жерін биік,
Өзгеден ол Ғадінді артық сүйіп.
Бірі – алтын кірпішінің, бірі-күміс,
Балшығын маски ғанбер қосып түйіп.

Есігін алтын қылды, тысы-иақұт (жақұт),
Топырағын таза жауһар, жайды бар қып.
Ғақықтан-рамкалары гауһар шыны,
Кіреміз, иншалла, болса бақыт.

Төрт бұлақ ақты: бірі, – ол – Салсабил,
Кафур тасыным, біреуін біл – зәнжабил.
Сүт пен бал, шекер шәрбат сулары бар,
Ғанна фиһа тусамма – аят далил.

Тақ кұрды, салды төсек жасылдан,
Қызыл, көк түрлендірді саф асылдан.
Не керек десен, бәрі сонда даяр,
Кіреді Құдай жазса, дін мұсылман.

Көкте бар жетінші қат тәубе ағашы,
Жұмақтың сонда толған айналасы.
Хор қызы бір кісіге тиер жетпіс,
Және жетпіс қызлар бар – сыбағасы.

Пырақ бар: бес жүз жылдық жолды басқан,
Ер тоқым өншен абзал асыл тастан.
Әр түрлі әр мүшесі құбылып тұр,
Тағы бар түрлі нығымет онан басқан.

Тиеді бір кісіге жетпіс шаһар,
Әр шаһарда жетпіс мың сарайлар бар.
Болады әр шаһарда[67] – жетпіс мың үй,
Әр үйде жетпіс мың тақ асыл гауһар.

Әр тақытның үстінде жетпіс төсек,
Көрпе, жастық қанша бар, – қылма есеп.
Алтын, атлас торғыннан жайып қойған,
Күнәһар боп кетеміз пәлен десек.

Әр төсекте отырған бір хор қызы,
Гауһар тісті [68], күн көзді, айдай жүзді.
Лағыл баде, лептері-шырын, шәрбат,
Бал мен кант ләззатындай – сөйлер сөзі.

Қараса егер солар Ай мен Күнге,
Ай мен күн ұялғаннан болады өңге.
Тісі бар маржан, жақұт, лұлу иек,
Хисапсыз шашбауына таққан теңге.

Қолдары хор қызының сым күмістей,
Таларсың келбетіне көзің түспей.
Шын мақсат барсаң сонда, табылады,
Бұл дүние – түбі шолақ, көрген түстей.

Жұмақтың асты да – алтын, үсті де – алтын,
Ішіне кірген жанның жүзі жарқын.
Дүниенің бар қағазын жисам-дағы,
Мен сөйлеп бітіре алман оның қалпын.

«Имансыз сол жұмақты көрмес!» – дейді,
«Бір Құдай имансызды сүймес!» – дейді.
Бір Алла қаламында баян қылды:
«Адамдар сегіз түрлі кірмес!» – дейді.

Әуелі – бір Құдайға серік қосқан,
Екінші – ұрлық қылып, жолды тосқан.
Үшінші – кісі өлтірген нақақ (нехах) жерде
Төртінші – зинашы дүр, дінге дұшпан.

Бесінші – ел ішінде өсек айтқан,
Алтыншы – күншілдік қып, діннен қайтқан.
Жетінші – залымлар дүр, рақымы жоқ,
Ғайбат айтып, әрқашан күнәсы артқан!

Сегізінші – әрдайым арақ ішкен,
Әрқашан жаманшылық күні кешкен.
Осылар дүр жұмаққа кіре алмайтын,
Тәубе қылмай, дүниеден, болса көшкен!

Құдая, күнәһардан бізді қылма,
Құдайға, пенде болсаң, қарап тұрма!
Егер де тайып кетсең жазатайым,
Түсерсің жеті тозақ, жайған торға.

Бесінші бап

Жеті тозақ баяны

Қолымнан келсе шамам, аянбайын,
Азырақ жан барында аялдайын.
Құданың қаһарынан қорыққан үшін,
Сипатын жеті тозақ баяндайын.

Жаратты ол тозақты қылып жеті,
Жаһаннам, Жаһим, Сақыр, Сижжил – төрті.

Ғадиллазад пенен Хатм – тамұк,
Құйылар жазалының аузына [69] оты.

Тозактын ғазабы бар тастан қатты,
От жанып, кинайды-мыс адамзатты.
Отыны адам мен тас – ол тамұктың,
Құранда мәзкөр болған көр аятты.

Құлдық қыл, болма ғапыл, ай, бейшара,
Аят бар: «Ууқу ханнас уалхажара».
Кітаптан бір қиссасын естігенде,
Жүрегім корқып, болды пара-пара.

«Таусылып тамұк оты бітпес!» – дейді,
«Жазалы және жанып кетпес!» – дейді.
«Тамұғынын терендігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес!» – дейді.

Тамұқта бір шұңқыр бар: аты – Палак,
Сен сонан құтылуға қылшы талап.
Бір тау бар ол шұқырда: аты – Уайл,
Болады оған түскен пенде ҳалак.

Сол таудың тас пен жері – бәрі оттан,
Тез екен қыздырмағы пароходтан.
Бір шаһар әлгі тауға оттан салған,
Хисабын біле алмадым қағып шоттан.

Көше бар сол шаһарда жетпіс жүз мың,
Әр көшеде үйлер бар һәм жетпіс мың.
Әр үйде жетпіс мыңнан бөлмесі бар,
Жаралған бәрі де оттан, – бұл сөзім – шын!

Ішінде әр бөлмепін жетпіс орын,
Қайнатар сонда кірген жанның сорын.
Әр орында жетпіс мыңнан жыландар бар,
Жаралған һаммалары соның бұрын.

Ғазап бар, заһар, зақым бәрі де анык,
Жазалы дамыл-дамыл жатар жанып.

Сол жыланның бір демі шыкса титтей,
Бұл дүние бір сағатта кетер жанып.

Сонда бар жыландардың заһарлысы,
Бар екен әрбірінің жүз мың тісі.
Құдай-ау, мұсылманды жолықтырма,
Не болар соған душар болған кісі?!

Әр түрлі ғазабы бар мұнан жаман,
Болғанда заһар сусын, зақум-тағам.
Осындай киындық бар қияметте,
Күн бұрын сақтанып қал, келсе шамаң!

Құдай-бір, пайғамбар-хақ, құран – біл шын,
Бұйырған шарифаттың қылса ісін.
Айтқанын ғалымдардың қылсаң түзу,
Көрмессің, иншалла, соның түсін!

Темір арқан болғанда, темір кебіс,
Темір белбеу, темір тон, – бәрі тегіс.
Іші-тысы бәрі де отпен толар,
Өзінді құтқар сонан, қылып бір іс!

Алтыншы бап

Жеті қат көк баяны

Мұнымен жеті тозақ тұра тұрсын,
Мұсылман құтылатын қамын қылсын.
Жеті жер, тоғыз палак қалай болған?-
Аз ғана сонан Жүсіп кеңес құрсын.

Бар Құдай салды назар сонда суға,
Су қайнап, айналасы толды буға.
Буынан сонда судың көкті жасап,
Білдірді құдіретін жас пен қуға.

Ол судан және тасып, көбік шықты,
Сол көбіктен жеті қат көкті қыпты.
Сол [көкті] жеті тіліп және созып,
Тау мен тас, ағаш, жеміс, қылған шөпті.

Екі күн – жер, екі күн көк жаратты,
Бір-біріне біреуін жұп жаратты.
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,
«Пендеме ғибрат болсын!» – деп жаратты.

Үлгі[сі] көкті қылды Зәбіржаттан,
Айта дүр бір қиға, әне, білсең хаттан.
Суреті мысалы пақыр періштелер
Бос тұрар, білсең, әне, адамзаттан!

Екінші көкті қылды бәрі жақұт,
Аты-кадим, ол көктің орны – сахит.
Үшінші көктің атын: «Мағун» – қойып,
Асылын оның Алла қылған артық.

Төртінші көк жаралған ақ күмістен,
«Арықлұн», – осылайша-аты дескен.
Бесінші көк жаралған: «Заника»-аты,
Нәрсе емес өлшеп: «Аз, көп» – дейтін-пішкен.

Жаралған ақ інжуден алтыншы көк,
Ат қойған оған Алла: «Рафға» – деп.
Жетінші көктің аты – «Ғарифа» дүр,
Қып-қызыл алтын қылған жиып-теріп.

Қойыпты жеті көкке жеті есікші,
Өтірік айтар кісі емес, мен өсекші.
Бәрін[ің] де атын саған баяндайын,
Шотқа как: нешеу екен, кел, есепші.

Исмағұл, Михаил мен Сағдайыл бар,
Кілкәйіл, Сымхайыл мен Кімхайыл бар.
Рафайыл – жетіншіде мекен қылған,
Бәрінен орны биік Жебірейіл бар.

Жетінші көкте ағаш бар, ол-Мынтаһа,
Аят бар: «Әліф, ләм, мим, иасин таһа».
Жебірейіл сол арада мекен қылған,
Астагирулла Алла ла иллаһа, илла Алла!

Жеті қат жердің баяны

Осылай естуімше өңшең ерден,
Емеспін соның бәрін өзім көрген.
Жеті көк, тоғыз палак былай тұрсын,
Құрайын тағы кеңес-жеті жерден.

Әуелгі жердің аты – Дамка болған,
Жел есіп Рих ғақым онда тұрған.
Жетпіс мың біреуінің арқаны бар,
Бір Мәлік әр арқанға ие болған.

Ғад қаумын халак қылды сол желменен,
Қанша адам қырылыпты көп елменен.
Бірталай Біршым дейтін халқы бар,
Ісі жоқ обал, сауап ешкімменен.

Екінші жердің аты – «Халдетұрұр»,
Қауымы бар Тамас атты бір-бірін жер.
Ғазап бар неше түрлі ол орында,
Нанбасаң, «Мұхамедия» кітабын көр.

Үшінші жердің аты болды – Ғарқа,
Шаян бар неше түрлі парқа-парқа.
Заһар бар біреуінде үш жүз алпыс,
Дүниені бірі шакса, қылар шарқа.

Қауымы бар «Қабыс» – деген өз алдына,
Жүреді шаяндардың көз алдына.
Құдайым күдіретімен сақтар өзі,
Тамсанып, шыға берме сөз алдына.

Төртінші жердің аты: «Жырба» дейтін,
Ол жерде айдаһар бар адам жейтін.
Халқы бар өз алдына – «Жалһам» – деген,
Көзсіз, қолсыз, аяқсыз қалың жойқын.

Бұлардың ұшып жүрер бар ғадаты,
«Малша» екен-сол бесінші жердің аты.

«Мыхта» атты қауымы бар оның тағы,
Бірін-бірі жеп қылар харапаты.

Алтыншы жердің аты – Шахынайдос,
Қауымының аты-Қитат, суреті-құс.
Құдайға құлдық қылар баршалары,
Дәптері тозагының сонда тұр бос.

Жетінші жердің аты: «Ғажба», – деген,
Жер жоқ-ты, сегізінші мұнан төмен.
Мекені Ғазазілдің сол арада,
Қауымы бар «Жытшом» атты тізген көген.

Сегізінші бап

Қап тауының баяны

Жеті жер жаратылды осылайша,
Бұл сөзім болар кеңес, жұртқа жайса.
Қап тауы жаратылды зәмірт тастан,
Бар екен шамасы оның, біл қалайша?!

Айналған бұл дүниені жеті фасыл,
Өзінің тастары бар өңшең жасыл.
Дүниеде тау шаһарлар, сыхре сулар,
Тамыры Қап тауына болар уасыл.

Мекайіл бір періште Қап тауында,
Аспанның, тиген басы, жақтауына.
Сондай тау құласа да жан сактарсың,
Құдайдың тура келсең (сактауына).

Артында Қап тауының бір-ақ жер бар,
Дүниедей отыз есе сондай кең бар.
Жаралған бір түрлі жан сол арада,
Һаммасы тағат қылар, онда нең бар?!

Сөйлейін бір аз ғана хикаятын,
Құдайдың, қаранызлар, күдіретін!
Артында сол ақ жердің жетпіс жер бар,
Біріне жаратылған бірі жақын.

Оның тағы артында жетпіс жер бар,
Жауһардан [70] жаратыпты деген «Паруар».
Кеңлігі бұл дүниеше жетпіс есе,
Ар жағында жетпіс жер тағы да бар.

Оның тағы ар жағы – жетпіс мың жер,
Бәрін алтын жалатқан құдіретін көр.
Ар жағында Тимеш бәрінің жаратылған,
Жетпіс қабат дүниедей күмістен жер.

Және бар онан әрі жетпіс мың жер,
Сол жердің жаратылған бәрі темір.
Оның арғы жағында қанша ғалам,
Жаратты періштелер беріп ғұмыр.

Бұлар білмес – Ғазазіл кім екенін,
Адамзаттың тағы да ніл екенін.
Құдайды-бір, пайғамбарды – хақ біледі,
Не білер: тура жаһил дін екенін.

Онан әрі жаратқан жеті теңіз,
Қосақталып, парланып, – бәрі егіз [71].
Көп ел бар арасында ешкім білмес,
Онда бар тексеретін біздің неміз?!

Ол елдің кім екенін білмес адам,
Бұрынғы әулиелер біле алмаған.
Жанлық жәбірін баһар қылса,
Ат қойған: «Аһлу хикмет» оған тамам.

Көкке ұшса, талмайды қанаттары,
Әрқашан қабыл болған қажеттері.
Теңіздерде жүреді суға батпай,
Отқа түссе, жанбайды ғадаттары [72].

Ғаршы, күрсі жаратпағы

Осылай пайғамбардан рауат салған,
Сөз еді ұстазымнан естіп алған.
Кәнеки, тағы бір сөз қозғайын да,
Алланың жаратқанын тауыса алман.

Жеті көк, жеті қат жер – бәрі бітті,
Ішінде айтылмаған көбі кетті.
Ғаршыны, сол көтерген дарияны,
Өзінің құдіретімен бөлек етті.

Бірі астында Ғаршының Бахыр лахият,
Бірін жердің астына қойды таяп.
Сол дарияның суынан қылды бәрін,
Дәлелім бар: бұл сөзге келген аят.

Ал жаратты аспанға Ай мен Күн,
Әуел баста екеуін қылыпты тең.
Айдан алып Жебірейіл, Күнге беріп,
Күнге күндіз жаратты, ал Айға – түн.

Жер менен көк жаралды ма тұзу болып,
Әр түрлі өтіп кеткен мақұлық толып.
Ал, енді Байтул мағмур жаратылды,
Кетейін онан біраз кенес құрып.

Жаһанда шаһар да жоқ, үй де жоқ-ты,
Бұл дүние бостан-босқа тұрған тіпті.
Қағбаның осы күнгі дәл орнына,
Бір үйді қызыл жақұт орнатыпты.

Періште дүние жүзін алып кетті,
Ғазәзіл оттан белбеу буып кетті.
Құдайға неше мың жыл құлдық қылып,
Мүлкіне сегіз жұмақ барып жетті.

Тамамы періштеге патша болды,
Сол күнде: «Ғазәзіл», – деп ат қойылды.

Жүргізіп хукіметін әрбір жакка [73],
Биледі періштені оңды-солды.

Өзіне патша Құдай кылып еркін,
Беріпті билігіне дүние мүлкін.
Ғаршының есігінде бір жазуды
Жиылған көп періште көрді бір күн.

Қорықты періштелер: «Бұл не хал?!» – деп,
Жазыпты: «Көрген пенде, ұғып ал!» – деп.
«Үшбу жүрген мүлкімде бір құлыма –
– Жазыпты – қатты қаһар лағынет бар!» -- деп.

Періште бәрі тегіс шошып кетті,
Патшасы Ғазәзілге барып жетті.
– Ғаршыда бір нәрсені көрдік біздер,
Қорқыстық, дұға қылғыл, тақсыр! – депті.

Ғазәзіл сонда тұрып, дұға қылған:
– Сақта! – деп періштені, қорыққаннан.
Қылмады: «Өзін сақта!» – деп сол уақытта,
Әр істі жақсы-жаман Құдай қылған.

Оныншы бап

Адам атаның жаралып, дүниеге келгені

Бір достым бар, жаратсам керек соны,
Жер жүзінде болады мекен жөні.
Шығындар, періштелер, бү дүниеден,
Жаратсам керек – Адам кылып оны.

Жүрген жоқ «Кетеміз!» – деп періштелер,
– Иа, Раббы, біз не жаздық, паруардігер?!
Біздерде тәсбих, таһлил айтамыз ғой!
Жаралса адам ұғлы, күнә қылар!

– Шығындар, періштелер, тілімді алып,
Ғажаппен болған тағат күйер жанып.
«Қала инси ағламу уа ма ла тағламу!» – деп,
Шығарды бәрін тегіс Жаббар халық.

Әуел баста болмағы нұрдан екен,
Нұр билеп соның бәрін тұрған екен.
– Кімнен сені жаратам? – дегенінде,
Нұр ықтияр топырақты қылған екен.

– Топырақтан жаратам Адам! – дейді,
– Жебірейіл, бұйырамын саған! – дейді.
– Бар-дағы Мағриб, Машрих ортасынан,
Бір уыс топырақ ап кел маған! – дейді.

Жебірейіл жарлықпенен келді жерге,
Бір уыс топырақ алып жөнелуге.
– Не үшін, иа, Жебірейіл, келдіңіз? – деп,
Сонда Жер құдіретімен келді тілге.

«Кунту күзас махфиан» – келді жауап,
Суретін тамам қылды қырық күн санап.
Жатқызды қырық жыл жерде дене қылып,
Пісірді кірпіш [74] қылып құмға орап.

Жатқызды сахараның даласында,
Тайфаның Мекке менен арасында.
Бір күні Ғазірейіл келіп көрді,
Дарияның жатыр екен жағасында.

Жел есіп кеткен екен ішін тесіп,
Малғұн жүр күншілдік қып ерегесіп.
«Егер мұның билігін маған берсе,
Таза қоймай, алар едім басын кесіп».

– Іші – қуыс, хайласы көп-ті, – дейді,
– Алдауға жылдам ерер епті, – дейді.
«Мені бұған қаратам!» – десе Құдай,
– Уа, Алла, мойын сұнбан! – депті дейді.

Әзәзіл жансыз барып сонда көрген,
Байқады құр денесін жатқан жерден.
– Алдауға жылдам түсер жан екен! – деп,
Адамның жетекшілін сонда білген.

Құдайым өз құдіреті қылған, эне,
Жасаған құдірет колмен үш нәрсені.
Бірі – Таурат, бірі-Адам, бірі – Ғадін,
Екі жүз жыл кірместен тұрды жаны.

– Кір, жан, саған дем алыс бердім ерік!
Ғақыл, көңіл, көрік пен әлһам беріп.
Желкесінен екі жүз жыл айналып,
Сонда жан қиналумен кетті кіріп.

– Құданың қысымымен кірді,-дейді,
– Шығарсың қиналумен енді! – дейді.
– Бисмилла, иа, Раббы, жәрдем бер! – деп,
– Кірген жерден жан көзге келді – дейді.

Көзіне жан кірген соң, өзін көрді,
Жаралған топырақтан жүзін көрді.
«Өзінің неден болған жөнін көріп,
Асылын танысын!» – деп ғақыл берді.

Көзден соң мұрынына жан беріпті,
Жыбырлап сонда мұрын түшкіріпті.
Аузына жан кірген соң, хамд айтып,
Дегенде: «Әлхамдулилла!» – тіріліпті.

Ирхамгі Құдайынан жауап келген,
Имамдар мұны айтпақты сауап білген.
Аяқ, кол, кеуде, бөксе, – жеті мүше,
Аралап бір шыбын жан бәрін кезген.

Кәнеки, тұра келді: «Бисмилла!» – деп,
Үстінен қатқан балшық төгілді көп.
Қалыпты сол үстінде сүйек болып,
Онан соң бұйырады Құдай не деп?!

Құдайым Жебірейілге:

– Барсын! – депті,
– Ақыл, иман, ұятты салсын! – депті.
– «Үштің бірі жанға жарар», – деген мақал,
– Адам тандап біреуін алсын! – депті.

Адам таңдап бәрінен ақылды алған,
Ақыл тұрған жеріне иман барған.
Сол иманның соңынан ұят еріп,
Үшеуі бір араға орнап калған.

Басына-тәж, беліне камар косты,
Түрлендірді киімін ішті-тысты.
«Адам көркі-шүберек», – деген мақал,
Астына пырақ берді, құстай ұшты.

Қуантып сонда көңілін сүйіндірді,
Тазадан өңшең асыл киіндірді.
Жұмаққа періштелер алып кірді,
Аттарын әр нәрсенін хәм білдірді.

– Басына – тәж, ғамма ора! – дейді,
– Осылай іззет (ғызат), құрмет жоба! – дейді.
– Қасындағы жиылған періштеден,
Аттарын әр нәрсенің сұра! – дейді.

Адамның асып бағы, кеткен үдеп,
Ғазәзіл жүр сол күнде көңілі жүдеп.
Сұрайды әр нәрсені басқа-басқа,
«Бұлардың, періштелер, аты не?» – деп.

Құдайым білдірмеген әуел баста,
Періште бірін білмей қалды босқа.
«Ға ғалламал адама ал асма-у),
Құдая, білуші жоқ сенен басқа.

Сонда Адам қалың топты жарып айтты,
Нәрсенің аттарының бәрін айтты.
Бәрінен жалғыз Адам ғалым болды,
Ал, енді періштелер онда қайтты?!

Өткізді шаттықпенен айт пен тойын,
Жақсының жүрген жері – мәжіліс, ойын.
«Халалым – ақыл, әне, ағылым» – аят келіп,
Бәрі де Хақ әміріне қойды мойын.

Көрген соң періштелер калды таңға,
Сайлады сонда Адамды бәрі ханға.
«Фасжуду лиадама» – аят келіп,
Бұйырды: «Сәжде қыл, – деп, сонда – адамға!»

Сәждеге көп періште қойды басын,
Адамның Құдай артық қылған жасын.
Ғазәзіл мойын сұнбай, тұрып қалды,
Түсірді Хақ мойнына тауқи тасын.

Бастарын періштелер көтеріпті,
Ғазәзіл бір сұмдыққа килігіпті.
Қорыққаннан періштелер: «Сақтай гөр!» – деп,
Сәждеге және екінші илігіпті.

Ғазәзіл болды наумид сол бір кезде,
«Ібіліс» – деп, ат қойылды тағы да өзге.
Сәжденің бірі-парыз, бірі – уәжіп,
Екеу боп, сол себеплі қалды бізге.

Басына тауқи лағынет жетті дейді,
Құдайым оған қаһар етті дейді.
Бір мінез тәкаппарлық қыламын деп,
Қуылып дәрғаһынан кетті дейді.

Ағузу биллах кәрім Рахман,
Қорқынышым көп, қыламын ахлу ағлам.
«Рахман атқа қосам», – деп қылып фағлан,
Ат қойды сонда өзіне «Ібіліс шайтан».

Ағузу билламин ал шайтан,
Мұңымды Хақтан басқа кімге айтам?!
Қалайша Хауа ананы жаратыпты,
Аз ғана мазмұнынан қалам тартам.

өз алдың, кеңес десе, аңырмаған,
Тәубеден жан барында жаңылмаған.
Адамнан Хауа ананы – алған екен,
Ішіпен сол жақтағы қабырғадан.

Білмейді ауырып жанға батқанын да,
Көз ашып көрген екен баққанын да.
«Қалсын,-деп, білмей», – тәңірім жаратыпты,
Сол адам ұйқылы-ояу жатқанында.

Көзін ашса, қасында отыр біреу,
Жатқанда жалғыз еді, оянса-екеу.
– Сұрайық білер мүмкін жұбайын [75] – деп,
Куәлік(ке) періштелер келген төртеу.

Құдайым көңіліне құйып қойған,
Алланың жарлығына ұйып қойған.
Көңіліне жақындықтың мейірі түсіп,
Әуел оның бетінен сүйіп қойған.

– Отырған қасындағы бұл кім? – дейді,
– Мұнша жақсы көреді ділін [76]? – дейді,
– Аты кім, не себептен қойған солай,
Жақындар бар ма бұған пиғылын? – дейді.

– Халалым қасымдағы серігім-ді,
Құдайым тауып берген жерігімді.
Тіріктен тірік қылып жаратқан соң,
Аты: «Хауа!», – солай деп ат берілді.

– Дәл ішімнен шыққандай көрем жақсы!
Бірімізге біріміз ұнамақшы.
Паруардігер қойыпты жұпты қылып,
Бір Құдайдан баскадан такты тапшы!

Түбінде тәубе ағаштың тойы болған,
Сымбатты екеуінің бойы болған.
Екеуі қосылған соң серік болып,
Бірінде-ғақыл, бірінде – ойы болған.

– Иа, Адам, жұбынменен (жұптыңменен) тұр жұмақта,
Өзінді жақсы күтіп, жақсы сақта!
Ішіп-же, көңілің сүйсе, ойна да күл,
Жалғыз-ак жақын барма бидай жаққа!

Жебірейіл хұтпа оқыды, бар дүр аят,
Маһоры – Мұхаммедке он салауат.
Хадис бар: «Кулли жәди ләзиз» – деген,
Қылыпты ойын-күлкі ғишы фарағат.

Жұмақта Адам, Хауа жүреді олар (алар),
Айтады мадақсына періштелер.
«Қалайша мұны азғырып шығарам?» – деп,
Далада жүріп шайтан назаланар.

Жұмақтың есіктерін аңдып тұрды,
Періште енем десе қақ басқа ұрды.
Бір Тауыс сейіл құра шыққан екен,
Ібіліске сол арада душар болды.

– Құдайға қайтер едің жүрмес болсан,
Мен-ғақылшы, біліп ал, білмес болсаң.
Келбетің келген екен армансыз-ақ,
Тіпті жақсы болар ең олмес болсаң!

– Япырм-ау, немене еді өлім деген?
– Жан кетсе, қараң сенің күнін! – деген.
Тауыс келіп жыланға ақылдасты,
Далада жүріп шайтан күлімдеген.

Жылан сонда жұмақта жүреді екен,
Жақсы менен жаманды көреді екен.
Төрт аяқты, шудалы сары атандай,
Өрге шығып, ой жерге кіреді екен.

– Өлім деген не нәрсе, Тәңірім?! – деген,
– Білдірмеді бар Құдай бізге неден?
Соны білген – өлместі біле ме екен?
Біз сонан сұрайық! – деп, бұлар келген.

– Сен өзін бәрін білген өлсемісің?
Қайтсек біздер өлмейміз, білемісің?
– Жұмақтың ішінде бар өлмеске амал,
Көрсетейін, мені алып кіремісің?

– Ендеше көрсет бізге, жұмакқа жүр,
Жасырып кіргізсейін, аузыма кір!
Тауыс, жылан-шайтанмен ақылдасып,
Жұмакқа кіріп кетті үшеуі бір.

Бұларды тастап кетті алдап-сулап,
Адам жүр: дәулетке мас, аунап-қунап.
Жылады қастарына келіп шайтан,
Өтірік түкірікпен бетін сулап.

– Сен неге жылайсың? – деп, сұрады Адам,
– Ай, дүние, өтпей тұрса, осы заман!
Жан кетсе, дене шіркін қалар босқа,
Өлместің лажын қыл, келсе шамаң!

Есітіп Адам, Хауа күйініпті,
Ібіліс сонда ішінен сүйініпті.
Хауа ана жетіп келіп сұрайды-мыс:
– Пақырым, білемісің өлмес кепті?!

– Мен айтсам да, екі жас, ұқпайсындар,
Әлі бір күн бұл күнді жоқтайсындар.
Бидайдың (бұғдайдың) ағашынан жалғыз татсаң,
Өлмейсің, ғұмырыңда шықпайсындар!

– Сұмдығын мына залым тартқан екен,
Ақылы мұның бізден артқан екен!
Жақпаса, бір күн айдап жібергелі
«Жеме!» – деп, бізге сонан айтқан екен.

Барады Хауа ананың жегісі кеп,
Жоламай Адам ата отырды көп.
Екі үзіп, өзі жеді Хауа анамыз:
– Кәнеки, маған жұқты немене? – деп.

Жемеске өзін Хауа тыя алмады,
Енді айтсам, мен пайданы, тіл алмады.
Көрген соң Хауа ананы сондай жақсы,
Адам да оның сөзін қия алмады.

Екі үзіп ол бидайдан Хауа жеді,
Бір үзіп атамызға алып берді.
Аузына Адам ата салған шақта,
Шошынып, өне бойы дірілдеді.

Еркектен азғырылды қатын бұрын,
Бастан-тәж, мандайдан бақ, алды нұрын.
Екеуі жап-жалаңаш болып қалды,
Басыпты колдарымен абыройын...

Мәшһүр-Жүсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары
Тобықты-Құнанбай әкесі Өскенбайға ас беру үшін... ас берді дейді [77].

Қазақ мақалдары

- [1] Бүркіт алсаң, көрінген қызылға талпынып, бармайтынды ал, // Қатын алсаң, көшкенде жұртыңда қалмайтұғынды ал [78].
- [2] Кері кеткен елдің кенесі көп болады, // Кедей елдің көшбасшысы көп болады.
- [3] Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді, // Ағайының көп болса, адам тимейді.
- [4] Есек ойыны – кырық жылда, // Есебі табылар бір жылда.
- [5] Шаруаның мұңы бір, // Бұзылғандардың жыны бір.
- [6] Атутаны [құл-құтаны] билеген ел оңбайды, // Қатыны билеген үй оңбайды.
- [7] Алғыс түбі – ақ май, // Қарғыс түбі – қара кан.

Ғылым, білім

(сегізінші әңгіме)

Бір Алла құдіреті зор, өзі жалғыз. Онан басқа жалғыз болып, іске жараған нәрсе жоқ [79]. Дүниеде жамансыз жақсы болмайды, харамсыз халал болмайды. Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде – ғақлықтан ғазиз шариф [нәрсе] жоқ, дәнемеге қосылмайды, жалғыз өзі неменеге жарайды?! Жаннан аяулы, онан қадірлі не нәрсе бар?! Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі тұрғанда, ол неменеге жарады?! Бұл

екеуі қанмен қосылып еді, үшеуі бір жерге бас қосқан соң, адам болып селтиіп тұра келді [80]. Адамның адам болып тұрғаны – осы үшеуі бір жерге бірігумен, мінеки, біз адам болып отырмыз.

Хош, бұлардың басын біріктіріп қосуға: 1-топырақ, 2-су, 3-от, 4-жел, – төртеуінің бір жерге жиылуымен дене болды. От пен судың арасына жел дәнекер болды [81]. Топырақ пен желдің арасына су дәнекер болды. Денеден не нәрсе болсын, бірінсіз бірінің күні жоқ. Оттың жануына жел керек. Желдің күшеюіне су керек. Судың жүрер жолына топырақ керек. Топырақ желге ұшпасына су керек. Адамның денесінде осы төртеуі түгел титтей көздің ішінде бәрі де бар.

Егерше от байла, су да болар парық,
Шығарды су мекеннен нешік бырық.
Егершіндіге шымых оттан болар жымых,
Қара судан қылар көз нұр тек шымых.

Судан қорытылып, қан болды, желден қорытылып, қақырық болды. Топырақтан қорытылып, шуда (суда) болды. Отыннан қорытылып, зерде болды.

Қанның ордасы – жүрек, қақырықтың ордасы – өкпе, зерденің ордасы – өт. Шуданың ордасы – бауыр.

Адамның денесінің құрғақшылығы – шудадан болады. Шуда күшейіп, қалпынан асса, ұйқы кем болып, ояулық көбейіп, шудайы болып, ауруға айналады (айланады). Дененің былжырап дымықпағы – зердеден болады. Дененің күйіп-жануы қаннан болады. Дененің суық болып, мұздамағы – қақырық күшеюінен болады.

Құдайдың құдіретінің шеберлігін білемін десең, өз бойыңа жақсы кара. Қандай шеберлеп жаратқан? Іші-тысы бір-біріне хилап: басын қалай қосып біріктірген?!

Әркімнің жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Сол үшін айтылады: «Арық пенен семіздің басы бір ме, // Жақсы менен жаманның жаны бір ме?» – деп.

Дене – бір қараңғы үй, жан онда жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны шырағдан сықылды, кейбіреудікі май шам сықылды, кейбіреудікі тас шам сықылды, кейбіреудікі керосин майы сықылды. Кейбіреудікі – онан да жарық: машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады.

Есебі жан деген нәрседе ныһайт жоқ. Үш жүз алпыс тамырға таза қан жүргізіп, күллі денеге күш беріп тұрған – жүрек. Адамның он екі мүшесінде мұнан күш алмай, өз бетімен жұмыс қылатұғын дене жоқ. Ауыздан ішілген асты құрсақ өзіне қарай тартып алып, төрт машина жан-жаққа жібермей, жинап, сақтап: бірі – мидай араластырып, қайнатып; бірі – қаймағы мен тортасын айырып; бірі – тортасын түп қарынға шығарып тастап, тұрып қалған таза қаймағы есептісін бауыр өзіне қарай тартып алады. Бауыр өзіне қарай тартып алғанда, қан түсіне айналдырып, бояу жасап, оның қаралтымрағын талақ өзіне қарай тартып алып, шуда жасап, «шуда» деген қарақұрым сол болады. Сарғылтымын ол өзіне тартып алып, сығырат сол болады. Ақшылтымын өкпе өзіне қарай тартып алып, былғым сол болады. Көрік[тің] желіндей өкпе желімен ұрып, кеңірдек жолымен сіңбірік, қақырық қылып, қайта далаға шығарып жатады. Мұның бәрінен іркіліп қалған қан бауырда сумен аралас болғандықтан, – тағы дәнмеге жарамайтын болған соң, ол қанмен араласып жүрген суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, сідік қылып жасап, қуыққа жіберіп жатады. Енді бауырдың өзінде қалған таза қан тамыр-тамырға тарап, тамам ағзаға жайылуға бет беріп, әр мүшеге өсім жүргізіп, етке-ет, майға-май қосады.

Тамыр ішінде жүгірген қанлардың таза-тазасын сүзіп алып, екіншісін – еркекте – мәни суын, екі емшек ұрғашыда сүт жасап шығарады. Егер талаққа бір ғыллат пайда болып, бауырдағы қаннан шуданы айырып ала алмаса, шудаменен қатысқан қан ағзаларға тараса, безгек, жүзам, жындылық, судайылық аурулар – сонан болады. Егер өтке бір ғыллат пайда болып, бауырдағы қаннан сығыраны айырып ала алмаса, шөлдеуік сықылды әр түрлі сарылық аурулар сонан пайда болады. Бұның мысалы бәденде ұлан ағза қуатлар әрбірі өз қызметінде жарай алмай, бірінде – кемлік болса, иа қызметінен қалса, мыраз, мыхталға хису лилептен һилак өліп, нәпесінен анда тысырпынан қалар...

Адамның денесі екі нәрсенің күшімет сәлемет аурусыз тұрады. Бұл екі нәрсенің бірі – таза қызыл қан, бірі – бұзылған қара қан. Таза қызыл қан екі дем алыстың бірімен даладан ішке қарай кіре береді. Жүрекке барып, жүректен арман күллі денені аралап, қайтуында қара

қан болып, тағы жүрекке келгеннен, дем алыстың жолымен далаға шығып тұрады.

Міне, құдіреттің шеберлігі: ішке қарай кірген дем алыс – қызыл қан, далаға қарай шыққан дем алыс – кара қан... Бұл екі дем алысқа жақсы ауа керек. Адам өзін таза ауада сақтау (сақтау) керек.

Екінші – бұл дем алысқа ас беруге жақсы тағам керек. Үшінші – бұл екі дем алысқа күш беруге харекет, өскін: мезгілімен жүріп, мезгілімен тұрып, уақытымен жатып, уақытымен тұру керек.

Төртінші – бұл екі дем алысқа ұйқы мен ояулық, – мезгілімен олар да керек.

Бесінші – екі дем алысқа күш беруге шадлық (шаттық) керек. Адам өз көңілін өзі төмендетпей ұстау керек. Алтыншы – екі дем алысқа күш беруге: ашу, корку, өкіну сықылды нәрселерден өзін аулақ жүргізу керек. Бұл айтылғандардың бірде-бірі адамда жоқ болса, адам ауруға, ауруға шалынады. Не қалпынан асып, көтеріліп кетсе, онда да жаман болады. Аса қорыққаннан, аса қуанғаннан, не зор ашу қысқаннан өліп кететұғынлар көп болады.

Сөз ғибраты

Жан – бір асыранды құс, дене – бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе, қапаста тұрып, аштан өліп қалады, оған корек (хорак) беру керек. «Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді». Мұнан мағлұм болды: жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның корегі – құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінетұғын сөз естуге талап қылып тырысу керек. Хазірет сұлтан Лығарфиннің бір сөзін тәбіркәне дәлел келтірейік:

Сөзді айттым, әркім болса, дидар талап,
Жанды жанға пионд қылып, рәкіні улап.

Яғни: «Сөзді айттым алла тағалаға ғашық үмбеті зор болып, дидар талап қылушыларға!»

Егер ол тыңдаушылар жан құлағыны (құлағын) айтушының аузына тықкандай қып тыңласа:

Сөзді айтқыл ұққанға,
Жанды жанға сұққанға.

Айтып-айтпай немене
Мақтамен құлағын тыққанға?!

Жан құлағын салып айтып, тыңдаушының жоғынан – далада тұрған молаға, иесіз қалған қораға айғайлай-айғайлай басым ауырды [82].

Рух нысаны-ғалам әр уақыт тықырып алғина лайықлығынан ғалам таклиға тахсил кырбыт текмал. Махаббат үшін ендірілмеш дүр. Алла тағала қалам қадимінде: «Нығынхыт фиамен рухы» – дейді.

Және: «Дыха құл ал рух мин әміррабы» – дейді. Мұнан мағлұм болды: рухтың қандай жерден келгенлігі. Ғалам аруаха келмес бұрын ла ғалам Лаһотта еді. Құдай тағала қасында сүйікпірек, жақынырақ (иақынырақ) болды. Жамиғы жаһанға таяныш, жастықтай болды. Нышанның рухының күш алатұғын ұжмақ бұлақтың көзіндей. Бір көзі болды – таусылмай ағып жата беретұғын. Аһыл гұрбан Құдайды танушы ерлердің көңілінің тіршілігі мұнымен болатын болды. Бұл ғақыл берілген себептен Адам Алла тағаланы тануға басқадан ғали уасашесіні уауелі (әуелі) уартақа болды. Сол себептен кәнат басқа нәрселер Адамға қызметкер болды.

Құдай тағала сараңдықты білмейді, сараң емес. Бірақ сонда да ақылды Адамзаттан басқаға кимады да, бсрмеді.

Ғақыл деген өзі не нәрсе: «Алқұл нұрфи лығылып». Ғақыл Адамның жүрегінде бір свет нұр жарық. Ол нұр жүректе жанып, сәулесімен миға барып түсін, қызметін сол жайдан ада қылады. Сол үшін айтылады ғақылды кісіні – «милы кісі» – деп, ғақылсыз кісіні «мисыз ақымақ» – деп.

Пенде Алла тағаланы немен біледі, ғақылмен біледі. Ғақыл бір нұр болды. Құдай тәбәрік тағала ол нұрды – өзі сүйген пендесінің жүрегiнiң iшiне орнатумен сәулесi миға барып орнап, тұрағы ғаршы, күрсiнiң күрсiсiне барып тұрақтайды. Бұл хасуситтан (қасиеттен) ғаршы, күрсiден бергi жер – адам ойлап бiлуiне мүмкiн. Онан жоғарыға ғақыл-зейiн (зиһин) жетпейдi. Ғақыла ухилмақ айтқанлар – ғақыл базада сатылатұғын нәрсе болса едi. Маңдайында болған бар малдың ұшы (осы) болды. Егер: «Иесiн берiп сатып ал! – деген сөз не үшiн?» – десен, Адамның хақ қасында, һәм халық қасында қадiрi кимас-ты өз ғақылының мөлшерiне қарай болады. Ғақыл көрiнбеген

нәрсені ойлап, білуге керек. Зейінге, ойға салып қарасаныз, адамның басының ішіндегі мидың бес қызметкері бар. Мұны: «хуас», «хамса», «батна» – дейді. Ең әуелгісі – қуат хыс міштірік. Бірі – қуат хияла, бірі – қуат мітіңре, бірі-қуат уаһима, бірі – қуат хафза.

Бұл – хысміштірік. Оның қызметкерлігі, жарым жұмысы – тыста, жарым жұмысы – іште. Егер хысміштірік жоқ болса, екі көздің көруі екі басқа болар еді. Хысміштірікте болған машинаның бұзылғандығынан, кей адам теріс қарайды көзі. Оны қазақша: «Теріс қарайтын теріс көз» – дейді. Араб тілінде «хауел» – дейді. Ондай кісі не нәрсенің өзін екі орында тұрған сияқты көреді. Бұл хысміштірік көздің көрген нәрсесінде адамның ішіне переводтап жеткізетін тәржіман есебінде.

Екіншісі – қуат-хияла. Мұның жұмысы – переводчиктің переводтап жеткізген нәрсесін жазып алушы хатшы сықылды. Мұның қуаты – бір көріп, көзі үйір болған кісінің түр-түсін, оның жоқ уақытында оймен ойлап айтуға мүмкін. Көрген-тұрған жерлердің тағыриф-тусығын осы қуат-хияланың күшімен екінші біреуге [жеткізуші].

Үшіншісі – қуат мітіңре. Көз көрген нәрселердің пайда – зарарын мұның күшімен айырып білуге мүмкін.

Төртіншісі – қуат уаһима. Мұның жұмысы – көрген-көрмеген нәрселерді, шын мен өтірікті, – бәрін бірдей астарлап соға береді. Мұның еркіне қоя берсе, «Ғаламда жүз мың күн бар» – деп те ойлайды. Охалана бүтін ғаламда бір Күннен басқа күннің жоқлығы һәмме баршаға мағлұм. «Сынаптан мың дария бар!»-деп ойлайды. Охалана біреудің өзі де жоқ. «Алтын-күмістен неше мың тау бар» – деп те ойлайды. Охалана – бұ ғаламда біреудің өзі де жоқ.

Хайуан Ғыриатихтың білуі: «Осы қуат уаһиманың күші – мұныменен. Қой баласы мың қойдың ішінен өз анасын таниды. Қойшының елдігін, қасқырдың жаулығын үшбұ уаһиманың қуатымен біледі. Адамнан басқа хайуанаттың білімі уаһима қуатымен білінеді. Көз алдында жоқ болып, сырттан болған дұшпанлық осы уаһиманың күшіменен білінеді. Бұл уаһимаға еріп кеткен адам һәм хайуан есебінде болады. Соның үшін айтылады: «Ферғауын ғалия майыстыхакның білімі – ақылмен емес еді, уаһимамен еді. Егер оның білімі ақылмен Құдай тағаланың Құдайлығын таныр еді. Қатын танғасы (тануы) һәм дүниеде шаруасына еркектен білімді болады. Оныкі де – уаһиманың

қуаты. Егер оның қуаты болса, ғақылы болса, бір-скі елі сіңір үшін ерекке қызметкер болып жүрмес еді. Бұл қуат уаһима қуат хияланы әбден билеп алса, Құдай сақтасын, құғы мүмкін нәрселерге мұғайыр хақиқат әмірлерге мынхалиға нисыға пәлекетлерге бастайды. Соның үшін бұл қуат уаһиманы «дененің шайтаны», – десе болады. Не үшін бәденнің барша қуатлары адам ғақылының қол астында болады? Жалғыз-ақ уаһима ақылдың қол астында болмайды. Ғақылдың өзімен ертеңді-кеш жауша жағаласып тұрады. Бұл қуат уаһима ерік алып, даулап кетсе, ғақыл билігінен айрылып қалады. «Ныхоз баламен ғылыбта әлһам ғали алғаһым» – Құдая, саған сағынамын, уаһиманың фәһімге ғалып болып кетуінен бұл уаһима қуатының орыны барша миға шәмил сыншы.

Қуат махафза – бұл қуат лух орнында хыс міштіріктің переводчиктің переводтап тұрған сөзін хиял хатшысы қуат мітіңренің, қуат уаһиманың бірі түзеп, бірі бұзып тұрушы есебінде. Төрт маханзаны тактай орнында қылып, жазып тұрады.

Нысан өзі бір ғалам болғанда, қуат махафза – сол ғалам лух махафузы. Бұл қуат махафза көзге көрінген сурет, көзге көрінбеген сурет. Қуат уаһимадан келген мағналарың қазына сарайы дүр.

Қуат мітіңре үстінен қарап оқып тұрушы. Қуат уаһима: «Ақты қара қыламын!» – деген прокурор есепті окружной сот пен жағаласып сөйлесуші.

Қуат махафза – жазылмыш тактай. Қуат мітіңре хат оқып тұрушы ғалым. Қуат хияла – жазып тұрушы хатшы. Қуат уаһима – бұлардың оң қылған ісін жаратпай, бұза беруші. Хысміштірік – бір дария заһирден ағып келген. Бұған су құйылып батиндағы сулардың көзін ашып, таратып тұрғандай, нитегім (етегім) сурет махсусадан хысміштірікке кел[ғ]ен мағыналары[н]ың қазына сарайы – хияла дүр. Бұл қуат махафзаның жұмысын – басқа қуат жұмыстай алмайды. Бес хуас заһарда болды. Алдыңғы өткен ғылым-білімнің бірінші бабында зікір қылды. Бес хауас Бәтінде болды. Үшбу он хауастың қуатын бір жерге жиып қосуға қолынан келген адам – жұрт басы қосылған жерде ұялмай сөйлеуге жарайды. Сөз асылы осылардың – осылардың помоғайтымен келеді.

Сөз не нәрсе? Оны тануға керек. Адамның тағритын мантық айтқанлар хайуан натиқмығы – «Алтыншы хыс» – дейді. Оның

мағынасы – адамның ғызыр шырғалық сөзден дүр. Хайуан – сөз өнері болмағаннан хайуан болды. Көңіл дариясында сөз бір гауһар дүр. Бәшірнәшінде сөз – бір темір дүр. Фалак жесімнің жаны сөз дүр. Бұл дүниенің апхиятының зылматы сөз дүр.

Калам фасих өліп қалған көңілді тіргізер (тірілтер). Сөзінің ләззатында адамның жаны рақат алып, меруерт-маржан ғақық, дана-дана көрінгенде, бір тас дүр тізілсе, адамларның көзіне зиба көрінер. Сөз ішінде назым бірлан сөйленген сөз һәм сондай дүр. Сол үшін бұрынғылар айтқан: «Түз – май катығы, // Өлең жыр – сөз катығы» – деп. Бір сөз қанша жалған болса, назым болса, адамлар құлақ салып, даналар оны пісінд (сынд) кыла дүр.

Осы айтылған тақырыптарға мадақ сөз сөйлеуші (сөйлеуші) заманымызда бар. Бірақ қадіріне жетіп, танып алушының жоқлығынан банкрот (банкорт) болып, сынып (сеніп) қалған саудагердей болып, жұрт көзіне түсе алмай жатыр.

«Мәснәуи (Мышной) Шариф» айтқан: «...». Бір адамның қолына бір есек түсіп еді, палан болмады. «Палан» – деп, Бұхара тілінде есектің үстіне салатұғын сиділгені айтады. Бұл уақыт бұл бейшара талан тауып алып еді, есекті қасқыр жеп кетті. Бұл заман сондай заман болды. «Айтайын десең, тындаушы (тыңлаушы) жоқ. // Тындайын десең, айтушы жоқ». Осы екеуі: бірі табылса, бірі табылмағаннан, туған жерде тұруым бек аса ауыр болып, дүние кездім. Анық нысанитка лайықты болып жаралғанлардың бірде-біріне ұшырай алмай, қапа болып, диуана есепті болдым. Бір жерге бас қосып жиылған халықтың ахуалына көз салсам, замана тағир болғанға ұқсайды. Оның (анын) үшін кем халықтың ортасынан опа қашыпты. Ол опаға сахауат, мерует елдес болып, – үшеуі бірге сыйып шығып кетіпті. Бұл үшеуінің жайына үш нәрсе қалыпты. Опа орнына – мұнафиклық, сахауат орнына – бакилық, мерует (меруерт) орнына – хисөдлік... Қаз орнына қарға қонып, тауық орнына байғыз шақырып, бұлбұл орнына таған сайрапты.

Табиғат ғибраты

Халықтың жақсысының өнері – зорлық, жаманының өнері – ұрлық. Бұл екеуі қолынан келмейтіннің өнері – өтірік болып, қара

пұл үшін жанын сатып, тірінің түгін қоймай, жұлып, өліктен кебін дәметіп, жақсы арын сатып, жаман жарын сатып, шешен сөзін сатып, ата-ана ұл мен қызын сатып, ишандар – Құдайға қылған құлшылығын ғауамлардың нәзіріне сатып, моллалар білген ғылымын дүниеге сатып [жүр].

«Ал», «Бер» – деген екі ағайынды: «ал» – деген сөз өліп, «бер» – деген сөз тірі қалып [жүр]. «Бар», «жоқ» – деген екі ағайынды еді. «Бар» деген сөз өліп, «жоқ» – деген сөз тірі қалып, жыртақой мысалды (мишалли) хәкімлер қасқыр болып, екі даугер – шарылдаған бақа сықылды. Оны жыландай билер сорып жатыр. Бар – малынан, жоқ жанынан айрылып, біреу қасқырдай жан-жағындағысын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, біреу түлкідей құйрығын бұландатып, біреу маймылдай (маймұндай) әркімді бір еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап, ішінен зәрін төгіп [жүр]. Кейбіреу қабыршығы жоқ балықтай қолға тұрмай желпілдеп; біреу қарғадай бір боктан бір бокқа ұшып, қонып; біреу сауысқандай шықылықтап, өсек ғылымына маһыр болып, сау жылқының арқасын тесіп, қанатып; біреу күйкентайдай тышқанға төніп [жүр].

Кейбіреу тауықтың қоразындай тұмсығындағысын – «тәж» – деп мақтанып; кейбіреу тауыстай иненің жасуындай қасиеті жоқ өзіне-өзі пірдаз беріп [жүр]. Кейбіреу тырна сықылды: «Басқаныма жер ойылып кетеді» – деп, өзін-өзі әлдеқандай ауыр біліп; кейбіреу оқпақтай: «Күндіз ұшсам, көз тиеді» – деп, өзін-өзі түнекке жасырып [жүр].

Кейбіреу өгіз шағаладай: «Ішкеніме көл таусылып қалады!» – деп, дүниені ішпей-жемей жинап; кейбіреу көк кептердей дән үшін көрінгенге құл болып [жүр]. Кейбіреу шыбындай біресе кантқа, біресе мәжасатқа қонып; кейбіреу келемеж қоңыздай тезек жинап әуре болып; кейбіреу кекілікше өз атын өзі шақырып, ақымақ болып [жүр]. Кейбіреу бөктергі құс мысалды – ертеңнен кешке шейін аңдығаны тышқан болып, алып жеген бір тышқаны жоқ, өзінен-өзі арық болып, – замананың халі сондай болды.

Адам қалай қылғанда, адам болады? Осы жоғарыда айтылған: ұшқан құс, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезіменен мінезленбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, балуан жолбарыс білекті болып келсе, – бұл екі мінезден – шапағат (шахбағат) табылады. Сұңқар табиғатлы болса [жөн].

Қазақта бір мақал бар: «Қарға табанымен басып жейді, // Сұңқар шашып жейді» – деген. Оның мәнісі – қарға: «Біреу көріп қоймасын!» – деп, жалтақтап, табанымен басқанымен, жасырған болған екен. Сұңқар өз жегенін мақсат қылмайды екен. «Басқаға пайдам тисін; сарқытымды – кім болса, сол жесін!» – деп, жан-жағына шашып отырады екен. Сол үшін қазақ мақалында бар: «Қарғаға – балшық, сұңқарға – талшық». Бұл мінезден сынхауат табылады. Бал тышатын ара қандай ұя жасайды? Қарлығаш бір шөп бидайынан қандай шеберлеп ұя жасайды?!

Адам болып: «Дәнсеме білмеймін!» – деп, қарап тұрмай, өнерге тырмысу керек. Қазақ мақалында бар: «Өнерлі өрге жүзеді» – деген. Арабша өнерді «зағыт» (сынағыт) – дейді. Мысық бір тышқан алып жесе, өз басын сүртініп, жаланып, өз[ін] таза ұстауға қандай тырысады? Тазалықты мұнан ғибрат алуға жарайды. Араб тілінде «низақыт» – [дейді].

Төрт аяқты хайуанда түйе деген малдың ұрғашысы ер іздемейді. «Иесі колынан шөгерсе, жатады, әйтпесе ғұмырында еркегін керек қылмайды» – десе де болады. Әдепті, ибалы болды, мұнан ғибрат алуға жарайды. Араб тілінде мұны «ғағғет» – дейді.

Кішкененің қайраттысы – өзі кіп-кішкене болып, үлкен зор нәрседен қорықпайды. Қаранғы түнек жерге хайуанда қорықпай жетіп баратұғын – мысық. Адам қайратты болуда – мұнан ғибрат алу керек. Өзі қаралдысынан үлкенді құмырсқа көтереді. Әне, һәметінің зорлығы. Адам һәметлі болды. Мұнан ғибрат алуға жарайды. Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын, зереклігі байғыздай болсын, жүрісі маймұндай (маймылдай) болсын; он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын! «Отыз аяқты болсын» – дегені басқан ізін білдірмесін, орнына қарай мінез қылсын, сонда адам бола[ды], адам қатарына кіреді.

Біреуді біреу: «ит» – десе, ашуланады. Өзі ит дәрежесі[не] жеткен жоқ. Ит риязатқа, яғни аштыққа, ыстыққа, суыққа шыдамды болады. Және де иесіне опа қылады: ас қойса да, қоймаса да, күтпесе де, басқа біреудің есігі[не] телміріп бармайды. Қанша ұрып-сокса да, иесіне кінә сактамайды. Түн болса, дамыл алмай үріп, иесінің малына күзетші болады. Қаранғыдағы дыбысты ит аттан бұрын естиді. Түн болса, ит сауысқандай сақ болады. Не үшін – иесіне күзетші бол[ғаны]

үшін. Жақсы кісіге, киімі әдемі кісіге үрмейді. Күйі жаманға, жаман кісіге үреді. Естілікте жаман-жұман кісіден есті болады. Қазақ мақалында бар: «Киімі жаманды ит қабады, // Пеілі жаманды Тәңірі табады» – деген сөз. Иесіне бол[ған] дұшпанға қару да қылады. Сол үшін бұрынғылар айтқан: «Итте қат тон – жаға» – деп. Ақымақ өз кешендісін өзі бағады» – деген. Яғни «Өзін арылтар – күшінің тәрбиесінде болады» – деген. Адам жақсы мінезді даладан іздемесе керек. Түйе деген мал бар, сонан ғибрат алуға керек. Түйе сондай зор биіктігін ойына алмай, бір тышқанның құйрығына байлап қоя берсе, еріп жүре береді. Өзі қырық күн шөлге шыдамды, көзіне көрінгенді қорек қылып, еш нәрсені талғамай жеп, қанағат қып жүре береді. Күштілікте «қара жердің кемесі» – десе болады. Көнгіштігі де сондай көнгіш: бала шөгерсе, жата береді. Түн болса, байлап салған жерден қозғалмайды. Оның жалғыз-ақ құмар нәрсесі тұз болады. Тұз жалата берсе, жаны кіре береді. Қазақ мақалында бар: «Түйе тұзға тоқтайды, // Жігіт қызға тоқтайды». Және бір мақал бар: «Тұз десе, түйе тұтпайды, // Төркіи десе, қыз тұтпайды» – деген.

Жуаслықта қойдан қоңыр болу керек. Араб жұрты һәм «қош (хош) қылық, нилусағатлық (нәусағатлық) адам неге лызным?!» – дерлер екен. Оның мағынасы: «Қой шеклі (секілді)» – дегені. Біздің қазақ жұрты һәм мақтаған адамын «қойдан қоңыр» – деп сөйлейді. Қойда жуаслық мінез бар, сол себептен басқа хайуанлардан қасиетті «Ешкі егіз табады, ит сегіз табады». Шошқа қанша көп табады? Қасқыр қанша күшіктейді? Мысық қанша күшіктейді? Әрбір аң – қанша балалары көп болады? Қой жылында бір-ақ қозы табады. Сонда да басқа хайуандардан көп болады. Төрт аяқтыда қойдан көп болатұғын мақұлық жоқ. Өзі бір жылда үш түлейді. Бір қабат жүнін «жабағы» – деп атайды. Қазақ халқы қанша оны пайдасына жаратады?! Өзіне – киім, малына – жабу, артығын сатып, керек-жарак қылады, оны – мұны алады. Бір қабат жүнін «қозының қарын жүні» – дейді. Онан текемет басып, қызға жасау қылады, үй ішіне төсеніш қылады. Бір қабат жүнін «күзем жүні» дейді. Қанша кигізлер басып, оны – үстіне үй тұрғызып, қысқы-жазғы төсеніші сонан табылады. Артылғанын және сатып, керек-жарағын алады.

Бұл да бір – керекті, пайдалы білім. Жапалақ деген бір құс болады. Өзі он жұмыртқа табады. Соның бәрі[н] бірден жарып, ұшырмайды.

Екеу-екеуден жарып, бала кылып ұшырады. «Бәрін бірден жарып, бала кылсам, тамақ жеткізе алмаспын»-деп, өзі намаздыгерден жоғары, бесіннен төмен күнінде бір-ақ мезгіл ұшады. Алса, бір тышқан алады. Алмаса, ала алмай қалған күні де болады. Сонда да құстың семізі болады. Себебі – қанағат кылғаннан. Адам қанағатты содан ғибрат алса керек.

Байғыз деген құс бар: кәріптік, бейшарашылықты мойнына алып, таста жатады. Қайда бұзылған уайрана жай болса, сонда жатады. Су ішпейді, бидай, тары жемейді. Аузында көлденең тістеген кылдан жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп жүрсе керек. Қазақта бір сөз бар: «Тұрымтай екеш тұрымтай да тайлы биенің етін жейді» – деген. «Бір тауыққа һәм дән керек, һәм дафа (дене) керек» – деген. «Бір нәрсені керек қылып жейтұғын болсам, соның тірадінде болып, бейнетке калсам керек» – деп. Сол үшін ешкімнің көзіне түспейді, жанға көрінбейді.

Так Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер, құл болғанда, ол келмеген. Сонда Сүйлеймен патша:

– Не үшін маған келмейсің? – дегенде,

– Менін жалған дүниеден ешбір арызым жоқ, «Ішсем, жесем!» – деген, еш бір керек қылған нәрсем жоқ. Сенен не ізлеп келейін?! – деген де, бұл сөзбенен құлдықтан халас болған.

Адам мұны ойлап, пікір қылу керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүгірген аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі: «Адаммын!» – деп жүрген адамлардың жауы иегінің астында болып кетті. «Ол жау не?» – десеңіз, жұтқын тамақ. Жалғанда мазакка, ақыретте азапқа түсіретін – тамақ. Тамақтан тартылған – бәрінен де халас болады.

«Мәснәуи-Шәриптен бір сөз: «...».

...Ай көбінесе құстарға ұшып жүргенде, не талап қылушы оның бұғазына мақұлық улан түсе ме? Ұшыраба хырыс лұғатылығы, әне дәме кіріптар етіп, ҳалак қылмас дүр.

«...көнбесе, құстарына құрсағының аштығы не дауа, талап қойыламын», – деп, үйдің жапсарында қапаста қалады. Ай, бiша маһилар ап дүр десте... Ай, көнбесе балықтар суда жүріп, қолға түспейтін қулар – қармаққа шаншып салған шегірткені: «Тамақ қылып жей қоям!» – деп, қолға түсіп қалады.

Ай, бишамүстүр... Ай, көбінесе шымылдыктан шықпай, күн көрмей, жел көрмей жүрген кулар, екі сіңір мен жұтқын тамақты ойға алғандықтан, каншама рәсуалықта қалады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қазақ тілінде «Дәулет құсы» – дейді. Араб тілінде «һұмай» – дейді. Аспанда Құдай тағаланың құдіреті жаратқан – дауам ұшып жүретұғын бір құс бар. Оның түсі – түгін көрген жан жок. Жерге ең жақын келгенде, қырық кез жақын келеді. Көленкесіне киліккен адам не патша болып, жұрт билейді, не жұрт асқан бай болады. «Ол құс жерге қонып отырмайды, себебі аяғы жок болады» – дейді. Ұшқыр болмаса керек. Күндік жерді бір айда алса ғажап емес. Қарлығаш оның бір айда ұшқан жерін бір-ақ күнде алады. «Жалған дүние жүзінен тататұғын қорегі – қу сүйектің кемік басы» – дейді. «Оның тұмсығы тисе, қу сүйектің кемік басы суға тиген қанттай болып егіліп, жұмсап кетеді» – дейді.

«Құдай тағаладан тілеген, – дейді, – «Мені еш мақұлықпен бір қорекке ортақ қылма!» – деп. Сол үшін оның қорегін қу сүйектен жазған. Бұл құстың ғаламда барлығына сопы Аллажардың сөзі дәлел. ... яғни пейілің жаман, бақ-талайың сұм күнде, һүмірей күнде, сұмырай жұлдызда болғандықтан, «Басыңа қонайын!» – деп келген дәулет құсын аяғыңмен теуіп, жапалақ қылып алас[ың]» – дегені: «... таупиқ мағынасында, «бум» жапалақ мағынасында. Кейбір адамның басы... қадірін білмей, күтіп ұстай алмай, қоршылықта ұстайды. Онан соң оның басына жапалақ тышқақтаған сықылды болады да қалады. Және бір ғазиз айтқан: «Палак, кемліктен тиг нелер қылсам, тек ермес, һәммаға шытхуан тастап шыбынға тағмақында етті. Мұсадік кісіге (кішіге) беріп, берешек қарынға дүниені бинд етті.

Жалған дүниенің қиыңдылығынан талай шәкаят қылсам да, орынға тұрады, сөзім далаға кетпейді. Не үшін десен: «Мұса пайғамбардай кісінің маңдайына жалғыз есек беріп, Харон малғұндайларға дүниені орнатып қойды» – деген сөз. «Аят Керимеде»... Мұсаның тұсында ферғауын дегенде, бұ заманда Харон сықылды иттер малды айдай алмай жүреді. Мұса сықылды ерлер мехнатшылықпен ғұмыр кешіріп жүр. Мың сөзден – бір сөз: «Еш мехнатлықпен қорекке ортақтаспағаннан дәулет құсы, бақтың құсы болып, жұрттың қолы жетпейтұғын болды».

Қарға пәлекет жемтікке итпен де талас, сауысқанмен де талас болған соң, ешкімнің көзіне сүйкімді көрінбейтін себебі сол.

Самұрық құс екі басты болады дейді. Оның бір басы адам тілінше сөйлейді, бір басы құстардың тілінше сөйлейді. «Өзі жанға көрінбей, Қап тауында жатып алды», – дейді. Дүниені кезіп жүрмегендіктен, суреті патшалардың тәжінде болды.

Қазақ орысқа алғаш карағанда, құлжа, арқар тауға көшкен, ауған екен. Сонда Сарыарканы кимай, Күдері кожаның баласы Құлыт кожаның айтқаны:

Қарқаралы, Қазылық,
Жатушы едің жазылып,
Жазғытұрым болғанда,
Бауырыңнан ел көшкенде,
Көштің жолы сүрлеу боп,
Қалушы едің казылып!..

Жатып қалған жас қозы
Жайылып қой болған тау!
Егізімнің сынары
Жайылып қой болған тау!
Бірін сойса, той болар
Қалған бірі балқаш боп,

Бағылан қозы қой болар.
Сойғанының терісі
Илей білген шеберге
Бір өзі бір бой болар!..

Шоң би әңгімесі

Қойдың жүнінен шыққан кигіздің қасиетін сөйлейік [83]. Қазақ жұртында Едіге баласы Шоң би жаз күнінде канша игі жақсы бас қосып, бір кигіз үйде отырғанда, жарқ-жұрқ етіп нажағай ойнап, жаңбыр жауды дейді. Сонда Шоң би отырған үйінің төбе кигізіне қараса, бір тесік жоқ екен. Қасында отырған әлеуметтен сұрады:

– Осы үйдің екі үзігін ұрлағанға қандай айып саларға керек? – деп.

Жұрт дәнеме дей алмады. Сонда Шоң би өзі айтты дейді:

– Дәл осы үйдің екі үзігін ұрлағанға үй іші тола жанның құнын төле деп бұйырап едім, – дейді.

Отырған жұрт бидің бұл сөзіне көнбей:

– Бұл екі үзік, сатса, пәлен теңге, мұнша құнды – пұлды болатұғын мұның не артықтығы бар? – дейді.

Сонда Шоң би отырып айтты:

– Сендер Құдайдың қай бергенін, қасиетін білесіңдер? Күн [күр] кіреп жауып тұр, нажағай ойнап, жарқ-жұрқ етіп тұр. Естіген жанда зәре қалды ма? Аспаннан түсетұғын жайдың оғы тесігі жоқ, бүтін кигізден тіпті өтпейді. Дәл осы күнде жайдың оғы кез келсе, өтетұғын жері жоқ. Кигіздің жүнінің арасына бытырап-бытырап сіңіп кетеді. Осынша жанды сақтауға себеп болған соң, бұл екі үзіктің құны үй тола жанның құны болуға қалай жаралмайды?! – дейді.

Отырған жұрт жағасын ұстап, таң-тамаша қалды дейді. Сол Шоң би айтқан екен:

– Бозбалалар, тоқымыңды ақ кигізден қылып, екі қабат қылыңдар. Далада келе жатып, жаңбыр жауса, жамылып отыр[а] қалса жетерлік болсын, тесігі болмасын. Егер де жайдың оғы төбеңнен түссе, қатты бір қойып қалғандай дүмпуі болмаса керек. Кигізден өтіп, зарар қылмайтынына мен кепіл! – деген екен.

Мәшһүр-Жүсіптің «Құдірет шеберлігі» өлеңі

(үшінші нұсқа)

Тақыт-пай, ғақылдың жүрегі еді [84]

Мемлекеті көп дене керек еді.

Аты-нәпсі: рағайыт, халқы – ағза,

Казнашейі мәске бөлек еді.

Екі көз – қарауылшы тұрған тұрақ,

Елші еді сөз таситын екі құлақ.

Ақ таяғы – шабарман екі қолы,

Жансызды иіскеп білер бұрынырақ.

Дәрігері біледі екен дәмін татып,

Бір ғақыл түзетеді бәрін жатып.

Ұстазы ол – қуат жазба дүр,
Баста – миы тұр бәріне таңдай атып.

Емес пе диірменші отыз тісің,
Ас пісірер машина нануай кісің?!
Ас дәмін ауыз біліп, болар дәрігер,
Білуге бәрін айырып жетсе күшін.

Қуат мүсурре болып қасап,
Құрсағың машина қазанға ұсап (ұксап) [85].
Жеті шебер, жан білмей, іште жатыр,
Тыстағының баршасын түзеп, жасап.

Кеңірдек, өнешің мен қарын, жүрек,
Өкпе, бауыр, талағың – бәрі керек.
Қақырық пен түкірік – сыпырғышың,
Пайдасын білсең керек, болсаң зерек.

Бәрінен айтылмаған бір жыр қалды,
Бересің үйіп-төгіп соған малды.
Күшті өгізің бар болса, егін айда,
Пайданың, көретұғын сол қак алды.

Ғылым-білім

(тоғызыншы әнгіме)

Құдай тәбәрік тағала әр нәпсі үшін төрт жұрт даяр қылып қойған [86]. Бірі – Рахым – мәдір. Ананың қарыны – бес ай жанды қылып, сол жерде ризық жеткізген. Бірі – ғалам шаһадат – осы жарық дүнис. Бірі – ғалам Бірзахы: жан шыққан соң, ғалам аруахқа (аруаққа) жеткенше. Бірі – ғалам аруах.

Бес ай – жансыз, бес ай – жанды. Жан сақтаған жерін қалай киып тастап кетеді?! Бала тым-ақ жақсы көрмейді – сол жайынан қозғалуды. Амалсыз, не ғылаж (лаж), шырылдап, жылап зорға шығады жарық дүниенің жүзіне.

Хош (қош), ана құшағына түсің, емшек сміп, ананың мейір (мешір) шағкатын сезген соң: «Баяғы шыққан жеріңе қайта бар!» – десе, өлсе,

жоласын ба, бармайды. Баруды (барудан) жиреніп жек көреді. Олай болса, бұл жаһанның кең жүзінде жүрген менен мехнат, машақатты ойға салып қарағанда, ананың жатырынан тар: онда жылы жайда аузынан қорек (хорак) алып, тыныш жатып еді ғой!

Ал енді мүмин мүшід жазық фазық идөп – өлімнен жиреніп, өлуді жек көріп жүргенменен, өлді, Құдайын тапты. Құдайын тапқан жанға тіршілігінің тарлығы ананың жатырынан көп тар, көп жаман, көп қиын. Олай болса, мүмин мұсылман Құдайын тапқан соң, бұ жалғанға қайтуы – «Жарық дүниенің жүзін тастап, ананың жатырына қайта барамын!» – деген сықылды. «Не ғам иманлы құлдың өлгені де – тәні (тынысы) де, болмаса үш кез тәні де Хақ сөзі – рас [раст] сөз!» – деп біл.

Өлімнен қорқады – өлім не нәрсе екенін, оның қандай қасиеті, шарапаты барлығын білмегеннен! Мұны: «Наданлық!» – дейміз. [Бұл] – бір.

Екінші, қайдан келді, қайда бармақшы? Нәпсі – натқа, рух нысана не екеннен хабарсыздығынан.

Үшінші, зән қылғандықтан, зым-зия жоқ болуды ол неге ойламайды – «Зым-зия жоқ болу» деген асылы (асла) жоқ екендігін?!

Төртінші, күмән қылғандықтан, өлген соң бұ жаһаннан хабарсыз қалуды [неге ойламайды]?! Бесінші: «Қияс қылғандықтан, өлім деген бір зор аламер наху ғазап» – деп [неге ойламайды]?! Алтыншы: «Өлген соң халі не боларын білмей, матхир сырасма болғандықтан» – [деп, неге ойламайды]?! Жетінші: Өзінен қалатұғын дүниені өзінен басқаға кимағандығынан» [деп, неге ойламайды]?!

Осы айтылған жеті түрлі ғаллат – адамға өлуді жек көрсетін, қорқытып, үркітіп тұратұғын [болар]. Бұлар бәрі де бұзық ой, қиялилық, наданлық, өз алдына иесіз бір жаман ауру. Оның дауасы – бұл ғаллаттарды өз бойынан, ғақыл ойынан кетіруге тырысу.

Латиға Раббана – хақиқат: нысана, нәпсі, натқа, – осы үшеуі бір қалыптың есімлері. Хош, бұл нәпсі – натқа жазушы хатшы орнында. Дүние бір қалым орнында. Жазушы қаламды қалай билеп төстеп жұмсап отырады, қалып һәм дүниені солай билеп – төстеп отырады.

Нәпсі – натқаның дүниені билеп-төстеп, жұмысқа салғандығының аты – «Хаят – тіршілік», – делінеді. Нәисі – натқаның дүниені

билеп-төстей алмай, жұмысқа сала алмай қалғандығын «Мәмат – өлгендік» – дейді.

Өзің жазушы болсаң, қаламың қолыңнан түспесе, өзіңе қандай бейнет қылсаң, қанша қиналу, кесілумен сияға малынып, қызметке салынып, тынышсыз болады?! Сен оны жазбай, қаламдыңға салып қойсаң, қалам да тыныш, сен де тыныш, – екеуің де бейнеттен халас боласың.

Тірілік деген – жазушы мен қаламның бас қосып, бірігуімен бейнетке қалып отырғандық. Өлу деген – осы екеуі бірінен-бірі айрылып, жазушы да тыныш, қаламға да тыныштық табылғаны.

Құдай ғақыл, ес берген әр нәрсені танып, білуге мұршасы келген тірілік пен өлілікті осы есепті көріп, өзіне де, қаламға да тыныштық, болғанын жақсы көріп, өлімді сағынып: «А, Құдай, тыныштықпен жылдам ғана берсе игі еді!» – деп отырады. Хош, бұл – бір.

Екінші дауа – бұл нәпсі «натқа» аталған рух нысан «фынғытхат фиамен» рухтан келген. Әуелі – ғалам аллаһуттан ғалам хыжбірөтке, ғалам хыжбірөттен ғалам ләмләкөттен келген. Мәлкөт самуатта ғалам ларуахта болып, мәлкөт Арзада ғалам лабырзухта болып, «Күнфасад»-аталған ғалам табиғатқа келіп, Бәден нысанда тығлық тапқан.

Өзінің қайдан келгенін білген жан келген жеріне қайтуға – өмір бойы есі-дерті сонда болып, жіп лутинмен лайман Хадис Шариптің мағынасын мылахаза қылумен күні-түн[і] жабдығында болумен жерсуын бір таппай қоймайды.

Ендеше бұған арқан, тұсау, байлау, матау – тіршілік қолын босатпай, мұрнын сіңбіруге мұршасын келтірмей жүрген жазу мағаздығы. Қаламды қаламданға тастай беріп, жазушылықтан бас алып қашса, бұрынғы шыққан орнына жып-жылдам бармақшы.

Бұрынғы шыққан орнына қайыра баруына үш жабдық керек: фуал, фағал, халак.-Жақсы сөзді, жақсы пейілді, жақсы мінезлі болу керек.

Жаман сөзлі, жаман пейілді, жаман мінезлі болса, үш балақты шідер есепті – екі дүниеде қолын дәнемеге жеткізбейді. Бұл жерін шамам келгенше ашып айтып кетейін.

Жаман сөзбен, жаман пейілмен, жаман мінезбен гадет алған адамның жаны – ғалам лабарзахтың төменгі жағында. Тіріде мінезі қай

хайуанмен мінездес болса, сол хайуан суретінде қиын-қыстаулықта, бейнетте қалады.

Жақсы сөзді, жақсы пейілді, жақсы мінезді ғадет алған адамның жаны денеден айрылған уақытта ғалам лабарзахта титтей кідірмей, ғалам ләмәлкөтке шырқап шығып кетін, сейіл-сайран, құстай ұшып, тайран қылып, қаһа кәфа-ғалам шаһадатқа келіп, кетіп жүреді. Жұмақтың (ұжмақтың) құсы есепті үшінші дауа жанға өлім жоқ, тозу жоқ, ескіру жоқ. Бір асыл жауһар денеден бөлек кеткенмен, оған толықтық табылмаса, кемдік келмейді.

Анар мен алманы сығып, суын алса, суы бір түрлі тәтті болады. Дене анар сықылды, жан сығып алған тәтті суы сықылды. Екеуін екі айырып байқағанда, анар болып тұрғаннан – суын бөлек сығып алғаны асылданады. Денеден кеткенмен, жан асылданбаса, далада қалмайды. Қар еріп кеткенменен, суы бірге кетпейді. Жүз шам, мың шам сөніп қалғанмен, ай мен күннің нұры тұр емес пе?! Ендеше ойлау керек. Денеден айрылса, жан асылданып кететұғындығын – жанның қиналуда қалмай, сыйлануда болғандығын ойлаған жанға тіріліктен өліп қалғандығы көп жақсы. Солай болатұғындығы үшін бұрынғы әнбие, әулие, – бәрі де тіріліктен өлгендігін артық көріп, өлімге құмарланып, Құдай үшін жан қиып, өлу жағына бәрі асықты. Тірі жүрген күні – қарасуықтық сықылды болды да, өлген күні абыхаят болатұғындығына көздері жетті.

Төртінші дауа – рух нысаны (ынсаны) денеден айрылған уақытта екі ғаламның хауалына бірдей жетік танып білуге емін-еркін ерікті. «Не үшін?» – десең, денеде тұрғанда, қынапта тұрған қылыш есепті. Қынаптан шыққан күн жарқырап көзге түспекші. Бұрынғылар айтпады ма: «Қылыш қынабында қырық жыл жатса, қынабының құнына тұрмайды. // Қынабынан шыққан күнінде ер құнынан асып кетеді» – деп. Айна боқшада жатса, онан не пайда? Боқшадан былай суырып алса, сонда бет көруге жұрттың қолына алуға жарайды. Құс қанша ұшқыр, қанша онды болғанмен, байлау, матауда, қапаста тұрғандығы қандай, босанып жарыққа шығып ұшып жүргені қандай?! Жан – денеде тұрғанда, байлаудағы, матаудағы, қапастағы құстай; денеден айрылған күні жарықта ұшып жүрген құстай! Адам деген осыларды ойлап, білумен адам болмақ, болмаса бір хайуан, тантық.

Бесінші дауа: жан – бір шапса, жүйрік; мінсе, берік: арымас, аз-бас ат. Дене ол атқа – басына жүген, аяғына кісен, үстіне желқом. Тіршіліктің жұмысы – осы аттың аркасын-жауыр, аяғын-ақсақ, құйрығын шолақ қылып, өмірінде борбайына шыр бітірмейтін кірекештік. Осы бейнеттің бәрінен таза құтқаратұғын дауа – өлім. Өлді, халас жан бейнеттен азат болды.

Асылында адамға ойлағанда, жан тыныштығынан басқаның не керегі бар?! Жан тыныштығын ойласаң, есі-дерттің өлуде болсын! Жалғыз-ақ иманның сәлеметтігін тіле! Онан басқаны тілегеннің тілеуі...

Алтыншы дауа: «Өлді, Құдайын тапты!» – деген сөзге шын нану. Пенде Құдайды ынталы жүрек, шын көңілмен ізлеп жүріп, өліп кетсе, адаспай дәл табады. Құдайын табуға жолдың ең жақыны, ең түзуі – өлім. Солай болғаны үшін «Өлім – Алланың рахматы» – делінген.

Жетінші дауа: бұл жиһан – бір ағаш. Адам ол ағашқа шыққан жеміс. Піспеген, жетілмеген жеміс өзі ащы болады да, ағаштан қанша қозғасаң, айрылмайды, түспейді. Жемісі әбден жетіліп, пісіп, кемеліне келсе, ағашта титтей тұрмайды, уф еткен желдің екпінімен түсе қалады. Жоғары тұрғанмен, ағашта тұрған, піспеген жемісті ешкім керек қылмайды. Пісіп, жетіліп, кемеліне келіп, жерге түскенді жеуге де қимай, қолына ұстап жүруші көп болады. Сондайын адам піспесе, жетілмесе, бұл дүниеге әлденеше көп бола бермек. Дүниені қимағандықпен жетілмеген жемістей жүре бермек. Піскен, жетілген, кемеліне келген адам – бұ ғалам күнфасадты, дүние мафиһаны бір пұлға алмай: «Мал бар екен, бала бар екен!» – деп, назар салмай, бір Құбайдан басқа ешбір жанға пейіл, махаббатты болмай, ғафрат, ләззетлерге алданбай: «Өлім нығыметінен артық нығымет жоқ!» – деп біліп, есі-дертті иманы болып: «Бүтінде – тұт бүтін, иманымызды саба, құтқар ду түннен жанымызды!» – деп, жүре береді.

Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалия-ал-салауат уассалам: «Мұтуа кабыл ан тамутуа», – дейді.

Платон хакім: «...» – дейді. «Бұл сөзбен ғамыл (кемел) болайын десен, бойындағы ашуды өлтір, шаһуатты өлтір, – ол скеуін ақылыңа билет!» [дегені].

Рух хайуаны, рух шаһуаны, – бұл скеуін латига, рибанния, хақиқат нысаня нәпсі натқа болған қалыбыңа билет!

Таста сен дүниені, таста! Сен тастамасаң да, әлі-ақ бір күн ол тастап: «дат!» – дегізіп, шоңқитып кетеді. Онан бұрын өзің таста. Тастағаның – махаббат қума.

Себетінде бір арпа қырыс болса, әні, донһылы біл. Кір хырыс болса, егер үш күнде тапсаң, барша нан, жеме жалғыздың жарымын қыл хасен! Сөз тамам.

Мәшһүр-Жүсіптің «Шонтыбай қажы» дастаны
Ассалаумағалейкум, ай, Қажеке [87].

Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» өлеңі
Шықпайды ертегісіз жел оңына [88].

Мәшһүр-Жүсіптің «Той деген соң» өлеңі
Жылым – кой, алпыс алты – тұрған жасым [89].

Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені» өлеңі

...Жыландай ысқырумен төгіп зәрін [90]
Тыныштықпен тата алмады ешкім нәрін.
Көз-соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін.

Ат шауып айнала алмас біздің міннен,
Тышқанша жан сақтадық шықпай іннен!
Замана баса көктеп билеп кетіп,
Кетіппіз кәпір болып [91] шығып діннен.

Бұ жалғаннан біз көрдік дұшпандықты,
Емен талқы ағашпен қысқандықты.
Жынысы әйел мен жас ұлан [92], кедей тобы,
Алып тұрсың еркіндік, бостандықты!

Біздің қазақ – саяғы кер кеткеннің,
Түк пайдасын көргем жоқ ер жеткеннің.
Алқымынан алған жау босатпайды,
Онан күші аса алмай [93] жан біткеннің.

Кедейдін шыкпайды өнер саяғынан,
Байлардың әккі [94] болған таяғынан.
Бірі шаба жөнелсе ілгері озып,
Шап етіп бірі алады аяғынан.

Тоқталмадым мен мұнан аузым тыйып,
Бергім келмес ешкімге көзім қиып.
Жүрген күнім көп болды-ау «Ариайдай!»[95]
Жер мен көк ортасына зорға сыйып.

Тұрарлық бір сөз -әбден айтарлыққа,
Мұрша болмай бұл беттен қайтарлыққа.
Ақша шашсам [96], шар салып сайлайтын кім,
Таласпасам мен сөйтіп шайтандыққа?!

Пәлі, олжаңа болайын алған, салған [97],
Атак қайда дүниені данқы жарған?!
Міне, атақтың пайдасы маған берген,
Сыбағасын шайтанның тартып алған.

Мәшһүр-Жүсіптің нәпсі т.с.с. туралы айтқаны

«Ақ қағаз – адамның көңілі, [қара] сия – нәпсі. Ақ қағазға сия төгілсе, қандай былғайды, [нәпсі] көңілді сондай былғап, арам ойлы қылады. Сол ақ қағаз бен қара сияны қалам қандай құнды, пұлды қылып, жұрт көзіне түсіреді?! Ақыл да сондай, – екеуін мидай араластырып, бабын тауып, өлшеумен ұстап, жұрт көзіне түсіріп, ауызға іліндіреді.

Ақынның сөйлегендегі мақсаты – көрініп тұрған: қағаз, сия, қалам емес, соларды ойлап айтқан – «бірінен бөлінбейді бірі қалып» – деген сөздің мәнісі. Көңіл, нәпсі, ақыл үшеуін айтқандығы. Бұл үшеуінің орыны бір жерден табылады. Ана үшеуі үш әбдіреді жата береді.

Сөзді айтқыл ұққанға,
Жанды жанға соққанға,
Айтып-айтпай немене,
Мақтамен құлағын тыққанға.

«Айтушы жан тілімен сөйлегенде, тыңдаушы жан құлағын салып тыңдаса, менің бұл сөзім алуа, шекер, балмен тең!» – дегені. Пайғамбар мәдеші – халуадай тәтті.

«Ешкі, қойға қасап болмайын» – дегені – «Қожа, молданы баяғы ер Әліні әңгіме қылғандай, көрінгенді жамандап былшылдамайын!» – дегені.

«Көшін барып, камалмай, қоныс сайла!» – [дегені].

– «Көрге өзінді көтеріп алып, [түсі]ріп қалғанда, бір-ақ біліп қалмай, сол өлім жабдығын күн[i] бұрын есіңе алып, ақырет жабдығын күн бұрын күтсең, кетпен, шот, қайла қанжығыңда даяр болған сықылды боласың!» – дегені.

Адамның тірілігі – қайнап, толқып жатқан дария да, [адамның] өліп қалғаны – мидай тақыр шөл болып қалғаны.

«Мәшһүр» – деген атақ жақсыға да, жаманға да бірдей атақ. Сол атағына сөйлеген сөзің лайықты болса, көрген ұнатса: «Пәлі, жарайды, естіп едік! Естүіміздей бар екен!» – десе, шын Мәшһүр болғаның – сол!

Егер сөзің атыңа, атағыңа лайық болмаса, онда тамам жұрт өтірікші болады. Жұртты өтірікші қыла көрме! Сөзіңді атағыңа лайықты қылып сөйле!» – дегені.

«Көрсететін бойыңды айнаны ізде!» – дегені: «Маңдайдағы көрініп тұрған көзді «көз екен!» – деп, қапы қалма! Ғылымды – бір көз, ғақылды – бір көз» – деп біліп, осы екі көзді ашып ұстасаң, сон[да] [өз]інді айнадан көргендей көресің. Сонан соң өзінді [жақсы бай]қайсың. Өзінді танысаң, оны соғып, жасап со[ғат]ын ұста қандайлығын танысың! Сонда кісі болуға жарайсың!» дегені.

Бір ғалымды, бір таза білген білімдіні ұнатқан жанлар: «Шіркін, екі көзді ғой!» – дейді. Жұрттың бәрі екі көзді. Бұл сөздің мәнісі: «Ғылым иесі ғақыл иесі ғой. Сол екі көзі барлығынан ғой!» – дегені. Бұл екі көз бойынан табылған жан дүниені көзге ілмейді, ілтипат қылмайды, өзін-өзі қорлыққа салмайды. Жұтқан, бұйырған, шайнаған – күмән.

«Дүниені жиған жемейді, бұйырған – жейді».

«Өткен өмір жоқ, ертен не болары белгісіз: о да жоқ есебінде.

Қазіргі отырған сағатың бар болуы, жоқ болуы екіталай.

«Мына демді – Құдай: «Ал!» – десе, аласың, әйтпесе ала алмайсың! Дем билігі өзінде емес. Құдайда. «Мына аяқты – Құдай: «Бас!» – десе, басасың, әйтпесе баса алмайсың! Аяғыңды бастыра ма, бастырмай ма – ол билік Құдай қолында. Бұл дүниені қуғанмен, жетпейді, [бұйыр]ған өзі де кетпейді. Ғытқад көңілі осыларға... жан дүниені бір пұлға да алмайды. Дүниенің оған бары да бір бас, жоғы да бір бас. Дүниенің барын, жоғын бір бас білген жанға дәнеменің керегі жоқ.

«Сөйлей берсе, сөз таусылмайды. // Сарт құрымай, бөз таусылмайды». Құлақта тоятығын қарын бар ма?!

Соқыр, мешел аудармасы

Екі қайыршы кедей бірлесіп бас қосып, ауқат кешіріпті. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Бірі соқыр екен, бірі мешел екен. Мешел көзі барлықтан басшы. Соқыр көзі жоқтықтан – оған қосшы. Екеуі бірлесіп, бас қосқан соң, «Жалғанның жарты пәлесі» болыпты. «Екі жарты – бір бүтін» – деген бар емес пе?

Осы екеуі ұры да болыпты, қар[ы] да болыпты. Пәленің бәрін қылыпты. Бір байдың өрік, мей[із], жаңғақ еккен бау ағашына кез болып, ұрлап жеп, онымен де [тұр]май, базарға апарып сатып, есебі бай болуға, жұрт алдына түсуге ойланыпты. Бірін ши жасырады, бірін [т]уырлық жасырады. Ол екеуі толған соң, не жасырады?! Қолға түсіпті. Сонан соң екеуі өзді-өзі дауласыпты. Соқыр танады дейді:

– Мен[ің] екі көзім дәнемені көрмейді. Бау ағашы қай жақта, тау ағашы қай жақта? Екеуін қайдан білсемін? Мынау, не пәле болса, бәрін қылып жүрген – осы! – дейді.

Мешел айтады:

– Мен құр көргеніме жазықтымын. Есік пен төрдей жерге жете алмай – [мын]. Не пәле болса, бәрін қылып жүрген мына соқыр! – дейді.

Адамның денесінде жан – мешел де, дене-соқыр. Бірінсіз бірінің күні жоқ. «Мұндай жан мен денесі дау-шарда қалғандар ол жайға бара алмайды!» – дегені. «Жаны – мешел, денесі соқырлықта қалмағандар барады!» – делінген сөз.

Мәшһүр-Жүсіп деректері

Хазірет сопы Алла[жар] айтқан екен: «Шырағыны – кім, Хақ жандырды құ... кім бұға, – дейді. Сақалы күйді. Хақ жандырған шырақты хымық... [т]ұрып сөндірсе[е], – [де]йді. Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы[н]ың аң хазіретіміз Мұхаммед ал Мұстафа ғалия-ласалауат уассалам[ның] дүниеге қалай келгенлігін өлең қылып, «Хаятбақшы» – деп, ат қойып, сөйлеген сөзі.

Түбі, тегі – Кіші жүз, Айдабол ішінде өсіп – өнген-Тілеу-Қошқарбай молда баласы Айтмахамбет [97] жазыпты да, «Өзім шығарған сөз қыламын» – деп «Мәшһүр» – деген сөз араласқан өлеңді қалдырыпты. Және шегіртке балақ шиборбай жазуымен балдыр-батпақ, адам танып оқи алмайтұғын қылып қойғандығын көріп, Құдай рахмат қылсын – жазған Мәшһүрдің өзі алпыс сегіз жасында сиыр жылы Жылтыр – Смағұлдың үйінде жатқанын көрген соң, Оспан Алдажар баласының үйінде отырып, нұсқа қылып көшіріп алған. Жиырма бес [жасында жаз]ған – «Исабек ишанды» ...[шы] гарды. Ол сөзге Мұса мырза, Құдай рахмат [кылсын], ...[б]асып жатып оқып, көзінен жас ағып, ...Мұса мырзаны жоқтап сөйлеген сөзіне [Баянауыл]дағы Қамардин хазірет риза болып, батасын берді.

Отыз бес жасында Қыпшақтан шыққан Шонтыбай қажы өзі хақында сөйлеген сөзге риза болып, жылап отырып, батасын берді. Сол ғазизлардың мұрты-жұрты сүйсініп, риза болғандығынан Құдай тәбәрік тағала мейірманшылық қылып, өсірмесе, өшірмейді. Егер шалутығы көп сор қаһары, һәм бар басың, һәм көкке жетсе, құлсың! Иа, Құдая, шүкір әлхамдїлла шүкір, мың қатла шүкір! Егер ғамалыма салсам: «Көзімді сезер кім?!» – дермін. Өзімді егер...

Қазақ ортасында... Мәшһүр өлеңін айтады, ...айтпайды... Нұрғожа Ақмола, Атбасарға қараған елді аралап: «Бұрынғы Мәшһүр өліп қалды, ендігі Мәшһүр мына мен!» – деп, айтқанына отыз-қырық жыл болды. Сөйткенмен Құдай берген Мәшһүрлікті алып кете алған жоқ.

Күні кеше «Мұса бала» атанған Мұса мырза Шорманбаласы тоғыз жасар күнінде алдына алып сөйлетіп:

– Мынау күндердің күнінде жұрт құлағын шулатып, Мәшһүр болайын деп тұр екен! – деген лепесінен – оқып жүрген шәкіртлер сықақтап: «Мәшһүр, Мәшһүр!» – десіп, он бес жасында өлең дарып,

сонан сон Мәшһүр болмаска немеңе?! Дуалы ауыздан шыққан сөз.
«Мұсаның Мәшһүрі» атанып келгендігі – [сол].

Қыз жұмбағының шешуі

1905 жылда... Құмқоңыр елінің бір қазағы сөйледі [98].

Түркістан сапары

Шығып ек кешегі айда елімізден [99].

Мәшһүр-Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі

Сәйгелді, сона менен бөгелек-ті [100].

Абай өлеңдері

Жаздықун шілде болғанда [101].

Мәшһүр-Жүсіп өлеңі

Көрінбес өз көзіңе, тіпті өз бойыңа [102].

Мәшһүр-Жүсіптің «Бір хан әңгімесі» туындысы

Ғаламнан он сегіз мың жан өтіпті,
Бір емес, екеу емес, сан өтіпті.
Артына айтарлықтай сөз қалдырып,
Бір жақсы бұрынғыда хан өтіпті.

Хан өзі – адам ұлы, Құдай құлы,
Артық боп өзге жаннан туған құны.
Бәрі де әдеп әр кен білімді екен,
Бар екен орнын ұстар бес-алты ұлы.

Тондай боп жарастықты өлшеп піскен,
Мінез бар әрбірінде көксі кескен.
Бай баласы сықылды құдаң емес,
Хан баласы болумен тап-таза өскен.

Бұл ханның толық болған мал мен басы,
Дүниеде қызық дәурен сүрген жасы.
«Қой үстіне торғайлар жұмыртқалап»,
Көгерген жасыл шөптей айналасы.

Халқы тыныш болып тұрған өзіне сай,
Ел-жұртқа су орнына ағызып май,

Патшаның гаділ болған саясында
Теп-тегіс бұқарасы болыпты бай.

Сән-салтанат, бағы асып, дәулеті асты,
Өзі де ұзын жасапты өмір жасты.
Дүниеде қанша дәурен сүргенменен,
Қайыр бір жұтпай қоя ма жұмыр басты?!

Жарлық... (аяғы жоқ).

Мәшһүр-Жүсіптің «Бұлбұл мен қарғаның айтысы» өлеңі

Атырды бұ сайраумен бұлбұл танды [103],
Көрүмен қызыл гүлді, от боп жанды.
Жұртымен көшкен елдің күн кешірген-
Қарғаның, мұның даусы, тынышын алды.

Бұлбұлдың көріп гүлді есі кетті,
Алашқа аты шықты, несі кетті?!
– Немене, дамылың жоқ, қаксайсың?! – деп,
Ұрсуға қарға келді түзеп бетті.

– Мен құсты, көргенім жоқ, сендей жынды,
Даусыңнан кетіп мазам, құлақ тынды.
Бір-екі қарқылдады барқ-барқ етіп:
– Сонда да емессің, – деп, – менен үнді!

Өзіндей толып жатыр көп тұрған құс,
Сайрайсың бір дамылсыз сол жазы-қыс.
Білмейсің қарқылдауды мендей ешбір,
Алмайсың бұл сайраудан дамыл тыныш.

Тұмсығым тарс айырған қатқан тонды,
Мына мен – «Көк етікті, сауыр тонды».
Қайқақтап, қарқылдасам, жер жаңғырған,
Өзімнен, айтшы кәне, қай құс оңды!

Не дейді сонда бұлбұл:

– Байғұс!-дейді,

– Бұл өзі маған келген қай қас?! – дейді.

«Қантардан ақпан менен құтылма!»-деп,
Бір тиген сый Алладан қарғыс» – дейді.

– Бұ жанды не қылайын тіл болмаса,
Бір тиер бетке жылы жел болмаса?!
Көк асты, жердің үсті керегі жоқ,
Ұлықтап тұрған қызыл гүл болмаса!

Қызыл гүл бет бергенде маған таман,
Бір дәурен, маған тиген, ол – бір заман!
Гүл үшін мен күйемін, өртенемін,
Не зарар саған онан, өзің аман?!

Сайраудан, тілім менің, тыйылмаған,
Дерт емес, болған пайда, биыл маған.
Сары аяз, сартылдаған, қаңтар, ақпан-
Күнінен қияметтің қиын маған!

Қырық жылқы матап берген – қыздың байы,
Таусылар жылқысыздың жілік майы.
Жүзінде бұ жалғанның маған пейіш-
Көк майса жазғытұрғы көгал айы.

Ғұмырымда көре алмадым бір жылы жаз,
Зерек құс болғандықтан, маған бұл аз.
Тоямын – ішпесем де, жемесем де,
Көрүмен қызыл гүлді боламын мәз!

Күндіз-түн қайғы мен дерт – тапқан ісім,
Қасымда көңіл аулар жоқ боп кісім.
Қызыл гүл үлпілдеген көзге түссе,
Сайраймын, ауыз жапай, қалмай есім!

Бақшадан үлпілдеген – гүл кеткен соң,
Жүзінен аспан-көктің күн кеткен соң.
Бұлбұл құс болып қалар торғайдан қор,
Қарға менен көмірмен күні өткен соң!

Қайтейін, қызыл гүл жоқ, мен көмірді?!
Керек қып тұрғаным жоқ бұл өмірді!

Жау жоқ боп, соғысуға, күр сақтадым,
Қынапқа қырық жыл салып бір темірді.

Ай, қарға, сенің теңің – дүнискоңыз,
Болмасын қызыл гүлмен жұмысыңыз.
Жақпайды саған жаққан маған, сірә,
Болайын мен-ақ арық, сен бол семіз.

Ойыма келген сөзді тегіс жазам,
Қалмаймын мен бұ жолдан, жетпей қазам.
«Өзіңе-өз білгенің!» – жетіле бер,
Аулақ жүр қарқылдамай, кетті мазам!

1911 ж.

Бір редакторге

Бұзып-жарып кешу қылдым талай өрді [104].

«Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы
Наданнан бойынды алыс қылып сактан [105].

Әдһам диуана мен Ибраһим

Иаксыз келген, балам-ай [106].

Мәшһүр-Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысы

(екінші нұсқа)

Ғалы Күзембайұлы

Бисмилласыз басталмас Әмірзибал [107],
Өнерің болса, жаслықта қимылдап қал!
«Жығылсаң, нардан жығыл!» – деген сөз бар,
Ақынға, «Молда Жүсіп», салдық шеңгел (шыңғал).

Лұбайдтай шағырлықпен атың шыққан,
Мың сан акын бір сізден қойдай ыққан.
Бұхара, Ташкент, Самарқанд, – бәрін кезіп,
«Су жұқпас, сұм жігітсің, жұртты құртқан».

Сұрасаң, Иманғали, атымыз-ды,
Білерсің, тәптіштесең, затымызды.

Мәшһүрге бір-екі ауыз бәйт жазып,
Өтейік аһлы-ғалым хақымызды.

Қош (хош) көрер, ғақылды адам: «Пақыр!» – десе,
Ақымақ адам, мақтанар: «Батыр!» – десе.
Өзіңізді «Мәшһүр!» – деп, тақырыплайсыз,
Ғалымдар, тақырыпланбас: «Батыр» (батыл) – десе.

Жасыңнан, сен түрлендің, әрбір түрге,
Бұхар барып, қол бердің қандай пірге?!
Тоғыз айда һәммасын түгел етіп,
Пособлять кылыпсың [сен] редакторге.

Ғадетің – дүр өлеңге аят жазбақ,
Тағмишық қып біреудің ғайыбын қазбақ.
Тәжшісімен ғайырынын ғайыбын теріп,
Уа, ойла, сіздей ғазиз жолдан азбақ!

Уәзипаңыз сізлердің-дін шашпақлық,
Биналарға, қараңғы – шам жақпақлық!
Бек жауһар уақытыңызды зайғы (зая) кылып,
Хайыф дүр газетлерге сөз жазбақлық.

Мәшһүрдің өлеңіне әркім талып,
Хат таныған әншілер жазып алып,
«Ағузы бисмилла» айтпай аяттарды,
Домбырамен айтады әнге салып.

Ашуланба, бұл сөзге, болсаң ғақыл,
Аят жазып, өлеңге, жүрсің ғапіл.
Харекет жоқ, секін жоқ, харыпына (әрібіңс),
Надандардың көбісін қылдың кәпір.

Кей надан кәпірліктен қылмас қауіп,
«Обалы сіздерге!» – деп, сізге жауып.
Себебі сіз болғандай көрінесіз,
Бергендей, ұрыларға, сойыл тауып.

Өлеңге аят жаздың, тақпақ кылып,
Наданлардың бұзарын біле тұрып.

Жөн білмес мұжықларға атаман боп,
Такытына қапағила кеттің кіріп.

Өлеңмен жыр мәнісін пісірместен,
Басын оқып, аяғына түсінбестен.
Осы айтқан нығыметті ұғып қара,
Ашуланып, жазғанға, ісінбестен!

Жұрт білер, кішіклік, қош (хош) қылықпен,
Рәсуа болар тәкаппар ұлықлықпен.
Үлкенсіп, Мәшһүр-Жүсіп, ашуланба,
Жанға тиіп, ойнаймын, құрбылықпен.

Қарасан, әсерлі сөз, ғақылыңмен,
Қарамай нәпсі ниет жаһылыңмен.
«Әл мүминге әлмұрат» – деген хадис,
Міністайың, жанашырлық, жақының – мен.

Мен жүрмін біраз күнде доверной боп,
Бұл ісімді, жақсылар, көрмейді құп.
Кірістім, оны тастап, молдалыққа,
Басыма, әр тараптан, тиген соң дөп (топ).

Ғажызбыз, сізге айтуға, бір насихат,
Көндірдік, біраз сөзді, болса да ұят.
Хаминақым келген соң, жаза салдым.
Ықтияр: тілесен, тұт; тілесен, ат!

[Мәшһүр-Жүсіп] жауабы:

Біреудің айыбын жыртып, бастадың сөз,
Демейміз: «Әмір-зибал» – мұндайды біз.
Бет тырнап, перде жыртқан «Әмір-зибал»,
Екенін, қай кітаптан, көрдіңіз сіз!

Көзі жоқ, көбелектей, ер екенсің,
Соқтықпай, сен кісіңе, жүр екенсің!
Шеңгел салсаң, дәме кылып, болғаныңды,
Жыртқышы, хайуанлардың, бірі екенсің!

Лұбайдтай (лалдай), болдым шағыр, заманымда,
Тапталған, сендей талай, табанымда.

Қаншама, істің бәрін, бітірсем де,
«Бойыма, түк жұкпаған, жақпаймын» ба?

Бұхар, Ташкент, Самарқанд, – бәрін кездім,
Електей, дүниедегі, жанды сүздім.

Маржанға, інжу менен, су жұға ма,
Білмеймін: бары-жоғын, жіпке тіздім.

Атыңды, не қыламын, сұрап сенің,
Қай бір жақсы, жер дейсің, шыққан тегің?!

«Насихатты осылай айтсын!» – деп пе,
Кәнеки, аһылы ғалым, болғанлығың?!

Пақырлықты, кош көрер, ғақылды адам,
Қорқақлық та сауапта болған харам.

«Ерден иман құтылмас!» – деген сөз бар,
Ойым бар, шапағаттан, келсе шамам.

Сұрасаң, менің атым «Молда Жүсіп»,
Халық кетті, сүйгенінен: «Мәшһүр!» – десіп.

Тақырып: «Тамсыз аррысын» – білмей жүріп,
[Сөз] Жазыпсың, молласы[ны]п, осынша ісіп.

Әр жерге, күші жеткен жол жүрмей ме,
Саудасын Бұхар, Ташкенде жібермей ме?!

Ірбіт, Мәскеу, Макаржа, – бара алмаған
Бас пен ұлтан, сабын сатып күн көрмей ме?!

Мен оқып шыға алмадым биік өрге,
Қол беріп, қыла алмадым қызмет пірге!

«Әл баракат, хиі (үйі) әл-харакат!» – мазмұнына илан,
Кірістім бос тұрмастан редакторге!

Күйіндің маған, бала, жаның ашып,
Қажыдық әр өнерден біздер (бізлер) жасып.

Дін шашпақ – пайғамбарлық уәзипасы,
Ол жерге не қыласың сөз таласып?!

Жан жек көрер... «пақыр», – десе,
«Кадалфуыр әлі әлкіфір», – мұны білсе,
«Қырып алшы, кәләмі алшы!» – деген сөз бар,
Несіне оның мәз боласың «кәпір» – десе?!

«Тамсыйық ғажыссыны» – сенен көрдім,
Һуанда ондай-мұндай айтып жүрдім.
Көпсініп, күндегенің осы болса,
Байладым, басы бүтін саған бердім.

Кімнің кәпір болғанын көрді көзің,
Дұрыс қой: «Аят жазба!» – деген сөзің.
Өлең айтқан бәрі де надан болса,
Сен де – өлеңші, байқасаң, надан өзің!

Сөзіме менің рас әркім ынтық,
Саған барып тиді ме болып мылтық?!
Себеп болар күнәға жері болса,
Адамға айтпа, оқыма, таста жыртып.

Наданды кәпір қылар қайсы жері?
Өзім де қорқудамын содан бері.
Өлең-сойыл, өлеңші ұры болса,
Өзің де санды ұрының болдың бірі.

Шаршадым мен мұндайды қуа-қуа,
Аузыңа, сандалыпсың, қонбай дуа!
«Әлдәл Ғали Мапірі мұқдима»,
Дәлелін өзің айтып, болдың куә!

Мінеки, болмады шыр, білдім мұнан,
Қыламын әр сөзіңнен сол құсынзан.
«Құсынзан мұсылманға мін дөп» – деген,
Болмасаң, сен мұсылман, қыл сопизан.

Сенікі – жанашыған қарындастық,
Мақсыз жаһил әсері жұртқа паштық.
«Қамал мүмин бір салақа», – деген хадис,
Үш мастықтың біреуі, әттең, – жастық!

Япырм-ай, шыға қалдың, қайдан, Ғалы?!
Бізбен үміт қылады-ау ойнағалы.
Жылқы жылың алдында, асықпай тұр,
Мейлің Арғын, мейлің бол, Найман, Ғалы!

Мәшһүр-Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы

(екінші нұсқа)

Жүніс Шалқарбайұлының Мәшһүр-Жүсіптен сұрағы

Бисмиллә – сөздің әуел бітідасы [108],
Екінші – хамит сана болсын – басы.
Құдайым барша жаннан артық кылып,
Қолыңа ұстағаның-дүрдің тасы.

Бұлбұлсыз: қолдан-қолға тұрмай жүрген,
Бойға тең ешбір жанды көрмей жүрген.
Хан – кара, қожа – молда, патша болсын,
Мойынды ілтипат қып, бұрмай жүрген.

Бір шыққан жан едіңіз жұрттан асып,
Жетеді дәрежеңе кім таласып?!
Сол шықса аузыңыздан(ағызандан) қалам-хикмет,
Кетеді мәжілістер маукын басып.

Тыңдаса (тыңласа), құлак құршы сізден қанар,
Естүмен сыртыңыздан құмарланар.
Ғалам хал, ғылым халдан баһра [109] алып,
Орнаған көңіліңізде – жанған фонарь – (панар).

Сөндірмей қойды тәңірім сол жандырып,
Бал шекер аузыңыздан дүр тамдырып.
Берілген ғақыл, мағад, мағаш пенен,
Кетесіз кез келгенді бір қандырыш.

Бұхар барып кірдіңіз дәрісхана,
Самарқдвд, Сайрам, Ташкент, Шымкент және.

«Әркімнің өз заманы Лубайт шайыр», –
Дегендей айтуымызға болдың дана!

Өтіпті имам Махмұт шайыры [110],
Оның (аның) жоқ шайырлыққа еш ғайыбы.
Болып түр өнеріңіз соған үқсас (үқшаш),
Табиғат дұрыс болып тұрса жайлы.

Бұзады табиғатты дүние сұм,
Жарықсыз жүрген күнің – болған соң түн.
Сөйлесең, жөн сөз айтып кей адамға,
Жөніңді қисық қылып, табады мін.

Біз айтып тауыспаспыз сіздің кепті,
Аралап тамам қылсан барша көпті.
Бұхарекен, Шортанбай, Сакау, Көтеш,
Күдері, Үлбике мен – бәрі де өтті.

Өзі жоқ, бәрінің де сөзі калған,
Табылмас сынға салсақ, ешбір жалған.
Молдекем, жауап берер қиын сөзге,
Сұрайтын бір сөзім бар ойыма алған.

Сұраймын: бір мәселе емтихансыз,
Жанып түр өнеріңіз: майсыз, шамсыз.
Ісінен әр сабаздың асып шығып,
Бой асып, жеке қара жүрген жансыз.

Келмеген талас-бакас біздің ойға,
Тағышар мұндай мінез мін боп бойға.
Кісіміз-халі мүшкіл кез келгенде,
Пайдаланып қалайық қалмай жайға.

Хат жаздым осы сөзді ойыма алып,
«Жүргенім жарамас, – деп, – макрұм қалып?»
«Мұнташыр бір пайданыз тие ме?» – деп,
Сырыжа сізден қылдым мен (мән) бір тәліп (талап).

Барады күші жеткен Қағыба-қажыға,
Болмаған бару парыз дәулеті азға.

Шақырып күзырына: «Сол келсін!» – деп,
Шығарған не себептен Миғражға (Мағражға)?

Бір сөзге назақласқан көп [111] періште,
Қызметкер әрқайсысы әрбір істе.
Қыла алмай неше мың жыл мұназара,
Таба алмай басы қатқан ерте-кеш те.

Періште: төрт Мұқарраб таласыпты,
Таба алмай төрт мәселе қарасыпты.
Мың жылдай хапiл қылған сол мүшкiлiн
Молдеке (моллаке), ақырында кім шешіпті?

1899 ж.

Жүніс Шалқарбайұлына Мәшһүр-Жүсіптің жауабы

Сұрадын бізден бір сөз, молда Жүніс,
Нұсқадан көргендіктен байқап дұрыс.
«Қолқанды пұлды қылып берейін!» – деп,
Көңiлiмде ақғап жүрдiм бiр жаз, бiр қыс.

Кенестен қдлман тоқғап тiл байланбай,
Кешiктi шешiлуге ыңғайланбай.
Шөп мен су [112], қан мен жыннан қорытылып,
Сүт болу оңай емес жыл (айланбай) айналмай.

Ел кезiп диуанадай жүрмiн ақғап,
Арак iшпей мас болып, сандырақғап.
Бiр Макпалдың баласы болғандықтан,
Ағанды көтересiң мұнша мақғап.

Құдайдың, көп шүкiрлiк, бергенiне!
Қдғазға қолым аттай, желгенiне!
Қуандым лашығыма мен де сыймай,
Артымнан сендей iнi ергенiне!

Кiтаптан мен көргендi сен де көрдiн,
Iлесiп iз өкшемнен баса жүрдiн.

Бір жерден екі көңіл шыққандықтан,
Мен көрген жерден өзің жазып бердің.

Сөйлеткен жастан Тәңірім әлһам беріп,
Бұлбұлдай қызыл гүлді жүрмін теріп.
Сөз формын (формасын) жұрт көзіне көрсетейін,
Самарқанд жібегіндей оннан өріп.

Көңіліме ерте қонған сөздің ауылы,
Қолаттай сумен өскен қалың қаулы.
Бұл сөзге, сіз сұраған, көп періште
Талас қып неше мың жыл болған даулы.

Қағаз ақ болғанменен, сия – кара,
Ғылымсыз оған қылар бар ма шара?!
Періште төрт Мұқарраб бас қосқанда,
Төрт сөзге қылысыпты мұназара.

Жүрген жоқ періштелер бекер ойнап,
Сүңгіген бұл дарияға әркім бойлап.
Шешуін бұл төрт сөздің біле алмаған,
Жанжал боп, періштелер мың жыл ойлап.

Бір Алла Мұхаммедтің нұрын қылды,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылды.
Артылтып күдірет өзі барша жаннан,
Ғаламға көңілін оның орын қылды[113].

Ғаламға заһар қылып, нұрын шашты,
Жебірейіл, Ғазірейілден білімі асты.
«Әманна осада қына», – деді бәрі,
Еш мақұлық -шайқдмады оған басты.

Кеңесті төрт періште басын қосып:
«Шешілсе, кәні, бізге бұл сөз?!» – десін.
«Әкелсе, ықғиярсыз Тәңірім айдап,
Ділгір боп, сұрар едік жолын тосып!

Құданың күдіретіне жақын қолы,
Жаратты бізден артық әлбетте оны.

Бас косқан төртеуміздің ортамызға, –
Тіледі: – «Бір келтір, – деп, – Тәңірім соны!»

Бұл сөзді шын тынданыз, қойып құлақ,
Келеді жаңа саулап тыннан бұлақ.
Шақыртты Жебірейілден сый құрметпен,
Сүйікті қылу үшін досын қонақ.

Балқытты қорғасындай, басса тасты,
Жеті кдт көк қуанып, қойнын ашты.
Дұтасы періштелер қабыл болып,
Мұхаммед хак пайгамбар Миграж асты.

Карасты хор қызлары қағып касты,
Бұларға өте берді бұрмай басты.
«Пакана кабыс қау сайын ау аданы», –
Білгенге онан жақынырақ жақындасты.

– Бастан басты саты ғып жүрдім! – дейді,
– Шымылдықғың ішіне кірдім! – дейді.
– Өз аузынан естілген – бұл анық сөз,
Бетпе-бет анық айқын көрдім! – дейді.

– Неге меңзеп айтайын оның өзін?
Пердесіз Қүдірет ашты, – дейді, – жүзін!
– Иа, Мұхаммед хабибім, білесің бе
Дауласқан періштелер жанжал сөзін?!

– Есіл-дертім өзіннің нұзін (жүзін)! – дедім,
– Маған керек өзіннің сөзін! – дедім.
– Сен түрғанда, қалайша білем дейін,
Білгішірек (білгүшірек) баршадан өзін! – дедім.

Кигізді ғымырақ тәж, лаулақ тонын,
Көрсетті тура өзіне барар жолын.
Жұлын тұта қос жаурын ортасына
Мейірбанлық тигізді Қүдірет қолын.

Денеме Қүдірет қолы тиді барып,
Еттен өтіп, сүйекке жетті барып.

Екі емшегім арасы мұздай болды,
Қолка, жүрек-кеудемді түгел жарып.

– Бойыңа зор жақсылық келді, – дейді,

– Шешерсің жетіс екі тілді! – дейді.

– Немене періштенің даулы сөзі,

Көңіліңе қонды ма, айтшы енді?! – дейді.

– Дәл болды айтқанындай, пәлі! – дедім.

– Сұрасын енді менен, кәне?! – дедім.

– Аппақ қып, судан сүтті айырғандай,

Берейін түгел шешіп, бәрін! – дедім.

– Біреуі кіпарат дүр таласының,

Бар қамы адамзаттың баласының.

Мұны орнына таратып, қолмен қойып,

Жанжалын тыныш қылайын арасының.

Иншалла, рауа болар барша қажет,

Құдайға жылап, қылса кім мінажат.

Бірі бұл талас сөздің – Аллаһу-ағлам:

«Пенделер табады, – деп, – немен нажат?»

Бұл өзі болған бұрын әңгіме кеп,

Дауласқан періштелер бұ сөзге көп.

Сөзінің талас болған [114] біреуі – бұл:

– Дәреже, табылады неменен?! – деп.

Құлақтың қарызы жоқ сөзге тояр.

Білген жан сөз мағынасын көңіл қояр.

Біреуі сұрайтұғын сөзлерінің:

– Пенденің не нәрсе, – деп, – басын жояр?

Алла айтты:

– Иа, Мұхаммед, айттың жөнін,

Хақиқат, тауып айттың сөздің шынын.

Сөз еді түспей жатқан көптен көзге,

Жалаңаш қылыш тапты жаңа қынын.

Бұл жерге жан келмеген сенен өзге,

Менімен сөйлесуге жүзбе-жүзге.

Қылыштай қынабы алтын, жарк-жүрк етін,
Асылып енді белге, түсер көзге [115]!

Алла айтты:

– Періштелер, басыңды қос!
Қонаққа келді бізге сүйкімді дос!
Алдынан жолын тосып, жолығындар,
Алтыннан ағып келген күр қалмай бос!

Тігіп түр жол үстіне көзлеріңді,
Берік тұтып, бекем ұста өзлеріңді.
Шешетін сөз түйінін шебер келді,
Сұрап ал, қапы қалмай сөзлеріңді!

Бү сөзбен періштелер косты басын,
Көргелі тамаша етіп дүрдің тасын.
Алдынан әдеппенен (әдеп бірлан) сәлем берді,
Баршасы бірдей қойып шын ықыласын.

Исрафил сөз қозғады әуел бастап,
Кетпейін керек жерін айтпай тастап.
– Капарат қасланбаған не нәрсе? – деп,
Көңілдегі сұрар сөзін айтты ойқастап:

– Қылмайды еш нәрсені пенде біліп,
Қаларын және білмес неден өліп!
«Пендеден табыларлық іс бар ма?» – деп, –
– Күнәны быт-шыт қылып кетер бөліп?!

Пайғамбар айтты:

– Әркашан құдай жар-ды (иар-ды),
Қылады Күдірет оңай-қиын, тарды!
Капарат көп кінәһиға болатұғын,
Қылдырса, Тәңіріме оңай үш іс бар-ды!

Біреуі – таһараты кәміл болса,
Жер баспай, таһаратсыз, жүрсе-тұрса!
Қоймастан таһаратын әдет (гадет) қылған,
Ойына келтірместен күйсе, тонса!

Құдайды шын ықыласпен көңіліне алса,
Болса да барар жері алыс қанша!
Өмірінде әдет етіп, тәрк қылмастан,
Жамағат-намаз үшін мешіт барса!

Намазға ерте баруды ғадет етіп,
Мешітке елден бұрын барса жетіп.
Тырп етпей, намаздыгер оқыған соң,
Сарғайып намазшамды алса күтіп!

– Қалды ма сөзден шартық, кәне? – дейді,
– Издесең, міне, сөздің мәні – дейді.
Бұл сөзге періштелер кайыл болып:
«Садақд ұстазыңа, пәлі!» – дейді.

Хазіреті Микайл(Михаил) жақын келді:
– Міне, жаңа көрдік, – деп, – сөйлер тілді.
– Табылды қапараттың әбден орны,
Дәреже артылады немен енді?

– Адам дария болады жүруменен,
Шеберлігін Құдайдың көруменен.
Дәреже артылады өлшеусіз зор,
Қолы ашық боп, әркімге беруменен.

Касқайып мейман көрсе, керсе қасын,
Қол қусырып, шұлғытып тұрса басын.
«Бергенге беру» – деген әркімде бар,
Бермегенге көл-көпір қылса асын!

Ақыл-естен айрылса, мейман көрсе,
Қабак шытпай көлдей боп, шықса-кірсе.
Танығаны, танымаған – жан біткенге
Сыйлық пенен сәлемді бұрын берсе!

Түн қараңғы, жан біткен ұйықғап жатса,
Үйде отырып, тырп етпей бұл түн қатса!
Түн намазын окумен дамыл көрмей,
Түн өткенін білмей қап, таңлар атса!

–Дәнсмені билмеген-мұндық, – дейді,
–Табылған сөзге тоқгал, тындық! – дейді.
Бұл сөзді естіп, Микаил (Михаил) кейін қайтты:
–Алтын болсын сөзіңіз, құлдық! – дейді.

Және бір сөз килігер киын, тардан,
Сөз сұраған Жебірейіл пайғамбардан:
–Не нәрсе? – деп сұрайды билу үшін-
–Құтқаратын пендені киын, тардан?

–Қалдырмастан сөйлейін сөзден шартық,
Ар жағында көзі мол, емес тартық.
Кімде-кім жаратушы бір Алладан
Қорқынышы күннен – күнге болса артық.

Нәпсіні өзі билеп, жерді басса,
Отқа түсірер орыннан аулақ қашса.
Жұрт көзінше Құдайдан қорықса қандай,
Оңашада қорқынышы одан да асса!

Елең-селең қылмаса қарын тоқгық,
Бірдей болса көңіліне барлық, жоқгық.
Құдай үшін қолы ашық, болса жомарт,
Ренішсіз, көңілде болса оқтық [116]!

Ашуланып, ажары бұзылмаса,
Елермесе есіріп, шатлық асса.
Мақғау, бокғау, – бәріне бірдей шыдап,
Ашуынан сақганып тұрса оңаша.

Тамам болып мұнымен бұл сөз тынды,
Өтіріктен біз өтіп, таптық шынды.
Бұ да ойдағы өз сөзін сұрау үшін,
Ғазірейіл даярланды періште енді:

– Әркім өзі білем деп, қылар бір іс,
Кдйсысы-оң, кайсысы келер теріс?
Біліп қылар пенденің бір ісі жоқ,
Бү жалғанның ісі дау, жанжал, керіс.

Жүзінізді көрген соң, қалдық тойып,
Ауызыңыздан не шықса, құлақ қойып.
Қандай нәрсе, айтыңыз әшкере ғып,
Білінбестен пендені кетер жойып?

Пайғамбар айтты:

– Рас, білу қиын,
Наданлар өз басының білмес сыйын.
Пайда менен залалдың білмей парқын,
Бас қосар бір араға қылып жиын.

Пір болып, басшы болып, бастаса жол,
Шр тұтып, берсе тегіс жұрт оған қол,
Болғанмен жұртқа кепіл, жұмысы жоқ.
«Пирадар» – дегенге мәз, түссе ақша мол.

Соңынан ерсе жұрттың кәрі-жасы,
Әр жерде болып дария алдында асы.
Жұрт қамын ойлауменен ісі болмай,
Нәпсінің айдауында жүрсе басы.

Хак жолдан адасқанға нәпсі ғалып (қалып),
Әйтеуір бірі жеңер барып-барып.
Иненің жасуындай қасиет жоқ,
Жоғалар өз-өзінен өзі алып.

Әзелде тәңірім қылса, бар ма шараң?
Не пайда бар болғанмен, мың сан қараң?
Бас жоятын пәленің қақ маңдайы –
Бай болып, дәулеті мол, болса сараң.

Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,
Шат болып періштелер таңырдқты.
Сөзінің Мұхаммедтің шындығына
Құдайым өзі құдірет (мәһірін) мөрін басты.

Дарыған Құдірет қолы бармағына,
Ілінген дүрдің тасы кармағына!
Шешуі осы сөздің себеп болған
Мигражға хак Расулдың бармағына.

Кырык түрлі себеп жазған Сияр Шәріп,
Аралап оқып бәрін, көрген кәріп.
Өзімнің ұстағаным осы-ақ болды,
Нұскасынан Сияр Шәріп жазып алып.

Көріпген сонда түгел көзге түсіп,
Таласқан періштелер сөзін шешіп.
«Сөз қылып барды-жокгы шата берген, –
Демендер – әуре жан ғой Мәшһүр-Жүсіп!»

Қарық болдым мен күнәға бата-бата,
Көп қылды өтірік мақтап, жұрт миката.
Аламын білместікті мойныма мен,
Сөзімде білмей айтқан болса қате.

Атамыз – Әбілбашар – Адам ата,
Әрқашан адамзатта болмақ қате.
Көңіліне тиіп айтқан жақсы сөзім
Беріндер естіген жұрт маған бата!

1900 ж.

Мәшһүр-Жүсіптің «Ораза туралы» өлеңі
Әуелі Адам пайғамбарды Хақ жаратты [117].

Хор қыздарының хикаясы

(екінші нұсқа)

Пейіште тәубе ағашы жапырағы зор [118],
Жарығы күннен раушан, баршасы нұр!
Болғанда түбі – аспанда, басы – төмен,
Иліп жерге қарай салбырап тұр.

Мысалы күн секілді көрінісі,
Саны жоқ, балдан тәтті, көп жемісі.
Салбырап аспан көктен, миуаланып (мәһуланып),
Сонымен сегіз пейіш толған іші.

Үн тартар, шулап (саулап) ағаш, түрлі күйін,
Сипатын тамамлауға жетпес зейін.
Түрлі дәм, жемісінде, бар-ды ләззат,
Пейіштің түгелденген тамам үйін.

Торғыннан атлас пенен бар-ды төсек,
Оларды муминларға қойған төсеп.
Зейнетлі түрлі гауһар, алтын тахыт,
Олардың көптігіне жетпес есеп.

Хор кызы сол тахытқа ганбар шашы,
Иілген жаңа туған айдай қасы.
Шеберлеп сап алтыннан ұста сокқан,
Түймедей жұмырланған [119] гауһар басы.

Көзінің қаралығы қаракаттай,
Бетіне [120] ақ қағаздың жазған хаттай.
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,
Арман не соны құшқан адамзатта-ай?!

Болғанда тілі інжу, тісі – маржан,
Еті аппақ қара жерге жауған қардан.
Ғұнша ерін, пісте мұрын, лұлу иек.
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман!

Жарқ етіп шыққан күндей қабақтары,
Мақтадай аялаған тамақлары.
Алмадай екі беті үзіліп тұр,
Үзілген қызыл гүлдей сағақлары.

Гүл жүзлі, шырын сөзлі, бал сілекей,
Аяғын келер басып некей-некей.
Алмадай бетлерінен сүйгенінде,
Суарылар тілмен қабат сол көмекей.

Сипаты, бойы [121] әліфтей, талдай бойы,
Мінезі бек мүләйім, ғұзал хойлы.
Сүттен – ақ, судан – таза тарау – ашық [122],
Сөйлесе, бал тамады, ғақыл ойлы.

Ерітер, тәттілігі, балдай ерні,
Балқытар басқанымен қара жерді.
Наз қылып, еркеленіп, түрлі шиуа [123],
Құбылар бір сағатта жетпіс түрлі.

Бильярд (бірлинанд) шашпауына таққан теңге,
Түк болмас қас пен кірпік, шаштан өзге.
Сағымдай көтеріліп, сәулеленіп,
Кіреді бір сағатта әр түрлі өңге.

Хор қызды күшқан адам кенелгендей,
Әркім-ақ іздеп соны жөнелгендей.
Келбетін көрген шақта қызыққаннан,
Бір қасық сумен жұтып жібергендей.

Аспайды ай сәулесі қабағынан (тамағынан),
Қызыл гүл ұялады сағағынан.
Миығынан жеген асы [124] белгілі боп,
Көрінер ішкен асы тамағынан.

Кигені жетпіс қабат хилла болар,
Қыз калпы қалыбында [125] күнде болар.
Болмаса Хақ жаратқан хор қызында,
Бұл сипат мұнан басқа кімде болар?!

Не кемдік, бар болған соң ұжмақтан жай,
Жаратқан осылайша жаббар Құдай!
Хилладан жетпіс қабат білінеді,
Жыландай ширатылып жілік[тен] май.

Мәжіліс көңілді ашар гүлстандай,
Болғанда өзі мұндай, жүріс қандай?!Сол салып алақанға жүрсең-дағы,
Білінбес ауырлығы бір мысқалдай.

Салайық сөйлеп-сөйлеп, сөзді шынға,
Қой-дағы өтірікті, ұмтыл шынға.
Бір жерге сөз аяғын әкеп қойған,
Парықтап (ғарықтап) сол, қырық түрлі, жалғыз қылға [126].

Бір емес, скеу емес, көп айтыпты,
Әңгіме еститұғын кеп айтыпты.
«Ләззаттың дүниедегі [127] тұрған жері
Нәрседе үш-ақ түрлі!» – деп айтыпты.

Әуелі жақсы болсын жатар орын,
Түзеп қой үй-жайыңды күні бұрын!
Хош науа, жақсы тұрар ләззатлы үй,
Адамның арттырады ақыл-нұрын.

Екінші, жақсы болсын ішер асың,
Ұмтылып шауып тұрсын ықыласың.
Бір жанды күтпегенде не қыласың,
Бар ма еді бір [128] жаныңа сол өз қасың?!

Естумен қанып мейірің, тойдың-дағы,
Бастадың әуел неге қойдың-дағы?!
Ләззаттың жалғандағы – тұрған жері,
Қатының жақсы болсын қойныңдағы.

Жай десең, сегіз ұрмақ бар-ды пейіш,
Тәтті десең, онда бар түрлі жеміс.
Сұлу десең, хор қызы және даяр,
Табылар тамам ләззат бір жерден – үш.

Қара көз ақ жүзіне жарасқаны,
Бірінен керек қылмас ол басқаны.
Бір кісінің басына бес жүз хор қызы,
Бірінен соң бірінің таласқаны.
Ерінбейсің, жалығып шаршамайсың,
Бір қалыпта тұрғаның, болмай кәрі.

Болады сонда жасың отыз үште,
Өзіңмен қатын құрдас – қыз он бесте.
Тәрік қып бұ дүниені кетер едің,
Уа, дариға, соның бірі кірсе түске!

Өлең бар, күй тартатын домбыра жоқ,
Басында әр қыздардың алтыннан шок.

Хор қызы екеу-екеу әнге салып,
Сайрайды сандуғаш пен бұлбұлдай боп.

Салады әр түрлі әнге, қылып сауық,
«Осымен жұбансын, – деп, – ол бір ауық».
Күй тартып тоқсан екі түрлендірсе,
Қаларсың елтіп сонда естен ауып.

Тартылар тағам болып, даяр пісіп,
Алдына даяр келер құстар ұшып.
Окиды хор қызлары әңгімемен,
Қиссасын Мәриям ана, сүре Жүсіп.

Болады күнде жас қыз кәрі қатын,
«Пейіш», – деп сонан қойған оның атын.
Ғайша анам пайғамбардан сөз сұрайды:
«Онда да бола ма, – деп, – ауыратын?»

Есітіп Ғайша анамыз күлімдейді,
Айтуға пайғамбарым ерінбейді.
Күнде қыз болғанымен, мұндағыдай,
Ауырып еш нәрсесі білінбейді.

Ғайша анам пайғамбарға наз етіпті,
Бұл сөзді құлағымен есітіпті.
Жас жасап, ғұмыр сүріп бұл дүниеден,
Есінен, естуменен, сол кетіпті [129].

Мен өзім өлең іздеп, жүдеп аздым,
Өлең түбін шешмадай мен де қаздым.
Ойланып өз бетіммен жазғаным жоқ,
Кітаптан: «Мұхаммедия» – көріп жаздым.

Кенесі жазушының осылайша,
Жігітлер, бұлқып өтсей[ші][130] асау тайша.
Жігітлер, бұ дүниеден желіп өткіл,
Жүрмегіл әр уақытта тіпті жайша!

А. Байтұрсынов өлеңдері

Оюын ойып [131].

Бегім Шайхының батасы

Абылай ханның заманында Бегім Шайхының батасы екен. Қажыға жеті барған кісі екен. «Жұрағаттары Мейрам елінде көрдік» – дейді.

«Шыбыш (Пейіш) Мерғараб» – деген араб жұртынан шыққан батыр екен. [Өз] атына медресе салдырған екен. Батыр болғанда, патшаның коменда[н]ты, әскербасы екен.

Алла құдіреті

Бір қиял: оң ба, теріс пе, – ол арасын құдай біледі [132]. Мен Құдайды «бір» – деп білемін, «күшті» – деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге: құлақпен естіген – танық, көзбен көрген – анық. Көзім көрмей, нанбаймын.

Құдай – қандай өзі, не нәрсе? Оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді. Сонда да: «Танымаймын!» -деп, тоқтап тұрып қалмаймын. Жаратқан нәрселерінен, Құдайлықпен қылған ісінен – барлығын, «бір»-лігін, күштілігін танып тұрсам керек. Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты, ағашты, шөпті, хайуанатты, – «Хақлық» – атанған нәрсе, – бәрін Құдай жаратты. Жексенбі күн – жерді, жерден өніп-өсетін нәрселерді [жаратты]. Дүйсенбі күн жексенбіге қосақталды. Сейсенбі күн: ай, күн, жұлдыздарды, көкте болатұғын мақұлықтарды; сәрсенбі күн сейсенбіге қосақталды. Бейсенбі күн – ризық, несіп: ішіп-жеуге, мінуге, киюге керектілерді жаратып [еді]. Алтыншы күн – жұма күн – Адамды жаратты. Алты күннен қалған дәнеңе (дәнеме) жоқ, бәрін жаратып болып, бұлттан шыққан күндей Құдай өзі жалт етіп, бір жарқ етті. Жанды – жансыз жаралған мақұлықтар бәрі көлеңкелі болды. Құдайдың барлығын – бәрі де сол көлеңкеден білді: «Бізді жоқтан бар қылушы біреу бар екен!» – деп. Күннің көзі жарқырап шыққанда, көлеңкесі болады. Сол көлеңке жоқ болғанда, қайда кетеді? Таудың [133] өзіне кетеді. Осы жүрген өзіміз – бір көлеңке. Біз жоқ болғанда, қайда кетеміз? Өзіміз қайдан көлеңке болып түскен болсақ, түскен жерімізге кетеміз.

Шағын шамалы ойдың жеткен жері – осы-ақ. Осы жоғарғы жақта айтылғандардың бәрі – Құдайдан басқа жасап шығара алмайтұғын нәрселер. Құдай жаратқан нәрседе мүлтік бар ма, кемдік бар ма?!

Құдай өзі де мінсіз жаратқан мақұлықтарын ерлі-байлы кылып, мұнан былайғының бәрін сол мақұлықтар жасап шығаратұғын қылды.

Көкалдаш салдырған кісінің аты Құлбаба екен. Заты Арғын екен, Ғабдолла ханның оң жағында тұратын уәзірі екен. Көшеде хан бәрі келе жатқанда, аттан түсіп алған екен – жерде жатқан бір пұлды.

– Бір пұлға неге түсесің? – дегенде,

– Дүние бір пұлдан! – деген екен. – Осыған бір медресе салдырамын! – деген екен.

– Сен осыған медресе салдырсаң, орнын ақшасыз беремін! – деген.

«Ханмен емшекті бірге емген» – деген – «Көкалдаштың» мәнісі. Бұ жерге аманат жазылып қалды.

Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік-ықтиярын мақұлықтарына берді. Адам ата, Хауа ананы Құдай жаратты. «Жұма күні жаратылған адам» – дегеніміз сол ғой. «Ол екеуінен туған Шишті Құдай жаратты» – деп айтпаймын. Неге десең, Адам ата, Хауа ананы түйістіріп, сүйістіріп, алыстырып, жұлқыстырып әуре қылмай-ақ, кеше шешесін қандай жаратқан болса, мұны да сондай жаратпай ма?!

Пенденің есі-күші, ақыл-ойы, өнері араласқан нәрсені: «Құдай жаратты!» – деп, айта алмаймын. Ондай нәрселер: «Жаратынды емес, жасалысқан» – деуге лайық.

Бірақ айтамыз: «Құдай шебер!» Шеберлігі сол – өзі жаратқан мақұлықтары бәрі жұмыста, қарап бос тұрған біреуі жоқ. Бір өзінен басқаның бәрі – жұп. Жұп болғанның бәрі ерлі-байлы болыспақ. Көзге көрінген нәрсенің бәрі бірінен-бірі тұтып (туып) [134], өсіп-өніп, қақтықпай, соқтықпай, өзі-өзімен әрқайсысы өз жұмысын жұмыстай бермек. Есебі күн-байы, жер-қатыны. Солай болған [соң]: «Көктен жаудырсын, жерден өндірсын!» – [дейді].

От, су, жел, топырақ, – бұл төртеуі – қатын. Бұл төрт қатынға бай болатұғындар: ай, күн, ғатард, зуһра, марных, мұшатары (мыштыры), зухал. Қазақ бұларды «Жеті қаракшы» – дейді. «Қаракшы» – деуі дұрыс-ақ. Өзге жұлдызда тыным бар, тынығу бар, бұл жетеуіне тыным да жоқ, тынығу да жоқ. Ай мен күннің қаракшылығы сол емес пе: бірі күндіз жортып, бірі түнде жортып, біздің өмір-жасымызы ұрлап жүрген осылар кім еді?! Жеті қаракшының біреуінің қасында көз жетер – жетпес бір кішкене жұлдыз бар. Қазақ айтады: «Үркер» – деген жеті

кыз екен, біреуін қарақшылар ұрлап алып кетіп, алтауы қалыпты. Сонан «Жеті қарақшы» – атаныпты – деседі. «Тағы біреумізді ұрлап алып кетер!» – деп, жаз шілдеде қырық күн көрінбей, жер астында жататын болғаны сондықтан болған екен!» – деседі. «Үркер жерге түссе, сиыр суға түседі» – делінген сөз бар. Жеті жұлдыз байы болды да, от, су, жел, топырақ қатыны болды. Төрт қатынға – жеті бай. Осы айтылған жеті ата, төрт анадан – үш бала туады. Араб тілінде: жамадат, набатат, хайуанат. Қазақша айтқанда: кен тасы, шөп-ағаш, жан иесі – хайуанат.

Осы жеті ата, төрт ана, үш бала – адамның денесінде «төрт бұрышы түгел». Міне, Құдайдың шеберлігі! Адамның денесінде ұсталар қолданатұғын сайманнан дәнеме жоқ. Былқылдаған еттен, қаннан, қақырықтан, қарақұрымнан, өкпе, құрсак, бүйрек, жүрек, бауыр, талақ. Осы айтылғандардан машина жасап, сол машиналармен пенделері өзіндей бір пендені жасатып шығаратұғын қылды.

Зейіні, пайымы, сезімі жеткен жандар Құдайдың шеберлігін, өзі қылған емес, өзгеге қалдырып қойған жұмыстардан танып: «Жарайды, Құдай болса, міне, осындай Құдай болсын! Құдайдан шебер кім бар дейсін?» – деп. Өз денендегі өкпең – Ай орнында, құрсағың-ғатард орнында, бүйрегің – зуһра орнында, жүрегің – күн орнында, өтің – марных орнында, баурың – мұшатары орнында, талағың – зухал орнында. Сендер осыларды «Бір-бір жапырақ ет» – деп, жүрсіндер ғой! Жок, жоқ, бұлар – ісмерлер, шеберлер. Бәрі жұмыс басында машинашылар: өзді-өзінің істеп тұратұғын жұмыстары бар. Дененің ішінде жатқан жеті ата – осылар.

Жел орнында – қан, су орнында – қақырық, от орнында – зерде, топырақ орнында – қарақұрым. Міне, дененің ішіндегі төрт ана. Бұл жеті ата мен төрт анадан туатұғын үш бала: қан, жан, ақыл [135]. Осы үшеуі бірінен басқа бірі бөлек те емес, тұтас бірге де емес. Түп тамыры, негізі – қаннан жасалмақ. Жүрек – күшті машинаның түп тұрағы: өкпе мен бауыр – жүректің қызметкерлері. Қан жүректе қайнайды. Жан деген – сол қайнаған қанның буы. Бу болғанда, жай бу емес, күшті, қайратты, катулы бу. Бұл будың қайнауының қызулы, күштілігінен электр сықылды жарық сәуле болуға жарайтыны миға қарай барып, «ақыл» атанады. Жарық сәуле болуға жарамайтұғыны бауырға барып, «қан» атанады. Жүректе қайнап тұрған бу «жан»

атанды. Тіршіліктің түп тамыры, қазығы – жүрек. Неше мүше дене болса, бәріне қызуы күш, қайрат жүректен бармақ. Жүректен соңғы қайратты машина – бауыр. Барша дененің тіршілігі – осы бауыр жұмысы. «Ас – адамның арқауы» – дейді. «Жүрек жалғайық, жан шақырайық»-дейді. Ішетұғын, жейтұғын қоректің адамға керектігі болған үшін айтылған. Ауыздан ішіліп, тамақтан жұтылған ас салған бойымен құрсаққа барады. Құрсақта да машиналар бар: қайнатып, қорытып, тортасын шек, бүйендерге жіберіп, төменгі жақтан жүрек айнырлық нәрсе қылып шығарып, қаймағын сүзіп алып қалады. Мұның тазалап алып қалғанын бауыр өзіне қарай тартып алып, бояу жасағандай, қан түсіне айналдырады (айландырады). Мұның былғанышты қаралтымын талақ өзіне қарай тартып алып, қарақұрым жасайды. Сарғылтымын өт өзіне қарай тартып алып, зерде жасайды. Енді қанда судан нәрсе қалған жоқ. Ол суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, жарамсызын сідік қылып, қуыққа жібереді. Қанның арамь кетті де, бауырда адалы, тазасы қалды. Бұл таза қандарды бауыр әр мүшеге үлестіріп, етке – ет, майға – май, сүйекке – сүйек қосады. Тамыр-тамырларға тарап кеткендердің дәнін, маңызды іске жарап орынға тұрғанын тамырларда болған машиналар қорытып, сүзіп алып, еркекте – асыл қазына – екі жұмалақ. Олар өзіне қарай тартып алып, бала болатұғын суды жасайды. Әйелдің екі емшегі өзіне қарай тартып алып, бала болатұғын суды, оған қорек болатұғын шұбапты жасайды.

Әйел мен еркек шапанның өңіріндей қабысып, бірін-бірі табысып, еміренгенде, еркекте бала болатұғын қозғалғанда, әйелдегі емшектен қозғалады. Атадан гөрі ананың балаға мейірімділігі – сол. Бір денеде екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Миға барғаны «ақыл» атанды, бауырға барғаны «қан» аталды, жүректің өзінде тұрып қалғаны «көңіл» аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы. Өзге дене – қара бұқара – народ жалпақ жұрт сықылды. Көңіл – бәрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы.

Бұл сөз – білімі бар, сезімі бар жанға айтылатұғын сөз. Білімі, зейіні жоқтағы ет жүрек – жаман үй. Мұндайлардың жанын «жабайы жан» – дейді. Тар ауданды, соқыр сезімді жабайы жаннан не шықпақ?!

Бір еркек, бір ұрғашының сүйіскендігінен, түйіскендігінен, алқынған-жұлқынғандығынан, «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» – бір су бала жататұғын жатырға барды. Оған астында жатқан әйелден де су араласты. Екі су бірігіп, қырық күн жас төлдің ұйып қалған сорпасындай көгілдір болып тұрды. Қырық күннен соң, қан түсіне айналып (айланып), қан болып қырық күн тұрды. Қырық күннен соң, былқылдаған кесек болып қырық күн тұрды. Жүз жиырма күннен соң: сүйек, сіңір (сеңір), тамыр, ет, май – бірте-бірте біліне бастады. Төрт айдың жүзі түгел болғанда, мүше, пішін тамам болып, жанды болуға айнала (айлана) басталады.

Әйелдің ішінде – жатыр. Жатырдың ішінде – «Баланың жолдасы» – аталған бір қалташа. Өзі бітеу, қатын босанарда пыс етіп жарылады. Қасында тұрған қатындар: «Құдай берді, Құдай берді, пыс жарылды!» – десіп, қуанады. Бала туған соң, кідірмей, о да түсіп қалады. Сонда түкпірде домаланып, тұншығып жатқан нәрестеге жан қайдан барады? Түзден кірді ме, болмаса, ақ найза кірген жерден кірді ме? Жоқ, жоқ, даладан ешқайдан келген жоқ. Өзі жасалғанда, бірге аралас жасалды. «Бес ай жанды, бес ай жансыз» – деседі. Жанды болған соң-ақ, тыпырлап буаз қатынның құрсағының ішінде о жағынан бір түртіп, бұ жағынан бір түртіп, тынышын кетіре бастайды. Және жанды болған соң, қорек болмайды. Оның қорегі – өзінің кіндігінің қаны. Өз кіндігін өзі сорып жата береді. Кіндіктен, қаннан басқа не болмақ?

Адамның денесінде болған қан – желден жасалатұғынын – мұнан байқа.

«Бір дем әрі, бір дем бері» – дейді. Осы екі демалыстың бірі тоқтап қалса, адам дереу өледі. Даланың воздух ауасы – демалыс жолымен ішке қарай кіреді. Қан түсіне айналады. Күллі денені аралап, тазалап жуып, қайтқанда, қара қан болып қайтып, тағы танаудан далаға қарай дем алыс болып, бұ шығады. Іште тамырларда жүргенде, қан еді, далаға шығарында жел болып шығады.

Адамның денесінде төрт түрлі тамыр бар. Қызыл тамыр, қара тамыр, [ақ тамыр] өң-түсі жоқ сезім тамыры, қызыл тамыр – таза қызыл қанның жолы. Қара тамыр – бұзылған қара қанның жолы. Ақ тамыр – мидан басталып, жұлын – тұта, қол-аяқтарға шейін аралайды. Бұл ақ тамыр телеграмма, телефон есепті: жүрек миға

бұйрық түсіріп, ми өзге денеге бұйрық түсіріп, ақ тамыр – почта: хабар катынастырып тұратұғын жол.

Осы сөзді жазуға менің жанымның делебесі қозып, көңілімді ұйытқытты. Көңіл миыма телеграм соғып, телефон қақты. Миым саусақтарыма: «Осылай жаз!» – деп ұғындырды. Солай болғаны үшін қаламды қолына ала салып, ойына келгенін қолым шатпалақтап, ақ қағаздың бетін кара сиямен [136] лаптап отыр. Бұған нанбасаң, оқу, сезу білмейтұғын бір наданның қолына қалам, қағаз бсріп: «Жазуындағы не?» – деп, мың жыл таяқта. Енесінің... да жазар ма екен?!

Ғылым, білімге ынтасы кетіп, миын көп жұмсаған жан – «ақ тамыр» болып кетеді. Сезім тамыры денесінде бар-жоғын жұрттын көбі білмейді. Даладан ішке қарай кірген дем алысы – қан болғанда, таза қызыл қан болып, миға залал келтіретұғын уларды жуып, тазалап, оның тазалауға күші жете алмай калса, ми бұзылып, паралич ауруға ұшырайды. Ол – аяқ-қолдың жансыз болып қалуы. Қазақ ит мұндайды: «Пері соқты!» – дейді.

Жалһос атаңға бір данышпан айтқан: «Ауа түзу – бұзылмаған уақытта – өзі жүруге жарамай жан арбамен болса да, күнде бір қабат таза ауада жүруді әдет қылсын!» – деген.

Айдай әлемді, жанды-жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған. Соның өзгесі де бір бас, жеке адам да бір бас. Осы дүниені адам көркейтпек. Құдайдың құдайлығын жұрт көзіне адам түсірмек. Ол алты күннен соң, Құдай денеме жаратпак еді: не болса да, сонда мүкі-тақы қалдырған дәнемесі жоқ. Дүниеде не тамаша, не өрнек, – бәрі адамның денесінен алынған. Буда күш барлығын, денеде жан күшті бу екендігін сезіп, аңғарып, отарба, от параходтарды жасаған. Кәне, осынша өнер аспанда құс болып ұшып жүр, суда балық болып жүзіп жүр. «Соның бәрін Құдай жаратты!» – дейсіңдер ме?! Бәрін де адам жасап шығарып жатыр. Үй қарағаш талының (қалың) жиі, көптігінен, – түтіннен басқа көрінбейді. «Соның бәрін Құдай жаратты!» – дейсіңдер ме, бәрін адам егіп шығарған. «Осы көрініп жүрген түкке тұрмайтұғын жамандарды да Құдай жаратты» – дейсіңдер ме?! Жок, жок, бірінен-бірі қалай болса, солай, балалардың құдық басында ойнап жасаған балшықтары сықылды болып шығып жатқандығы – сол көрінбеген Құдайдың не қылып, не қойғанымен жұмысымыз не? Жокты бар қылды. «Барды тып-типыл

жоқ қыламын!» – десе, күші, шамасы келеді. «Бар қылған өзің едің ғой, енді неге жоқ қыласың?!» – деуге тіліміз келмейді. Не қылса, көндік, бас шайқар шамамыз жоқ.

Көрініп тұрған Күннен, Айдан біраз әңгіме сөйлейік. Күн – айдай әлемнің патшасы, басқа жұлдыздар – күннің қара бұқара, әскері есепті. Ай – күннің уәзірі. Сондықтан «Ай мен күндей, // Әмбеге бірдей» –дейтұғыны – сол.

Ғатард деген жұлдыз – хатшысы. Зухра деген жұлдыз – ойыншы, сырнайшы, сауық жасайтұғын өнерпазы. Марих деген жұлдыз – әскербасы, комендант, қылыш ұстайтын батыры. Мұшатары деген жұлдыз – қазы, биі, төрешісі. Захал дейтұғын жұлдыз – казначейы.

Жұлдыздар да өзіміздей мақұлық: он екі шаһары бар, жеті патшасы бар. Біз қандай туып, өсіп-өнсек, олар да сондай: туып, өсіп-өнеді. Жеті патшасы – жеті көкте жалғыз – жалғыз. Көдедей көп жұлдыздар жеті көктен әрі сегізінші қабат көкте ең бізге жақын Көктейден басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы, жақындығы – өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы Күннен алып, жарқыраған есеп тұр. Өзі бір қалыптан өспейді де, өшпейді де. Оны бірде ірі көрсетіп, бірде қылтиып қылдырықтай көрсетіп тұрған – күн сәулесі – патшалары қол астында болған он екі шаһарды аралайды.

Зухал бір аралап, қайта оралғанына отыз жыл толады. Жүрісі шабан, мінезі ауыр, жылылықтан құр алақан суық жұлдыз, тамам жұлдыздың жасы (иасы).

Мұшатары – бір аралап қайтқанша он екі жыл толады. Өзі мейлінше жылы, мейірімді, табанды, тұрақты, жетеуінің ішінде сүйкімді, жұғымдысы.

Марих – ашулы, қаһарлы: патшалардың бас кесетұғын жендеттеріндей болса керек.

Күн он екі шаһарды үш жүз алпыс бес күнде бір аралап болады. Сол үшін үш алпыс бес күн «бір жыл» – деп атанды.

Зухра-мұның жүрісі де бір жыл. Ғатард – мұның жүрісі де бір жыл. Ай он екі шаһарды жиырма сегіз күнде бір аралап тұрады. Бір күн-үйінен шыққан күні, бір күн – үйіне қайтып түскен күні. Екі күн жұртқа көріне алмай, өзінде дәнеме жоқ, Күннен алған көтермені тауысып келді. Аспан, көкте тұрған Ай, Күн, жұлдыздардың адам

балаларына қатым-қарыс араластығы болады. Қыз алып, қыз беріп, құдандалығы болмаса да, өзге үйір-шүйірлігі мидай аралас. Бала болатұғын су қатынның жатырына барғанда, оған зухал шап ете түсіп, бағу-қағуына алады, қан түсіне айналдырады (айландырады). Қырық күннен соң мұшатары шап ете түсіп, ол бағу-қағуына алады. Ол ет қылып жасайды. Қырық күннен соң марних шап ете, сүйек жасауға ыңғайланады. Жүз жиырма күннен соң, күн араласып, сурет қылуға ыңғайланады. Зухра күн астында жүріп, ойын-күлкі, сауыққа ыңғайлы қылуға тырысады. Ғатард – өзі – хатшы: білім, сезім жағын айла тәубесі. Ай қолына келген соң, бұл дүрілдетіп, өстіру-өндіру жағын шапшандатады. Жарк-жүрк жалған дүниенің жүзіне шығуға асығып, ананың [ішінде] бүлкілдеп, тыпырлап, асығыстықпен алты айды тамамдап, ай құшағында туатұғын балалар болады. Дәл алты айлық баланың кемдігі, шалалығы болмайды. Жеті айлық болып туса, оның да кемдігі, шалалығы болмайды. Жеті айдан асып, зухалға қарай келсе, оның өстіру-өндіру жағына жай-жағдай аз. Сегіз айда туса, бұл бала болмайды. Жаман жағдайсыз кісінің қолына түсті. Сегіз айдан ... (аяғы сақталмаған).

Күнтізбе деректері

1928-інші жылында ғинуар басы – жексенбі болды. Февраль басы сәрсенбі болды. Ескі ғинуар басы – сенбі. Мұның сегізінде «Күн дәлубір» және енді. Бұл дәлудің он бесінде аю ақырып айналады (айланады), – ол-ұйықтағаны. Сонан соң «Арам аң» ұйқыға бастайды.

Февральдің жетісінде «күн хот бір» және енеді. Февраль биыл жиырма тоғыздан бітеді.

1928-інші жылында ескі февраль басы – сенбі, жаңа февраль басы – сәрсенбі. 26-ыншы февраль, дүйсенбі күні – күн хот (кұт) бір және енді. Күн тұман болып, жылы болды. Мұнан былай он бес күнде Аз кіреді. Бұрынғының: «Аз болмай, мээ болмас» – дейтін күні.

Қыс токсаны құрып, суалып, баһар токсанының басы бастанған күні – «Бала наурыз» атанған күн. Ескі февральдың 22-сі болады – «Азымыздың» кірісі.

1928-інші жыл март басы – бейсенбі, апрель басы – жексенбі. Он төртінші күні – сенбі-ескі апрель басы. Мұның жетісінде жұма күн нұр кіреді. Перуай май сенбі болады.

«Сайын батыр» жыры

(екінші нұсқа үзiгi)

Қарағай түбі – қара өлең [137]

Қазанатым жер ме екен?!

Араннан келді бір әуез

О да мендей тарығып,

Зарлы болған ер ме екен?!

Артымда қалған көп қалмақ

Сайын сынды батырды

«Қашып кетті!» – дер ме екен?!

Қырық жігіт, сені ертіп ап,

Ергенде Қобылан соңынан,

Мен шықпаған екенмін

Жұлдызымның оңынан.

...Қарағайдан табытын

Бскем етіп сайласып,

Таңдап мінген қара ала ат

Басына мықтап байласып.

Қалмақ көрмес орынға

Ер Сайынды жайласып.

...Қырық жігіт кетті қыр асып,

Еңіреп, қимай жыласып...

Қарғымпаз, һәм әдепті ат туралы

Бұхарай-Шәріп пен Самарқанд арасындағы қыстақтардан (қышлақлардан) Абдираманик тартар деген қарақалпақ көпкәрі Базылықта мәшһүр болғаннан кейін, Әмір Бұхара, Әмір Насардин (Насаралдин) Батырхан шақыртып алдырып көріпті. Өзі шаршы ғана

тығыршықтай, ұзыны мен көлденеңі бірдей жігіт екен. Атын көрсе, аты тобылғы торы, керген төстіктей ықшамды, камшының сабындай қолайлы ғана жылқы екен.

– Бұл атынның не өнері бар? – дегенде,

– Таксыр, атымның атасы – төрт баксалы дуалдың ар жағына бір қарғып, бер жағына бір қарғып түсуші еді. Анасы (енесі) һәм сондай қарғушы еді! – дегенде, хан күлді дейді.

– Ақымақ қазақ, «Атаға тартып, ұл туа ма?!» Хайуан мал түгіл, біздей так үстіндегі ханлардың да өзіне ұқсап (ұсап) бала тумайды, – дегенде.

– Таксыр, «Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ». «Сөзге сөз келгенде, сөзді айтпаса, сөздің атасы – өледі» – деген кеп бар. Өзім өлсем, өлейін, сөз атасын өлтірмейін. Сізлер он қатын, жиырма қатын аласыз. Өздеріңіз (өзлеріңіз) бір жакка қосынға шығасыз. «Артымыздан айымларды арбамен жеткізсін» – деп, серкерлерге тапсырып кетесіз. Онан соң ол айымларды айсыз қаранғы түнде арбаға салып, арбакеш... лармен топ-топ қылып, тізбек – тізбегімен жөнелтеді. Екі ортада олар симей ме, тышпай ма? Арбадан түседі, арбаға мінеді. Сонан соң түсе алмай жатқаны болса, түсіреді. Міне алмай жатқаны болса, мінгізеді. Бір сағатта жете қоятұғын жер емес. Қонады, түстенеді. Еркектің қолы киімінің сыртынан тиген соң, ұрғашының денесі сүйсінеді. Киімінің сыртына[н] қолы тиюмен еркектің денесі сүйсінеді. Бірінен-бірі ләззат алады. Нәпсі ғалыптыкпенен өзіне-өзі ие бола алмай қалады. Сонан соң, таксыр, ол айымлардан туған балалардың атасы «айсыз қаранғы түн» болады.

Атасы «айсыз қаранғы түн болған соң, Құдай білсін, онан туған бала «Әлде кім» болады. Менің атымның атасы һәм түнекте тұрады, анасы һәм түнекте тұрады. Екеуі бірін-бірі көрмесе, жем мен су берген мені көрмесе, онан басқа мақұлықты көрмейді. Сол екеуінен туған құлын атасы мен енесіне (анасына) тартпағанда, кімге тартады дейсіз?! Нанбасаңыз, атымды төрт бакса дуалдан қарғытып көріңіз. Айтқаным келмесе, міне басым дейді – дейді.

Сонда хан бір қызарып, бір куқыл тартты:

– Өзің мін де, төрт бакса дуалдан қарғыт. Атың айтқанындай болса, сөз сенікі. Болмаса, басыңды аламын! – деген соң, Абдираманик тартар:

– Құлдық, тақсыр! – деп, ұшып түрегеліп, атына мініп, ұзын кезермен (кендірмен) атына қамшы басып, зырқыратып ағызып келіп, «Мешітпиян» – деген мешіттің басқасынан атып, ішіне түсті. Сол екпінімен және қайтып атып, сыртына түсті. Хан башлық, һәмма халайық қайран қалды дейді.

Сонда ханның бір кеміткені:

– Қанша айтса-дағы хайуан да, – дейді.

– Тақсыр, менің атымды «хайуан» – деп айып қоймаңыз. Әдепкершілікте Бұхараның қызынан әдепті, – дейді.

– Не әдебі бар? – дегенде,

– Күні-түн ұдайымен жүрсем, һәм өзіне сиіп-тышуға лайықты жер кез келмесе, бұл казарыңызға, тойхананың адам отыратұғын миданына симейді, тышпайды. Бұхараның желге, күнге тигізбей, құстай желпіп, алақанына салып аялап отырған қыздары құлмен, құтанмен өзін-өзі былғап (бұлғап), әуре болып кете береді, – дегенде, ханның жаһайы келді:

– Міне, мен астына кілем төсеп, бір күн, бір түн қояйын. Соның үстіне сисе, тышса, қайтесің? – дейді.

– Төсеп қойыңыз, уағдамыз бір күн, бір түн болсын. Онан артқыға тілсіз хайуанға зорлық болар. Егер бір күн, бір түн қойсаңыз да, соның үстіне сисе, тышса, міне, басым, тақсыр, алдыңызда ойнатқан добыңыз болсын! – дейді.

Сонан соң хан өзінің арығының (әрігінің) ішіне кіргізіп, тахытының алдына қымбат баға кілем төсетіп, Абдираманик тартардың торы атын байлатып қойдырды.

Бұл күндіз бесінде байлағаннан – ертең бесінге шейін тұрды. Жануар не жатпады, не пысқырмады; биттей бүлк етпеді. Ертең[гі] уақытына шейін симеді, тышпады, тұрғаннан тұрды да қойды дейді. Сонда мезгілінен асып бара жатқан соң, жануарға рақымы келіп:

– Босатыңызлар енді! – дегенде, атты босатып, әріктен (арыктан) алып шыға бергенде, есіктен былай шықсымен, ат қан сиіп жіберді дейді.

– Пәлі, ат болғанына! Пәлі, баққан адамына! – деп, хан сонда қайыл болған екен.

– Енді бұл аттың шабысы қандай? – дейді, дейді.

– Тақсыр-ай, бұл атымның не шабысын сұрайсыз? Міне, жақсы иман-Абдираманик тартар, – дейді. Мәнісі – қолыма көкпары тиген соң, ұшқан құсқа да жеткізбеймін. Алып келіп мерекеге саламын. Өзім мұның үстіне мінгелі ешкім қолымнан көкпары алып көрген жоқ, – дейді, дейді.

Хан сонда садта ерігіп тұрған байлаудағы түрікпен арғымақлары мен шабандоз серкерлерін шығарып қолдарына беріпті.

Серке беріп, осы арықтың (арикдің) алдынан шапқаннан Қожа Баһаудиннің (Баһауалдиннің) мазар басыға шейін барындар. Сонан бері қайтып, қай алғанын менің алдыма алып келіп салындар! – деп, «Сен тұр, мен атайын!» – деген жігіттерін сайлап, не ығай мен сығайды мінгізіп, көкпары базлыққа шығарды. Сонда өзі арықтың үстінде көзіне дүрбі қойып, қарап отырды. Бұхараның еңкейген шалы, еңбектеген жасы тайлы-таяғына шейін қалмай, тамашаға шығып тұрды. Шабандоздар серкені алып, шауып кетті. Бірінен-бірі алып, кімнің кім екенін, кім алып, кім қойып жүргенлігін адам білмейді. Хан дүрбімен көріп отыр: Абдираманик тартар шапқан да жоқ, серкені ұстаған да жоқ. Бір уақытта хан шапқыншы жіберді:

– Абдираманик тартар шапсын: атының қашқырлығын, өзінің шабандоздығын бізге көрсетсін! Болмаса, Бұхарадан бәдір қыламын дейді – дейді.

Сонда шапқыншы бұл хабарды барып, жеткізген соң, Абдираманик тартар елден аулаққа шығып, жынды кісідей айдалада жүріп, атын ұрып сабап, ашындырып, ойнатып-ойнатып, аузынан ақ көбік ағып, бұрқылдаған мезгілде көкпары шауып жүрген көптің ішіне кіріп кетіп, жерден бір нәрсені іліп алғаннан оңай, жұлып алып кетіп, Мазар Шарифке қарай көсілтіп шығып кетіп, шабандозының бәрін бір араға алып барып, үйіп-жиып тастағандай қылды да, атының басын бұрып, шаһарға қарай ағызғанда, көрген көрді, көрмеген көрмей қалды. Қызылбас мылтық оғындай атылып, Алла пана берсін, жолында адам тұрса, басынан қарғыды, дуал болса, үстінен қарғыды, Жалғыз жанның бір жеріне қолы тимек түгіл, көбінің көзі түсе алмай қалды. Ағызған бойымен алып келіп, арықта (әрикте) отырған ханның алдына әкеп салды дейді.

Сонда хан:

– Пәлі, атына! Пәлі, қолына, пәлі сені тапқан қатынға! – дейді, дейді.

Алдына шақырып алып:

Пәлен қышлақты берейін, соған хукімет қылып, маған жігіт (нгит) болып тұр!-дейді, дейді.

– Таксыр, ғарыз! – дейді.

– Айт! – дейді.

Бұл Абдраманик тартардың руы-туғандары ақымақ екен-лер. Жыл сайын Батырхан рiтiрет тауып (тап) демес, «Шаһарды барып, басамыз!» – деп, гүлдеседі екен. Соны Батырханның жансызлары айтып барады екен. Әр жылда шығып, бұлардың кетте-кеттелерін сойып, жібереді екен, сонан соң жым болып басылып қалар екен. Өздеріне әуелден әдет болып кеткен мінез екен.

– Таксыр, өзіңіз білесіз. Біздің жұртта бір ауру бар дауасыз. Әр жылда пітірет тауыпты. Шаһарды барып талаймыз! – деп, гүлеседі. «Қойындар!» – десем, тіл алмайды. Онымен қолдарынан дәнеме келмейді. Өздері сөйтіп гүлесіп-гүлесіп, көтеріліп, өзіңізге мағлұм, тектен-текке набуд бола... береді. Онысы өздеріне бір қарғыс кеткендей мінез болып қалған. Сонысына ашу қылмай, етігімнің тілімен ұрады: өзі ұрады, өзі қояды, – деп,-надандықтарын гафу қылсаңыз, мұнан былай ондай қолынан дәнеме келмейтін наданлығына олар[ды] өлімге бұйырмасаныз екен. Өз үйінде тұрысып, ... ақ қазылған жолымда шашылған... [Ескерту: әрі қарай әріптері өшкен, көрінбейді. -Л.Ж.]

Мәшһүр-Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені

(екінші нұсқа)

Қолыма хат жазғалы алдым қалам [138],

Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам.

Қалдырып құрбыларға өрнек үшін,

Кетейін бір сөз сөйлеп, келсе шамам.

Не келер қанша айтқанмен біздің қолдан,

Жазуы бір Алланың – не дүр шамам?!

Истемей ауыр жұмыс жүрген басым,
Тауына Кавказ арман (армян) қалай барам?!

Қойша иіріп пирозга (призывка) қамағанда,
Аққан жас екі көзден тарам-тарам [139].
Орыстан құрық түсті басымызға,
Жан сақтап, паналауға қайда қалам?!

Еш лаж (ғилаж) қолымыздан келмеген соң,
Қарата Керекуге бастық қадам.
Он тоғыз – отыз бірмен сорымызға[140]
Айтқаны болды ма өтірік хадис-қалам?!

Біреу-бай, біреу-нашар, біреу – жалғыз,
Үштен бір, аяғанмен, қалды ма адам?!
Бір үйден тегіс кеткен үшеу де бар,
«Патшадан льгот бар», – деп, болдық алан.

Үйден бір қадам басып шыққан соңғы
Немене, көрген күнім, бәрі қараң?!
Мысалы ақыреттің тозағындай,
Жарқ етіп шығып жатыр қалған адам.

Солдаттар иіріп қамап айдағанда[141],
Құр сұлден, жүре алмайсын басып қадам.
Бізді-онда, үйді мұнда аман сақтап,
Көруге жазсын аман Құдай тағалам!

Жел тимей, күнге күймей жүрген басым [142],
Қор болып ғазиз тәнім, қайда барам?!
Жинаған комиссия баршамызды,
Қол қысқа, ойлағанмен, келмес шамам.

Түз-несіп басқа жерден бұйырып тұрса,
Кетеді жер түбіне жігіт адам.
Алланың рахматынан үмітім (эмидім) бар,
Шын болса Ғаршы-Күрсі лух-элхам.

Жаратқан соның бәрін жалғыз тәңірі
Бір тамшы судан бізді қылған адам.

«Бір хабар жақсылықтан бола ма?!» – деп,
Дуанға дамыл таппай күнде барам.

Теп-тегіс қор болдың ғой күллі қазақ,
Ішінде жоқтығынан бір басты адам.
Бай қалды, жарлы кетті жылай-жылай,
Дүниенің жоқтығынан боқтық арам.

Бес теңге берген жанлар қала берді,
Мен кеттім жоқтығынан бірер қарам.
Итке сүйек тастасаң, алданады,
Сүйекті итке тастар қайдан алам?!

Мен оған ар қылдым да, жүре бердім:
«Берсін, – деп, – өзі қуат Құдай тағалам.
Тағдырдың кермесіне кез болыппын,
Дәрмен жоқ үзіп кетер, не дүр шарам?!
Басыма бұдан бұрын қалған орнап,
Таудан – зор, тастан қиын бар бір жарам!

Құрбылар, қиын екен ойнап-күлген,
Бас қосып бір табақтан жеген тағам.
Жақсы күн тумай тұр ғой қалғанға да,
Айырылып қызық көрер заманадан.

Жарқырап ай мен күндей келер едік,
Құламай аман өтсек, бағанадан.
Не болар артта қалған үйдің іші,
Тұрған соң бала айырылып ата-анадан?!

Шешем үйде жоқтығы ойға түсіп,
Қаңғырып жүре бердім айдаладан.
Шығарып салған бір жан жоқтығынан,
Жөнелдім жұрттан бөлек, батып қарам.

Тетелес қарындасым Әмина-жан,
Айтайын саған енді кімнен сәлем (салам)?!
Екеуміз бір ұяда қалып едік:
«Тұрар – деп-қылып дуа!» – ойыма алам.

Біз үшін кім жыласын, кім езілсін,
Суға ақтық толқынында шөп-шар, салам?!
Кереку алыс жер ғой жер түбіндей,
Баяннан жөнелтерлік болмады адам.

Төрт бөліп түн ұйқысын тұратұғын,
Қайтейін жоқтығың-ды, қайран анам!
«Әкенің ең жақсысы – жездедей» – деп,
Соны айтқан бұрынғыда әулие адам.

«Дуасын көпке қылған аямас!» – деп,
Жадыраса, жарылқанып барша ғалам!
Жай-күйі, жетімдігі түссе есіме,
Дал болып айран-асыр (хайран-асыр) естен танам!

Балалар, артта қалған, ал есіңе,
Дөкейі «жеті жетім» – қандай адам?
Жетімдік – пайғамбардың бір мирасы, –
Демесем, сөйлей берсем, шаршап талам [143].

«Үй іші артта қалған не болар?» – деп,
Әр түрлі ойға түсіп, кетіп барам.
Хабарсыз, дәнемеден уайымсыз
Кез болып жүрген күнде алаң-салаң.

Қам қылмай өз басыма кеткендігім,
Бір жұмыс басын ұстап, болдым алаң.
Түсіріп баршамызға қызыл билет,
Ауылнай дүнк-дүнк етер, жалаң-жалаң.

Он тоғыз-отыз бірді список қып,
Жібермей қамағанда, толған аран.
Кедейлер, арманың жоқ, баймен бірдей,
Бөлек қып, жұмыс бар ма алалаған [144]?!

Болыстар байды іріктеп алып қалып,
Кедейді бірыңғай ғып саралаған.
Жарлыға бұ да тиген дәурен шығар
Көшені патша жүрген аралаған.

Шын қиын бәрінен де мынау болды,
Ал енді жай-күйіңе қарамаған.
Тұрмайтын ұйқың қанбай боздақтарым,
Тұрдың ба алаң қарак сары таңнан?!

Торланып талай жалғыз, талай маңғаз,
Асаулар үзіп торды қала алмаған.
Құнымыз біздің аттан оңай болды,
Жаксы атты еріксіз орыс ала алмаған.

Келуге, жазсын Алла, жігіт-жасты,
Аллаға шын сыйынған құр қалмаған [145].
Бұл дүние бір қараңғы болды тұман,
Жүре алмай, жұрт адасты ақылынан.

Қайтеді ақшасы жоқ кедей сорлы,
Қам қылып ат пен тонын ала алмаған?!
Жас бала жол көрмеген [146] боздақтар көп,
Аяғын бұрын қадам сала алмаған.

Ажалдай еріксіз айдап, ұшырып жел,
Шегініп ешбір мойын қала алмаған.
Мақал бар: «Аз сөз-алтын, көп сөз – көмір»,
Мұны[мен] сөз аяғын тамамдаған».

1916 ж.

Кенесары жорығына қатысты төртінші дерек

Дулат Қырғызға қарай қашты, Кене қолы Сарыарқаға қашты [147].

44 мәтін [Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда]

Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда, Айдабол – Баян, Көшен дегенді олжалап алып келген [148].

Мәшһүр-Жүсіпке Б. Юсупханов хаты

Қадірлі, дұғағөй, тілеуқор моллске, бізден амандық хабар білмек болсаңыз, денсаулық пен пірлердің шарапатының арқасында «Бір Құдай!» – деп, жүріп жатырмыз. Жазғы Керекү қаласының тұрмысы өте ауыр болады ғой, күзге қарсы болмаса. Сондықтан осы кезде тіпті

жаман болып тұр. Оқуымыз 20-ыншы июльден басталды. Сонан кейін жанаша 5 – сентябрьде оқу тоқталып, аман болсақ, елге қайтпақпыз.

Зияш Алдабергенұлына өзім әдейілеп барып, Әбіш қожаның үйінде 4 сағаттай сөйлестім. Айтуға тұрарлық сөз жүйрік өзінде біздің жігіттердей үлкендігі жоқ екен. Сіз берген сөздер «Кітап болып басылатын болды» – дейді. «Кенесары, Наурызбай» басылатын болып сыннан өтсе керек. Өзіне: «Қайтадан жанаша қотарып бер» – деп, берсе керек. Оны өзі жанаша жазып жүрген көрінеді. Зияш үйезде[н] – үйезге шығып, «Еңбекші қазақ» – газетін тарату туралы сөз сөйлеп, доклад етіп жүрген түрі бар екен. Сонымен Зайсанға шейін барып қайтпақ. Өзі: «Бірінші сентябрьге барып, Керекуге қайта келермін» – деген ниеті бар көрінеді. Зияштың сізге берген [ама]натын Тапақ баласынан беріп жібергенмін.

Енді амандықтан басқа айтар бөтен сөзім жоқ. Оқуымыз күніне 6 сағаттан болады. Таңертенгі 9-дан бірге шейін, кешкі 4-тен 6-ға шейін, оқытушы мұғалімдер – үшеу. Бірі – Қаптай-Шайман баласы Бауыр. Бірі – Семейлік. Біләл Көктаста қызыл әскер қызметінде ойнап жатыр. Жалпы мұғалімдер пәтер мен тамақ, жатқан үйінен – соған бір айға 15 сом беріп тұрып жатыр. Барлық расход сол үйден болмақ. Менің барлық газеттерімді өзіме түгел жинаттырып қойыңыз: «Еңбекші қазақ» пен «Қазақ тілі» болсын, тағы басқа келген кітаптар болсын.

Уәлихан Омарұлына Керекуде жолығып, амандастым. Ташкеннен екі ай болса керек. «Енді Керекуге қызмет істеймін» – дейді.

Мұндағы ағайындар тегіс аман көрінеді. Өтебай молда деген өлді. Мұндағы Акбетта[у]лық 13 мұғалімдер тегіс аман оқып жатыр. Қош, сау болыңыз. Хат жазсаңыз, адресім мынау: Кереку үйезі, Павлодар, 1 май, 87 үй, Б. Юсупханов.

Бекмұхаммед Табан молла баласына аманат

«Түккәнүт галиалла» – деп, «Хайуанға ауырлық тимессін!» – деп кетті[м], аманат қойып Бекмұхаммед Табан молда баласына – «Мес» кітап – екі мәжмеға үшін арналып сақтаған қағазлар ғайыры нұсқалар. «Аманат аман сақтайды» – деген еді. «От ішінде макта, // Мактадан Құдай сақта!».

Иа, Алла, өрісімізді, жүрісімізді, үйдегі – түздегіні пәледен – қағыс, апаттардан халас қылып, есен-аман, ойын-күлкі, ажарлы жүз, жаркылдаған кабақпен көрісуді несіп қылғай еді! Әумин! Бір мың тоғыз жүз жиырма төртінші жылда «Ескі шап» пен марттың жиырма екісі, жұма күні, тышқан жылы «шағбанның отызы» – делінген күн. Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласы – аманат қойылған кітаптар. Несіп қылып ала қалсам, аманат, ала алмасам, – «Аман жат».

Мәшһүр-Жүсіпке Шайым Нұғманұлының өлең хаты

Бисмилла – әрбір сөздің болсын басы,
Бейнамаз, надан адам – діннің қасы.
Моллеке, құзырыңызға қалам тарттым,
Кеткен соң көңілімнің ықыласы.

Алсалам ғалейкум тақсыр сізге,
Файыпқа бұйырманыз енді бізге.
Өтініп кішіклікпен сөз жазайын,
Жаратқан Құдай артық өзіңізге.

Бір зәрре ілтипат қып ескеріңіз,
Айтылған кәріптікпен (ғарибтікпен) сөзімізге.
Есітіп сыртыңыздан данқыңызды,
Көруге болдық құмар жүзіңізге.
Ғылымға бек ыждаһат жаһатландым
Жеріме келген кәміл кезімізге.

Ғылымға ықыласым бар талап етер,
Жан бар ма бұл заманның сізге жетер?!
Шошынып күн бұрыннан бойын сақтап,
Ғалымлар сізді көрсе, шошып кетер.

Бұлбұлдай сайрадыңыз жұртқа жағып,
Суата боп, әр тараптан бұлақ ағып.
Орнаған көңіліңізге жанған фонарь,
Шошынбас көрген пенде мұнан не ғып?!

Артылып сан жүйріктен озып шықтың,
Құданың (Құдайдың) рахматына жүзіп шықтың!

Шығарып тосыннан сөз тарау-тарау,
Қақ жарып, мөлдір тұнық бұзып шықтың.

Қалам ап, біраз сөздің қостым басын,
Құдайым сізге берген дүрдің тасын.
Шырын боп ауызыңыздан (ағзыңыздан) шыққан сөзін,
Түсірдің халық-жұрттың ықыласын.

Шүбәсіз заманыңнан асып кеттің,
Көңілің қандай жүйрік басып кеттің!
Құданың берген бағы тұрған шақта
Таусылмас бұлақ болып тасып кеттің!

Жалғанда, сіз – бір гауһар түспес қолға,
Қарамас ақымақ адам қадір пұлға.
Дүниеде не бар, не жоқ, – бәрін білдің,
Сайратып, тамаша айлап оң мен солға.

Сіз – бір шам: май тиместен, жанып тұрған,
Хабар ап әрбір тұстан, қанып тұрған.
Данышпан, қандай дана болса-дағы,
Ере алмай шаңыңызға қалып тұрған.

Ілтипат, керек қылмай ешбір жанды,
Мейлі бай, мейлі төре, – патша, ханды.
Қозғалып өз орнынан, тоқталмастан,
Дүр дана өнеріңіз майсыз жанды.

Жанып тұр сіздің фонарь майсыз, шамсыз,
Жаралған абзал болып сіз бір жансыз.
Бұл дүние өз алдына тұра тұрсын,
Күнінде ақыреттің патша, хансыз.

Аралап дүние жүзін, жиһан кездің,
Қалмаған жері бар ма сіздің сөздің.
Жанған шам көңіліңізге орнаған соң,
Керексіз қылып тастап, малдан бездің!

Тәмамлап дүние жүзін, Бұхар бардың,
Келгенде қызыл тілге, топты жардың.

Көрінсе қайда кәріп, көз саласыз,
Жоламай: «Бай екен, – деп, – малы бардың».

Сіздердей жаратылған дана қайда?!
Бір зәрре болар ма екен бізге пайда?!
Үміткер мен бір кәріп болдым саған,
Сіз бұлақ – ағып жатқан терең сайда!

Сіз-ағаш: жемісі көп миуа дарыған,
Ғаділ боп Ғұмардайын «қылды жарған».
Ұшырап ит дүниенің жығасына,
Жасымнан құтылмадым қайғы-зардан.

Қағазға сыйып кетпес сіздің жұмыс,
Осымен қалам тоқтап, болсын тыныс.
Кәріпке шын мейірбан (маһарбан) қайырың болса,
Оқытыңыз яки бір жыл, яки бір қыс.

Ағамыз молда Жүніс өтіп кеткен,
Пәниден дем таусылып, қаза жеткен.
Тұруға бұл дүниеге ғұмыр аз боп,
Құдайым о дүниеден несіп еткен.

Нағашым-Ғабділхамит, атым – Шайым,
Көңіліме әр талаптан түсті уайым.
Халімді қағазбенен жаздым сізге,
Боп жүрген осылайша менің жайым.

Шайым Нұғманұғлы.

13 мәтін. Сахаба ұрпағы (3 үлгі)

Хазірет Әнес ризаллығына тарайтын нәсілі [149].

Кейінгі заман адамдары туралы

Қазақтың бұрынғы орысқа қарамай, өз еркімен жүрген замандарында кешегі Арқаның ескек желі желкілдеткен Абылайдың ала туының астына жиылған жер қайысқан қол қайда?! Оның орнына бұл күнде күңгірт пішінді, қоңыр момын, қайыршының қабынын

түбінде қалған, ұшынған сорпа, қағынған ет сықылды қап түбінде қалған кара пейіл байлар жүр.

Кешегі ұраншыл ел, аламаншыл батырлар қайда?! Оның орнына қараңғы түнді жамылып, ағайынның малын жетектесуді өнер қылған қорқақ ұры жүр. Кешегі сарнаған кобыз, тамылжыған шерлі сыбызғы, күніренген домбыра, ақылыңды үрлейтұғын өлең, жыр, ән, күй қайда?! Оның бәрі өшкен, жоғалған.

Бүгінгі дала жым-жырт, мұнлы, жүдеу. Кешегі сері жігіт, ерке акын, ән шырқайтын азамат жоғалған. Дүниекоңыз қулардың құлағы қаяуланғандықтан. «Лениншіл жас» журналының 59-ыншы бетінде Дарвин сөзінен алып жазған сөз. Ол Дарвин айтады: «Балалар ішінде атасынан сәл де болса, артығырақ туғандары болса, бұлардың балалары да бабаларынан артық болып шығады, балалары да осылай болады. Онан әрі де осылай болады. Сөйтіп «Нәсілге тарту заңы» бойынша балалар атасына тартып, атасының артықшылық қасиетін ұстап сақтайды, көбейтеді, молайтады. Тұрмыс тартысында атасының жаман қасиетін ұстап қалғандар жоқ болып кетеді».

Бұл құлақ естіген. Құлақ естігенді көз бір көрмек. Көзбен көріп, бастан кешіргенді жазамыз.

Өз әлінше әкесінен бірге туысқан бауырларынан Көпей деген кісі артық туды. Тілеуімбет деген бір тайпа елде мұндай болып туғаны жоқ. Ол Көпейден туған Мәшһүр-Жүсіп. Осы сықылды бала туғызған жанды «осал» – деп, ешкім айта алмас.

Бұрынғылар айтады екен: «Ат-биеден, алып-анадан» – деп. Ат биеден туатұғын болса, мұны тапқан қатын да Алтай-Мұрат – тоғыз ұлды Беғайдармен бір туысқан Жылқайдар ұрпағының қызы еді. Мәшһүр-Жүсіптің қайын жұрты – Айдабол-Төлебай ұрпағы-Бәзіл, Боштай. Оның да жұрыны емес, жолдасы еді. Мәшһүр-Жүсіптен үш бала болып еді. Бір бала бар – әкеден өте туады. Бір бала бар – әкеге жете туады. Бір бала бар – көтінен кейін кете туады. Мәшһүр-Жүсіптің өзінен өте туғаны – Мұхаммедәмен, отыз үш жасында Ташкент шаһарында дұшпанның пышағынан қаза тапты. «Ақ жол» газетінде екі мың қағазға үш рет аты жазылды. Төлеу торы тайлармен қалды.

«Ердің үш жұрты бар, – деп еді, бірі – өзінің туған жұрты, бірі-нағашы жұрты, бірі – қайын жұрты».

Бұрынғы ақындардың бір ауыз өлеңі:

Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың [150],
Не дәулет, не перзенттен кем боларсың!
«Көтешті жүзге келген тонаймын!» – деп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсың!

Туған жұрты сол Айдабол-Күліктің Күлігі еді. Бұрынғылар айтқан екен:

Арғын болсаң, Алтай бол,
Алшын болсаң, Адай бол,
Үйсін болсаң, Сиқым-Жаныс-Ботбай бол!
Найман болсаң, Қаракерей-Садыр-Матай бол!
Өзген қалай болсаң, солай бол! – деген екен.

Нағашы жұрты Алтай еді. Бұрынғы ақындар айтқан екен:

Еламанның баласы-Тұрсынбайсың,
Арманың жоқ жалғанда мұңсыз байсың!
Бәзілің – бай, Боштайың – дуанбасы,
Бір Алладан басқадан қымсынбайсың!

[Мәшһүр-Жүсіптің] қайын жұрты – Бәзіл бай еді. «Өзім – бай, нағашым – бай, қайыным-бай, // Қайтсең, жарлы қыласың, Құдайым-ай?!» – деп жүргеннің өзі еді. Құдай бұл Мәшһүрдің үш жұртын да толық қылып еді. Балаларының екі жұрты толық болса да, бір жұрты – солық болды. Бірінікі – Үшата – Қозған-Тіней-Мақаниың Тінейінің Тапағы. Бірінікі-Қарақозы – Тайшықтың Мағзұмы. «Алма алмадан реңк алады». «Ат пен есектің ақыры бір болса, мінездес болады». «Ақыры» – деп, Өзбекстанда жем жейтұғын науаны айтады. Үрім-бұтақ, жұрағатымнан үмітім зор емес. Кейінгі заманның адамына: «Жаксыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз» – дегізеді ғой! – деген пікірдемін. Менің билігім, менің ұнатуыммен болған жұмыс емес. Үш жүздің баласы ден қойған, алты алаш: «Осы біледі-ау!» – деген жанға сабағат салмай, өз бетімен іс қылған бала оңушы ма еді?!» «Балама, ағайыныма өкпелесем, он алты баласын жауға қамап қырдырған жаннан жақсы нәсіл қайдан шықсын?! – деймін. Немерелеріме өкпелесем: «Төркінің жақын ғой!» – деймін.

Дарвин марқұм: «Тұрмыс тартысында атасының жаман қасиетін ұстап қалғандар жоқ болып кетеді» – депті. Мұны да көзімізден көрдік. Өлшесе, өзімен кетсін! Айтқан жерден ары!»

Күні кеше Мұса, Секербай заманында «Ізден Дос» – атанған: бірі жұрт шежіресі болып, «абыз» – атанған өз тұсындағы жанның бұлбұлы мен дүлдүлі болған жан еді, бірі халқына ұйтқы, құт болған бай еді. Мұса, Секербай заманында Ошақтыда асын берген. Сол асты көзінен көрген жандар: «Дос байдың асындай ас болған жоқ!» – дей беруші еді. Үш баласы болды: Таңатбай, Серкебай, Мырзағұл, – әрқайсысы өз алдына ауыл болған. Бала күнімізде бойдақ қойларын бөлек бақтырғанын көрдік. Тоқтының козысын бөлек бақтырып, бөлек саудырғанын көрдік. Ата – бабасының жаман қасиетін (кәсиетін) ұстап қалғандықтан, құрып, түгесіліп бітті. Біреуінен түндік жоқ, екеуінен екі түндік бар.

Ертегіні де сөйлейді ғой. Ертегі емес, көзбен көрген әңгіме. Менің өзімнің туысым-Күлік, Қызылтауда тудым. Үш жасарымда әкем Баянаулаға көшіп келіп, бала болып, өсуім Баянауланың қаласында өстім. Бес жасымда оқуға беріліп, он бес жаскаша мойынды бұрмай, көңілімді аудармай оқыдым. Он алты жасымда Күлік-Әкімбек марқұм: «Тоғыз жасар балам – жалғызым Қабылбегімді оқытсын!» – деп, әкемнен қолқа қылып сұрап алып кетті. Өзімнің де көңілім оқудан жиреніп, өленге ауып кеткен кезім еді. Айдабол-Бәзіл баласы Шегебай қажы – жұрттың бай күнінде, төрт түлігі сай күнінде қызын «қырық жетіге» тоқтаусыз беріп жүрген кісі:

– Бір баламның билігі өзіме тимей ме?! – деп, мал алмай, қызын беріп [еді]. «Ердің үш жұрты бар» – деп еді. «Бір жұрты – қайын жұрты – деген екен». – деймін. Сонан соңғы тұрағым – Айдабол ішінде болды. «Қоянның жұты» өтіп, жаз шыққан соң, соның күзіне төрт канат отаумен Баянауланың қаласына Көпейдің босағасына қызын келін қылып түсірді. Сонда Мұса, Секербай екеуі де қалада жатыр екен. Сәлем бере барғанымда, Құдай рахмет қылсын, Мұса мырза Секербайға сөйледі:

– «Жақсының үйі түссе, күйі түседі, // Жаманның үйі түссе, миы түседі – деген. Мұның биыл күйі түсіп жүрген жылы, – дейді.

Және айтты мал алмай бергендігінен:

– Бұл Төлебайдың баласы бір көтерсе, көкке жеткенше көтереді де, көтермесе, итқұша [«қасқырша» дегені – Л.Ж.] шайнамай, жеп қояды! – дейді.

Сол айтқан алдыңғы лепес қабыл болып, өмір бойы көкке жеткенше көтерумен кетті. Менен басқа Бәзіл байдың өз ұрпағын алған «Қарамолда» – деген сарт молда болды. Тұрсынбай немересі Кепешбайдың қызын алған «Тоқпат» – деген молда болды. Екеуі де дұрыс, жақсы молдалар еді. Екеуін де итқұша [қасқырша] талап жеп қойды.

Төлебай төбесіне көтеріп жүрген соң, қызық қызметін қиып, ешқайда кете алмай жүрген күнде жоғарыда сөйленген Таңатбай, Серкебайдың Серкебайының кенжесі Шикібас деген балдай тату, жандай жақын көретұғын құрдасым еді. Дәл отыз төрт жасымда [1892 ж.] ерік-ықтиярыма қоймай, Өлеңтінің бойына Ажының түбінде отан жай қылған жеріне көшіріп алып барып, үй-қора – мүлік салып беріп, бір қыс қыстатты.

Бір атадан өзі төрт үй: жанды-жақты, бас та толық, мал да толық. Және Таңатбайдан екі түндік, Мырзағұлдан үш-төрт түндік. Тағы басқа үйлер бар. Маған солай еңбек қылғанын туысқан бауыр үш ағасы, ұяласы күндеді, қызғанды. Өздері қып-қызыл ұры екен. Көп арамның ортасына бір адал барған соң, бір пәле емес пе?! Шикібасты қажыға баруға еліктірді, жылу кетірді.

Ол заманда ит те қажы, құс та қажы. Далада жүріп, малын сата бастап, қажы баруға бет қойды. Сонда мен Шикібасты үйге шақырып алып, насихат сөйледім. Ал дегенде, айта сөйледім:

– Міне, екі қонақ отыр. Бірі-Күліктің атқамінері, сөз баққан Сапақ ақсақалдың баласы – Біржан. Біреуі – Ереймен Қанжығалысы Тәтібай – Болтайдың Болтайының баласы, Бейсенбі ақсақалдың баласы-Сұлтанбек. Сен ұқпасаң да, мына отырған жастар әкелеріне айта барсын. Сенің ұқпайтұғының сол: «Рас сөз жағымды болмайды» – деген. Сен қажыға барма. Көптің несібесі, қонақ сыбағасы болып тұрған малды. Ақ теңіз, кара теңіз, Шап теңіз, – үш теңізге апарып төгіп, суға шашпа. Бұрынғылар айтқан: «Бұхар барған мырза болады, // Мекке барған сараң болады» – деген. Онда барып, топырағын сонан бұйырып, өліп қалсаң, қажысың да, өлмей, қайтып келсең, қарғылаған кара тазысың! Мына мені Айдабол ортасынан көшіріп

алып келдің. Үш жыл бағып, сақта. Ал оны қылмай, сен қажыға кетсең, мен жаз шыға Айдаболға кетемін. Онан соң қалғандарыңның күні не болатұғынын айтайын. Мұса мырзаға Қуандықтан бір қадірлі ақсақал келген екен. Сонда оның қосшы[сы]ның ат-тоны аумаған өзіңнің Мәжкеніңнің Сүлеймені екен. Сонда Мұса мырза

– Пәленшеке, қосшыңыз – кім баласы? – дегенде,

– Бұланбай байдың немересі, – депті.

– О, ку дүние шіркін, опасыздығы. Баяғы:

Әкем аты-Шағырай, атым Балдай,

Бүлекемнің жылқысы кара жардай.

Шай құтыны, бұтымда дамбалым бар,

Әлің келсе, тістеп шеш, Қарақалтай, –

деп, өлеңге аты қосылған Бүлекемнің немересі ме? Бұрынғылар айтқан екен: «Дәулет екі түрлі болады. Бірі – шын дәулет, бірі жын дәулет [151]. Шын дәулет: мал кетсе де, артынан не бақсы, не ұста, ісмер, күн көріп, тамақ асырайтұғын, аймағына азық боларлық жан қалдырады. Жын дәулет бір кетсе, қалған арты күн көріп, тамақ асырауға да жарамайтын болып қалады» – деген екен. Бүлекеме біткен дәулет шын дәулет емес, жын дәулет екен ғой! – депті.

Сол Мұса мырза айтқандай, сен қажыға кетсең, мен Айдаболға кетсем, Дос байға біткен дәулет шын дәулет болмай, жын дәулет болғаны! – дедім. Бұл сөзді қыстыкүні сөйледім, жаз шыға ол қажыға жүріп кетті. Ол кетсімен, мен қайын жұртыма көшіп келдім. Қажыға кеткен жылы жылан жылы еді. Отыз бес жасында құрбан шалатұғын жерде қызыл жел соғып, құрбанын да шалыпты, өзі де өліпті. Осы өткен жаз – барыс жылы: «Төртбай деген бір бала, Шобалай деген бір бала, екі бала туыпты» – деп есіткен соң, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал амандыққа барады» – деп еді, – деп, сол екі баланы көрейін деп әдейі бардым. Бесім атынан бес үй отыр екен. Сол бес үйде осы баладан басқа жалғыз түйір де жоқ. Ой, айналайын, Алла шеберлігіңнен!

– Төртбайдың артынан Бесбай тусын, Шобалайдың артынан Шобай тусын! – деп, жақсы лепес қылып қайттым.

Мұны жазған себебім – кім-кімге болсын, далаға жаққан оттай шалқып кетіп сөйлемеймін. Тілімді алған қатықтай қатып, сүттей

ұйып тұра қалады. Ол онады, ілгері басады. Тілімді алмаған – «Басы – бапан, аяғы – сапан», мыж-тыж болып кетеді.

«Құлақ естігенді көз көреді» – деген-осы. «Бұланбайға біткен дәулет жын дәулет екен» – деп, Мұса мырза айтқанын естіп едік. Дос байға біткен дәулет жын дәулет болғандығын көзіміз көрді.

Дұаның пайдасы

Қазақта бір сөз бар, оңған, ілгері басқан біреуді: «Дуа тиген ғой!» – дейді [152]. Бір оңбаған тұқымды: «Дуа тимеген ғой!» – дейді.

Кеше Күлікте: біреуінің аты – Әкімбек, біреуінің аты-Ақылбек, – екі бай болды. Екеуі – бір Әлдебектің баласы. Әкімбекке дуа тиді, Ақылбекке дуа тимеді. Анаған қалай тиді, соңғысына қалай тимеді?

Әкімбек «Жынды Әкімбек» – атанды, «Тентек Әкімбек» – атанды. Қожа – молдаға, кәріп – қасерге «Құдай үшін» беріп, дуаны көп алды. Мұсаның қожасы болып тұрған Сәтқожаға бір барған жолына – алтауы қысыр тайлы бие, алтауы құлынды бие, айғырын салып, он екі биені бір емес, екі рет берген. Бірі – «Тауық жұтының зардабынан жұтап қалдым!» – деп барған соң; бірі – тағы сондай кем-кемтігін шаққандай қылып, барған соң.

Баянаулада тұрған Қамар хазіретке – бір барып түскен жолына он ат берген, бие – он. Өз қолымнан барып алып келіп бердім. Өз әкеме де бір барған жолына он жылқы берген. Қай бергенін айтайын?! Ұшы – қиыры (ғұйыры) жоқ, толып жатыр.

Түркістандық Мауым-Шауым тұқымы бір Файзолла деген ишан Арқаға келіп, ел аралап жүрін, Әкімбекке түсіпті. Аттанарында екі түйе, екі ат беріпті.

– Ишекемді шығарып салайын! – деп, бірге еріп, ауылдан былай шыққан соң, ишан атынан түсіп жатыр дейді.

– Таксыр, мұныңыз не? – десе,

– Астымдағы Бұхардан шыққан арғымақ еді. Ықыласыңа риза болдым саңа [саған] беріп кетейін деп жатырмын, – депті.

– Таксыр, мына алған малыңыз – өзіңізге сүт (сот). Екінші біздікіне келуші болмаңыз! – депті. – Мен берсем, Құдай үшін бердім, сенің арғымағыңа сатып, беріп тұрмын ба?! – депті.

Әне, дуа тигендік. Жалғыз баласы Қабылбектің отауының он жағына түскенін көре алмай кетіп еді. Сол жалғыз қалған Қабылбек алпыстан асып, былтыр өлді, алты баласы бар. Үшеу – төртеуі үйлі-баранды болды. Бірден соңғысы – Хафизі Семей жақта қызмет жұмысында нан тауып жеп жүр.

Ақылбек жожа, молдаға бір кара берсе, іске татырлық бір нәрсесін алып қалушы еді. Қонған қонақтың іске татырлық иа қамшы, на шідер, иа бәкі, пышақ, – бір нәрсесін алып қалмаса, көңілі көншімеуші еді. Әкімбектен үйі де кем емес, күйі де кем емес. «Кірген кісі шыққысыз» үйі де бар еді, жұт «Жылқыдан» кейін толық күйі де бар еді. [Қазір] тып-типыл, тақыр таза: үй, қорасы түгіл, моласы да жоқ! Құдай сондайдан сақтай гөр! Айтқан жерден әрі!

Мұны көрген, естіген дуаталап бола көріндер! Дуадан қапы қалмандар. «Дуамен ер көгереді, // Жанбырмен жер көгереді!» Мұны шын деп біліндер, имандай иланындар (инанындар)! «Дуалы құл арымас, // Дуасыз құл жарымас!» – деген сөз тағы бар. Бұл сөзіме толық дәлел боларлық бір ертегі ойыма келіп қалды.

Абылай мен Жарылғап

Көкшетауда қырық сегіз жыл хандық құрған Абылай хан алпыс кісі жолдаспен бір жорыққа бара жатып, жазғытұрым Баянауыл тауына түнепті [153].

Географиялық деректер

1. Рабғы Мисконде 7 зор дария бар, 16 дарияша бар, жүзден артық наһарлар бар. 7 дарияның бірі: Быхыраум, Бахырзың, Қара теңіз, Ақ теңіз. Алты жүз арал бар.
2. Бахырзың, Бахырхабыш: мұнда бек үш жүз арал бар.
3. Бахырмағрип Шап теңіз дүр. Мұнда биік арал бар.
- 4-інші – Бахырһинд. Мұнда екі мың үш жүз арал бар.
- 5-інші – Шынмашын дариясы: үш мың жеті жүз арал бар.
- 6-ыншы – Орың дариясы. Мұнда екі мың арал бар.
- 7-інші – Машырық дариясы. Мұнда төрт мың арал бар.

Бәрі дария Мұхиттан шығып жатыр. Бахархызыз, мұнан басқа Бахармахата, Ғиырмытсал – «Арал теңізі» – делінеді. Мұхитқа тұтаспайтын теңізде мұнан зор теңіз жоқ».

Тағы бір жеке деректер

1914-інші жылында 27-інші гинуарда Рабиғыаллауил айынын ортаншы онындағы дүйсенбіде «12-інші рабиғы аллауил» – деп, мәулет тойы болды. 16 ат шауып, мешітке қараған 5 ат алдымен келді. Сол күндегі газеттер қазақтан Далбинский елінде молда Мұхаммед Иосиф Көпеев атына жазылып келіп тұрды. 1 февраль сенбі күні жазылды. «Сарыарқа» сотқа алынған соң, газет редакторлары «Мәшһүр» – деген атты қалдырып, «Мұхаммед Иосиф» – деп, газет жіберіп тұрды.

«Хаятбақшы» дастаны туралы

Бұл Мәшһүр «Хаятбақшы» – деп, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа ғалия ал салауат уассаламның туғанынан бастап, Хадиша анамызды алғандығына шейін өлеңмен қисса қылып сөйлеген [154].

Тіл мен көз

(бірінші нұсқа)

Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз еске түсіп кетеді [155]. «Сөз-сөзден туады» – дегенге дәл келеді. Шоң, Торайғыр билер және қастарында Тайкелтір бидің Өрік деген тоқалынан туған Өтеп сақау бар, Торайғырдың атшысы Ыстықмұрт – Ерсары бар – Қаракесекке бітімге бара жатып, Қаракесектің бір ауылына қоналқаға жақындап калғанда, кісінің басындай бір ақ тас доп-домалақ – көрген соң, айнала тұра қалып, тамаша қылысып, бірінен-бірі алып, көріп, тастасып, кете беріпті.

Ауылға барып қоныпты. Бір-екі көк ала бас бота, бір-екі ақ, қара бас маркаға тамаша қалып, таңданыпты. Бұлар аттанғанша, скі бота да, екі марка да пышаққа ілініпті. Сонан соң бұлар әңгіме қылысыпты:

– Мына екі ботаны да, мына екі марқаны да біздің көзіміз атып жықты. Кешегі тас қайттты екен?! – десіпті.

Әлгі ауылдан аттанған соң, ерінбей, жалықпай, әдейі тасты барып караса, ортасынан қақ жарылып қалған екен деседі.

Бұл Мәшһүрдің бір адасқаны

«Адаспаймын!» – деген жігітті қараңғы тұман үш рет адастырады!» – деген [156]. Бұл дүние – өзі бір тұман. Хазірет сопы Аллажар айтты ғой: «Бұ түнде тұт бүтін иманымызды, // Саба, құтқар ду түннен жанымызды!» «Дүние – бастан-аяғы бір-ак түн» – деп санаған. Ду түн – скі түн. Бірі – кабір қараңғылығы, бірі – сират көпірі қараңғысы. Осы үш түннен адаспай өткенге – жарық таң атпак. Ташкеннен келе жатып, кара атпен қайтқан сапарда Қыпшақ-Ибрай марқұмның балалары Жар-Рақымжан ауылының үстінен өткенде, эншейінде анадай тұрған моланы құр қалдырмайтын Мәшһүр қак жолында тұрған Ибрай Жайықбасұлының моласына аят бағыштамай өткені. Үндемей де жай өткен жоқ, қасындағы жолдасына өлен айтқызып, эн салдырып келеді. Сол ақымақтығы жетпіс үш жасқа аяқ басуға бір-ак күн қалғанда, есіне, түсіп, тәубе қылып отыр. Тәубе, тәубе, тәубе! Мұның ұмытылмайтындығы – сол күннің ертенінде Қараөткелге сегіз шақырым қалғанда, бір коржын кітаптан айырылдык. Анык аруаққа ұшырап қалғандығы – осы. Ол күнде отыз тоғыз жаста едік. Адасқандығым отыз үш жылда ойыма түскені.

– А, Құдай, жазсам, жазғаныма тәубе! Азсам, азғаныма тәубе! Адассам, адасқаныма тәубе, жаңылсам, жаңылысқаныма тәубе! – дедік. Аят карима латакезату мен рахималла ұмыт бірлан таптына келдік.

Бала Сүлеймен тапқырлығы

Хазірет так Сүлейменнің бала күніндегі шешкен сөзі [157]. Хазірет Дәуіт пайғамбардың он тоғыз баласы болған екен. Дәуіт пайғамбардың тірі күнінде бәрі патшалыққа таласты: «Мен лайықпын!» – деп. Алла тағала бұлардың жанжалын басып, сынау үшін, аспаннан пештелген (печатталған), мөр басқан бір қағаз түсірген екен: «Осы қағаздың ішіндегі сөзін көрместен, ойламастан, тауып айтқан(ға) орнына патша болады!» – деп.

Дәуіт пайғамбар өзіне қараған жұртының игі жақсысын жиып алып, барлық балаларынан әшкерс сұрады:

– Осы дүниеде адам баласына жақынның жақыны не? – деп. – Алыстың алысы не? – деп сұрады. – Елден бұрын жолдас болған скеу

не? Аса қорқынышты екеу не? Елдесіп тұрған екеу кім? Төбелесіп тұрған екеу кім? Біріне-бірі дұшпан екеу кім? Соңғы мақтауға лайық не нәрсе? Соңғы сөгіске қалдыратын не жұмыс? Кәне, осыларды жақсылап талдап шешіп бергенің патша боласың?! – деп сұраған екен.

Балалары, басқалары жауап бере алмай тұрды, отырды. Ішінде тақ Сүлеймен де бар екен. Ол кісі айтты:

– Рұқсат берсеңіз, мен шешіп берейін! – деді.

Дәуіт пайғамбар, отырған көп халық айтты:

– Сөйле, балам! «Сөз тапқанға қолқа жоқ!» – деген.

Сүлеймен бала айтты:

Адамға алыстың алысы – өткен өмір. «Өзге нәрсең жақындасады, біріне-бірі қосылады! – деген үміт бар. Өткен өмір қайта келіп, еш уақытта қосылмайды. Онан «қайта келеді!» – деген үміт жоқ.

Адамға жақынның жақыны – өлім. Өлімді «қас пен қабақ арасында» білу керек. Елден бұрын жолдас болған екеу: жан мен дене. Аса қорқынышты екеу – осы екеуінің бірінен-бірінің айрылған жері, айрылған күні. Елдесіп тұрған екеу: көк пен жер. Төбелесіп тұрған, екеу: күндіз бен түн. Бір-біріне дұшпан екеу: өлім мен тірілік. Ақырғы мақтауға қалдыратын жұмыс – ашу келгендегі сабыр мен ақыл. Арты сөгіске қалдыратын жұмыс – орынсыз жердегі ашу.

Бұл сөзді Сүлейменнен естіген соң, аспаннан келген қағаздың печатын ашып көрсе, осы айтылған сөзден бір ноқат бөлегі жоқ екен. Сонан соң Дәуіт пайғамбар, бани Израил халқы: «Тақ Сүлеймен» – деп ат қойып, патшалыққа сайлаған екен деп айтылады.

Сөзге тоқтау мәні

Бұрынғы ата-бабаларымыздың тұсында үш жүздің басын – не сөздің байлауы болса, бір-ақ кісінің аузына қарап, не айтқанына тоқтайды екен [158]. Үйсін-Төле би, Арғын-Тәйтеке би, Алшын-Қаражігіт би – үшеуі үш жүзден іріктеліп келіп, халықтан (народтан) оңаша шығып, бір төбенің басына шығып отырады дейді.

– Үшеуміз үш сөзді айталық, – дейді. – Егер үшеуміздің аузымыздан [шыққан] сөз – үш кісінікіндей боп, басқаланып кетсе, үш жүздің сөзі үш жаққа бытырап, ауызбірлік болмас, – дейді.

– Егер де үшеуіміздің аузымыздан шыққан сөз бір кісінің аузынан шыққандай болып, ұнаса қалса, онда үш жүздің баласы, үш жүздің сөзі бір жараған соң, «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол» – дескен екен.

Сонда әуел бастап Үйсін-Төле би айтыпты:

– Алар ма еді бұ көлдің құсын атып.

Арғын – Тәйтеке би айтыпты:

– Жазым болып жүрмесін, суын атып, – депті.

Алшын-Қаражігіт айтыпты:

– Ұлы жиын болып жүрмесін, суда жүрген перінің қызын атып, – депті. Үшеуінің аузынан сөз – бір кісінің аузынан шыққан сөздей болыпты.

Күйеуін менсінбегенге Байдалының төрелігі

(екінші нұсқа)

Үйсін Төле бидің заманында – бір жасында құда болысқан бір қыз бой жеткен соң, бұлғақтап, өзімен құрдас күйеуін менсінбепті [159]. Қыз әкесі баласының ажарын кия алмай жүреді екен. Ұл атасы: «Таңбалы байталым!» – деп, екеуі даулы болып, Үйсін-Төле биге келіпті. Сонан соң Үйсін – Төле би:

– «Ауылдағы молданың аузы сасық» – дегендей күйге ұшырармын. Суды көнге қарай өткізуші еді, Алшын-Қаражігітке барындар! – деп, соған айдап жіберіпті. Оған келсе:

– Үйсін-Төле би осыған төре беруді мен құрлы білмей жіберіп отыр деймісін! Ер сынар іс қой. «Ұлы жүзден төре айтатын би тұрғанда, Орта жүзде төре айтатұғын би тұрғанда, жақ пен тіліне сенгендіктен, жолының кішілігіне карамай, төре берсе, байын менсінбей жүрген қыздан да ақымақлығы артық екен! – деп, күлейін!» – деп, мұны Қаражігітке жорта жіберіп отыр гой! Азуы алты қарыс Арғыннан шығып тұрған, бір өзіне жеті ат қойылған – Тәйтеке биге барындар! – деп, соған жіберіпті.

Тәйтеке биге келген екен:

– Бұрынғылардың өсиет сөзі бар-ды: «Саулықтың жасы үлкен, тоқтының басы үлкен!» – деп еді. Менің жасым үлкен болғанмен, ме-

нен – аға баласы болғандықтан, Байдалының басы үлкен ғой! Соған барындар! – деп, Байдалы биге айдапты.

Сонда Аралбай – Бекшенің-Байдалысы 17 жасар бала күні екен. Байдалыға келген соң, Байдалы би айтыпты:

– Өңшең ку мүйіздердің ақ пен қарасын, даудың ақ пен қарасын айырып төре берсек, жақсы. Бере алмасак, Құдай қасында кара жүзді, Құдай қасында сөзіміз мақұл болып шықпаса, арандап қалармыз-деп, «Жаңа талап, жау жүрек// Отқа күйсе, сол күйсін!» – деп, шепке мені байлап: «Жас қой, бәріміздің ауыртпалығын сол көтерсін!» – деп жібергені ғой! Қайыры аз ағаларымның басын арашалап, отқа түссем, арманым не?! Ал, сөйлендер сөзінді, айтындар дауларыңды, – депті.

Дауы – белгілі сөз. Бір жасарында әкесі берген қыз күйеуін менсінбей, бұлғақтап жүрген қыз.

Сонда Байдалы бидің берген төресі:

– Ер қаруы бес қаруды байланып, жайдақ атқа қарғып мінуге жараса, бес қаруды бойына асынып, жайдақ атқа қарғып мінуге жараған жігіт жерде шалқасынан түсіп жатқан қыздың үстіне міне алмай ма?! Қыз былшылдаған сөзін керек қылмай, өз байына қосындар. Егер ер қаруы – бес қаруды бойына тағып, жайдақ атқа міне алмаса, ондай жаман ұрғашының үстіне секіріп мінуге жарай ма?! [Онда] қыздың басына бостандық бер! – деді.

Осы Байдалы бидің берген төресін бағанағы билердің бәрі де ұнатып: «Жарайды, мұның алдында не сөз бар?!» – депті.

Сол Байдалы би айтқандай, ол (бұл) заманда «ер қаруы – бес қаруды» – ер басына, үй басына даяр болушы еді, табылушы еді. Енді бұл заманда іздесең, таба алмайсың!» Заман солай!

Назымбек пен Күлше қыз

Қолыма бейсенбі күн қалам алдым [160],

Дүниенің жапасына қайғыландым.

«Болса да, қайда ғашық, тыңдасын!» – деп,

Қиссасын Назымбектің жаза салдым.

Нәлі бар сауыр етіктің табанында,

Құдайға құлшылық қыл аманыңда.

Ертеде Асылбек бай өткен екен
Ноғайлы-Орманбеттің заманында.

Адамның кім білсді кайғы-дертін,
Ұмытар ақымақ адам қылған сертін.
Баяғы Болгар (Бұлғыр) тауын мекен еткен,
Азырақ мен сөйлейін Қырым жұртын.

Жаныс бай Қырымда асқан байы болған,
Мейманға бал шекердей шайы болған.
Өзінің аман жүрген уақытында
Елінің шолпан жұлдыз, айы болған.

Жаныс бай Қырымда асқан бір дәулетті,
Елінсн, кісі өлтіріп, қонды шетке.
«Енді мен бұл Қырымда тұра алман!» – деп,
Көшіпті он сан ноғай Орманбетке.

Өзіне Құдай берген – мың сан кара,
Дәулетін артық қылған Хақ тағала.
Он екен, ағайынды, бір туыстан,
Жоқ екен сондай барда жалғыз бала.

Еліне Жаныс келді жылай-жылай,
Жаза бар, кісі өлтірген, шыдай алмай.
«Ноғайда Асылбек бай бар» – дегенмен,
Аулына, көшіп келіп, қонды Сыбай.

Бәйіт қылып ғашық жардан жазайын хат,
Аз кисса, мен сөйлейін, болса да ұят.
Балаға Асылбек бай, – о да зарлы,
Қатыны оның-дағы екіқабат.

Әуелі мен сөйлейін мәселені аз,
Мәселемен бұл сөзді айтайын тез.
Екі жыл Сыбай болып отырған соң,
Қатыны Жаныс байдың болды буаз.

Екеуі біледі екен ел құрметін,
Екеуі жайлап жатыр елдің шетін.

Айы мен табар күні бірдей болып,
Толғатты тоғыз айда [екі] катын.

Ноғайда байлығы асқан Асылбек бай,
Көңілі, бала туып, болыпты жай.
Екі бай ат шаптырып жұртын жиып,
Сегіз күн сауық қылды жұрты Ноғай.

Асылбек енді ойлады: «Асайын!» – деп,
«Құдайым өмір берсе, басайын» – деп.
«Бар Құдай тілегімді қабыл қылса, –
– Ойлайды, – екі жасты қосайын!» – деп.

Меймандар көп жиылар малы барға,
Құдайым не береді пейілі тарға?!
Үш «жетім», отыз жеті «жаксысы» бар,
Жүз жылқы, алпыс түйе – қалын малға.

Бақ берген, Асылбекке Құдірет-ті,
Жаныс бай енді ойлайды қасіретті.
Асылбек ордасынан көшкеннен соң,
Өзінің бағы қайтып, дәулет кетті.

Он алты, екі бала, жасқа жетті [161],
Бір Құдай Назымбекті жетім етті.
«Жетім ұл, жесір катын – не қылам»?! – деп,
Еліне, қызын бермей, көшіп кетті.

Ұл мен қыз тоғыз жасқа келді сонда,
Мектепте бірге оқып, болды молда.
Алысқа алты айшылық қыз кеткен соң,
Жас бала, өзі жетім, жету қайда?!

Бір құдай Назымбекті жетім етті,
Жаныс бай өзі бұзды қылған сертті.
Күлше қыз кеткен екен жылай-жылай,
Он беске қыздың сонда жасы жетті.

Күлше қыз – айласы артық, ақылы кең,
Уақытында құрбысы жоқ өзіне тең.

Әркімге беремін деп жүргенінде
Келіпті Ноғайлыдан бір керуен.

Керуен келе жатыр қатарлап көш,
Қыз шығар сарасынан бұ дүниеде кеш.
Үйінен Асылбектің қыз кеткенде,
Бар екен бір сары бота коспак өркеш.

Қалы бар сары атанның санында енді,
Салсаңыз біраз құлақ, не қылды енді?
Бола ма жан-жануа[r] бәрі бірдей,
Сары атан қызды көріп боздап келді.

– Болыпты Асылбек бай маған ата,
Баласы ак түйенің – бұл сары бота.
Назымнан майын сұрап, сатып мініп,
Қазына келген шығар артып мата.

Жаратқан барша жанды бір Құдайым,
Падиша пендесінің білген жайын.
Керуен Ноғайлыдан келген болса,
Мәнісін Назымбектің мен сұрайын!

Кигені Күлше қыздың – атлас бәтес,
Әрқайда жаман адам сертке жетпес.
Басында кәмшат бөрік, гауһардан шоқ,
Көрген жан, дидарына, қиып кетпес...

Сөйлепті керуенге тілі майда:
– Барасыз, ей ағалар, сіздер қайда?
Жоғалтқан бір ақсұңқар бейшарамын,
Білесіз бе, ағалар, оны да ойла.

Салғаным айбалтаға жезден құяқ,
Айтайын ақылымды, ойла бірақ.
Ноғайда Асылбек бай білемісің,
Орнында бар ма соның жалғыз тұяқ?

– Назымбек жалғыз ұлы асқан көптен,
Жалғанда не көрмейді жетімдіктен?!

Қыз – қалың елден әлі алған жоқ,
Бағы асты он сан Ноғай Орманбеттен.

– Мырза скен мал мен бағы жұрттан асқан,
Мен едім ғашық жары жаста[й] қосқан.
Ғашығын жаста қосқан енді алмай,
Қыз таңдап, жүргені ме ойламастан?

– Әкесіне сансыз мал, дәулет біткен,
Назымбек жас күнінде әкесі өткен.
Білмейді өлі екенін, тірі екенін,
«Бір жары бар, – деуші еді – жаста кеткен».

– Жасы бар жиырмада біле ме екен,
Кей адам ғашық қумай жүре ме екен?!
«Ер құты – әуелгі әйел» – дегендейін,
Есіне біз бейбақты ала ма екен?!

Бақ берген Назымбекке бір Құдайым,
Көп ойлап ғашық жарын болды уайым.
Іздеуге ашық жарын зейін қойып,
Отырған білмеген соң, қайда барын.

– Керуендер, құлағың сал осы кепке,
Мұндағы таныс болдым талай бекке.
Бағасы тоғыз мың сом торғын белбеу
Аманат, осыны бер Назымбекке!

Сұрайды керуендер:

– Кім баласы ең?
Жүзінді, қандай адам данасы ең?
Асылбек, Назымбекті бірдей сұрап,
Кісідей таныс болған сөз айттың сен!

– Жаманға жақсы сөзді айту қымбат,
Жақсыға сәлем айтпай қалу ұят.
«Қырымда бір жаман қыз көрдім», – деңіз,
Тапсырдым осы сөзді сізге аманат.

Болғанда денен – сарай, ақылың – құдық,
Бой сақтап жүріп пе едің бұрын біліп?!

Керуен алты ай жүріп, елге келсе,
Назымбек жатыр екен наукас болып.

Керуен айтты:

– Біз жүріп, Қырым бардық,
Қырымда сауда қылып, пайдаландық.
Көп сәлем айтты сізге бір сұлу қыз
Бір торғын белбеу берді тоғыз мыңдық.

Назымбек осы наукас, көңілі жарым,
Білуге құмар болды қыздың халін:
– Не қылсын бөтен елдің қызы мені,
Болар ма жаста кеткен ғашық жарым?!

Ғашығын ойына алды, шыдай алмай,
Назымбек сырқат болды алты жылдай.
– Издеген мұратыма жеткізгіл! – деп,
Іздемек жарын енді жылай-жылай.

Назымбек кайғы салды көкірекке,
Бозбала, құлағың сал, мына кепке.
Болғанда жетінші жыл атқа мінді,
Жол жүріп, ғашық жарын іздемекке.

Ноғайдың, жар шақыртып, жиды бәрін,
Қалдырмай алып келді кәрі шалын.
«Өнерлі төрт-бес жігіт аламын!» – деп,
Сынатты Ноғайдың бозбалаларын.

Бір қария болған екен осы кезде,
Сынаумен біледі екен әр мінезді.
Өткізген тоғыз патша толғауымен
Өзінің жасы келген тоғыз жүзге.

Жиылған бозбаланы қартың көрді,
Әдеппен қол қусырып, сәлем берді.
Ноғайдың, он сан атты, бірін қоймай,
Әкеліп қарияға сынаттырды.

Адамға дәулет бітсе, ақыл бітер,
Ілуде бір-ақ адам сертке жетер.

Темір жак, айыр көмсей, бұлбұл екен,
Сөйлеуге кісі болмас онан өтер.

Ал енді бір жігітті сынайды-міс,
Кісі екен өзі қария көпті [к]өрмес.
– Осыны ал, балуанды керек қылсаң,
Жатқандай кісі астына жігіт емес.

Көрген жоқ қариядан сондай зерек,
Бір жігіт маң-маң басып келді бөлек.
Өлеңші, өзі молда, хатқа жүйрік,
Біріне осы жігітті алсаң керек.

Мұны да қария айтты әуел баста:
– Әуелі ақыл ойла, ашу таста.
Ашудың арты қатты өкінішті,
Ашумен басын жойған талай патша.

Ашумен кәпір болып, Жазит өткен,
Таласып талай патша соғыс еткен.
Өлтіріп Кербалада Хұсайынды
Нақақтан қанын жүктеп о дағы өткен.

Бозжігіт ғашық болған бір балаға,
Барса да қыз бермеген падишаға.
Ашумен Бозжігітті дарда өлтіріп,
Кәпір боп о дағы өткен бір балаға.

Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Тағы да бұлбұл сайрар болған сайын,
Болғанда ашу пышақ, ақыл-таяқ [162],
Сол таяқ кемімей ме жонған сайын?!

Бола ма от пен топырақ сара жолдас?!
Мысалы бұл дүние соған ұқсас.
Алдыңнан Жаппар Нем жарылқасын,
Адамзат отқа түспей тұр[а][да алмас].

Жылқың да сан жебеген – бес атың бар,
Бесеуінің бес мың ділла бағасы бар.

Танакөз сүйрік шаптан [бір атың ғой],
Біреуі – Бозмойын ат ерге шабар.

Жүген сал күміспенен бедерлетіп,
Гауһардан алтын тоқым кестелетіп.
Аяғын болатпенен тағалатып,
Сапар жүр дүйсенбі күн: «Тәуекел!» – деп.

Жол жүрді дүйсенбі күн өңшен манап,
Қоштасып елі-жұрты улап-шулап.
– Келгенше, жалғыз шешем, не болар? – деп,
Шешесін көп құшақтап, тұрды жылап.

Шешесі қалды сонда жылай-жылай,
Жолына Назымбектің қарай-қарай.
Еліне Қырымдардын жақындады,
Бесеуі сапар жүрін дәл алты ай.

Жаратқан барша жанды Қадір жалал,
Айтайын аз мәселе, құлағың сал.
Бозбала келемеждеп, мысқылдаған
Жасы жоқ бір тайпа елде кемпір мен шал.

Бозбала келемеждеп мысқылдаған:
– Жасы жоқ кемпір-шалға кім қараған?!
Елінің бозбаласы қайда кеткен,
Бір жерге жиылыпсыз ылғи сабан.

– Отырмыз кемпір мен шал таң атқалы,
Таң атып, бесін болды күн батқалы.
Жаныс бай жалғыз қызы Күлше сұлу
Той кылып, кетті сонда ұзатқалы.

Кетіпті қыз-бозбала бірі қалмай,
Шақырды «Қырық сан Қырым» – бірін қоймай,
Жас жігіт, қыз-келіншек бәрі сонда,
Ертсеннен ұзатады кейін қалмай.

Назымбек бұрып алды аттың басын,
Төгеді мөлт сткізіп көздің жасын:

– Жетім гып жеті жаста, әкемді алып,
Бозбала, мені Құдай қайда оңдасын?!

Қайтайық, бозбалалар, елімізге,
«Жеткіз, – деп, – есен-аман елімізге!»
Ұзатып жатқан қызын бізге бермес,
Болмайық, көріп күйік, көзімізге!

– Әкесі зорлықпенен берген шығар,
Ынтызар қызы сізге болған шығар.
«Сіз-біз!» – деп, келгенінді ойға алмаса,
Ақылсыз өзі жаман делбе шығар.

Көрмесең, естен кетпес, аттың тері,
Көрелік, қандай екен, оның түрі?
Ақылсыз, ақымақ болып, еске алмаса,
Бір жолғы азар болса аттың тері.

– «Көрмеді – деп – бұрын күйсеу» – қорламаңыз,
Бәрінен артық, жаным, ақыл-мінез.
Сыйлай бер өлгенінше қадір қылып,
Айтайын тым болмаса бір ауыз сөз.

Назымбек қайтпақ [болды] аттан түсіп,

Төрт жолдас:

– Қайтпа! – дейді, зәресі ұшып.

– Сақтамай қадір білмес елге асын,

«Құрбым!» – деп, жүре алмассың, құшақтасып.

Алтынды кең сарайдан әдеп жақсы,
Қыпша бел, қызыл беттен – сүйек жақсы.

Жұрт келсе бірі қалмай мың сан қазан,

Бәрінен қадір білген артық жақсы.

Төртеуі алып жүрді ерікке қоймай,

Назымбек келе жатыр көңілін қимай.

Бесеуі бір белеске шыға келсе,

Көрінді алдарынан бір туған ай.

– Алдымнан-Күн, артымнан туып тұр Ай.
Япырм-ау, көзім талды қарай-қарай.
Күн бесін, ай туарлық мезгіл емес,
Ойлаңыз, бозбалалар, мынау қалай?

Қалың шаң қара-құра тобы шығар,
Жайлаған байдың қалың қойы шығар.
Отауы алты қанат, түндігі әйбат,
«Бауы – жез, күміс белдеу» үйі шығар!

– Әуелі мен сөйлейін, мәселе тез,
Ұзатпай мәселені айтайық біз.
Бесеуі ақ отауға келе жатса,
Қой баққан бір қойшыға болыпты кез.

Қойшы кеп сәлем берді өңшен жасқа,
Қарайды, танымайды асыл тасқа:
– Барасың, шаһзадалар, енді қайда?
Форымың бұл Қырымнан бөлек басқа.

– Ей, қойшы, біз бір жүрген жолаушымыз,
Бажарлап, біліп айтсаң, сөз сұраймыз.
Ақ отау алты қанат мынау қалай
Қалың шаң қара-құра шаһарыңыз?

– Ең басы бұл Қырымның Жаныс өзі,
Ал соның Күлше сұлу – жалғыз қызы.
«Бір ханның баласына беремін!» – дейді,
Тойы бар ұзататын бүгін өзі.

Біреуі жеті ашықтың – Жүсіп-Зылиқа,
Арманға жетермін бе, а, дариға?!
Бозжігіт, ғашық болған, бір бала [еді],
Іздемей жатыр ма екен біздің қалқа?

Көрұғлы, Сейітбаттал, Мәлікаждар,
Қаһарман Қатыран мен Ғалы Хайдар,
– Ойға алған мұратыма жеткізе гөр,
Пайғамбар, мұрсал Нәби, сахабалар!

Не жаман, бұ дүниеде, қайғы жаман,
Мұнымды айып (ғайып) қылма білген адам.
Зарымды көңілімдегі айтып өттім,
Қайран күн, өткенің бе, болып арман?!

Әуелі мен сөйлейін сөздің басы,
Мен едім бір шаһардың падишасы.
Күлше қыз, аман-есен отырмысың,
Елің[нің] жол бермейді бозбаласы.

Біреуі он екі айдың –шілде, тамыз,
Сап алтын – тұла бойың, шашың – құндыз.
Қайғынды көңліндегі айта берме.
Қайғылы біз де сіздей армандамыз.

Қайғыдан жүре алмадым қадам басып,
Айтамын арызымды аузымды ашып.
Шаһарын «Қырық сан Қырым» кезіп жүрмін,
Қолымнан жібек баулы тұйғын қашып.

– Жоқ іздеп, еліңізден, келдіңіз бе,
Бір хабар жоғыңыздан білдіңіз бе?!
Баласы Асылбектің Назым мырза,
Хабарың күйлі-жайлы білдіңіз бе?!

– Базардан алып келген торғын жаулық,
Белінде алтын белбеу күміс иаулық.
Өлгелі Назым мырза үш ай болды,
Деніңе бір Құдайым берсін саулық!

– Қажылар алты ай жүріп, барар Мекке,
Рудан ұзақ жалғыз жүрсін жеке.
Назымның сапар шегіп кеткендігін,
Көрдің бе өз көзіңмен, сй, аға – ке?!

– Үндістан, дүние айналған, үлкен қала,
Қатардан Асылбек бай қылып пана.
«Назымбек сапар шекті» – деп айтып жүрген,
Үй айнала жүгірген қатын-бала.

– Жылқыда ұстатпайды қашқан тағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.
Аға-ке, өз көзіннен көрмесеңіз,
Жел сөзі балалардың болған-дағы.

– Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Кім жетпес, сабыр кылса, не арманға?!
Назымды осы тойда бір көрсетсем,
Сүйінші, не бересің, Күлше бала?!

– Аға-ке, жүзін – қатты, тілің – нәзік,
Күн кайда Назым бізді іздеп келмек?!
Осындай сағынғанда бір көрсетсең,
Берейін мын теңгелік бір білезік.

– Сары алтын такиям бар, жан көрген жок,
Көрсең, түсер көңіліңе қаралы шок.
Жазуы бетіндегі айдан аппақ,
Қақтырдым такияма гауһардан шок.

Қолға алды Күлше бала такиясын,
Таниды такиядан мәртебесін.
Жиырма үш ғашық[тық]тың бәрін жазған,
Төгеді мөлтілдетіп көздің жасын.

Бір шебер жазған екен әуел бастан,
Екеуін ата-анасы жаста қосқан.
Жиырма үш ғашықтың бәрін жазған,
Ешбірін уақиғаның тастамастан.

Мұсатай отыр екен өлең бастап,
Арманға әркім жетсін сондай коштап.
Ақ үйден қыз жөнелді бұзып-жарып,
Білезік бес мың сомдық қолына ұстап.

– Бір жанға әкем берген әлдеқашан,
Қарайды елі аузына Қырым қырық сан.
Еркектен әйел бұрын сөйлемейді,
Сөйтсе де өзім барып амандасам!

Құлан жал құлын туар карағерден,
Жалғанда қайғы кетпес саналы ерден.
Жауабын бір сөзіме бере алмаса,
Кетпеймін сөйтсе-дағы сүйген ерден.

Жылқыда ұстатпайды қашқан тағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.
Баласы Асылбектің Назым мырза,
Сөзіңе жауап тауып бергей тағы.

Дүниеде ғашықтықтан жок-ты жаман,
Әкемнің берген жері – падиша хан.
Көзіме күндей болып шағылысқан,
Немене алдымдағы жарқыраған?!

Отырған күндей болып – жарың манат,
Жанында үш құрбың бар қылған қызмет.
Көзіне күндей болып шағылысқан,
Алтын ер, күміс жүген, боз ойнақ ат.

Қақ жарған кара суды қайрансыз ба,
Кеш келген ерте келмей шабансыз ба?!
Көп айлар, көрмегелі, көп жыл болды,
Қадірлі хан-сұлтаным, амансыз ба?!

– Осындай көпті көрген көсемсіз бе,
Сөйлеген үлкен тұрып, шешенсіз бе?!
«Қадірлі хан-сұлтаным!» – деп айтасыз,
Ханышам, қыз қалпыңда [есенсіз] бе!

– Пайда жоқ дарияда, жар болған соң,
Ойнайды екі ғашық пар болған соң.
Сұрайтын енді бізде не жұмыс бар,
Іздеген кара басым бар болған соң!

Ей, Күлше, сен [не] жаздың, мен не жаздым,
Сабағын ақ қурайдың белден қаздым.
Сені іздеп алты айлық шөлге шығып,
Шаңырқап су таба алмай, өле жаздым.

– Ей, мырзам, жок нәрсені қылма арман,
Әуелден іздеуге жок бізде дәрмен.
Қайғырма, қайратты ерге қайғы жаман,
Әуелден іздемеген жол сізден қалған.

– Ей, Күлше, сенің өзің күнмен теңсің,
Жұмысым іздеп жүрген – жалғыз сенсің!
Бір ханға елің жатыр ұзатқалы,
Айтсайшы ақылыңды: «Не қыл!» – дейсің.

– Қайтейін осы күнде көңілім жарым,
Көрген соң, көңілім тәуір, ақ дидарың.
Ойлайсың: «Енді қайда барады?» – деп,
Жиырма үш жыл құрметінді тосқан жарың.

Жиылған күйеу – қызға бүкіл шаһар,
Көңілінде әркімдердің бір арман бар.
Жұрт жиылып, алқа салып, отырғанда,
Патшаның баласына барды хабар.

Бұл қайдан хабар тапты күйеу-құда?
Бажайлап айтқан біреу падишаға.
Қасына қырық нөкерін ертіп алып,
Шығыпты хан баласы сахараға.

– Қырымың – осы «қырық сан» патшасымын,
Естідім сен бір жүрген жолаушысың.
Барасың енді қайда батыр мырза,
Жөніңді айт, не ғып жүрген қыз жарысың?

– Мен-дағы ханы едім Орманбеттің,
Ісіне кім көнбейді Құдіреттің?!
Арасын бұл Қырымның түгел кезіп,
Іздеймін бір сұңқарды жаста кеткен.

– Таптың ба сұңқарыңды мырзам зорға?
Келдіңіз неше ай жүріп бұл шаһарға?
Падишам, ақыл ойлап, біл бажайлап,
Іздеген құсың түсті біздің торға.

– Шама жоқ патша қылар сізге белдік,
Қанбақтай жел аударған іздеп келдік.
«Әділ» – деп, сыртыңыздан естуші едім,
Билігін бұл жұмыстың сізге бердік.

– Ризамын маған билік бергеніңе,
Тандап тисін, арман қылмай, сүйгеніне!
Күлше қыз мен билікті саған бердім,
Болайын хан баласы көргеніме.

– Падиша, бақытын асқан асыл тастан,
Бір Алла кем қылмаған мал мен бастан.
Біреуің – әкем берген падишасың,
Біреуің – ғашық жарым жаста қосқан.

Бұралған тал шыбықтай тұла бойым,
Асыл зат, артық туған әр түрлі ойың.
Екеуің – екі жұрттың патшасысың,
Қайтейін, маған ауыр болды қиын.

– Күлше қыз, «Қиын ғой!» – деп, қапы қалма,
«Бұлай неге айтты?» – деп, көңіліңе алма!
Қайғыңды көңіліңдегі айтпаймын деп,
Өзіңе қияметтік қайғы салма.

– Алданып баяғыдан жүрміз бекер,
Деуші едің: «Жалған жардың түбі бетер».
Жасымда Құдай қосқан жарым екен,
Мойнымда Назымбектің хақы кетер.

– Осы екен мынау байың – сенің жарың,
Көргенге, қылсын тәубе, ақ дидарың.
Мен кештім – Құдай кешсін жолдастықты,
Алдыңнан берсін Алла жарылқауың!

Айрылды ханның ұлы амандасып:
– Алмайын еріксіз қыз жамандасып.
Хан кетті қаласына шеру тартып,
Күлше мен Назымбекке амандасып.

Ұзатты сонда қызды Ноғайлыға,
Қатарлап жүз түйеге артып қазына.
Ғашығын Құлшедейін Назым алып,
Қайтыпты әбден батып қуанышка.

Әуеде бозша торғай сайрайды екен,
Құлпырып жердің жүзі жайнайды екен,
Алты жыл жолдас патша болып қалды,
Жазусыз бір Алладан болмайды екен.

Қалдан Шерін мен Абылай хан

(екінші нұсқа)

Қалдан Шерін өлерінде халқын жиып, өсиет сөйлепті:

– Мынау балам Еженді (Айжанды) менің орныма хан сайландар.
Үш жылға шейін бетіне келмеңдер. Үш жылдан соң, сұңқар болып
қолдарына қонады, – депті.

Қалдан Шерін өлген соң, Еженді хан көтеріпті. Еженде екі түрлі
мінез болыпты: бірі – көрінген итті ата берген, бірі – қыз-келіншекті
ата берген. Сонан соң жұрты безер болып:

– Мынау жынданды, – деп, – өлтірмекші болыпты.

Қалмақ заңы: баласы өлсе, әкесі; әкесі өлсе, баласы аттанып,
жаназаға кісі жинайды екен де, баласына әкесі кісі жинайды екен де,
Қалдан Шерін өлгенде, Ежен жаназаға жүріп шақырып жүргенде,
қараңғы түнде ит шулап, сөз есітпирмей, мазасы кеткен екен. Қыз-
келіншек қой күзеткен өлең айтып, ән салып, сөз есітпирмеген соң:

– Бәлем, ит, сендерден де өшімді алармын! Бәлем, қыз-келіншек,
сендерден де өшімді алармын-ау! – деп, ант ішкен екен.

Қалмақтың көпшілігі өлтірмекші болғанда, қалмақтың бір сын-
шысы айтты дейді:

– Бұл жай кісі емес, хан баласы. Мұнда киес бар: мұны отқа
салсаң, еліңді өрт алады; суға салсаң, еліңді су алады. Мұны қалай
өлтірсеңдер де, зор апатқа ұшырайсыңдар! – деген соң, мыс қыздырып,
екі көзіне ұстап, екі көзі дәнеме көрмейтін су қараңғы соқыр болып,
қор қылып қоя беріп, сонан соң қалмақ бүлініп, бордай тозған екен.
«Ханын қалмақ жаулаған, // Сөйткен қалмақ оңбаған», – деген мақал

сонан қалған. Қалмақ екі қатын алмайды екен: «Екі қатын алса, ел бүлінеді» – деп.

Қалдан Шерін екі қатын алған алған екен. Себебі мынау: он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыттың ханы кәрі Аюке Тапсыра-Шабдаршаптың баласы жалғыз қызын қырық жолдас қосып Қалдан Шерінге жіберген: «Кімге берсе, билігі Қалданда» – деп. Бара жатқан жолында қыс ерте түсіп, қар қалың жауып, жүре алмай қалған. Қазақтың бір мергені оқтай ұшырап, қыздардың өздеріне тастан үй қалап беріп, көліктері түйе екен, түйелеріне тастан қора қалап беріп, аң атып, аң еті[мен] бір қыс асырап, сақтап, қыстан шығарған. Қалдан Шеріннің қаһарынан қорқып, қыз тие алмай, мерген ала алмай, жаз шыққан соң, қыздар Қалдан Шерінге қарай кепті. Осы қыздардың бір қыс қыстаған жері – Қарқа[ра]лы үйезінде Боқтыкент деген тауларында. Тау арасында «Қызыл Кенеш» – атанған. Біздің қазақ: «Қызыл Кенеш әулие» – деп, соған да түнеп жүрді. Бұл қыздар Қалдан Шерінге барыпты. Қыз заманындағы жұрттан асқан сұлу екен. Басқа бірсуге кимай, Қалдан Шерін өзі алыпты. «Қарабас ханымы» – деген атақты ханымы бар екен де, онан туған Ежен жалғыз екен. Қыз «салт атты, сабау камшылы» болмай, буаз шығыпты. Еркек бала тауып: «Жолдан қыстырылған сына тәрізді болды» – деп, атын «Сына» қойыпты.

«Сына батыр» – атанып жүрген Сына – осы кісі. Аюкенің бұл қызы Қалдан Шеріннен екі қыз, екі ұл тауып, қыздарының аты бәрін «Топыш», ұлдарының аты «Қырғиқуш» -ататыпты.

Қалдан Шерін айсыз қараңғы түнде сиіп отырғанда, сідігіне бір нәрсе келіп шолп ете қалады. Үйіне алып, жарық қылып қараса, садақтың оғы екен, ұшында метін бар екен. Ол метін Қалдан Шеріннің өз қасында жататұғын метін екен. Токсан ұстасы бар екен, бәрін жидырып:

- Мынау оқты қайсың жасадыңдар? – дегенде, бір ұстасы:
- Жасаған мен едім, – депті.
- Кім жасатты? – дегенде,
- Өзіңіздің нақсүйер тоқалыңыздың тұңғышы Сына батыр жасатты – депті.

Ләм-мим, дәнеме деп, жанға сездірмейді. Ұйықтап жатқанда, Сына батырдың мұрнына дәрі искетіп, талдырып тастап, оң жауырынынын

шеміршегін ойдырып алдырып тастап, аюдың ақ дәрісін септіріп тастапты.

Бір заманда Сына батыр есін жиып, басын көтеріп, түрегелді. Дәнемені білген жоқ, сезген жоқ. Сына жақ атып, садақ тартайын десе, «Төбесінен Құдай ұрғандай» болып қалғанына наза болып, үйге келіп еңіреп боздап жылап, шешесіне айтты, шешесі:

– Не болды, кім тиді? – деп сұрап еді.

– Денім сау, қолымда ауырған, сырқаған дәнеме жоқ. Садақ тартып, жақ ата алмайтын болыппын, -деді.

– Балам, ұрылған екенсің! Енді тырп етсең, көзінді жояды, карашығынды батырады. Тұрма, көзінді жоғалт! Қалмақ ортасында жүріп жан сақтай алмайсың. Қазақ жұртына кете гөр осы аманыңда! – деді. Қалдан Шеріннің қас болғанын айтты.

Сына батыр қашқаннан қашып, Абылайға келіп, қорғалап тұрып қалыпты.

Қалдан Шерін де – қайда барса да, өзіне қастық қылатынын біліп, іздепті. Таба алмай, Абылайға барып, қорғалағанын есіткен соң, Абылайға елші жіберіпті:

– Менімен жауласпай, тыйыш тұрамын десе, Сына батырды қайтарып берсін! – деп.

Абылай хан:

– «Бұтаға қорғалаған торғай да [аман] қалады» – деген сөз бар еді. Бұта құрлы болмасам, тірі болғанда, неге жараймын! – деп берменгі.

Қалдан Шерін жер үстіндегі қалмаққа хабар салып, «Сүзекінің қолы» – деген қол аттандырыпты.

– Бір жерден емес, әр жерден аттанып, судан балық сүзгендей Сарыарқаны түгел аралап, кезіндер. Абылайды маған тірі ұстап, алып келгендеріне Аюке қызынан туған Топыш сұлуды беремін! – деп.

Мұны естіген соң, жайсандарда жан қалмады, көтеріле атқа мінді. Бір Жалыбы деген жайсаң көп қосынмен жүріп[ті], Тарбағатай, Шыңғыс таулары[нда] «Жалыбы жолы» – деген жолдар бар. Ала жаздай кезіп, ұшырата алмай, қыс түсіп, Ұлытау, Киші[тауда] бүркіт салып жүргенде ұшырасып, аң аулап, қаңғып жүрген Уақ-Өтеген мергенді ұстап алып, ол айтпапты. Бір – Тілеуімбет деген жаман қарауылшысы бар екен, ол ит ұйықтап қалып, «Қарауылшымыз бар ғой!» – деп, қапы қалып, қасындағы қанша жолдастарымен

ұстап алыпты. Абылай жүрген жорықшылардан жөн сұраса, бір ғана өзі үшін аттанған қосын екенін білген соң, «Күтінбеген елді шабыншылыққа ұшыратпайын!» – деп:

– Іздеген Абылайың-мына мен! – деген соң, Қалданның жіберген қосыны тапсырған Абылайын тапқан соң, жоғалтып жүрген тайыншасын тапқандай қуанып, алып жүре беріпті.

Қалдан Шерін «Абылайды тірі ұстап әкеле жатыр» – деген соң, айдалаға ақбоз үйді тіктіріп, құда, күйеу түсетұғын үйдей жайнатып, төсеніш төсеп, Абылайдың жалғыз өзін сонда кіргізіпті.

– Жеті күн, жеті түн ас-су бермендер, қарны ашсын, қалжырасын! «Бір күн қарны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама!» – деген бар ғой, – депті.

Айтқанындай бәрін істетеді, сегізінші күні:

– Тола аяқ қара суға тобықтай тоң май салып апарып, қолына ұстата қойыңдар! – депті.

Айтқанындай [кылып] апарып, қолына ұстатқанда:

– Үрсем, кетпейтін неме едің, өпкенмен, келер емессің ғой! – деп аяқты төрден есікке қарай лақтырып жіберіпті.

Көзімен көргендер көрген-білгенін айтып барғанда:

– Шіркін, анық бегзат, шын дегдардың өзі екен ғой!-десінті.

– Енді бір төрт жендет түстерінді суытып, төртеуің де қолдарыңа жалаңаш қылыш ұстап, жалақтатып: «Ханнан жарлық болды, қарадан жабдық болды. // Сенің мейманаң толды. Берген асты ішпесен, мә, өзіңнің қаныңды іш!» – деп, дүрсе қоя беріңдер. Тайсалса, қайғалақтаса, басын шауып тастандар! Жасқанып, жалтақтамаса, тимей, қайтып келіңдер, не қылып, не қойғанын айта келіңдер! – деп, жіберіпті.

Бұлар Қалдан Шеріннің айтқанындай істеп жетіп барғанда:

– Алладан басқадан ажалым болмақшы емес! – деп, сескенбей, именбей, шімірікпей, сарғасқа текедей – қасқайғаннан қасқайып отыра беріпті.

– Мынаның өзінде жан жоқ қой! Жаны бар жан жасқанбас [па]?! – деп, кетіпті, көрген-білген[ін] әңгіме гып айта келді.

– Атса, мылтық; шапса, қылыш өтпейтін, су[ға] салса, батпайтын, отқа салса күймейтұғын. Сырты-болат, іші-құрыш, өзіне-өзі әбден сенген айдын қасқа ғой! – депті.

– Екі сыннан өтті, енді бір сын қалды, оны да орындатайық! – деп, – Өзін мұнда шақырындар. «Қардың басын қар алады, // Ханның басын хан алады» – деуші еді. Қалын қалмақтың жиылған тобының ішінде басын өз қолыммен кесіп, ту сыртынан жарып, өтін өз қолыммен алып, қанын ұрттаймын!» – деп, шақыртты, – дендер.

Үрейі ұшып, құты қашып, қалбалактап кіріп келер ме екен: жоқ, өңі-түсі қашпай, сескеніп, шіміркеніп аяқ баспай, жаймашуақ, жадағай кіріп келер ме екен?! Бұ да – бір сын» – деді.

Қалдан Шеріннің тоқсан сәргердесі (сарғардасы) бар екен, [бәрің] қаз-қатар жағалай отырғызыпты. Өзі тақтан түсіп, сәргердерлерінің біреуі есепті болып отырыпты. Төрден босағаға шейін жан отырарлық орын қалдырмапты. Және:

– Кіріп келгенде, ешбірің қағылып, орын беруші болмаңдар! – депті.

Қалдан Шеріннің тағы болады екен, так үстінде тастан жасаған жеке ханның өзіне арнаған «құдайы» болады екен. Абылай хан кіріп келсе, так төрінің үстінде кісі жоқ, тастан жасалған құдайсымағы тұр. Абылай хан жан-жағына жалтақтап қарамастан, [так үсті бос тұрғанын] көріп, тұпа-тура барып, таққа мініп, Қалдан Шеріннің орнына қасқиып отырып алды дейді. «Құдайының» қасына отырғандығы шаншудай көрініп, қалмақтар қауқылдасып, сонда Абылай хан айтты дейді:

– «Жақсы кезенге таласады, // Жаман орнынан адасады». Отыратұғын орыннан адасатын мен жаман ба?! Так үстінде ханның орны болады: оның қашты да, менін аруағым басты, бақ-талайым жоғарылап асты. Сондықтан орнын ол тастай қашты. Бұл орынға қалмақтың ханы Қалдан Шерін отырмағанда, қазақтың ханы Абылай отырмағанда, шайтан отыра ма? – деді.

Қалмақтар өзді-өзі, бір-біріне қарасып:

– Бұған не айтамыз? «Аталы сөзге арсыз таласады» – деген десті.

Қалдан Шерін өзін танытпаймын деп, ұрылып қалғанын білді:

– Уа, Абылай, Сәру қайда? – деді.

– «Сәрумін» – деп, Сәру айтпады, // «Кеспеймін!» – деп, қару айтпады

«Сәру кайда?» – деп, үш айтты, үшеуінде де осы ретті жауап қайырды. Қалдан Шерін жауап қайтарып, дәнемс дей алмады.

– «Қолға түстім-ау, пенде болмадым-ау!» – деп, ойыма дәне[ме] келмейді. Өлсем, ойымнан; тірі болсам, бойымнан кетпес үш арманым бар. «Бірі – Сәруді мен қан майданда жекпе-жекте өлтірдім. Бірі – сен ата қалмаққа сауын айтып, әскер жиғанда, мен исі қазаққа сауын [айтып], қыл құйрықты қазақты жиып, Сәруше қан майданда өлмей, сәйгел қуалап шыққан тайыншадай, түлкі қуып, бүркіт салып жүргенде, қапыда қолға түстім-ау!» – деп, арман қыламын. Бірі – казак баласының арқасын тамға сүйремей, аузын нанға сүйемей, құлан, киіктей құба жонда тиянақсыз, тұрақсыз қалдырдым-ау!» – деп соған армандамын. Бірі – төрт атадан бері қарай жалғыз едім, туысқаным жоқ еді, балам жоқ еді. Өліп кетсем, бір өзім емес, төрт жанның тұқымы құрығаны ғой!» – дегенім болмаса, – дегенде, Қалдан Шеріннің басы төмен салбырап кетіп:

– Мен де өзіндей төрт атадан бері жалғыздап келген жан едім. Бұ-дағы менің мынау Ежен қарағым, бөбегім сықылды екен! – дегенде, Абылай:

– Алдияр, таксыр хан, төреңізге құлдық! – депті.

Қалдан Шерін:

– Саған қуанғандай, не төре тиіп қалды? – депті.

Абылай хан:

– Мені алдыңызда отырған жалғыз бөбегіңіз – «Көзіңіздің ағы мен қарасы – соған теңегеніңіз, – деді. – Өз бөбегінді өзің өлтіре аласың ба?» – [депті].

Қалдан:

– Жарайды, жөн, – депті.

Өзге жұртты тарқатып, Абылайды оңаша алып қалып, Еженді бір тізесіне, Абылайды бір тізесіне отырғызып, мәре-сәре болып: «Құлындағы – сақауын, құнандағы тісеуін» айтысты.

Қалдан Абылайдан:

– [Қазақта] қой көп пе? – десе,

Абылай:

– Көп болады, – депті.

Қалдан:

– «Қой койшысы өтірікші» – деген. Ауыл үйдің арасынан ұсақ жанжал үзілмейді десейші, – депті.

– Қазақта сиыр көп пе? – депті.

– Көп болады, – депті.

Қалдан:

– Қазақтың баласы айранға сеніп, еңбекке еріншек, ақымақ болады десейші! – депті.

– Қазақ егін сала ма? – депті.

– Жоқ, салмайды, – деді.

Қалдан:

– «Жер – анасы, мал, адам – баласы» – деп еді. Жер емшегін ембей, жерге бауыр баспай, алда басынан неше төңкерісті басынан кешірмей, орнықпас – деген екен.

Екеуінің әңгімесі таусыла ма? Аюкенің қызынан [туған] Топыш сұлуды Абылайға беріп, қазақтан не заманда олжаға түскен, өсіп-өнген бірталай жанды Абылайға байлап, рулы елдей қылып қайтарыпты.

Кенесары, Наурызбайдың әкесі Қасым осы Топыш сұлудан туады. Топыш сұлудың бауырлары Қырғын, Күш Абылайға қашып келіп, паналап, олардың үрім-бұтақ, жұрағаты Атбасар үйезінде, Терісаққан бойында Қарақұйын, Қашырлы елінде «қалмақтар» – деседі. Өсіп-өніп кеткен бірталай жан.

Біз бұл сөзді Мұса, Секербай заманындағы қариялардан есіттік. Енді бұл заманның тарихы, шежіресі – бізге бәрі өтіріктей көрінеді.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»

(екінші нұсқа)

Жұттан, жаудан басын алып қашқан ел шұбырындысы анпақ сүрлеу болып қалады екен де, таба нандай, қаздың басындай жалтырап қалады екен [164]. Жатқанда, алақотан жатады екен, айнала жатады екен, семіздерін ортасына алып, қорғап, күзетіп жатады екен: «Басқа бөтен, жат руы [адамдары] ұрлап кетеді!» – деп, «Сойып, жеп қояды» – деп.

Тобықты Әнет төбе басында қалғаны, он алты ұлды Тілеуімбеттің қырылып жойылғандығы, – сол күндерді қалай ұмытарсың?! Сонда бір мерген он бес ауылды асырапты. «Бір көк ала бие он бес ауылды асырауға жарады» – дейді. Көк ала биенің иесі айдалаға, елсізге апарып, күні-түні бұттан қол айырмай, сауып, сүйретпелеп, сүтін үйге әкеліп, сабаға құйып, он бес ауылды тарықтырмады. Бір күн[і] елсізде бие сауып отырса, төрт атты кісі тура келе жатыр еді. Тұрып кетейін десе, исін[іп] тұрған бие сүті жерге саулап, ағып кететұғын. Тұрмайын десе, анау кісілер келіп қалатын. Қайтерін білмей састы, жұдырықтай тасты жерден алып: «Көз болсаң, көнекке; тіл болсаң тасқа» – деп, сүттің ішіне тастай берді. Көнектің бетін жауып қоя қойды. Төрт кісі келіп:

– Мана біз көрінгеннен биенің бұтында отыр едің. Сауып отыр ма едің, жоқ, ұйықтап отыр ма едің? – деді.

– Не сауып отырайын? Өзінің мінезі жаман, кісі көрінсе, имейтұғын жаман мінезі бар еді. Сендер көрінгеннен-ақ имей қойды. Соны «Иер ме екен?!» – деп отырдым, – депті.

– Бәсе, солай ғой, әйтпегенде, біз көргеннен сауып отырған болсаң, ендігі өзен болып ағып жатса керек, – деп, жүре беріпті.

Олар былай кетсімен, сүтті сүйретпеге құйса, көнек түбіндегі тас, жұдырықтай тас төрт бөлініп кетіпті. «Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар!» – сондайдан қалған екен.

Сөз сөзден туады, сөзді сөз түртеді; бір сөзден бір сөз еске түседі.

Гибрат сөздер, шешендік үлгілері

– Адамға «бір айрылып қалған соң, қайта қосамын» – деуге көнбейтін немене?

– Жігіттің жастық уақыты.

– Адамға алыс болғанда, не алыс?

– Өткен өмір алыс. Өткен өмірді еш уақытта «қайтып келеді» – деп үміт жоқ.

– Адамға жақын болғанда, не жақын?

– Ажал жақын. Мұны еш уақытта алыстату қолдан келмейді. Қолдан келмейтін жұмыс.

Арай, арай, арай бар,
 Арай толған сарай бар.
 Бурылша атта бұғау бар [165]
 Онда кесер егеу бар.
 Сом темірге балға бар,
 Сұмсынғанға Алла бар.
 «Жарлымын!» – деп, жабықпа,
 «Жалғызбын!» – деп, зарықпа,
 «Мұңлымын!» – деп, қамықпа.
 Мұң тарқатар Құдай бар.
 Ақсұңқар: «Ұшқырмын!» – деп мақтанба,
 Алдында жаюлы торлар бар.
 Тұлпар сен: «Жүйрікпін!» – деп мақтанба,
 Алдында қазулы тұрген орлар бар.
 «Басым көп!» – деп, топтанба,
 «Малым көп!» – деп мақтанба!

Мақалдар

Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас [166],
 Мырзалық қонаққа пайда, малға қас.
 Өткір пышақ қолға пайда, қанға қас,
 Өтірік сөз дауға пайда, жанға қас.
 Батыр өлгенін білмейді,
 Жомарт бергенін білмейді.
 Қазақ болмай, ғазап болмас,
 Тамақ болмай, таму болмас.
 Ит баласы сауын болмас,
 Екі даугер ауыл болмас.
 Қас төреде бауыр болмас.
 Құлынында жетім қалған –
 Қурайтса, үйірін білмейді.
 Қозы күнде жетім қалған –
 Түртіншегін қоймайды.

Тауда туған құлынның-
Екі көзі таста.
Ашаршылықта туған баланың-
Екі көзі аста.

Тоғжан мен Торайғыр қағысуы

Торайғыр

Ертістің арғы жағы – Қара теңіз,
Өзі сұлу Тоғжанға сәлем деңіз.
«Бізде көңілі бар болса, ақын Тоғжан,
Арадағы шатырға келсін!» – деңіз.

Тоғжан

Ертістің арғы жағы – Қара теңіз,
«Торекене сәлем» – де, – құлдық!» – деңіз.
«Бізде көңілі бар болса Торекеннің,
Керей менен кезнейден берсін!» – деңіз.

Торайғыр

Сары атан молтақ өркеш нар бола ма,
Жабуын келте шешсек, тар бола ма?!
Керей менен кезнейді бірдей сұрап,
Бойында жігіттігі бар бола ма?!

Тоғжан мен Сақау қағысуы

Тоғжан

Ұстайтын ақ отауға ши қайда бар,
Лайықты сыбызғыға күй қайда бар?!
Алдында «Ердің құны – екі ауыз сөз»,
Алашта Тілекемдей би қайда бар?

Сақау

Ұстаса, ақ отауға, ши жоқ па екен,
Сөйлесе, біздің биде тіл жоқ па екен?!
Бір құлды күннен туған сонша мақтап,
Жұманда Тіленшідей ұл жоқ па екен?!

Дін ғылымы тағылымы

(бірінші әңгіме)

...Атамыз Адам сахиалланы қараңғылықтан жарыққа шығарып, анамыз Хауа – ана мен екеуінің басын қосып, қанша көп қайғысын кетіріп, көңіліне шатлық салған – Құдай – сенсің! Сол Адам атаның ұрпағы – бізбіз.

Біздің де сондай қараңғылық күнімізді жарыққа айналдырып, дін исламның туын ортамызға көтеріп, көңілімізге – шатлық бер!..

Хазірет Нух ғалайссаламды, өзіне ерген жарандарымен дүние жүзін қаптаған топаннан етегіне дым тигізбей, сәлемет сақтаған-Құдай – сенсің! Сол Нух ғалайссаламның зүриаты – бізбіз. Бізді де сондай дүние жүзін қаптаған пәлекеттен сәлемет сақта!..

Әлхи пака пәруәрдігер Ибраһим халилсымды дұшпанның нәмірудлығының отынан жанар (ианар) күні бір даулама демегің бірлан сәлемет сақтап отты (отыны) гүлзар уғастан қылған – Алла –сенсің! Сол Ибраһим халилалланың маттанада болушы қауымлары – бізбіз. Бізді де сондай өзіне дұшпанларыңның дүние жүзін қаптаған, жанған бізді де өрттей пәлесінен сақта!..

Әлхи пака пәруәрдігер хазірет Иүсіф ғалайссаламды ағаларының: «Өлтіремін, көзін жоқ қыламын!» – деген қастығынан құтқарып, құдыққа салған жерінен онан хәм аман-есен шығарып, Мысырға патша қылған – Құдай-сенсің! Сондай өзімізден басқа көршілес туыскандарымыздың біресе құдыққа салуынан, біресе зынданға салуынан құтыла алмай, басыбайлы құлдай пенделікте жүрген құлдарың – бізбіз.

Дін тізгініміз қолымыздан кетіп, құдыққа түсін қалғандай болғандығымыздай; шаруа билігіміз өзімізден кетіп, зынданда қалған жандардай болғандығымыздан құтқарып, Мысырға патша болған жанның шатлығындай садалықты бізлерге хәм миссәре қыл!.. Әлхи пака пәруәрдігер хазірет Мұса пайғамбарды ферғауындай күшті дұшпанынан құтқарып, неше жыл аққан Ніл дариясынан қак жарып, түбін құп-құрғак қылып, өмірінде су көрмеген жердей қылып, өткізіп, бани Исраил (Израил) жұртының көзін қандай ашып, қуантқан – сенсің! Сол сықылды жер-суымыздан айрылып, не қасқа

мен жайсаңымыз дүниенің о шеті менен бұ шетіне кетіп, мал-жан мүкәммалынан биықтыяр кетіп, басымыз да, малымыз да билігіміз де қалмай, өзімізден бәріне жем болған құлдарың – бізбіз! Бізді де сондай төбемізде ойнап тұрған нажағайдың ұшқынындай зәремізді алып тұрған қорқыныштардан құтқарып, бұрынғы құлдарына, бұрынғы зорлық-зомбылық көрген жұртқа берген жақсылығыңды бізге де бер! Бізді де қорқынышымыздан құтқар!..

Әлхи пака пәруәрдігер хазірет Иүніс (Жүніс) ғалайссаламды балықтың ішінің қараңғылығынан, дарияның түбінің қараңғылығынан, түн қараңғылығынан, – үш қараңғылықтан бірден құтқарып, жарық дүниеге аман-есен шығарған Құдай – сенсің! Дін билігіміз қолымызда жоқ: бір-қараңғылық. Қойнында – қатын, күнкөрісі мен жан сақтайтын жер-су билігі қолымызда жоқ, – екінші қараңғылық. Өз еркіміз өзімізде жоқ – үшінші қараңғылық. Сол қараңғылықтан бізді де құтқарып, жарық дүниені жаңа көргендей, көңіл раушаншылығына бізді де шығар!.. Жазсақ, жазғанымызға тәубе; азсақ, азғанымызға тәубе; адассақ, адасқанымызға тәубе; жаңылсақ, жаңылғанымызға тәубе; білмесек, білмегенімізге тәубе қылмасақ, қылмағандығымызға тәубе!

Жаксы – өзі де жаксы болып тұр. Жаманды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Білген – өзі де біліп тұр. Білмегенді жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Болған – өзі де болып тұр. Болмағанды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Қатарға қосылғандар – бұрыннан өзі де қосылып тұр. Қатарға қосылмағанды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай!

Күшті жұрт: «Күштілігім[м]енен өзім таптым!» – дейді. Білімді жұрт: «Білімділігім[м]енен өзім жетілдім!» – дейді. «Құдай жеткізді!» – деп, екеуі де айтпайды. Күші жоқ, білімі жоқ, дәнемеге әлі келмейтұғын, бір жаксылық, атар таң, шығар күн жарық сәуле бола қалса: «Айналайын Құдайымның патшалығынан болды» – деп, білетұғын біздей нашарды, кем-кетікті, білімсізді жарылқа!

Ей, пака, пәруәрдігер, бізге, құлдарыңа жіберген елші орнында пайғамбарларың: «Құдай тағаланың күдіреті айтты!» – деп айтып тұр: «Құл сатып алып, азат қылсаң, сауап бар!» – деп.

Өзіңнің патша екендігің, біздің саған құл скендігіміз – «Айдан жарық, Күннен раушан». Құл азат қылған жаксы болатұғын бол-

са, жалған дүниеде тірілік күнімізде бізге де бостандық, басымызға азаттық жарылқасынынды көрсет, құдайлығынды білдір!.. Ей, бар Құдая, уай рахман рахим атлығы патша, өзің айттың: «Дәрменделердің дәстігірі бол! Сасқан, босқан, қысылғандар, киналғандарға қолыңның ұшын бер!» – деп. Сондай дәрменділікте қалған: «Сасқан» – десең, сасқан, «Босқан» – десең, босқан, «Қысылған» – десең, [қысылған], «Киналған» – десең, киналған – ғазиз (ғажіз) ұнатуан (ринатуан) құлдарың – бізбіз! Біздерге де өзің күдірет қолыңның ұшын беріп, діліңе алмай, фазылыңа ала гөр! Және өзін айттың: «Жамандық қылғанға – жақсылық қыл!» – деп. Сондай біз өзімізге-өзіміз жамандық келтірген, «Зылаума жибула» – деп айтқан адам әулетіміз. Біздің жамандығымызды Құдалық, патшалық мархабатынмен жақсылыққа айналдыр!» «Күшті десең, Құдайға жалын!» – деген Құдай сенсің! Дәнемеге әлі келмейтін нашар – бізбіз!

«Береді десең, Құдайдан сұра» – деген Құдай-сенсің! Қақсап, зарлап, шулап сұраушы (сұрағушы) – бізбіз! «Уама алса іл піләтзһі» – деп, айтқан өзің де, сол сәніл – бізбіз! Бізді сондай ұлығ боспағаннан иәумит қайтарма! «Уама әлтиім (алитім) пәле такһыр» – деген өзіңсің! «Өріпсәлік зікірік» – деп, атын атыңа қосақтап айтқан пайғамбарымыз-Мұхаммед әлмыстаға салиалла ғалия уассаламның жетім қалған үмбеттері – бізбіз! Мұхаммедтей пайғамбар, шариярдай ерлер, сахабалардай жар-жарандар ортамызда тұрса, біз мұндай кемшілік, қоршылық көрер ме едік?! Жетімді есіркесең, бізді есірке. Біз саған сыйынудың, жалынудың себін тауып, жеткізе алмаймыз. Біздің айтып тұрғанымыз түгіл, ойымыздағыны білетін Құдай-сенсің! Ойымызға алғанымызға түгел жеткіз! Мүки-тақи, жетер-жетпес бір нәрсені бетіміздің суын бес төгіп, барсақ, пенделерің де береді. Сен құдайсың: не берсең, мол қылып бер!

Ей, бар Құдая, дін жолында ағайын-туысқанынның арнамысында – жанын ортаға салып, басын нысанаға байлап, өзін отқа ұрған көбелектей ұрып жүрген ерлердің жолын ашық, жүзін жарық қыл! Мерейін үстем, достарына әлғайтлік, дұшпанына күлзәтлік (күлғынтлік) салып. «Хайырұлына ұшыр лағда сарып исрала деп, таһым балнахир әмин иарып алғалман...» жазылған 1323-інші һижыраның мәзһыбының II иұмында 1906 – [жылда] мұсылмандар-

дың тілегі дәрге мұтағал, – бәрі тағала дүр. Жүсіп Көпсейұғлының уқым-ай.

Ей, мумин қарындастар, үмбет Мұхаммедтің өлі-тірісіне тілектес болмағыңыз – үмбетлік хақынан дүр!.. Дін жолына, миллет пайдасына сағи қылғыш пірадарыңыздан жаныңызды дариға қылмаслығыңыз адамгершіліктен дүр! Жаннан жан аяулы емес. Ол жанын аямай: «Көптің жолына құрбан!» – деп жүргенде, онан аяп алып қалған жанды неменеге жаратпақшысың?!

Дін ғылымы тағылымы

(екінші әңгіме)

Хазірет Нух ғалайссаламға үш жүз жетпіс [370] жасқа шыққанда, пайғамбарлық берілді. Бұл пайғамбарлық бұған «Сый-құрмет көрсін!» – деп берген жұмыс емес, «Өмірінде көзі ашылмай өтсін!» – деп берген жұмыс. Не үшін десеңіз, тоғыз жүз елу [950] жыл дүние тола халыққа пайғамбарлық жүргізіп, тілін алған кісі сексенге зорға жетті. Онда да бір саны бір кемпірмен толды. Өмір бойы таяқ жегеннен басқа, басын жардырып, үйілген тастың астында тұншығып жата бергеннен басқа – дәнеме бітірген жоқ.

Ақыр ғұмырында «Қабыз Аларух» атлы отағасы сұраған екен.

– Ұзын жасты пайғамбар, еге дәуірі қаншалық екен? – деп.

Сонда айтыпты:

– Дүние деген, шіркін, – екі есікті үй екен; бірінен кіріп, кідірместен бірінен шығып барамын! Барлық болғаны сол-ақ! – депті.

Сол үшін пар сімекіт пенде мынадай мақал айтады:

Кір Ғұмыр Нұх ұлық қыман башат,

Әзір бір үй жинаңа пәрмен башат.

Дүрбіден дүниеге обиырын рутын азу,

Екі руз уһыз арсал екісінен башат.

Сол үшін бұрынғылар айтқан: «Тудың – өлдің; Өлдің – жоғалдың. Туудан құтылмаған – өлімнен құтылмайды. Оны білсең, өлмес бұрын – өлімге басыңды байлап отыр. Дүниенің жабдығынан еш біріне араласпай, күнбұрын қашып отыр. Тірінің тіршілігі немен

болады? Ол пікірден қал. Өлген кісінің хал-жайы қалайша болады: не күйде, не түрде болады? Кеш [п]ен күндіз, пікір-зікірің сол болсын!

Кітапта мынадай сөз:

Егер тапсаң хаяты хазіреті Нух,
Қылар бір күн өлім жаныңды махрух.
Ғалам Кәгітке мен шаһи жаһаннам,
Ғалам Кесереп дүлт мир санах [167].

Шал мен қыз қағысуы

Шал.

Деген соң: «кызыл өгіз, кызыл өгіз»,
Бұл елдің қатыны – арық, қызы – семіз.
Ақ төсіңе ақ төсім бір тиген соң,
Бұл жерден кім кетеді жиырмасыз.

Қыз.

Жаураймын, қыстыгүні, түн болмаса,
Хауышы, күн көре ме, ел болмаса.
Біздерге, бесеу – алтау, бұйым емес,
Жеті мен сегіз, тоғыз, он болмаса.

Байлаймын көк аламды көк мойылға,
Кез болдым, шақырған соң, бір тойыңа.
Шал баба, көңіл беріп, қойныма алсам,
Жарар ең кідірместен неше ойынға?!

Шал.

Байлаймын көк аламды көк мойылға,
Кез болдым, шақырған соң, бір тойыңа.
Бикешім, көңіл беріп, қойныңа алсаң,
Жараймын, кідірместен бес ойынға.

Қыз.

Мінгенім, дайым менің, боз інген-ді,
Аузыма, сөйлейтұғын, сөзім келді.
Қызарған екі көзің маймұндай шал,
Тұсыма қайдан менің кезің келді?

Шал.

Бұл жерге, келмес едім, көп ап келді,
Тұсына сендей қыздың дөп ап келді.
«Кәрі бұқа тайыншаны қуалайтын,
Қызығын көрейік те!» – деп ап келді.

Қыз.

Арғынның сендей шалы тұт жейтұғын,
Арқасын сендей [шалдың] бит жейтұғын.
Шал баба, қысың өтіп, жазың шықса,
Аузың сасып, тісінді құрт жейтұғын.

Шал.

Жүгірген ойдан-қырға тарғыл тазы,
Жігітті мұңайтады малдың азы.
Аузы ашықтың бәрінен құрт кетпесе,
Сізден де құрт кетпейді қысы-жазы.

Қыз.

Арғынның сендей [шалы] тұз жейтұғын,
Арқасын сендей шалдың бит жейтұғын.
Қаншығы, біздің [ауыл], өзі келер,
Түбінен қоржыныңның ит жейтұғын.

Шал.

Жөргекте қызды Құдай ұрған, ботам,
Бөксесін іздегенде, бұрған ботам.
Ит жеп, олжа қылатын бос қоржын жоқ,
Қасында мықты жігіт тұрған, ботам!

Мәшһүр-Жүсіп туындыларына Жолмұрат түсініктері

[«Кәф пен нон» өлеңі туралы].

[Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы туралы айтылып отыр. Л.Ж.]. «Кәф» пен «нонды» сипаттап сөйлеген сөзі. 1-томның 983 – бетінде 342 жол екен, аяғынан 70 жол өлен

жок. Қағазын біреу жыртып алған. [Осы орайда бұған дейінгі ОҒККҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіптің 1170 – папкасынан алынып жарияланған «Кэф пен нон» – туындысының көлемі (1-том, 14-20 бет) 212 тармақтан аспайтынын, демек қалған 130 жолын басқа көшірмелер бойынша іздестіріп қосу не осы жолғы, не кейінгі міндет екенін ескертеміз. Бұл деректер сонымен бірге 1931 жылдан бастап ҚР ҰҒА ОҒККҚ қорына өткізілген Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 77 жыл ішінде құртылуға, ұрлануға ұшырап келгеніне де жарық түсіреді. Л.Ж.].

«Бір үйге» өлені туралы

Құдай шеберлікпен: «Қолымнан жасаған үй» – деп сөйлеген сөзі. 1-томның 195 бетінде 192 жол. [Бұл өлең толық сақталған. Қараңыз: Мәшһүр-Жүсіп шығармалары, 1-том, 3-8 беттер. Л.Ж.].

«Өтірік өлен» туралы

Өтірік өлең – 52 жол [Біздер шығарған кітапта – 48 жол. Қараңыз: 5-том, 24-26 б. Демек бір шумағы ғана сақталмаған. Л.Ж.].

Мәшһүр-Жүсіптің Сарыарқадан айрылу мұны

Кең байтақ ен жатқан [168],
Сарыарқаның даласын
Шалқар көл, аққан бұлақ
Өзен-судын жағасын!

Оны қыстап, жайлап, шалқып отырған елді аралап, қаздай қалқып, үйректей жүзіп, «ішпей-мас, жемей – тойып, көзі көріп, көңілі тойып қуанса да, бір жағынан, жүрсе жүрегінен; ойласа – ойынан кетпейтін уайым-қайғы, шер толады. Ақын ойланады, толғанады.

Қиядан ұшқан қырандайын – Қырымға көз жібереді. Озған заман, өткен күндерді ойына түсіреді.

Осы сияқты, Сарыарқа,
Сай-саласы сан Арқа.
Кең қонысы – кен Арқа,
Біткен шөбі май – Арқа,
Суы шекер бал – Арқа,
Маңырап тұрған мал – Арқа,

Төңірегі той-Арқа,

Дәл осы менің тұсымда

Сәнің кетті неге, Арқа?!

Құтың қашты неге, Арқа?

Себебін айт, Сарыарқа! – деп, Сарыарқамен сөйлескендей, терен ойға түседі. Сарыарқа әуелде кімнің жері?! Кімнен кім алды?

Тегін олжа болып па еді,

Оңайлықпен беріспеді.

Талай қиын таудан асып,

Талай күдір белден асып,

Қызыл қанды судай шашып,

Оғын атып, жағын тартып,

Қылыш шауып, найза шаншып,

Не сабазы, не сарбазы, не маңғазы,

Не шопаны, не шолпаны

– бір Сарыарқа, сенің үшін малы-жаның құрбан шалып алған қазақ халқының құнындай, қойнындағы жесіріндей болған Сарыарқа қазір кімге олжа болды, кім пайдаланды?! Сөйтіп алған Сарыарқадан қазақ халқы бүгінде неге айрылды?! Неше ғасырлар бойы қазақ халқының атамекен, қоныс қылып отырған жерін – айту жоқ, сұрау жоқ, ақы жоқ, пұл жоқ, ерік жоқ, ықтияр жоқ, крестьян келіп, меншіктеп, қала сала бастады. Ақынның жүрегінде жазылмас жара, арылмас арман осы болды. Халқының қамын ойлап, қазақ халқының сұрғылт тартқан, қиял кейіпсіз шырайын көріп, қайғы-мұңға түседі.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жалғыздық» өлеңі

Болмай кетті өмірімше маған тойым,

Хат-қаламым, өлеңім – жылқы, қойым.

Мен дегенде, жан біткен теріс айналып,

Орнына кеп көрген жоқ ешбір ойым.

Бұхар бардым, еңбегім онда қалды,

Ташкенттегі жолдағы ел тонап алды.

Қыдырсаң да дүниені, таба алмайсың

Бір еңбегі жанбаған біздей жанды.

Кім-кімменен бас коссам, ойы басқа,
Үйде отырып, жаримын өш пен қасқа.
Үйде-түзде күн кештім жалғыздықпен,
Жари алмай өмірімде бір жолдасқа!

Ақындар, батырлар тегі туралы

Қожадан шыққан ақындар:

1. Мәделі қожа [169].
2. Майлықожа.
3. Көшек қожа.
4. Күдері қожа.
5. Колет қожа.
6. Шортанбай қожа.
7. Заман қожа.
8. Қалдыбай қожа.
9. Төлеген қожа.

Ертедегі (ескі) қазақ ақындары

1. Қаракесек-Қамбар: Жанак ақын.
2. Күлік-Көтеш ақын.
3. Күлік-Жамшыбай ақын.
4. Найман-Сарыбай ақын.
5. Найман-Түбек ақын.
6. Кіші жүзден-Шернияз ақын.
7. Қырғыз-Шөже ақын.
8. [Арғын] – Айдабол-Тайкелтір: Жапар ақын.
9. Қаракесек-Балта ақын.
10. [Арғын] – Орманшы-Сақау ақын.
11. [Арғын] – Қарауылдан-Орынбай ақын.
12. [Арғын-Сүйіндік-Құлболды] Ақбура-Бөрібай ақын.
13. Керей-Біржан ақын.
14. [Арғын] – Қарауыл-Ақан сері.
15. [Арғын] – Қанжығалы-Досан ақын.
16. [Арғын-Қаржас] – Талас-Емелтай ақын.
17. Найман – Әріп ақын
18. Құдайберген ақын [тегі көрсетілмеген – Л.Ж.]

Әйелдерден шыққан ақындар

1. Ұлы жүз – Ошақты-Жалайыр-Ұлбике ақын.
2. Ұлы жүз – Үмсын ақын.
3. [тегі көрсетілмеген] – Күнікей қыз.
4. Найман-Опан қыз.
5. Қаракесек-Тоғжан қыз.
6. Найман-Сара.
7. Қаракесек-соқыр Ажар.
8. [Ұлы жүз] – Үйсін-Күмпейе қыз.
9. Қыпшақ-Арсыз қыз.
10. Кіші жүз – төрт Шөмекей-Ташкенттен-Әшіргүл.

Қазақ батырлары:

1. Найман-Матай – Қаракерей-Қабанбай.
 2. Қанжығалы-Бөгенбай.
 3. Қаракесек-Бошан – «Қаз дауысты Қазыбек».
 4. «Токал Арғыннан шыққан» – Шақшақұлы Жәнібек.
 5. «Көк жалды Көкжан» – Барак.
 6. Керейден – Балтакерей-Тұрсынбай.
 7. Сырым-Малайсары.
 8. Уақ-Сары-Баян.
 9. «Он сан Орта жүзге ұран болған» – ер Олжабай.
 10. Шанышқылы-Бердікожа.
 11. Қанжығалы-Аққозы-Жасыбай.
 12. «Бөрі тонды, бөрте атты» Бөрібас.
 13. [Арғын-Сүйіндік]-Орманшы-Ақсары-Шотана.
 - 14-15. Малай-Жәдігерден шыққан, [қалмақтан] – «бір өзіне жеті ердің құны алынған» – Биғаш, інісі, не ағасы – Жауғаш.
 16. Биғашының немересі, Кенесары соғысы батыры – Жанайдар батыр.
 17. Қаракесек – Шұбыртпалы-Ағыбай.
 18. Тама «Кенесары соғысы батыры» – Танаш.
 19. «Жекпе-жекте жан тап келмеген» төре – Наурызбай.
 20. Қарсұн-Керней-Қояншағай – Әлтеке-Сырым-Жидебай.
- Бұл батырлар «қатын қасында, қазанның басында смес, қан май-данда жалғыз жүріп, қамал бұзып аты шыққан батырлар. Ер Бекейше

«Сүтке тойған бұзауды сойылмен бір салып калып, ішін жарып» – батыр атанған емес, шын батырлық атағын алған батырлар.

Қазақ би.тері

1. Майкы би.
2. Үйсін-Төле би.
3. Ұлы жүз-Тоғас би.
4. Арғын-Манас би.
5. Бекболат би.
6. Тіленші би.
7. Алшынбай би.
8. Тәйтеке би.
9. Қыпшақ-Досбол би.
10. Байдалы би.
11. Едіге би.
12. Шон би.
13. Торайғыр би.
14. Шорман би.
15. Жанак би.
16. Мөңке би.
17. Қарамендс би.
18. Бөлтірік би.

Қазақ хандары

1. Уыз хан.
2. Шыңғыс хан.
3. «Еңсегей бойлы» Есім хан.
4. «Қасқа жолды» Қасым хан.
5. Тәуке хан.
6. Тәуекел хан.
7. Алаша хан.
8. Абылай хан.
9. Қасым хан.
10. Кенесары хан.
11. Орманбет хан.

Заманында хан болып, халыққа аттары қалған хандар орыстың оразасындай, бірде бар, бірде жоқ, аты шықпаған тауықтың әтеші

сыкылды көті бос, көдедей болымсыздардың болғаны не, болмағаны не? Оларды айтып не, айтпай не? «Аты шықпа[ға]н жігіттен – аты аталған төбе артық!» -деген бар емес пе?!

Жолаушы әңгімесі

Екі адам ертеде жолдас болған... біраз күн бір сапа[r] ғана. Сонда жасы кішісі үлкеніне айтқаны:

– Әңгіме айтыңыз, жол қысқарсын!

[Оның әңгімесі]:

– Бір өлген адамды қабірге қойып жатқандарға айтқан:

– Бұл адам шын өлген бе, өтірік өлген бе? – деген.

Бір тоғайға кіргенде, айтқан:

– Екеу болып кіріп, үшеу болып шығайық, – деп.

Шешуі бар сөздер, жұмбақ мысалды.

Ел арасының бір жанжалы

Қуандық, Сүйіндік бірыңғай, Қаракесек бірыңғай болып жүрген кез екен. Қуандық, Сүйіндіктен тоқсан қос жылқы Есіл, Нұра өткелсіз шылида (шілде) жатқанда, қыс күнінде жылқы айдап алуға Қаракесек: Қарсұн-Керней, Жарылғаптан: Қырбас, Баубек бас болып, үш жүз кісі барған. Алтай: Алшағыр, Есенкелді дейтін екі батыр: «Жылқыға жау тисе, жақында боламыз!» – деп, сол маңытқа (баңтиға) жақын қыстап жүреді екен. Есенкелді, Алшағыр екеуі кездесіп, тізе қосып, үлкен соғыс жанжал болып, Қаракесектен жүз кісі өлген. Қолбасының бірі Ескетбай (Иіскетбай) да өлген. Баубек қолға түспей, қашып құтылып, үйіне барса, Алшағыр әкесі дау даулап барып, үйінде қонып отыр екен. Баубек бара дүрсе қоя бергенде, Баубектің шешесі ас пісіріп, қазан сапырып жүрген екен.

– Кет, былшылдамай, шірік ит, мықты болсаң, далада қайда қалдың?! – деп, шөмішпен басқа бір салыпты. – Қонып отырған қонағымда не ақын бар? Аман қалғаның да осы қонағымның ырымдылығы! – деп, тигізбеген.

– Қайта малын беріп, риза қылып қайтар! – деп, бай сый беріп қайтарған екен.

Жаяу Мұса тегі туралы

Қанжығалы-Әжібай; Досқана-Бөлекенің Досқанасынан «Сасық би» – деген би шыққан. Қанжығалының Баян, Сасық деген екі би болған. Сасықтың қыстауы Баянаула бауырында Қыңыртас сыртында болған. Малқозы –Төбет байлықпен Сасықтың Нағжан деген қызын баласы Байжанға атастырған. Қызды-сүйікті, құлықты болғандықтан, аты «Науыш» екен, «Нақыш» – дейді екен. Қыз күнінде Боштай-Нақышпен ойнас болып, Боштайдан буаз болып, оң жақтан көтеріп барып, Байжан босағасына барсымен тапқан.

– Жаяу Мұса сол, Боштайдың өз қатыны Даржаннан сондай бала туған жоқ. Даржан бәйбіше – Қарауыл қызы.

Тайкелтір би ұрпағынан шыққан Еленке қу айтқан екен:

Асқар бел, айдыны зор, шалқар көлмін,

Үстінде – елтірі ішік, жаға-жеңмін.

Кешегі хан Абылай аса алмаған,

Соны да асырмаған сары белмін! – дегенде, қыз тоқтап қалыпты.

Тарихи бір дерек

Баянаулада Боштай аға сұлтан, дуанбасы, Қараөткелде Қоңырқұлжа аға сұлтан, дуанбасы. Кенесары: «Қараөткелге орналасамын!» – деп, қамағанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрып, соғыс қылған. Ақтау, Ортауда Кенесары мен Қоңырқұлжа тағы қарсыласып, соғысқан. Қараөткелді қамағанда, Кенесары Күлдірмамай деген манатымен Тайтөбенің басында төрт орыстың қарауылшысы баласайкесін атып, мұрттай ұшырған екен. Тама-Танаш батыр бір шапанды майға былғап-былғап алып, бір шетін отқа жандырып, найзаның ұшымен көтеріп барып, атып тұрған оқты керек қылмай, тастай берген, басқа жауға шапқан батырлардан Қыпшақ – Басқара батыр оқ тиіп, қан майданда қала бергенде, Тама-Танаш батыр Басқарамен құшақтасқан дос екен:

– Өлсем, өлейін; Басқарамен сүйегім бір жерде қалсын! – деп, қайта шауып барып, Басқараның сүйегін алдына өңгеріп алып келгенде, Кенесары айтқан екен:

– Дос болсаң, Тама-Танашпен бол! – деп.

Көп заманға шейін бұл сөз жұрт аузында қалып жүр.

Қараөткелге өрт салған күн[і] бір орыс – мінгені Қоңырқұлжанын боз арғымағы, таңертең Қараөткелден шығып, күн бата Қызылжарға барған екен. «Екі арасы 500 шақырым» – дейді.

Кигіз туырлықты қазақбайдың баласында мақал бар: «Уыз үйлі қазақ дейтін мына таңба сонан қалған, Уыз ханнан қалған сөздер. Бұл «қазақ» – деген ат кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтып келе жатқан ат. Араб тілінде: «қазахы» – деп жазылған, шағатай түркісінде: «хазак» – деп жазылған. Өзіміздің жуан тілде «қазақ» – деп жазылған. Әуел басы Нух пайғамбардан тарап бөлінгенде, «Жап-пас» (Жапас) – деген баласынан-Түркі, одан-Түтік, онан кейін бірнеше атаудан Уыр (Уыз) ханға келіп қосылады.

Мақалдар

[1] Биді «би» десе, күледі [170],

Кұлды «кұл» десе, өледі.

[2] Арамзаның кұйрығы бір-ақ тұтам.

[3] Күншілдің күні қараң.

[4] Иттің бәрі тазы болмас.

[5] Ақпейілдің аты арып, тоны тозбас.

[6] Күндестің күлі күндес.

[7] Аққа кара жоқ, караға шара жоқ, кәрілікке дауа жоқ.

[8] Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа.

[9] Жұмыртқада түк қанша, әйелдің ақылы сонша.

[10] Қу қасық ауыз жыртады.

[11] Құр аяққа неке жүрмейді, кара суға бата жүрмейді.

[12] Қожа-молда тоқтықта.

Қарны ашса, сәлдесі жатар боқтықта.

[13] Қарыны ашқан – қаралы үйге қарай жүгіреді,

Қатыны өлген – қызды ауылға қарай жүгіреді.

[14] Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады.

[15] Қыз өссе, үйге жүт,

Кұл өссе, отқа жүт.

[16] Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол,

Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол.

[17] Құданың құдасы, қоянның сорпасы.

- [18] Балык жеген – бағыспайды,
Жан-жағына қағыспайды.
- [19] Мекіре балықтың тұмсығы
Таска тимей тоқтамас.
- [20] Шапқанда, байдың ұлы –
Тоқтағанда, (кедейлігі) есіне түседі.
- [21] Өткенге өкінбе, қашқанды қума.
- [22] Өшкен жанбас, өлген тірілмес.
- [23] Тентектің ақылы – түстен кейін енеді.
- [24] Тентек шокпар жинайды.
- [25] Андамай сөйлеген – ауырмай өледі.
- [26] Аңқау елге – арамза молда.
- [27] Сыпайы сырын жасырмайды, пұшық мұрнын
жасырмайды.
- [28] Есектің күші – адал, сүті – арам.
- [29] Сусыз жердің шөбі арам,
Енбексіз ердің тұзы арам.
- [30] Қарны тойса, қартаны ас демейді.
- [31] Тұйғында (тойғанда) томашадай тамағы жоқ.
- [32] Ашу-пышақ, ақыл-таяқ.
- [33] Күре қорланса, күрегінді сайла.
- [34] Бұралқы ит үнімен жағады
Бұйра қозы жүнімен жағады.
- [35] Бұралқының пұлы жоқ,
Бұзылған шаһардың сыны жоқ.
- [36] Көзін ауырса, қолың тый.
- [37] Көп қорқытады, терең батырады.
- [38] Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы жұқпас.
- [39] Қыс – қысыл, жаз – жазыл.
- [40] Төсегіңе қарап, аяғыңды көсіл.
- [41] Бас ауырса, жан қорқар.
- [42] Білмес – Құдайды білмес, көрмес – түйені көрмес.
- [43] Құдайдан қорықпағаннан – қорық.
- [44] Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тигізбес.

Қас төренің белгісі –
Қарашаға сырын білгізбес.

[45] Көк темір-күре, өлтірмес.

[46] Бакыр қазан – баршаныздың қамы.

Жәуке бидің Шоңайға айтқан түс жоруы

Шоңай, Шоңмұрын, Малай – үшеуі Байқабыл деген төреден туады. Сол Шоңай айтқан түсін:

– Түсімде жағалай біткен көк құрағы бар көл көрдім. Сол көлден екі қасқыр шығып, мені ортамнан екі бөліп жеп қойды, – деген екен.

Сонда Жәуке би жорыған:

– Көрген көлің – көлдей мол толған дәулетің болар. Бұралып, иіліп, майысып тұрған құрақтары – тұқымыңнан артқы: немере, шөберен. Заманыңда бүкір, бүкірейген көп болар, – деген. – Көрген екі қасқырың – өзіңнен екі бала туып, екеуі де қасқырдай қайратты болып, малыңды екіге бөліп алады.

Жұмбақ – он сан шешуі

Бір үлкен қарт-қариялары бас қосқан бір жиында Үйсін-Төле биге басқа таптардан шыққан жас, жолы кіші билер сәлем беріп:

– Е, Төле-аға, біздерге үлгі қылып айта жүргендей, бір сөз айтып беріңіз! – дегенде, ол кісі мынау сөзді айтқан:

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, – деп, сан аттарын айтты.

Билер түсінбей:

– Бұ не дегені, тартарғамы ма? – депті.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек айтты:

– Бұ кісінің айтқаны – жұмбақ қой. Маған рұқсат берсе, мен шешер едім, – деп, шешкен екен:

Біреу деген саныңыз –

Бірлігі кеткен ел жаман.

Екеу деген саныңыз –

Егесіп өткен ер жаман.

Үшеу деген саныңыз –

Үш тарап, так талас болған ел жаман.
Төртеу деген саныңыз –
«Төртеу түгел болса,
Төбеден жерге келтірер!»
Бесеу деген саныңыз –
Белсене тиген жау жаман.
Алтау деген саныңыз –
[Алтау ала болса],
Аузындағы жемін кетірер.
Жетеу деген саныңыз –
Желекті найза астында
Ажал жетіп ері өлген,
Жесір әйел жаман.
Сегіз деген саныңыз –
Серпілмеген қайғы жаман.
Тоғыз деген саныңыз –
Топырақ басқан өлім жаман.
Он деген саныңыз –
Қартайып, отырып қалған – сол жаман!

Қоңырбай әңгімесі

Мұса, Секербай заманында торышолақ атпен, Тұяқ деген жолдаспен, қырық бір жасында Ошақты-Қоңырбай Арқаға келген. Бұхарай Шарипте халфе Хұсайынұғлы Ғабділстар Маххоста бес жыл қызметінде тұрып, қайыр иатмасын алып шыққан Мүмин ахон Сағындық ахоннан тағылым алған. Осыны жазып отырған Мәшһүр-Жүсіптен бір мүшел бұрын келген кісі екен.

Торсықбай әңгімесі

Күлік-Торсықбай-Жанабатыр баласы 17 жыл ескі законда болыс болған. Болыстықтан қалып, қарт [кәрілік] басқан кезінде: «Мұсаның дуан ағасұлтан күні Баян қаласында жатыр» – деген соң, «Жолығайын!» – деп келсе, Мұса Баян ауданына қараған ұрыларды жиып алып: «Бәрін айдатамын!» – [деп], жатыр екен. Тоқаң кіріп келсе, Мұса ұйықтап жатыр екен. Жолында тұрғандар:

– Мырза ұйықтап жатыр! – дегеніне карамай, баса көктеп кіріп барып, айтқаны:

– Дария, теңіз қатар-ау, Мұса,
Түлкі де, қарсақ жортау-ау, Мұса,
Жиылған көп тарқар-ау, Мұса,
Бак деген, шіркін, сай қонған,
О да бір күн қайтар-ау Мұса! – дегенде,

Мұса шошып оянып, қасындағы жолдасына айтқан:

– Тоқана албардың ішіне – өзіне бір кигіз үй тігіндер! – деп[ті].

– Мені сыйласаң, менің сұрауым: «Мыналарды түгел босат!» – дегеннен кейін, бәрін босатып қоя берген екен.

Бәрі:

– Ой, Жаңабатыр, аруағыңнан айналайын! – деп, тұра жөнелген екен.

Сағынай асын Мұса Шорманұлы басқарғаны

Керей-Сағынай асында сауын айтып шақырғанда, Саққұлақ, ойдағы-қырдағы барлық Толыбай ұранды Қанжығалыға хабар айтып, жинап алып, барлық Қанжығалы болып бас қосып тұтас барған. Ас берген ауылға жақындап барып, ауылға барып түспей, айдалаға отырып алған: «Толыбай ұрандыға жүз үй тіксін!» – деп. Бүйтіп жүрген өзімен қостас, маңайлас жайлап, қыстап жүретін Керейлер байлық айтып, Саққұлақты кедейсініп:

– Саққұлақ бізбен неменеге жайла[у]ға таласады? Оның бір-екі айғыр үйір жылқысына жер жетпей бара ма?! – деген сықақтары болу керек.

Әкімбек жағынан төбелес шығарып, Секербай да бір жағынан кекесіндеп, ас бүлініп бара жатқан соң, Керейден-Жөкен Айдарке баласы бас болып, басты-басты кісілері Мұса мырзаға келіп жалынған:

– Сізге мал-жанның билігін бердік. Сіз атқа мініп, жайламансаңыз, болмайды! – деген соң, Мұса мырза Айдаболдан – Секербайды, Тінәліден-Айдапкелді, Алтай-Тоқадан-Бекқожаны қасына алып барып, асты Мұса жайластырған екен.

Асқа бұрын келіп орнығып қалғандарды – екі үйдегісін бір үйге сыйдырып, Сакқұлаққа үйді молайтып, кеңітіп, айтқанындай қылып, Сағынайдың сары жорға атын тұлдап, ат ертоқым, тұрманын үстіне салып, Малкелді баласы Ақпан байға жетселетіп, Сакқұлақтың алдына апарып, көлденен тартыпты. Сонда Сакқұлақ:

– Ойбой, құтым келді ғой! Енді бармасақ, болмас, – деп, асқа келген екен.

«Бұл Сағынай асы қазақта, Орта жүзде бұдан үлкен ас болмаған!» – деседі.

«Мұса мырза асы» деректері»

Мұса мырзаның асында Алтай-Қареке-Қияштың құла аты алдында келді. Алтай-Тоқаның Тоқасы-Төленбектің (Төлембектің) көк аты жағаласа келіп, бірден соңғы аттың бәйгесін алды. Балуан бәйгесін мырзаның өз балуаны Жакып алды. Жакыптың түбі – Қожамберді ішіне сіңіп кеткен асыранды шата бала болу керек – Жакыптың өзі емес, арғы әкелері.

Тұрлыбек ұлықтың істері

Керей-Тұрлыбектің: «Жеті дуан елдің дау-шарын бітірем!» – деп, жеті үйез елге: Қарқаралы, Ақмола, Павлодар –Баянаула тауына келіп, Торайғыр көліне үй тіктіріп, келіп түскен. Үш күнге дейін Баян қаласының жанындағы Қаржастың биі Үкібай келмей, төртінші күні келіпті.

Үкібайдың кеш келгеніне ренжіп отырған Тұрлыбек:

– Үкібай, неге осынша кешігіп келдің? Қол астындағы халқын түгел ұры. Бір сенің еліңнен мал даулаған 27 адам арыз беріп отыр. Сонша бұзыққа жол беріп қоя беріп, нығызсып жатасын. Байлық Қуандықтан қалып еді, билік Керейден қалып еді, батырлық Уақтан қалып еді. Ат төбеліндей аз Қаржас әркімнің атын мініп жүруші еді. Осы саған қайдан келген нығыздық? Шошая қалған екенсің! – депті.

Сонда Үкібай айтты:

– Тұрлыбек, өз басыма ұрыс, «берген бак қонды» – демессең, арғы – бергіні біз де білеміз. Үйсіннен – Төле би шыққанда, Алшып-

нан Қаражігіт шыққанда, Қуандықтан – Аққошқар шыққанда, Қозғаннан Тәйтеке шыққанда, Қаракесектен Қазыбек шыққанда, Айдаболдан Едіге шыққанда, Қаржастан Мырзақұл шыққанда, Сатылғаннан Найзабек шыққанда, осы Керей Есілдің бойында ағашқа мініп, ат айдап, Ертістің шөбін шауып, қалғанын үйіне тасып, күнін зорға көріп жүрмеуші ме еді?! Сен оқып шықсаң, менің де оқып жатқаным бар. Оның сендей болмасын қайдан білдің?! Не сенен артық болмасына көзің жетті ме?! Алдына салып айдап кететін тайыншаң мен емеспін. Артыңа салып, бөктеріп әкететін койың мен емес! – деп, есікті сарт еткізіп, далаға шығыпты жұлынып.

Сонда Орманшының биі үй сыртында Үкібай мен Тұрлыбектің сөзін естіп, Үкібайға:

– Сен жаман іс істеп шықтың. Бұл жағдайсыз болмаса не қылсын? Бұл – жаңа келген ұлық емес пе?! Сен қарсы шаптың бетіне! – деген екен.

Сонда Үкібай айтқан:

Тұрлыбектің көтіне сен кір, мен кісі көтіне сыймаймын!

Үкібай Орманшының биіне айтқан:

– Басың үлкен болғанға «ақыл екен!» – деп, ойлап едім. Қарның жуан болғанға «ақыл екен!» – деп ойлап едім. Басың толған су екен де, қарның толған бөк екен ғой! Тұрлыбек қылса, маған қылады. Көтінді қысып, жай отыр!-депті. Тұрлыбек тіл тартпай, отырып қалыпты. Осы үндемей қалған бойымен отырғанда, кешке жақын үй сыртынан келіп екі жігіт түсе қалып, рұқсатсыз, сұрамастан үйге кіріп, Тұрлыбекке барып, бір түзеліп, қол ұсына бергенде, Тұрлыбек:

– Тарт, кет арман! Бұл кім өзі рұқсатсыз үлкен кісінің алдында тонқандап, – дегенде, сол бір тізерлеп отырған бойымен алдыңғы жігіт:

– Қаракесек деген еліміз бар, Қарқаралы деген жеріміз бар. «Арыстандай атағың бар, тұлпардай дүбірің шығып, ортаға Шолпан ағып түсті!» – дегенмен, жүздесейік деп келіп едік. Жеркендіріп отыр екенсің: «Кет!» – дедің ғой, алды біз болайық. Әкем аты-Анай, өзім атым – Жолшара, – деп, шығып кетіпті.

Сонда Анай бидің [баласы] атақты Жолшара жас кезі екен. Артынан кешікпей Қарқаралыға қазы болады.

Осы екі соккының зардабынан Тұрлыбек үш күндей түк баскармай, жатып, төртінші күні халықты жинап, үш ояздан үш кісі белгілеп, дау бітіріпті.

Шідерті бойындағы Малқозы шатына қонып, екі бочтайын (почтавайын) Өлеңтіге оздырып, жеріне (жеке) үй тіктіріп, өз ақшасына бір көк қасқа алғызып, кісесін мойнына салып, мынадай бата қылыпты:

– Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек қасиетті ел екен! Маған бак қонарда Шонның таяғынан қонып еді. Бұл халықтарға аз уақыт билеуші болып едім. Міне, бұл жолы Үкібай мен Жолшарадан бетім қайтты. «Ұшықтың ауыры қайтқан бақта болады». – деуші еді. Құдай, бак қырсығынан сақта! Осы өзеннің бойынан ұлықтықпен өткізбе! – деп, батасын беріп, биені сойғызып, тартып жүріп кетіпті.

Бір жылдан соң патша дуанбасылықтан қалдырып, советнигін жойып, сонда түсіп, аман қалған екен дейді [171].

Шон мен Тұрлыбек кездесуі

Біздің Сүйіндіктің елі: Қаржас елдері жоғары өрлей көшіп, жаз жайлауға – біздің өз жеріміздің шетінен асып, басқа елдердің жерін жайлап, қайтып отырады екен. Бұл оқиға Шон, Шорманның заманында болған. Ол кезде Тұрлыбектің Омбыда орысша оқып жүрген кезі екен. Біздің екі елдің халықтары осындай (осылай) жылда көшіп барып, жайлап жүрген. Күз қайта көшіп, бері қарай жолдағы елдердің қыс қыстайтын қора, үйген шөп, қойма шуалларын (шаруаларын) ашып-шашып, бүлдіріп, отындарын – бірнеше жылдар осылай зар қаксатқан. Шон, Шорман – екі ауыл қатар көшіп, қатар қонып отырады екен.

Тұрлыбек оқуын бітіріп, еліне келіп, үлкенге – сәлем, кішіге амандасып, елін аралап жүреді. Қызметке орналаспаған кезі екен. Сол жүргенде, елінің үлкен-кішісі бәрі шулап, жылап айтқан:

– Біз ел болудан қалдық. Мына қара құрттай қаптап отырған Сүйіндік-Қаржас елдері жылда осы жаққа жайлауға көшіп келеді де, жолдағы біздің елдердің қыстауларынан түк қоймай қиратып, керегін алып, отындарымызды жағып, бізді ел қылатын түрі жоқ. Жағдайын айта барған адамдарымыздың таяқ жеп, басын жарғызып келгені де бар. Өздері би, өздері төре болып отыр. Сонымен біздің хал-жағдайлары-

мыз осылай болып тұрмыз. Жер біздікі болғанмен, ішіп-жеп, қызығын көріп отырған осылар болып отыр. Ал, қарағым, «оқуым бітті» – деп отырсың ғой. Бірсыпыра оқыдың. Бұрынғылар айтқан екен: «Атадан жақсы ұл туса, ел басына жарқырап күн туады!» – дейді екен. Мынау жағдайға бір тиетін көмегің бола ма, шырағым?! – депті.

Сонда Тұрлыбек:

– Байқап көреміз, – деп, кеткен екен. Күзге қарсы елдің жайлаудан қайтатын мезгілі. Елдің алды көше бастаған уақыт екен. Шоң, Шорман – екі ауылы көшкенде, арасына бір күн салып отырады. «Үйткені бірігіп көшсе, мал сыймай, шаң топырақ басып кетеді де, малға, жанға ауырлық болады» – деп.

Жайлауға қарай көшкенде, арасына бір күн салып, Шоңның ауылы бұрын көшеді екен. Тауға қарай көшкенде, арасына бір күн салып, Шорман көшеді екен. Екінші – Шоңның ауылы көшетін болады.

Шоң:

– Көшіп, үйді жығып арта беріндер, мен ана ауылға барып келейін, – деп атқа мініп кетіп қалады.

Шоң кеткен соң, көп кешікпей қасында жеті орыс солдатты бар Тұрлыбек басшы, ауылды иіріп алып, ешкімді ешқайда шығармай қойды:

– Осы жайлап отырған жер біздің жер емес пе? Елімізді бірнеше жылдай жебір, жесір қылдыңдар. Жаз жайлауын бермедіңдер, қысқыстауын, үй-қорасын істен шығардыңдар. Елді аздырып, тоздырып жіберуге шейін барыпсыңдар. Сол бірнеше жылғы елдің бұлдірген шығынын төлейсіндер! – депті.

Сонымен оларды бір үйге кіргізіп, сусын беріп, тамақтандырып жатқанда, Шоң келіпті. Үйіне барып кіреді. Үй жығылмаған.

– Бұларын қалай? – деген Шоң.

Сонан кейін Тұрлыбектің келгенін айтқан:

– Бәрі, барлығы сегіз адам.

– Олар қайда?

– Тамақтанып жатыр, – деген.

Тамағын ішіп болған соң, Шоң шақыртқан. Алдында Тұрлыбек үйге сәлем беріп келгенде, Шоң қолында[ғы] таяғымен бір салып қалғанда, Тұрлыбек қарсыласпай, еңкейіп, арқасын тосып:

– Иллаһи, хазірет ғалияссалам таяғы болса екен! – дегенде, Шоң:

– Жана келе жатқан бакытың, бетін бар екен! – деп, ұрмаған екен дейді. «Орақ салған Мамайдың май көлі» – дейтін көлдер екен. Сонда Шоң таякпен бір-ақ ұрған екен.

– Жана келе жатқан бетінді, аруағынды қайырмайын! – деп.

Мұнан кейін ол жерлерге Шоң өзі барып, жайламаған: «Біздікі – зорлық, қисық тоқтаған!» – деп. Мұнан кейін Шоң, Шорман өткеннен кейін, жеті дуанды аралап, дау-шар, елдің телі-тентегін тыйып, жеті дуанның үстіне советник болыпты.

Тұрлыбектің өз-өзіне айтқаны болған:

– Маған бакыт қонды Шонның таяғынан, лепесінен болғанды ырым көруші ем! – дейді екен.

Болыс сайлауы және дүние алдамшылығы

[Мұстафаның өмірбаяны, ата-тегі, шыққан руы туралы түсіндірме: Орта жүз: Арғын-Құтан-Мейрам-Сүйіндік-Суғыншы-Шуманак-Құлболды-Айдабол-Жанкозы-Төлебай-Жолан-Тойбазар-Бүркітбай-Мұстафа – Л.Ж.]. Мұстафаның шыққан тегі – Орта жүз, Орта жүз ішінде-Арғын, Арғын ішінде-Мейрам. Мейрам ішінде... Сүйіндіктен... Айдабол. Айдаболдан бес қозының –Жанкозысы. Жанкозыдан-Төлебай. Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге. Токал[ынан]: Елкелді, Малкелді. Жоланнан-Тойбазар, онан – Бүркітбай. Бүркітбайдан: Мұстафа, Омар. Омар-ағасы. Екі әйел [қыз] туысқаны бар: біреуі – апасы – белгілі Ақбет. Қарындасының аты – Жүнжубас.

Мұстафаның туып-өскен жері – Сарыарқа: Баянаула тауы. Туған жылы – көрген, замандас болған адамдардың айтуы бойынша – 1850 жылдардың шамасы. Қайтыс болған жылы-1880 жылдардың шамасы. Мұстафаның дене құрылысы – орта бойлы, акқұба, ат жакты, келбетті, қияпатты адам болған. Мұстафаның әкесі Бүркітбай орташа дәулетті адам болған. Мұстафа жасынан өткір, зерек, зейін-пікірлі, ақыл – ойлы болып туады. Он-он бес жасынан-ақ өлең жазып, өлең айтып, домбыра тартып, ән салатын болған. Ақбет деген апасы мен

екеуі қосылып, домбырамен ән салғанда, заманында көрген, естіген адамдардың аузынан суын ағызып, таңырқатып, тандантқан.

Әуелі жас кезінде арабша дін оқуынан біраз оқып, есін білетін болған соң, оны былай тастай беріп, Баянаула қаласынан казак-орыстан үйіне жалдап, орысша молда ұстап, онан орысша әрпін, жазуын, тілін үйренгеннен кейін Павлодардан оқып, онан кейін Омбы қаласында оқып, казетский [кадетский] корпусы бітірген. Ол уақыттарда қазақ елінің қараңғы күні. Болыс десе, сайлау десе, екі жақ партия болып, болыстыққа таласып, болыстықты үлкен зор дәреже көріп, барлық бір болыс елдің адамшылық тағдыры болыс болған адамның қолында, аузында болатын болғандықтан, малы, абыройы, беделі жететін туыстар болыс болуға таласып, өзі бола алмайтын болса, өзінің бір көңілі сүйген адамдарын болыс қоюға жанын, малын, арын, иманын – түгел сол сайланатын адамның жолына, сайлауына салып, партияға таласып, ел бүлініп, қажарылып, екі жақ партия болып, туысқан аға-інілі адамдар бірін-бірі көргісіз болып, әке-ұлынан, шеше қызынан айрылып, дау-жанжал, ұрыс-төбелес, кісі өліп, аяғы атылу, айдалу, нақақтан пәле жауып, пәленің неше түрлі тоқсан түрі туады.

Бұл сияқты партияның ашу-араздық, партияның кесірі бірнеше жылға созылады. Данышпан ақын Абай айтқандай: «Болыс болдым мінеки, // Бар малымды шығындап» – дегендей, жеңіп болыс болып алған соң, партияда қарсы болған – қалған жағы партиясы басқа болғандарға болысекең бар әкімшілікті қолданады. Барлық сайлауда, партияда ұсталған расход, шыққан шығын, берілген пара, шашылған – төгілгеннің бәрін өндіріп алады. Ол уақыттарда бір болыстың қарамағына – алым тартпайтын азият үйлерден басқа, жазылмайтын жарамсыз ойлардан басқа – алым тартуға жарайтын 1500-2000 үйлер болады.

Болыс болып алған соң, бар әкімшілікті қолданады, барлық пәлені жабады. Сондықтан сайланарда барлық күшті салады. Осы айтылғандай сайлау жұмыстары Мұстафаға да кездесіп, бірсыпыра жағдайларын, талқыларын көрген болады.

Волостной управитель сайлауы жақындаған кезінде әрбір елге оязной начальник шығып, болыстық әрбір болыстарды оязной начальник сайлап шығарады. Сайлау начальник алдында болады.

Мұстафаның өз әкесі Бүркітбай мен Хұсайын Боштайбаласы екеуі елді қак бөліп, партия жасап, болыстыққа таласып, осы сайлауда Мұстафа оязнай начальникке переводчик болып, Мұстафаның да көмегі тиіп, әкесі Бүркітбай болыс болып шығады. Әкесі болыс болды, істеген іс орынға келді. Өзі би, өзі болыс, өзі төре, өзі орысша-қазақша екі жұрттың тілін біліп, ауызы, бақыты әрі болса, бір оязға, бері болса, бір дуанға жеткен соң, көңілі өсіп-тасып, сайлаудың тақау арты ғана.

Қымыз ішіп, қызып отырып, болыстықтың қуаныш мерекесінің үстінде өзінің қайынағасы Тасқара деген балуанмен тіленіп: «Күресемін!» – деп болмайды.

Тасқара:

– Қой, күреспейік, – деп үш рет қайырады, болмапты:

– Бүгін әкесі Бүркітбай болса да, қурайша лақтырамын! – деп, тіленіп, болмаған соң, Тасқара амалсыз күреседі. Күрескенде, кім «жығыламын!» – деп, күреседі?! «Алысканда атанды жық, // Аясан, қоя бер!» – деген бар емес пе? Шарт-шұрт айқаса, ұстаса кеткенде, Тасқара шалып алып, көтеріп тастап жібергенде, Мұстафа сылқ ете түседі. Көп кешікпей, жан береді. Көргендер: «Жұлыны үзіліп кетіпті» – деген. Артынан бір жылға жетпей әкесі Бүркітбай өледі.

Андып жүрген Хұсайын Боштаев сайлауды бекітпей, қайта қуып, Бүркітбайдың төрт биін паназор қылып, түсіртіп, келер жылына жеткізбей, күл-талқан, ойран-ботқасын шығарып, Хұсайын болыс болып шығады.

Мұстафа мен Бүркітбай өлген соң, қалған мал – дәулет судай ағып, ағасы Омар болыстық былай тұрсын, ауылнай да бола алмады, ауылына да не бола алмады. Омар ақырында апиынқор, ішкіш болып, ажалы апиыннан өлді. Мұстафадан – өзіне тартқан бала қалмады.

Дүниенің алды – анау, арты – мынау. «Дүние бірде бетін көрсетеді, бірде көтін көрсетеді». «Су аяғы – құрдым» – бар сонымен.

Мұстафаның төртінші атасы – Төлебай, онан-Жолан, Еламан, Едіге. Ырыс тоқалдан: Малкелді, Елкелді. Осы бесеуінің үлкені Жолан болса да, бас пенен малдан ана төртеуінен аз, кем болған.

Бүркітбай мен Мұстафаның уақытындағы аз дәурен Мұстафаның жігіттік жігер талабының арқасы еді. Мұстафаның тірі күнінде өз тұсындағы жақсы көретін қыздарына арнап жазған өлеңдері,

шығармалары. Жадыра қыз деген иесін [сазын] жазып, соны ойнауға әндері көп еді. Өзінің Жолан деген табынан туған Ысқақбай Итаяқ баласы акын еді. Біздің жас бала кезімізде ауылға ел аралап жүріп, келіп қонып жатып, өлең айтушы еді. Өзі – үлкен акын, дүние жүзінде білмейтін өлеңі жоқ еді. Бұрынғы Шөже, Кемпірбай, Жапар, Жамшыбай, Балта, Орынбай, Сақау, Тоғжан, Қойсары, Жұмабай, Көтеш, Күдері – осылардың бәрінің айтысқан айтыстарын айтып, өз жанынан бірнеше түрлі өлеңдерін көп айтып жүретін еді. Өзі қорасаннан көзі кеткен, қарабұжыр кейіпсіз кісі еді. Біз онда өлең тыңдап, өлең ұқпақ түгіл, сөзге көңіл қоймақ түгіл, Ысқақбайды сыртынан боктап, келемеждеп, мазақ қылып жүреміз. Қайран Ысқақбай енді тіріліп келер ме еді?!

«Мұстафаның акын Шөжемен айтысканы» – деп, «Қойсары[ның] Жұмабай акынмен айтысканы» – деп, бірнеше өлеңдер айтқан еді. Мұстафаның шамы Мансұр әулиенің нақақтан өлуі туралы жазған «Азал-хақ та, мен нақақ» – деп жазған бір поэмасы болған. Ысқақбай осылардың бәрін айтатын еді. Он-он бес жасар бала күнімізде естіген сөздер еді. Бәрі ұмыт болды.

Мұстафаның «Азалхақ» – деген шығармасын Ақбет деген апасы [әпкесі] алған. Арқарбай деген жездесімен екеуі домбыраға қосып, ән салып, екеуі кезек-кезек айтып, күздікүнгі сентябрь айындағы бір таңға таң атқанша айтып, таусылмаған екен.

Мұстафаның Ақбет деген апасын алған жездесі Арқарбайдың түбі-тегі – Қарқаралы тауының күншығысында Қу деген тауды мекен қылып, туып өскен жері – Қаракесек ағайындар болған. Арқарбай бес ағайынды. Қасқараубайдан: Қоңқабай, Аманбай, Мылтықбай, Қуандық, Арқарбай. Бір әйел [қыз] туыскандары болған. Бәрінен үлкен апасы[ның] аты – Күпсен еді. Арқарбайдан Әнуар жалғыз туып [еді]. Ақбет пен Арқарбайдан жаман туа ма?! Нағашысы – Мұстафа, Әнуар да жұлынып, талпына туып, он бес жасында – Қоянды жәрмеңкесі ұлы жиын жылында орыс-қазақтың түгел бас қосқан жәрмеңке[де] – уездной (оязнай) начальник алдында мақтап өлең айтқан. Начальник таңданып, арқаға қағып, үйіне бара –ақ ауырып өлген. Екі бала қалды.

Мұстафа мен Шөже қағысуы

Мұстафа

Барша жанға Құдайым жан береді,
Жаны кетсе тәнінен, кім жүреді?!
Қабірден, қойған қауым, қайтқаннан соң,
Мүнкiр, Нәнкірге бiрге ерiп кiм келедi?!
– дегенде, Шөже жауап бере алмай қала берген.

Тарихи деректер

Ақжалаудың аузынан жалыны шығып, жалыны маңайын шарпып, күйдіріп тұрған уақыттары ұзын ұрғамен (ырғамен) мөлшерлеп шамалағанда, 1730-1735 жылдардың маңайы болуға тиіс. Ақжалау – Сарт Қокан, Ташкенді түгел билеп, уақытында дәуірі біраз жүрген адам.

Бесім ақсақалдың Ұлытаудың бес саласы – «Бесімнің саласы» кылып мекен қылған уақыттары бұдан бұрын 1700 жылдардың маңайы болуға мүмкін.

XXX

Әкімбектің Керей – Мәтінің қымыз құйып берген аяқтарын қиратып, күл-талқанын шығарған. Мәтінің аяғын [қымыз құйған ыдысын- Л.Ж.] қирату себептері – Әкімбектің өзінің аяқтары бес литрлік шара аяқтар болады, кісі тауыса алмайды. Мәтінің аяқтары шай кесе сияқтанған сарша тостағандардың алғаш шыққан кезі. Әкімбектің Қараөткел базарына жаз күнінде барып, қайтып келе жатқан беті. Ол күнде қазақ салты – кез келген елден, ауылдан мал сойғызып, қымыз ішіп: «Үлеспеген еңшіміз» – деп, қонағасы ішіп-жеп кететін уақыты. Қасында он шақты жолдасы бар. Мәтінің аулына – үйіне, жолда тұрған соң, сусын ішу үшін түсе қалады. Жоғарыдағы айтылған әдемі тостағандармен қымыз әкеп береді. Қымыз ішіп болғаннан кейін әдемі тостағандарды жигызып алып, қымыз әкелген жігіттен:

– Құй, қанша болады? – дегенде, баға мөлшерін айтады.

«Аяқты сындырады!» – деген ойында дәнеме жоқ, бәрін жинап, дастарқан үстінде тұрған жерінде жез бауырлақ камшыны қолға ап, тостағандарды бір-бір салып қиратады. Қалтасынан санамай, бір шумақ ақшаны алып тастай береді. Жігітіне айтады:

– Ана ақшаға аяқ сатып алсын! Байыңа айт, мұнан кейін жолаушыға мұндай аяқ ұстамасын! – деп, аттанып жүре берген.

Мәтін бай артынан естіп:

– Ұстайық, сабайық, байлаймын! – (деп) – деген екен.

Ауыл-аймағы:

– Қойыңыз, бай-еке, Керей баласы Әкімбектей Арғын баласына тиісуге болмайды. Әкімбек сені, иа болмаса өзін мерт қылмай тынбайды! – деп. – Тостаған аяқты бүтіндейміз деп жүргенде, өз аяғымызды сындырып аламыз! – деп бата алмай қала берген.

Абылайдан кейінгі хандар

(үшінші нұсқа)

Абылай хан өлгеннен соң, Сарказак, Сейтен, Аитқара сұлтан –Арқаның осылардай басты кісілері жиылып, Уәлиханды хан көтерген [172]. Мұнан соң Абайділданы хан көтерген. Бұлар тек хан атына мәз болды. «Қала салмаймын, бағынбаймын! – деп айтасың!» – деп, Абайділда ханды Баянауладан орыс ұстап алып кетіп, Көкшетауға Уәлиханның тоқалы Айғаным қала салдырды. Баянаулаға Шоң би қала салдырды. Ол уақытта қазаққа шүршіт те таласты. Кенесары, Наурызбай да таласып, өзіне тартты: «Маған қара» – деп.

«Дінімізге тимесең, өзімізді зорламасаң, жерімізге ортақ болмасаң, солдат алмасаң, «Қосын керек»-деп, айдамасаң!» – деп [173] сөйлесіп, қазақтың сол кездегі басшы адамдары сөйлесіп, келісін, уағда хат алып, ауызекі ант алып, ит терісіне жаздырып, шарт қағаз алып: «Ал, саған қарадық!» – деп, бағынып, қазақ жұрты бағынып тұрды. Қазақ жұрты бағынып, қарап қойған соң, Қасым хан балалары Саржан төре жайма (жасыма) уақытта қазақ ішіне жолаушылап келген орыстарға:

– Шашынды алдыр, мұртыңды бастыр. Оны қылмасаң, садақ кезеп, атып өлтіремін! – деп, жақ пен оғын қолына алып, ойнағанын

шындай кылып, тұрған соң, қорыққаннан орыстар бастағы шашын алдырып, мұртын бастырып, үш күнге шейін адамға көріне алмай, басын бүркеп жатып алыпты. Соның артынан кешікпей, Қасым ұрпағы: «Орыс ұстайды!» – деген аураза (әуре) болып, Қасым хан бала-шағасымен өзіне ерген жігіт-желенмен Шу, Қаратауға қарай ауып көшіп кеткен.

Иван Семенович деген бір полковой шығып, Саржан төремен ұрыс кылып, екеуі жеңіп, жеңісе алмай жүрген күнде «Кәпірді суық көріп, мұсылман гой!» – деп, жан тартып, жақын көріп, Түркістан, Ташкенге қарай жан тартып, жақын көріп барғанда, Ташкент құсбегісі қонаққа шақырып алып, Есенкелді деген інісі мен Әлжан деген баласымен 40-50 шамалы жолдасымен – бәрін түгел өлтірген. Ол уақытта Кенесары, Наурызбай Түркістан шаһарында оқып жатқан бала күні еді. Бопай ханым дейтін апалары [әпкелері] барып, медреседе оқып [жатқан] екі інісін алып қашып, қайта Сарыарқаға келіп, Қуандық, Сүйіндік деген елдің шетінен жырмалап, азын-аулақ ел қолына түсіріп алып, Кіші жүздің бергі шеті бес Жаппас, төрт Шөмекеймен жау болып, Обаған, Тобылдан барып, Алтыбас, Қыпшак, Балқожа, Ханқожаның елін шауып, талап, Есіл, Нұра бойында Қоңырқұлжа төремен жау болып, Қаратаудың қақ түбіндегі Созақты шауып, Отыншы, Сушы деген түбі-тегі қырғыз екі бегін өлтіріп, ойда-орыс, қырда казакпен өш болып жүріп, сегіз жыл үргін-сүргін жүріспен хандық кылып, ақырында Алатаудағы қырғыз: «Әйтсеке – [Жарықтың] ұрпағы Жанқараш, Жантай қолында шаһитлік дәрежесін тапты.

Кене ханның жылы қоян еді, қырық жасында жылқы жылы, Наурызбайдың жылы қой еді, 24 жасында жұмыстары бітті.

Қырғызда «манап» дейтіндері болады екен. Манап болатын себ[ебі] – 40 жігітке қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырады екен. Сонан соң «манап» – деп атайды екен. Сонда қырғызда Жанқараш, Жантай – екеуі де манап екен. Жаманқара да манап екен. Жанқабыл, Тілеуқабыл – екеуі де манап екен. Жаманқараны елшілікке келген жерде Наурызбай өлтірген. Өздері: «Қашпаймыз!» – деп, қолға түскен соң, Жаманқараның бодауына Кенесары ханды Жанқараш алған екен. Жанқабыл манапты соғыста Наурызбай тағы өлтірген екен. «Соның бодауына!» – деп, Наурызбайды Жанқабылдың ағасы Тілеуқабыл алған екен.

Сол уақытта қырғызда Алатаудың күнгей бетінде «Орманхан» – деген хан бар екен. Сонан қырғыздың манаптары кісі жіберіп, ақыл сұраған екен:

– Бұлар қолға тірі түсті, қайтеміз? – деп.

Сонда Орманхан айтқан екен:

– Кенесары, Наурызбайға біздің қырғыз өзі барып тиген жері жоқ. Өздері келіп қолға түсті. Оны манаптар: «Күшіміз асқандықтан болды», – демесін. «Құдай мен аруаққа төрелердің өздері ұшырады, сонан болды!» – деп білсін. Өздерін өлтірмесін! Бұрынғының сөзі бар еді: «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, // Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» – деп. Қайта өздері икемге келіп, ынтымаққа көнсе, күллі қырғызға хан көтерсін. Мен де хандығымды тастап, соған берейін, соның тыныш тұруы үшін! Болмаса, біріміз күнгейде, біріміз теріскейде тату-тәтті болып тұра берейік. Егер де икемге келмесе, ынтымаққа көнбесе, күтіп, құрметтеп, сыйлап, сақтап, өз ажалынан өлмесе, менен ақыл сұрағаны рас болса, шын болса, өлтірмесін! Және қалған елін барып шаппасын. Қатын-баласын олжаламасын. Осы өздерінің қолға түсіп, пенде болғанына қанағат қылсын да, отырсын! – деді.

Сонан соң қырғыздар:

Орман өз басы аман болған соң, аузына не келсе, соны айта береді! – деп, – Біздің Жаманқарамыздан артық па?! – деп[ті].

Жанқараш:

– Өлтіріп тастандар! – дегенде, «Қылышпен шауып жіберем!» – деп, ең алғаш қол көтерген қырғыз қолын көтерген бойымен сіресіп қалды дейді. Оның өзінен әл кетіп бара жатқан соң, шаба алмай, тұрып қалғанын сезбей, жанында тұрған бір есерсоқ арсалаң қылышты жұлып алып, Кене ханды мойнынан шауып жібергенде, Кенесары ханның басы да жерге түсті, шапқан «батырдың» өзі де сылқ етіп, құлап кетті дейді. Қараса, табанда жаны шығып кетіпті. Үйіне көтеріп алып барған екен. Үйінің ішіндегі қатын-баласы жалп ете түсті дейді. Сонан соң қырғыздар Кенесары ханды өлтіргеніне уайым [қ]ылыпты. «Сол өлтірушілердің тұқым-тұқымы күні бүгінге шейін оңбай, быт-шыт тозып кетті!» – дейді.

Жантай өлтірген кеңестің ішінде жоқ екен. Өлтіргендерін де оңды ұнатпаған екен. Бас терісін сойдырып, орыс жұртына, патшаға

жіберген. Сол үшін Шабдан, Жантай Қарабековтердің патшаға құрметті кісі болып шиғрет тапты.

Кенесары ханның Ахмет дейтін баласы император ағзамның такқа отырыс мәжілісіне барғанда, Шабдан да барған екен. Сонда Шабдан көтеріліп, бір сөз сөйлегенде, Ахмет төре айтыпты:

– Бұл мәжілісте қолынан да, тілінен де келетін, әлемнен озған алаяқтардың сөйлегені жарасады. Тілі жоқ-сақау, қолы жоқ – шолақ, аяғы жоқ – мешел сықылды қырғыз, қазақтың баласы едік қой! Екеуміздің мінгесіп, кісі болып жүргеніміз – бір өлген өліктің денесі ғой!-дегенде, Шабдан дәнеме қайырып айта алмапты.

Тілеуқабыл манап Наурызбайды інісінің боданы үшін көп қырғыздың ортасынан жеке өзі меншіктеп алды. Сонда қырғыздарға айтты дейді:

– Мұны өлтірсем, «Неге өлтірдің?» – демендер. Өлтірмесем, «Неге өлтірмей қойдың?» – демендер. Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтияры өзімде болсын! – депті.

Үйіне алып барған соң:

– А, төре, өлер інім өлді. Сені өлтіргенмен, інім тірілмейді. Сені тайдай тал түсте жөнелтсем, тамам қырғыз соңыма түсіп, өзімді бұл Алатауға тірі қоймайды. Сені мен түнде жіберейін. Менің атымды мін де, киімімді ки де, түнде каш. Сені ешкім жетіп, қуып, түсіріп ала алмайды. Мен риза (ырза), Құдай риза, маған сенің өлмегенің керек! – депті.

– «Кенесары, Наурызбай қолға түсіпті де, Кенесары өліп, Наурызбай қашып келіпті!» – деген(нен) маған – өлімнен көп жаман атак. Мен ол абыроймен (абиұрмен) тірі болып, үйге барғаннан да, өлгенім артық. Жиырма беске жеткенім жоқ, жүз жасаған [кісінің] сүретұғын дәуренін көрдім. Тіршілік пен бұл жалғанға арманым жоқ! – депті.

Өлтіруге көзі кимай, Тілеуқабыл Наурызбайды тоқсан күн сақтапты. Қырық жігітінің отыз тоғызы өлтіруге ыңғайлапты да, манаптың өзі, қатыны, бір жігіті, – сол үшеуі ортасына алып жатып жүріпті.

Ақырында Тілеуқабыл өзі бір жаққа кеткенде, жанкүйері өлген қырғыздар өлтіріп тастады – дейді. «Наурызбайды өлтіргендер дәнемеге ұшыраған жоқ» – деседі. Мұны дүние кезген, жиһан кезген, қыр қыдырған, су сыдырған, тау асқан, тас басқан жанкештілер әңгіме

қылып сөйлейді. Болмаса, Кенесары хан, Наурызбай қолға түскенде, мен бірге түсіп, олар өлген соң, Жебірейіл уахи әкеліп, болмаса, бал ашып, бұл нәубетті дәмсіз өтірік оймен соғып отырғаным жоқ.

Жалайыр-Шордың әңгімесі

Жалайыр-Шордың күздігүні жер қарада, күн жылыда бүркіті қашып, тура күннің батысына қарай аспандап ұшты. Көз жазбай артынан қуып отырып, күн батырыпты. Түні бойы жатпай құстың асқан жөнімен Алатаудың бір биігінен бұ[л] да асыпты. «Бір жерде аңға түсіп, айнала (айлана) ма?» – деген оймен ертең тағы күні бойы күдер үзбей, бетін бұрмай, күнбатысқа қарап, жүріп бара жатып айдалада елсізде бір жалғыз үйге ұшырап:

– Үйде кім бар-ау! – дегенде, үйде отырып, бір қыз:

– Үйде кім болса, ол болсын! – дейді.

– Сенің нең бар-ау?!

– Дәу де болса, Жалайыр-Шор шығарсың. Күні кеше аспанмен аспан болып, бір бүркіт кетіп бара жатыр еді. Сол сенің құсың екен ғой! Ол бүркіт саған сәлем айтып кетті:

– «Құс бабын білемін-ақ!» – деуші еді. Менің бабымды біле алмады. Мен соған өкпелеп, кетіп барамын! Ендігі жыл «Құлан шуына» амалсыз келемін. Сонда пәлен шөлден «Құлан шуы» кезінде мені сонан тапсын! – депті.

«Жалайыр-Шор деген болған екен, // Заманында аспандағы бүркіт айтқан екен!» – деседі, «Аспанға ұшсам, қанатым талады, // Жерге түссем, Жалайыр алады» – деген екен. Сондағы Жалайыр-Шор осы кісі екен [174].

Хандар туралы деректер

Абылай ханның ең алғаш көзге түсіп, ауызға ілінген жері. Маған көктен Жебірейіл келіп тұрған жоқ. Қазақтың жазулы шежіресі жоқ. Не сөйлесе, кигіз кітаптан сөйлейді. Оның мәнісі – кигіз туырлықты қазақ: біреуден біреу естіп: «Пәленшекең айтушы еді, түгеншекең айтушы еді» – деумен, «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – деп еді ғой, – деп, естігенімді қағаз жүзіне жаза берген «Бала жастан, құлын жастан» баккан жылқы, қойым осы болды. Естігенімді сөйлейін.

Енсегей бойлы, ер Есімнің бәйбішесінен – Салқам Жәңгір. Салқам Жәңгірден – Әз Тәуке. Әз Тәукеден – Болат хан. Болат ханнан – Әбуәлмәмбет, Сәмеке, – бұлар бәрі де хан болған жандар.

Салқам Жәңгірдің токалынан Уәлибақи жалғыз. Уәлибақидан «Қанішер Абылай» жалғыз.

Әз Тәукенің болып тұрған күнінде баққа, таққа таласып, өз тұқымынан көп жанның қанын ұрттап, «қанішер Абылай» атанып, Үргеніште нағашысы Қайып ханның қол астына қашып кеткен. Бұл барған соң, Қайып ханның ордасын жау шауып, талап, Қайып хан соқа басы сопайып, Кіші жүзге қашып шығып кеткен. Қанішер Абылайдың дүниеден бары – жоғын жан білмейді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» – заман болып, быт-шыт болып, бордай тозған. «Аяғында өлеңін бұрынғы заманның бір шайыры сөйлеген сөзі» – дейді.

Некесіз әйелге бармағандар туралы

1. Олжабай батыр. 2. Тұрсынбай. 3. Тәтиұлы Байкісі. 4. Сермұхаммедұлы Көпей [Мәшһүр-Жүсіптің әкесі – Л.Ж.]. 5. Таңашбай молда: «60 жастан асқанша, ұрғашыға араласудың не екенін білмедім» – деген.

Жоғарыда айтылған төртеу – болатын бокка суармағандар, некесіз әйелдің маңынан жүрмегендер. Қойнына кіріп келіп, мауыққан мысықша күйелеген әйелдерге шыдап, бойына ие болған жандар. Есте болатын сөз.

Мәшһүр-Жүсіпке сүйенген Жолмұрат түсініктері

«Пайғамбардың Мигражға бару себебі не?» – деп молда Жүніс Шалқарбай қажы баласы Мәшһүрден сұраған жылы – 1899 жылдар. 1899 – гисауыш, 1317-һыжырет алынбұйда болған жұмыстар. Мәшһүрдің қырық бір жастағы кезі. [Қазір] 1946 жылында 47 жыл болған болады. «Қаршыға мен бұлбұл» өлеңі Ташкент шаһарында Ниязбек бұлағында Бұлтың руы – Қыпшақ [ішінде] – Наурызбай қызы Әшіргүлді «қаршыға» – деп, Мәшһүр өзін «бұлбұл» – деп жазған өлеңі. Біреуі [Мәшһүр-Жүсіп] – 37 жасында [яғни 1895 жылы – Л.Ж.], біреуі – 17 жасындағы күні – память үшін жазылды.

Зарауха әңгімесі

Зарауха Қозы-Керейге [Біздіңше, – Қозы-Керей ішіне кіреді. Л.Ж.] ұзатылып, онан-Мұхаммедсалық туып, бұл кісі де өз заманында «Мұхаммедсалық ахон» атаныпты [175]. Бұл кісінің білекті (білікті) болғандығы сондай – Қараөткелден Қызылжарға баратын жолдың үстінде зиараты белгілі. Хала бұл күнге шейін Ақжігіт абыздың ұлдан туған ұрпақ, қыздан туған жиен, жиеншер – тұқым-тұқымында оқуқұмарлық жын бар. Ең дәнеңе болмағанда, үйде отырғызбайды: «Оқу, оқу!» – деп, қыдырады да жүреді.

Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны

(алтыншы нұсқа)

Атамыз марқұм Көпейдің 42-жасында, анамыз марқұм Ұлбала марқұмның он жетіден он сегізге ш[ыққанында] Қызылтауда-Ашамайтас деген қыстауда қой жылы, жұма күні жарық дүниенің жүзіне келіппіз [176]. Сонда Ізден абыз [Мәшһүр-Жүсіп-Сермұхаммед немересі болса, Ізмұхаммед-кейін «Ізден абыз» атанып кеткен – Сермұхаммедтің кіші інісі екенін ескерген жөн. – Л.Ж.]:

– Бұл шырағым күндердің қожасы жұма күні туды. Атамыз Адамата жаралған күн. Мұның [аты] Адамжүсіп болсын! – депті.

Күлік – Жаманқара – Байтөбеттің Байтөбеті Байсалбай деген шал айтып еді:

– Ат қоярға берген бір киімдік қара-ала патшайыны абыз [Ізден абызды айтып отыр. Л.Ж.] жанында отырған маған байлап еді, – деп.

Міне, құдайдың шеберлігін тамаша қыл: Отыз тоғыз жасымда, тауық жылы [1897] Ташкент шаһарынан қайтқан сапарымда Қыпшақ-Ыбырай баласы Мұха[ммед]жан ақсақал айтты:

– Шырағым, «Мәшһүр-Жүсіп» – деп, жұрт сенің атыңды білмей айтып жүр екен. «Мәшһүр» деген – екіұшты: жақсылықпен де, жамандықпен де «мәшһүрлік» табылады. Сенің атың «Адамжүсіп» – деуге лайықты екен, – деп. Бір ғазиздің туғанда арнап қойған атын отыз тоғызыншы жылда бір ғазиздің аузына Құдай салып, айтқызғандығын қарашы!

Байсалбайдан мұнан соң есіттім, ол күнде қырықтан асқан кезіміз еді. Атамыз марқұм Көпейдің үйлі-баранды екі ағасы, бір інісі болғандықтан, қазақша – «Бай жігіт болдым!» – деп, жер-су алмақшы болып, Қаракесек, Сүйіндік арасынан Желтау, Шоқпардың маңайынан «Күйеушоқы» – деген жерге бір жаз жайлап жатып, үй, қора салдырып, пішен шаптырып, егін-жай салмақшы болып, су ағызып, бір жаз ойына алғанын істеп, қолдағы шаруа малынан жеке бөлек 100 сиыр, 400 қойды Қараөткелге айдап, арзан бағаға сатуға кимай, қайта айдап келіп, қарға салыпты. Біздің үш жасымыздағы «Тауықтың жұты» соғып, сиыр қотырмен алысып, қотырдан сиырдың күші аса алмай, қой аппақ қармен, боран[мен] алысып, жылқы жонда [ж]ұтап, Күйеушоқының түбінде малдан тап-таза болып, күйеуше шокиып отырыпты да, қалыпты. [Қыс] ішінде Қызылтауға көше қашып, қалған шөп, қанша мүлкін Қаракесек-Балықбай ешкімнен сұрамай-ақ [ал]ып кетіпті. Сонан жарқырап жаз шыққан соң, күркіреп көк шыққан соң: «Дүние жолдас емес, мал жолдас емес екен; ғылым жолдас екен!» – деп, Баянаулаға: «Қалалы жер ғой, мешітсіз болмас. Мешіт болса, молдасыз болмас» – деп, көшіп, Баянаулаға келіп, қаланың күнбатысынан Захар Гришков деген казак-орыстан төрт бөлмелі киған үйін сатып алып, «Қаланың ығына мешіт салынады» – деген жердің көк желкесінен салдыра бастапты. Дүниенің ісі – өзі нашарқол болып қалған кісіге бір күнде бітіп тына қоя ма? Қаланың көк желкесінен бес шақырым «Ысмайыл қызыл ағашы» – деген жерде Сатылған: Асубай, Жұмабай, Сегізбай, Садырбай деген жатақтармен бірге қыстап, үш-төрт жыл солармен [жа]қсы ауылдас болып, оттас, орайлас болып, өзінің жарық дүниенің жүзіне келгелі көрген-баққан баласы біз [5 жасқа] аяқ басқанда, Баянауланын ескі хазіреті Байжан Ишағұловтың медіресесінде бала оқытып жатқан [Нәжімедди]н хазіреттің алдына барып, бізді жүгіндіріпті. Ол «Зат шариф ағуз бис-милланы» айтқызып:

– А, сопы, балаң [Бұха]рай Шариптің баласындай екен. Ана отырған балалардың оқып отырғанын өзі естумен біліп кетерлік. Бұрынғы ата-бабаң: «Шар кітапты оқысаң, әр кітапты оқырсың!» – деген бар еді ғой. Мен «Шар кітаптан» салып, жатқа қақсатып қояйын, – деген соң,

– Күп, тақсыр! – депті.

«Агузы аж бисмилла асин лырһым...» – мағынасымен қоса үйретіп, жақсы ұстаз ә дегеннен жаттауға салған соң, қуат мұхауыз күш алып, сонан соң естілгеннің бәрі жат (иад) болды, ата-ананың көңілі шат болды.

XXX

[Ата]мыздың кырық екі жасында, анамыздың он сегіз жасында ережеп (әлміржіп) айында жұма күні жалған жарық дүниенің [жү]зіне келген екенбіз[177]. Атамыздың әкесімен немере – Қашқынбай, Босқынбай. Сол Босқынбайдың қатыны Қисық деген қатын [ба]лалары, Әйкен, Табан деген балалары, малайлық қызметінде тұрып, өзі екі қызымен [анамыз] екіқабат болғаннан, меншіктеп, меңгеріп, кіндік кесуге жалақтап, бала шыр етіп жерге түскенде, ұмтыла бастады дейді.

Сонда атамыз Көпей марқұм Қисық деген қатынға:

– Кіндік кескенде, қалап алатын, көңілге алған нәрсеңді кіндік кеспей-ақ ал! «Балаға жарық дүниенің жүзіне шығарда періштенің алақаны тиеді. Сондықтан бала шыр етіп жылайды» – деуші еді. «Жерге түскен соң, жерден кім көтерін алса, соған [бала] тартып кетеді!» – деуші еді. Жерден көтеріп алуын Соңай абыздың бәйбішесі Тоқтық бәйбіше қол тигізіп, кіндігін Тоқтық кессін! – дегенмен – кескен Тоқтық екен.

Әне – жақсы атаның тәрбиесі! Осы сөзді мен өзім 68 жасымда есіттім. Атамыздың інісі Мағырып деген кісінің қатыны – Қаракесек-Қалдыбай қызы Бөжей деген кемпірден – жүзге он жасы толған жоқ.

Тағы бір деректер

Қатықұлақ мергеннің моласы – Терісаққан бойында: жаудан өлген, өлген жеріне қойылған, түбі – Қыпшақ. Құлболдының қара шаңырағы Мамыттың кенжесі – батыр Барменде болып, соның кенжесі Сарыбай[да] болған. Кеше Мұса, Секербай заманындағы ат атанған жақсылар: «Қара шаңырақ [иесі]» – деп, сол үйді айтып отырушы еді.

XXX

Ізден абыздың – Боштай әкесі Тұрсынбайға айтқан, әуел «Тақ Сүлейменнің құмырсқаға сөйлеген сөзі[н] нақыл қылып, артынан мынаны айтқан:

Аққу аз[са], канатын суға бөлер,
Құлан азса, тұяғын құмға бөл[ер].
Хакім азса, сұмдығы жұртқа тиер,
Артынан көп кешікпей, жұрты бүлер (бүлінер)!

Қаршыға кыран болса,
Айдын көлден үйрек ілер.
Бозбаладан би қойса, жұрты бүлер (бүлінер)!
Ұлығы бозбала болса,
Жұрты қорғалақ болады.
Патша пілдей болса да,
Жұрты құмырсқадай болса да, басып өтпес!

– деген екен.

Күлік-Самай сопы алдында, Қарақасқа шоқы маңайында бұл сөздің басы басқаша. Қазақша таратып: «Бин руфекқа» – деген сөздің мәнісі: «Бұл қайдан алынған?» – десен, арабша: «Талаттұға уауқаға» – деген сөзден алынған екен...

Мәшһүр-Жүсіп өлені

Болмайды күндіз-түнсіз, түн-күндізсіз,
«Ай кірсіз, – демеді ме-Құдай мінсіз».
Қапалық, шаттық пенен кезек нәрсе,
Бірі бар, бірінен соң, артық кемсіз.

Мәшһүр-Жүсіптің «Есіл сөзім» өлені

Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын [178],
Ешбіреуден ақы алмай, жалғыз тиын.
Туған ұлдың, қойғанмен, атын «Жүсіп»,
Басқаға «Мәшһүр» болу болар қиын.

Елім-Күлік, Айдабол; Арғын – затым,
Алты Алашқа жайылған Мәшһүр атым.
Қалам ұстап, ұл тумас, енді мұндай,
Бір мұғжиза, басқаға, жазған хатым.

Қылып құмар, жасынан, дүр тасына,
Қойған салып дарияның ортасына.
Фазылына алып, бір Алла ақ жарылқап,
Қанша өнерді сыйғызған бір басына?!

Түн-қараңғы, дарияның – толқын іші,
Айналмада су жұтып жүрген кісі.
Кімге даусы жетеді айқайлаумен,
«Басы аманның» мұнымен болмайды ісі.

Әркім солай өз әлін шақтамаса,
Ұл арам: ата тұзын ақтамаса.
Не болып, не қойғанын білер жан жоқ,
Бір Құдай фазылына алып сақтамаса!

Қажет емес ешкімнің мақтауына,
Аршыған сөктей қылып ақтауына.
Сөзің кірер құлақтың тесігі жоқ,
Патша Құдай өзі алсын сақтауына!

Өмір бойы алысып жалғанменен,
Үйір боп өңшең жұртта қалғанменен.
Қайсысы[н] көп сөздің көрер дейсің,
Шамша саулап, лапылдап, жаққанменен!

Текке шығын көзіңнің бейпіл жасы,
Кімге қажет болғанын дүрдің тасы?!
Құлағында тесік жоқ бұл күнгі жан,
Саңырауға сәлем берсең, «Атаң басы!»

Неменеге жарайды жұртта қалған,
Жақсы қоныс алады бұрын барған.
Көп саңырауға душар боп, қор болдың ғой,
Есіл сөзім әр топта құлақ жарған!

«Дандайсыма» – сөзінің тарихы

Жасыбай батырдың түбі – Бэсентиін, Малайсарының түбі – Сырым [Бэсентиін ішіндегі Сырым – Л.Ж.].

Жеті мың Азнабай жылқы айдаған,
Үш жерден найзасына ту байлаған.
Ол кімнің түйесіне кой (кұй) қазыпты,
Тайжанды атып, Сейтенді ішке айдаған.

«Жалаң аяқ Әздер» жалаң бұт, жалаң аяқ жүреді екен. Бір үй тола отырған қыздарға:

– Қайсыңның үстіне сиейін? – деп, та... ын ұстап, – шаптырам! – дегенде, қыз біткен үркіл, қашып шыққан екен де, бір қыз етегін тосып, алдына отыра қалған екен. Осы қыздан Көшен туып: «Көшен карауыл» – атанған. ...Атығайдан Дәуіт жалғыз, Дәуіттен он екі ұл туып, «Он екі атаның ұлы Дәуіт» – атанған. Ен үлкені – Дандай. «Дандайсыма!» – делінген сөз осыдан басталған.

Арғын шежіресі деректері

Біздің Арғын ортасында «Дайырқожа» де[п] (деген) аталған кісі аты жоқ, «Қарақожа» бар. Бұл Қарақожа – [баласы], Арғын – атасы» – деп сөйленеді. Болатқожа бар. «Бұл Болатқожа – Қарақожа атасы» – деп сөйленеді. «Болатқожаның шын аты – Жанарыс» – деседі. «Және бір аты – Ақжол», – деседі. «Жанарыс аты аталмай, «Ақжол» – деп, «Болатқожа» – деп атап кеткен» – дейді.

Бұл Арғында «Құтан» – атанған екі кісі. Оның бірі – Құтан, Қоғамның Құтаны. Ол қазақ «үш жүз» – деген атқа ілінбей, жікке бөлінбей тұрған кезде шыққан. [Оның] бірі – Құтан, Бұтанның Құтаны. Бұл екеуі – бір туысқан. Бұтан жасында өліп қалып, онан тұқым нәсіл қалмаған. Құтаннан-Мейрам сопы жалғыз, Қарашаш деген жалғыз қарындасы болған. Бұл сөзіне Көтеш ақынның бір ауыз өлеңін дәлел қылады:

«Сұрасаң, арғы атамды, ер Құтан-ды».

Және екінші Көтеш ақыннан Уақ-Жарқын би сұраған екен:

– Ақындық атаңызда, яки нағашыңызда бар ма? – дегенде, Көтеш ақын[ның] айтқан өлеңі:

Қазақта Арғын аға болған зерек...
[Арғынның түп атасы – ақын Құтан,
Өлеңге бізден ұстұн болса керек][179].

Және Бұқар жырау қария тоқсан үш жасынан толғаған сөздерінің ішінде айтып ке[т]ті:

Бәрімізді сұрасан,
Құтан байдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дуасы! – деген.

Жоғарғы Құтан тұқымы – Бұхарада болған Арғын Қызыл Арыстан ханның тұсында болған кісі. Арғын Бұхарада «Жақсы Ғабдолла» ханмен тізелесіп жүрген кісі. Ғабдолла хан: «Құлбаба» – дейді екен. Ол Ғабдолла хан Әзіреттің көк күмбезінің жанынан бір күмбез жасатқан. Сонда Арғын көп дүниені Әзірет сұлтанға нәзір қылып, күншығысынан екі бөлмелі үйдің орынын, ішін Ғабдолла ханның жарлығымен сол замандағы қазы, мүфтилердің мұрынын (мұртын) бастырып, өзіне арнап сыбаға қылып алған:

– Менен кейінгі үрім-бұтақ, тұқымдарыма ұлыт болсын! – деп, сонан бері қарай «Арғынның ақ сарайы» – деп аталған.

Сол күннен бері қарай Арғын ұрпағынан шыққан қадірлі би, қадірлі байлардың сүйегін жүз жылқымен Әзіреттің басына апарып қоятын болған. Шаншарұлы Қазыбек [Біздіңше, Қазыбек – Шаншарұлы емес, Шаншар немересі. Шаншар ұлы Келдібек болса, сол Келдібектен туған 6 ұлдың бірі – Қазыбек. Қараңыз: Мәшһүр-Жүсіп. Шығ., 10-том, 23 б. Бұл арада көшіруші Жолмұрат атамыз Қазыбектің Шаншар ұрпағы екенін ғана ескерген болар деп шамалаймыз. – Л.Ж.] – сонда, Шақшақұлы Жәнібек сонда, Тілеуке – Бертістің Тілеукесінің баласы Жарылғап, Күлік-Ақылбаласы Айбас сонда, Едіге баласы Шоң би сонда, Малкелдібаласы Ақпан сонда, – жүз жылқымен апарып қойған. Қайсыбірін жаза берейін. Бар естігенімді жаза беруге қалған аз өмір шақ келетін емес.

Біздің бұл Арғын ұрпағы Бұхара жұрты болып келген, ноғаймен шатасып, араласқан емес. «Өзбек болса, өз ағам; сарт болса, садағам!» –

деп, Өзбек хандарына бағынып, кеше Үргеніш, Хиуа ханы болған
Әбілғазы баһадүр...

Миғраж

(үшінші нұсқа)

Иа, Алла, рахматың көп, рахман атың [180],

Әшкере іс жанға асмиратың.

Фазылыңмен, айтпағыма, есен айла,

Достыңның Миғражға барған хикаятын.

Болмаса өз фазылыңнан маған жәрдем,

Нақыста бар қате жазбакқа тәртіп телем (тартып тілім).

Достыңның рухынан жәрдем тілеп,

Бұл жолға тәуекел қып бастым қадам.

Бұл сөзге имамлардан ақ талап көп,

Айтпағыма, бәрін болмас, әми кан көп.

«Расулдың бұл Миғраж бен нәубетінің

Айтылды он екінші жылында» – деп.

Рабиға әуел айда бағызы дерлер,

«Бағзылар рамазан», – деп барды хабар.

«Расулдің Миғраж түні жатқан жері

Хақиқат асифаның (апиһаның) үйі» – дерлер.

Ол түні ошал (осыл) үйге расул келіп,

Жаттылар, намаздан соң, төсекке еніп.

Бір Құдай Жебірейілге пәрмен етті,

Өзінің құдіретімен хабар беріп.

Алла айтты:

– Жебірейіл жаннатқа еніп,

Баршасын зейнеттегіл даяр қылып!

Бұл күні мейман (мехман) болып достым келер,

Хор ғылмен қызмет етсін тіке тұрып.

Періште Ғаршы-Күрсі лаухыл халам,

Қызметке даярлансын баршасы һәм.

Мұса, Ғайса, Нух, Ибраһим пайғамбардың
Рухлары әзір (хәзір) болып, тұрсын тамам.

Жаннаттан бір пырақты ұстап алып,
Үстіне жақұт ахмар ерден салып.
Жетпіс мың періштені қасына алып,
Достыма сәлемімді айтқыл барып.

Дүниеде бірнеше жыл михнат көрді,
Кәпірлер кадден (хадден) артық азап берді.
Бұл түні жеті аспанды сайран етіп,
Әр түрлі құдіретімді көрсін! – деді.

Жебірейіл айтқандарын даяр етіп,
Жетпіс мың періштені қасына ертіп.
Расулдің ұйықтап жатқан мезгілінде
Алланың пәрменімен келді жетіп.

Пайғамбар сол мезгілде ұйқыда еді,
Жебірейіл:

– Иа, расул! – деп, әуез берді.
Ұйқысы көзлерінен підә (шідә) болып,
Төсектен расул-Құда[й] түрегелді.

Жебірейіл расулға айтты:

– Хабиболла,
Бір Құдай сәлем айтты хатсыз сана [саған]:
«Бұл түні хасылы көңілін шатлықпенен,
Жабибім мейман боп келсін маңа [маған]!»

Орнынан мұны естіп расул тұрды,
Сол уақта таһарат алып, намаз қылды.
Жәннаттың холласы мен хыриарынан
Үстіне Хақ[тың] әмірімен киім киді.

Далаға Жебірейілмен шықты еріп,
Қағыбаны, тәуеп етті, әуел көріп.
Расулдің тақ кадiрi болғандығын
Ілгеріде айтып едім хабар беріп.

Жебірейіл пайғамбардың ішін жарды,
Мүбәрак жүреклерін тысқары алды.
Мақатіл алтын леген даяр етіп,
Ингенге ол жүректі әкеп салды.

Суымен мағрипаттың таза жуып,
Орнына қайта салып, махкөм кылды.
Мақатіл Жебірейіл мен һәм Исрафил
Сап түзеп қызметінде бәрі тұрды.

Алдына пырақ келіп, даяр болып,
Үстіне расул мінді, оны (аны) көріп.
Қағыбадан Мұхаддасқа апармакка,
Жебірейіл пайғамбармен жүрді еріп.

Сексен мың оң жағында мәлік (амалак) жүрді,
Солында сексен мыңы және жүрді.
Баршасы нұрдан мәшһүр қолына алып,
Жолдарын күндізгіден жарық кылды.

Жебірейіл расулға айтты:

– Хабар кылам,
Атыраптан естілсе саған калам.
Токталып ешбіріне жауап қатпа,
Жүзіне, назар салма, жолықса адам.

Пайғамбар барар (барұр) еді жолмен кетіп,
Шақырды екі рет әуез етіп.
Ғамат жол үстінде тоқтамады,
Оларға жауап бермей, кетті өтіп.

Бір әйел зейнетленген (зианатлаған) қарсы тұрды:
– Арызым бар, тыңлаңыз! – деп, әуез кылды.
Жебірейілдің айтуынша расул құда[й]
Қатынға назар етпей жүре берді.

Бір тасты расул көрді тамаша етіп,
Су шығар ортасынан жөнге (жонға) келіп.
Әуелгі өзі шыққан орынына
Сыймайды, кірейін десе, қайта келіп.

Бір адам арқасына отын артар,
Отынын көтере алмай, жапа тартар.
Қайтадан отынына отын қосып:
– Әлі хәм бұл жиғаным аз! – деп айтар.

Бір адам құдық қазар мехнатланып,
Ішпекке талап етер су шығарып.
Өйтсе де ол құдықтан су таба алмас,
Түбіне, қарағанда, қауға салып.

Сұрады Жебірейілден соның бәрін,
Баршасын, пайғамбарға, айтты оның:
– Ілгергі (әуелгі) екі әуезге тоқтағанда,
Пұт (шот) бір асат болар еді үмбетлерің.

Ол катын қарсы келген – дүниелік,
Жүзіне ілтипат қып назар салсан.
Үмбетің дүние-парасат болар еді,
Бірле қыз, әйел қылып, жақын тұрсан.

Көрдіңіз: су кіре алмас тасқа қайтып,
Адамзат бір сөз айтар мағлұм етіп.
Артынан, айтқан сөзіне, өкінгенмен,
Орнына, ала алмайды, оны тартып.

Қауғасын, ол бір адам, суға салар,
Тартқанда, сусыз болып, құр(ы) қалар.
Риямен (асыриямен) тағат қылған үмбеттерің-
Махшарға, сауабы жоқ, болып барар.

Ол – отын, үмбетің дүр дүниесі көп,
Баршасын ада қылмас ол ішіп-жеп.
Зекетін ада қылмай, малды жинап,
Жат етер: «Кеше күнәсыз көбейсе!» – деп.

Расул құда[й]дың мешіт Ақсаға барғаны

Осындай көп хадиса пұлдай көрді,
Жебірейіл баршасынан жауап берді.

Қаншама ғиззат әкрам мархабатпен
Аксаның мешітіне расул келді.

Хисапсыз сан мың малак көктен еніп,
Сап бақылап қызметіне тұрды келіп.
Пырақтан расул – құда[й] жерге түсіп,
Баршасы бек шатланды, сәлем беріп.

Пырақты бір дархатқа байлап қойды,
Ол сахара раушанланып, нұрға толды.
Пайғамбар мұрсаллардың рухлары
Алдына Мұстафаның әзір болды.

Жебірейіл расулге айтты:

– Білгіл, әні,
Пайғамбар, мұрсал ер дүр оның бәрі .
Оларға сәлем беріп, амандас қыл,
Көргелі Хақ(тың) әмірімен келді сені.

Пайғамбар сәлем берді қарсы барып,
Олар һәм жауап айтты ғалік алып.
Әрбірі өз атларын баян қылып,
Білдірді Мұстафаға мағлұм етіп.

Сол жерде екі ракағат намаз қылды,
Пайғамбар имам болып, ілгері өтті.
Олардан расул – құда[й] артықтығын,
Өткізіп имамлыққа Хақ көрсетті.

Хамит айтып пайғамбарлар бір Аллаға,
Өзлерін тағырып етті бәрі һама.
Расул хамитіне зікір етіп,
Әр түрлі тұхипларын (түсіптерін) айтты және.

Жебірейіл онан (анден) кейін қасына ерді,
Миғражға пайғамбарды алып келді.
Баршасы қызыл жақұт замырлардан
Аяғын қызыл алтын күмістер-ді.

Аспанға бір ұшлары кетіп тұрар,
Бір ұшы ол мағызжыдың жерге кірер.
Аспаннан жерге түскен періштенің
Бәрі һәм сол баскыштан ұстап тұрар.

Мака тіл періштеде жоқ еді сан,
Сап түзеп қызметінде бәрі тұрған.
Жебірейіл шылауындар сол кұ[дай]да,
Мигражға қадамдарды пырақ бірлан.

Ортада бір дарияны көрді расул,
Жол еді тереңдігі екі жүз мил.
Аспанның көк көрініп тұрғандығы-
Дарияның себебінен ерділер (ертілер), біл.

Дариядан расул кұда[й] өтіп кетті,
Жетпіс мың шынжыры бар ілгені еді.
«Шынжырдың әрбірінде – періштеден
Жетпіс мың мәлік (малак) бар» – деп, нақыл қылды.

Расул ғалайһиуассаламның бірінші аспанға барғаны

Пайғамбар милдан өтіп, аспан барды,
Жебірейіл есік қағып, хабар салды.
Бірінші аспан – Махатіл (Михаил) Смағұл һәм,
Бір мәлік қарсы шығып, душарланды.

Ол мәлік:

– Кімсіз, – деді, – есік ұрған?

Жебірсйіл:

– Мен, – деп айтты, – хабар кылған.

Смағұл Жебірейілден сауал тапты:

– Кім еді қасыңызда бірге тұрған?

Жебірейіл хабар берді әуез етіп:

Пайғамбар бұл ғамыт, келдім ертіп.

Хабибісін бүгін түн қонақ кылар,

Жамалын би достына Хақ көрсетіп.

Смағұл есік ашып, рұқсат (ұлықсат) берді,
Сап тұтқан мың сан мәлік (малак) қасына ерді.

Бұл Смағұл:

– Макатіл періштенін
Хисабы (есебі) кітаптарда жүз мың – дер-ді.

Һәм және бір ташып періште бар,
Қияметте таспих етіп бәрі тұрар.
Әуелден та қиямет болғанынша
Жығылмай бір мәртебе тұрғай бұлар!

Аллаға арыз (ғарыз) етіп, айтты расул:
– Тік тұрып, тағат қылар мәліклер – бұл.
Бұл қылған тағатының сауаптарын
Күнә қылар үмбетіне рахмат қыл!

Алла айтты:

Бес уақыт намаз қылғанларға,
Қиямда ықыласымен тұрғандарға.
Сауабын баршасының аңғам қылдым,
Хак (ак) жолға – тура кадам ұрғанларға.

Ол аспан бес жүз жылдық жолдар еді,
Һәм және жасил замордан есіл-дерті.
Өзінің жаратылған суретінде
Адамды бір хат озсыра расул көрді.

Ғазірейіл арада мың алса жанын,
Алдынан, өткізеді, келіп оның.
Жаксысын өткізгенде шаттанады,
Көргенде, қайғырады, жаманларын.

Адамның, оң жағында бір есік бар,
Шатланып, оған карап, әрдайым күлер.
Есікке сол жақтағы карағанда,
Қайғымен капаланып жылап тұрар.

Адамнан расул құда[й] мұны көрді:
– Жыламақ, күлмектігі қалай? – деді.

«Бұлардың хақиқатын баян қыл!» – деп,
Пайғамбар Жебірейілге хабар берді.

Жебірейіл расулға айтты:

– Оң есіктен,

Көрінер жаннаттағы болып раушан.

Солынан мағлұм болып көрінеді,

Тозаққа мұнафиқтан келсе бір жан.

Адамға сәлем берді расул барып,

Таныды хазірет Адам ғалік алып:

– Мархаба, иа перзент келдіңіз, – деп,

Аллаға ташпиқ етті бек шатланып.

Пайғамбар бір көрһұны және көрді,

Лақазда жакін салып ұрар еді.

– Хак жолға тағат қылып, қайрат еткен,-

Жебірейіл:

– Үмбетің! – деп, хабар берді.

Онан (анден) соң бір жамағат көрді және,

Әрдайым басын кесер ламан жаһма.

– Дұрыстап, сәжде етпек үмбетің, – деп,

Жебірейіл мағлұм етіп, білдірді ана (оны).

Көрділер бір көрһұны аш-жалаңаш,

Мәліктер:

– Оттағыл!-деп, қудыр-паш.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл үмбетің,

Рақымсыз, һәм малынан зекет бермес.

Бір халықтың, жақсы тағам, қасында бар,

Бір жағында сасық тағам және тұрар.

Жақсы тағам, жақсы тонға көңіл бермей,

Тағамның шығасуғынан үміт қылар.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – үмбетің

Некелі өзінде бар халал қатын.

Некесіз қатынлармен зина қылып,

Басқаға несіп қылар оның қатын (затын).

Бір халықтың от ішінде тұр үйлері,

Темірден ысырабының еткен бәрі.

– Әркімді мазак қылып, қатты сөккен,

Жебірейіл:

– Осылар (үшбулар) – деп айтты, әні.

Бір халықтың арқасында жүктері көп,

Көтере алмай тұрса да, айтар:

– Қойындар! – деп.

Жебірейіл расулға айтты:

– Аманатқа

Бұлардан болғандар, – деп, – киянат көп.

Бір халықтың асбұрмен тілін тартып,

Кетсе дүр іс көрсетіп, миын артып.

Жебірейіл расулға айтты:

– Баршаларға

Қош әмір қылған бұлар жалған айтып.

Расулдың бір көрпуге түсті көзі,

Өз етін кесіп әр кез жейді өзі.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – үмбетің:

Ғұмырынша болған еді гайбат сөзі.

Бір көрпу – көзлері көк, жүзі қара,

Қан арың жаһаннамнан ішер және.

Мұны хәм пайғамбарға мағлұм етті,

Ішкендер арақ-шарап бәрі хама.

Бір халықтың желкесінен шыққан тілі,

Мысалы дәл аумаған доңыз түрі.

– Біреуге жала жауып, ант ішкен, – деп,
Жебірейіл пайғамбарға айтты мұны.

Бір көрһу – қарындары түсіп тұрған,
Түрі көк, аяғына, кісен салған.

Жебірейіл пайғамбарға айтты:

– Бұл – үмбетің:
Адам дүр, қиянатпен хукім қылған!

Бір көрһу қатынлардың көк көзлері,
Киімі үстіндегі оттан бәрі.

Күрзімен періштелер ұрып тұрар,
Зина қылған қатынлар, – деп, айтты әні.

Бір көрһу отлы пышақпен бауыздалар,
Түзіліп тірілмекке қайтып барар.

Нақактан кісі өлтіріп, қан төгуші

Расулға:

– Үмбетің, – деп, айтты бұлар.

Бір халықтың аузынан от шығып тұрған,
Дембе-дем отлы күрзімен мәлік ұрған.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – мұнафиқ:

Алланың күдіретіне күмән болған.

Бір көрһу жаһаннамда және (шана) жатқан,
Әр заман отқа күйіп, жапа тартқан.

Деп айтты:

– Бұл халайық – үмбетлерің:
Тірілікте ата-анасын ренжіткен.

Бір халықты періштелер тұрар ұрып,
Үстіне отлы (отты) табақ қойып тұрып.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – үмбетің:

Әр түрлі өтірік айтып, қылған кәсіп.

Пайғамбар бір періштені және көрді.
Аяғы-от, жоғарғы жағы – қардан ер-ді.
От пен қар – бір-біріне зиян қылмас,
Жебірейіл ахуалынан хабар берді.

«Рағият» – деп, иа «ғымат», – айтар мұны,
Бір мәлік –бұтлардың мәкәтілі.
От шығып шашыраса, әуез шығар,
Бір жаққа бұлтты айдап жүрген күні.

Пайғамбар және көрді бір дарияны,
Суы һәм ақ етілер сүттен әрі.

Жебірейіл расулға айтты:

– Иа, Мұхаммед,
Білсеңіз, «Хажырал хаят» – дейді, әні!

Ақырда көрден адам тірілгенде,
Жаңбыр ғып, жаудырады бұл дарияны.
Сүйектер, сидаланған тазаланып,
Жан кірер сонан (анден) кейін сол денеге.

Расул ғалия-өсалламның екінші аспанға барғаны

Дүниенің аспанынан расул өтті,
Әлқисса, екіланшы көкке жетті.
Жебірейіл ілгергідей есік қағып,
Мака тіл періштеге хабар етті.

Ол мәлік:

– Кімсізлер? – деп, хабар берді.

Жебірейіл:

– Мен дүрмін! – деп, хабар берді.

Арада ілгергідей көп сөз өтті,
Есіктен расул-құда[й] ішке кірді.

Есіктің жанжу (інжу) нұрдан кілттері,
Ахмардан қызыл алтын еді бәрі.

«Исрафил, Мекайын» – деп айтады,
Сақтайды екі жүз мың мәлік оны.

Бір көрһу періштені көрді және,
Ауру қуғта (әр уақытта) таспих етіп тұрар нама.
Арыз етіп, бір Аллаға, расул айтты:
– Фазылыңмен бұл тағатты бергіл маңа (маған)!

– Бердім! – деп, бір Алладан анғам енді,
Сол жерде екі жігітті расул көрді:
Хазірет Ғайса менен һәм Жакия-
Алдынан сәлем беріп, қарсы келді.

Олар (алар) һәм ғалік елді қарсы келіп:
– Мархаба[т], иа, Мұхаммед, келдіңіз – деп.
Алланың бірлігіне бұл екеуі
Тін бастан тәспих етіп, тұрады көп.

Расулға бір періште жолықты кез,
«Жетпіс» – деп оның атын айтады сөз.
Жетпіс мың бір басында жүзлері бар,
Әр жүзде жетпіс дүр ағызсын тез.

Жетпіс мың бір өзінде бар-ды тілі,
Бәрімен тәспих етер күндіз-түні.
Атлары ол мәліктің «Қасым» еді,
Баршаның ризығының мақатілі.

Расул-құда[й]дың үшінші аспанға барғаны

Үшінші көкке келіп, расул тұрды,

Жебірейіл:

Ашыңыз! – деп, есік ұрды.
Мақатіл-Зилон атлы бір періште:
– Бұл көкке кімсізлер? – деп, әуез қылды.

Сөйлесіп ілгергідей ашты және,
Бұл аспан – ақ інжуден бәрі нама.

Үш жүз мың мәліктер (малашіклер) қызмет қылып,
Тұрады табиғ болып карап мұна (бұған).

Бір бөлек періштені расул көрді,
Сәждеде таспик етіп жатар еді.
Расулға тағзым етіп, сәлем беріп,
Жоғарғы періштесі һәм бас көтерді.

Сәждеге басын қайта салды-лар баз,
Пайғамбар бір Аллаға істеді арыз:
– Үмбетіме бұ тағатты несіп еткіл,
Олар һәм сәжде бірлан қылсын намаз.

Расулға мархабатлы нада келді,
Парыз етіп үмбетіне сәжде берді.
Намазда екі мәртебе сәжде қылмақ-
Періштенін бас көтермек себебі еді.

Сүлеймен, Жүсіп, Дәуіт – ол үш нәби,
Үшінші аспанда еді онын бәрі.
Жебірейілдің айтқанымен қарсы барып,
Пайғамбар қарсы барып көрді енді.

Олардан расул-құда[й] жоғары өтіп,
Көрді-лер бір мәлікті назар етіп.
Жетпіс бас, һәм жетпіс мың манаты бар,
Әрбірі бұл дүниеге тұрар тиіп.

Бір бөлек періштені және көрді,
Екі жүз тоқсан жылдық бойлары еді.
Күрзімен бір көрһу адамға ғазап қылып,
Артықша жәбір-жапа көрсетеді (күсатарды).

Жебірейіл расулға айтты:

– Көрдін бәрін,
Ғазапты көрер мұнша үмбетлерің.
Дүнисде пенделерді көп ренжітіп,
Тәкаппар, жәбір етуші баршасы онын.

Пайғамбар және көрді бір дарияны,
Сауал ғып періштесден сұрады оны (әні).

Жебірейіл расулға айтты:

– Аты – Нақым:

Дүниедей жеті есе бар сулары.

Дүниенің, топан суы, бәрін алды,

Астында тау-таслардың бәрі қалды.

Білсеңіз, сол сулардың баршасы һәм

Алланың пәрмсімен бұдан барды.

Расул-құда[й]дың төртінші аспанға барғаны

Аспанға төртленші келді расул

Жарылған ақ күмістен еді-лер бұл.

Ілгергі айтылғандай көп сөз етіп,

Пайғамбар есік ашып кірді-лер, біл.

Мұксатіл, Мекайілдің еді намы,

Төрт жүз мың сақтар еді мәлік оны (әні).

Бір бөлек періштені және көрді,

Қағидада таспих айтып (етіп) отыр бәрі.

Пайғамбардың тілегімен Қадір құда[й],

Парыз қылды тағы да оны (аны) үмбетіне.

Төртінші бұл аспанда душар болды,

Пайғамбар хазіреті Мұса каламына.

Мұсаның бек шатланып, көңілі тасып,

Көрісті Мұхаммедпен құшақтасып.

Деп айтты:

– Шарапатлы Миғраж түні

Фазылымен Алла саған қылды несіп (нәсіп).

Алламен, перде астында, сөйлескенде,

Ұмытпа үмбетінді әр кезе[ң]де:

– «Лажы (ғылажы) болғанынша, жеңіл қыл!» – деп,

Парыз ғып үмбетіңе берсе әр (һәр) не.

– Атымды калам койды Алла менің,
Артылды абзалдығың менен сенің.
Өзімнің уакытымдағы үмбетімнен
Артылды сенің барша үмбетлерін.

Мұсадан өтіп, жүрді пайғамбар һәм,
Ғайсаның анасы еді Бибі Мариям.
Мұсаның анасымен душарласты,
Ферғауынның қатыны Әсияменен.

Жетпіс мың әрбірінде үй бар еді,
Зәмірден бағзылары жақұт еді.
Үйлері бағзысының ақ інжуден
Онан (анден) соң бір періште және көрді.

Көрмеген мұндай мәлік (малак) бұрын әр кез,
Денесі пайғамбарды тітіретті тез:
– Корсе де ғамкүн болып отырады,
Бұл кім? – деп, Жебірейілден сұрады сөз.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – Ғазірейіл (Әзірейіл),
Қапысыз (ханіз) етіп, барша жанды алушы – бұл.
Назар салып, мұның жүзін, көрмеклікке,
Зәрс-кұты еш адамның қалмайды, біл.

Отырған күрсісінің форымлары
«Көрмекке төрт бұрышты» – дейтін, әні.
Аяғы жеті жүз мың, әр бұрышында
Алтын мен ақ күмістен еді бәрі.

Көп мәлік атырабында тұра тұрмас,
Алладан басқа ешкім санын білмес.
Оң жағында тұрғанлары сұлу еді,
Жүзінің сұлулығы нұрға ұксас.

Отырған сол жағындағы періштенің
Қазаннан кара еді жүзлері оның (аның).
Қолында отлы күрзі, исі сасық,
От шығар ашқан уакта ағызларын.

Қолында Ғазірейілдің бір қағаз бар,
Көз жазбай, ол қағазға, қарап тұрар.
Алдында бір дархаттың жапырағы көп,
Бір асымы бір жапырақта жазылмыш-лар.

Ғазірейіл алдындағы бір легенге
Созады бір мезгілде қолын әсте (атта).
Оң қолымен алғанын оң жақтағы
Торғуыш бере дүрлер малакларға.

Сол қолымен алғанда легеннен
Сол жағындағы мәліктерге (малакларға) берер бәрін.
Бұл іске расул-құда[й] қайран қалып,
Сұрады Ғазірейілден оның бәрін.

Ғазірейіл расулға айтты:

– Бұл тақтайға

Ажалын патшалардың жазған нама.
Қағаз бен бұл дархаттың жапырағында
Аттары патшалардың бар дүр және.

Дүниенің үшбүлігін дүр мысалы,
Осындай қасымда дүр халықтың бәрі.
Әркімнің уақыты бітіп, ажал жетсе,
Түседі бұл легенге жапырақтары.

Тақтайдан жоқ болады аты оның,
Қағаздан біледүрмін ажалдарын.
Ол сәтте (патта) жақсы болса оң жақтағы,
Беремін қолдарына періштенің.

Рахматтың періштесі – оның бәрі,
Ренжітпей, іззетпенен алғай оны (аны).
Егер де ол күн адам жаман болса,
Сол жағымдағы, бұйырармын, періштені.

Ғазаптың періштесі – бұл тұрғанлар,
Қолға алып отлы күрзі барғай олар.
Бұлардың айбатына (һайбатына) шыдай алмас
Өлмекке уақыты жеткен кейбір жандар.

Бастеге, ажал жеткен, бұлар барып,
Күлгәплер денесінен жанын алып.
Күрсіде осы отырған қалпымменен
Жанларын ала-дүрмін қолымды салып.

Пайғамбар үмбеті үшін кайғы жеді,

Әуез ғып Ғазірейілге:

– Міне, – деді.

– Рақым етіп, есенлікпен жанларын ал,
Қуатсыз, үмбетлерім қағып еді.

Ғазірейіл расулға айтты:

– Сөзімді аңла,

«Үмбетім қуатсыз» – деп, капаланба,

– Үмбетінің жақсылықпен жанын ал! – деп,

Әр күні жетпіс мәртебе айтар Алла.

Пайғамбар мұны естіп, бек шат болды,

Алланың фазылын біліп, көңілі толды.

Алдынан Ғазірейілдің ілгері өтіп,

Қардан-ақ бір дарияны және көрді.

Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл дарияны

«Жер асым» – деп, – айтса, – деп, айтады білсең, мұны.

Бір мығдар дариядан қар шыққанда,

Суықтан халак болар жанның бәрі.

Ал, қысара сол құдай анден өтті,

Ат қойған Байтол-Мағмұр – үйге жетті.

Баршасы үйлерінің – қызыл жақұт,

Есігін «замурт» – деп, нақыл етті.

Асылған ортасында он мың кандил,

Баршасы қызыл алтын ер-ді-лер, біл.

Үстіне жақұт бірлан нұр қосылған,

Күннен хәм раушан еді көрмекке бұл.

Ол үйдің ішінде бар алтын мән бір,
Һәм және бір мұнара есік те бар.
Баршасы мұнараның ақ күмістен
Биіктігі – бес жүз жылдық ұзын дер-лер.

Жетпіс мың мәлікшілер ғаршыдан еніп,
Шомылар дарияға нұрдан келіп.
Ол үйге ахырам байлап, тауап қылар,
«Сыйласпай-сыйлас – бәйге» – деп, әуез беріп.

Әр күнде жетпіс мыннан тауап етер,
Күнбе-күн нәубетпенен келіп өтер.
Әуелден та қиямет болғанынша,
Екінші және кезек келмей кетер.

Жебірейіл айтты расулға:

– Иа, Мұхаммед,
Бұл үйде намаз оқы екі ракағат.
Мәртебең мәлікке (малакке) һәм мағлұм болсын,
Баршасы ағтыда істер үшбу парасат.

Пайғамбар имам болып ілгері өтті,
Жеті аспанның патшасы бағтида етті.
– Үмбетім, осындай намаз қылса-лар, – деп,
Көңіліне пайғамбардың қиял жетті.

Расулға «Әлһәм» жетті бір Алланың:
– Жұма (жұмға) күн әзір (хазір) болып үмбетлерің.
Мешітте екі ракағат намаз қылса,
Мұнан (мұндан) һәм артық еттім фазылын оның.

Әуелден ақырғаша әр жұмада
Жиналып періштелер келгей енді.
Жебірейіл мұнарада азан айтар,
Исрафил мен бар «өзра» ашқай және.

Хұтпа «өзра» оқыр баршаға жол көрсетіп,
Михаил имам болғай ілгері өтіп.
Жеті аспан періштесі ахтида ғып,
Намаздан, парығы болғай, тамам етіп.

Жебірейіл періштеге кылғай мағлұм,
Мәліктер, куәһым бол бұл күн менің!
Үмбетінің азан айтқан муәззінен
Сауабын азанымның мен бергенім.

Исрафил айта-дүрлер әуез қылып,
Мен барда хұтпа оқыдым бүгін тұрып.
Мұхаммедтің үмбетіне бағышладым,
Мешітке, хұтпа оқыса, әркім барып.

Михаил бұл созді айтып, берген әуез,
Бұл күні имам болып, кылдым намаз.
Мұхаммедтің үмбетінің имамына
Мен-дағы сауабымды берермін баз.

Отырған мәліклер мұны көріп,
Баршасы бірден айтар әуез беріп:
– Біз-дағы бұл сауапты бағышладық,
Әр үмбет жұма намазын оқыса, мешітке еніп.

Алла айтты нада қылып:
– Ай, періштелер,
Үмбетке мендей ешкім емес камқор.
Күнәсын баршасының ғафу еттім,
Сахилық асылы неше наздымда бар.

Әлқисса, расул-кұда[й] онан (анден) өтіп,
Күн тұрған манзылына барды жетіп.
Жүз алпыс, бұл дүниеше, келер еді,
Қараса, атырабына, назар салып.

Астында қызыл алтын бір қайық бар,
Жақұттан (нақұттан) ол қайықта бір так тұрар.
Аяғы ол тахыттың – бір жүз алпыс,
Мың мәлік әр аяғын ұстап тұрар.

Ол аспан дариясына қайық салып,
Әуелі күншығыстан жүрер алып.
Ілгергі саны айтылған баршалары
Әр күні күнбатысқа жатар барып.

Сонан (анден) соң ол періште тағат етер,
Ертенгі жүз алпыс мың мәлік жетер.
Ақырының күннеше ілгергіге
Қайтадан және кезек келмей кетер.

Расул-құда[й]дың бесінші аспанға барғаны

Пайғамбар ол төртінші көктен өтіп,
Аспанға бесінші хат барды жетіп.
Муәкіл сықташыл нам періште еді,
Бес жүз мың мәлік тұрар қызмет етіп.

Ибраһим, Ыскақ пенен һәм Исмағұл,
Жақып пен хазірет Лұт нәбилер – бұл.
Бесінші ол аспанда тұрар еді,
Алдына сәлем беріп барды расул.

Ибраһим ұғын көріп, бек шатланып,
Расулмен амандасты ғалік алып.

Деп айтты:

– Үмбетінді ұмытпағыл,
Алламен сөйлескенде бұл түн барып.

Анден (сонан) соң бір мәлікті расул көрді,
Баршадан биіктігі артық еді.
Мәліктің атырабында (атырапында) көп періште,
Басы – ғаршыда, аяғы һәм жерде еді.

Бәрінің отлы көзі қолында бар,
От киген бір жамағат және тұрар.
Күрзімен ол көрһуны періште ұрып,
Етлерін денесінен бөлек қылар.

Еттері денесіне және қайтып,
Артықша ғазап көрер, жапа тартып.
Жебірейіл расулға айтты:

– Бұл – кәпірлер:

Аллаға шек (шәк) келтірген, өш, – деп айтып.

Пайғамбар бір дарияны және көрді,
От еді, су орнына оның (аның) бәрі.
Дүниеге сайыскалар мұнан енді,
Жарсылал: «Су анык!» – деп, хабар берді.
Дарияның ішіндегі ғажайыбын
Алладан басқа ешкім білмес ер-ді.

Расул-құда[й]дың алтыншы аспанға барғаны

Алтыншы көкке барды расул асып,
Руғайыл кіргізді-лер есік ашып.
Алдында – алты жүз мың көп періште
Тұрады қызметінде сап бақыласып.

Қабірден (кабүрден) бір есікті расул көрді,
Есіктің жоғарғы жағы Ғаршыда еді.
Төменгі жағы – жердің асты-Басраяда,
Құс сипатлы, канатлары һәм бар еді.

Қойылған ол есікке құлып салып,
Жебірейіл пайғамбарға айтты тұрып:
– Бұл есікті «Бапаламан» – деп айтады,
Бір Құдай[й] құдіретімен әлһам кылып.

Пайғамбар сауал қылды Жебірейілден:
– «Аман» – деп, не себептен ат қойылған?

Жебірейіл расулға айтты:
– Бұл есіктің,
Жаһаннам ар жағында жақын тұрған.

Ілгергіде жаһаннамның ыстықтығы-
Ренжітті көк пен жердегі көп халықты.
– Мақұлықты ол ыстықтан аман кыл! – деп,
Бір Құда[й] есік етіп қойды мұны.

Пайғамбар Жебірейілге айтты және:
– Көрсеткіл бұл есікті ашып маңа (маған)!
Расулдың ишарат қылғанымен
Ашылды құдірет айлан есік аңа (оған).

Бір түтін өл есіктен заһыр болды,
Айбатлы бір мәлікті расул көрді.
Астында алты жүз мың аяғы бар,
Темірден бір Күрсіде отырар ер-ді.

Басларын ол періште төмен салып,
Қолына басы бір мың күрзі алып,
Бір мәртебе жоғарыға назар етпей,
Қаһармен отырады қайғыланып.

Мұрнынан дем орнына, шығар жалын,
Мысалы бұл дүниеше көзлері оның.
Аузынан таулар сипат отлар шығар,
Расулға корку түсті, көріп бәрін.

Жебірейіл расулға айтты:

– Пакапаруар,
Мүшкіл мәлік тозақ-үшбу дүрлар.
Ғұмырында езу тартып, күлген емес,
Тозақтың барша кілті қолында бар.

Пайғамбар әуезе етті сәлем беріп,
Ол мәлік қарамады бас көтеріп.

Жебірейіл:

– Мұхаммед! – деп, білдірген соң,
Сәлемін: -Ғаликум! – деп, алды келіп.

Әуез ғып Мәлік айтты:

– Иа, Мұхаммед,
Сүйінгіл, қуаныш етіп, болумен шат.
Бір Құдай тозақ отын харам қылды,
Қайсы құл қолыңды алып, болса үмбет.

Үмбетің күнә қылса әр не түрлі,
«Рақым ет! – деп, оларға һәм!» – хақ бұйырды.
– «Расулді хақ» – білмеген кәпірлердің
Ғазабын артық қыл!» – деп, әмір қылды.

Әлқисса, Мәліктен һәм отты және
Нух, Ыдырыс, – пайғамбарлар жолықты аңа (оған).

Расулмен бек шатланып, амандасты,
Аллаға таспик етіп (айтып) олар нама.

Анден (сонан) соң Мақатілге (Михайлга) расул келді,
Алдында таразы бар, аны (оны) көрді.
Әрбірі – аспан мен жердің кеңдігіндей,
Пайғамбар қарсы барып, сәлем берді.

Мақатіл түрегелді қылып шүлен,
Тұрысты құшақтасып расул бірлан.

Деп айтты:

– Ілгергі өткен үмбетлердің
Баршасы төмен болар үмбетіннен!

«Мәліктің қасындағы тұрғанлардың,
Жеті жүз мың, – дейді, – саны бұл хисаптың.
Олардың әрбіріне қызме[т] еткен –
Бар еді жеті жүз мың мәліклерден.

Қар, жаңбыр жауар болса, ап лайыктанып,
Бір мәлік әрқайсысын келер алып.
Мәліктің көптігінен ақырғаша
Келмекке, кезек жетпес, қайта айналып.

Анден соң және көрді бір дарияны,
«Ахсызар!» – деп, айтар еді атын, әне (ән).
Ол дарияның ішіндегі мәліклердің
Жоқ еді айтпақлыққа ғадет саны.

Расул-құда[й]дың жетінші аспанға барғаны

Жетінші көкке жетіп, расул-Алла,
Ілгергі ғадетімен кірді ана (оған).
Мүқакіл, Рухайыл нам періште ерді,
Мәліктен жеті жүз мың қарарында (қарауында).

Бір жүз мың әрбірінің нәбиғлары,
Рухайыл қызметінде оның бәрі.
Алланың бірлігіне таспих етіп,
Әуезбен лайында (лабында) етіп, қылар зары.

Сол жерде бір періште және тұрар,
Мәліктің жеті жүз мың бастары бар.
Бір баста жеті жүз мың бастары бар,
Әр жүзде жеті жүз мың ағзы (аузы) дүрлар.

Бір ағызда (ауызда) жеті жүз бар-ды тілі,
Әр тілмен – жеті жүз мың сөйлер-ді бұл.
Әр күні дария нұрға бір шомылып,
Бір мәртебе сілкінеді және білгіл.

Бұлардан бір қатыраһадан – бір періште
Әр күнде сілкінеді бұл рауышта.
Періштесі бір Аллаға таспих етер,
Бір лахза мойын бұрмай ешбір аста.

Пайғамбар бір мәлікке назар қылды,
Төрт жағында – төрт жүзі бар – әрбір түрлі.
Бір жүзі ол мәліктің-адам сипат,
Бір жүзі – сиыр сипат жаратылды.

Бір жүзі – құс сипатлы, бір жүзі – арыстан,
Таспих етер әрбірі өзінің лебізі бірлан.
Әуезінің суретінде болғанлардың
Төртеуі ризығын тілер бір Алладан.

Бір мәлік бір көрсе де қарай (қарар) алар,
Аяғы – жерде, басы һәм Ғарышка барар.
Бір қанаты – дүниенің кеңдігіндей,
Бір жұтса, бұл ғаламға тоймай қалар.

Бар еді жеті жүз мың мәліктері,
Аллаға таспих етіп тұрар бәрі.

Расулға:

– Исафил! – деп, хабар берді,
Пайғамбар сәлем берді, көріп оны.

Исафил жауап берді:

– Ғалейкум! – деп,
Расулға амандасты қуанып кеп.

Үмбетінің абзалдықпен башаратын
Баян кылып пайғамбарға айтылар кеп.

Расул құда[й]дың Сыдыратыл Мұнтаһаға барғаны

Пайғамбар ол аспаннан өтті және,
Анден соң барды Сыдыратыл Мұнтаһаға.
Сыдыратылдың Сиярдағы тосыптарын (түсіптерін)
Мүмкін жоқ айтпағыма бәрін һама.

Сыдыратылдың дархатларының жапырақлары,
Замордан алтын жақұт еді бәрі.

«Ол тұрған жапырақтарының биіктігі
Елу мың жылдык» – деп айтады, әні.

Құйылған, атыраптарын, нұрмен жағып,
Хисапсыз сан мың мәлік тұрған бағып.
Алтыннан, жапырақтары, шеге қаққан,
Тұрады жұлдыз сипат шұғлалатып (шағылллатып).

Сыдыратылдың үстіндегі періштенің
Қауымдарын – «Жұлдыздай!» – деп, айтар санын.
Баршасы кеше –күндіз таспих стіп,
Үмбетке бағышлайды сауаптарын!

Бір бұтақ ортасында биік тұрар,
Әрбірі жер мен көктей жапырақтар.
Баршасы ол бұтақтың замордан,
Ұзындығын – «жүз жылдык» – деп, нақыл қылар.

Үстінде бір төсек бар – бәрі нұрдан,
Иақұтпен (жақұтпен) һәм ахмардан махырап қылған.
Үшбу жай Жебірейілдің мекені дүр,
Әуелден-ақырғаша мұнда тұрған.

Алдында бар еді бір күрсілері,
Жазылған ол күрсіге расул намы.
Үстіне ешбір мақлұк отырмаған,
Пайғамбар отырмаққа қойған, әні!

Отырды ол күрсіге расул барып,
Атырапына он мың күрсі койған салып.
Күрсінің әрбірінде періштелер
Тауратты қолдарына жазар алып.

Әр күрсінің атырабында – күрсі қырық мың,
Бәрін де Таурат оқыр періште анық.
Інжіл мен Забур, Құран – баршасын һәм
Мәліктер оқып жазар бәрін анық.

Жебірейіл расулға айтты:

– Иа, Мұхаммед,
Бұл жерде намаз оқы екі ракағат.
Сыдыратылда расул-құда намаз оқып,
Аллаға хамит таспих айлады жат.

Есепсіз періштелер Сыдыратылдағы,
Артына ағтида айтты оның бәрі.
Бір Құдай бұл намазды пәрмен етті,
Расулдің мәртебесін көрсеткелі.

Анден (сонан) соң бір арықты расул көрді,

Жебірейіл:

– Бұл кәусар! – деп, хабар берді.
Суынан расул-құда[й] ішіп көрсе,
Сүттен-ақ, ол ғысылдан тәтті ер-ді.

Қасында бір жамағат – раушан нұры,
Тұрады әренки бөлек және бірі.
Арықтан адам келіп, ғұсыл етер,
Пайғамбар Жебірейілден сұрады енді:

Жебірейіл расулға айтты:

– Үмбетің – бұл,
Әуелде күнә қылған еді ол құл.
Күнәдан және қайтып тәубе қылған,
Күнәсы аның (оның) үшін кешілген, біл.

Расулға үш кесені алып келді,
Ішінде сүт пен сыра хамар еді.

Пайғамбар жақсы көріп, сүтті ішкен соң:
– Дін жолын қабылдадың! – деп, хабар берді.

Көрді-лер бір мәлікті және тұрған,
Жетпіс мың ол мәліктің басы болған.
Әр баста – жүзі мен аузы (ағзы) һәм шашлары,
Ілгергі айтылғандай, жетпіс мыңнан.

Бір мыңнан әр тұлымда інжусі бар,
Ішінде әр інжудің дария тұрар.
Дарияның ішлерінің баршасында
Балықтар неше түрлі шулан ұрар.

Бір қолын – басына, бір қолын бұтына ұрып,
Аллаға таспих етер тынбай тұрып.
Мәліктің (малақтың) таспих еткен әуезінен
Ғарыш ағла тірер еді лизар қылып.

Пайғамбар ол мәлікке берді сәлем,

Періште:

– Ғалейкум! – деп, айтты қалам.
Расулға түрегелін, тағзым етіп,
Қанатын бір мәртебе жазды тамам.

Қанаты жер мен көктің бәрін алып,
Құшақтап, пайғамбарды сүйді барып.

Деп айтты:

– Үмбетіңнің башаратын
Айтайын, есітіңіз құлақ салып.

Бір Құда[й], құрметі үшін, бір өзінің,
Үмбетіңнің күнәсынын кешті бәрін.
Айында рамазанның руза (ораза) тұтса,
Тапсырды: «Жаз, – деп маған-сауаптарын».

Пайғамбар бір мәлікті және көрді,
Қораздың ол пашта (патша) мекенінде еді.
Жетпіс мың канат[ы] бар, әр канаттың
Түгінде жетпіс мыңнан – бәрінде ерді.

Дүниедей ол күндігі – жеті есе,
Басы – ғаршыда, аяғы һәм жерге енер.
Әр намаз мезгілінде қанат қағып,
Ол қораз таспих етіп, әуез берер.

Жаннаттың хорғыл мен мәліктері,
Мұнараға лағыл, жақұт шығып бәрі:
– Үмбеттің намаз уақыты болды-лар! – деп,
Білдіріп бір-біріне айтқай, эне!

Айтқай-лар нада қылып хасидана,
Бұл күні куәһім бол барлық һама.
Үмбеттің үшбу қылған намазы үшін,
Жаннатты несіп қылдым мен һәм аңа (оған).

Расулдың Сыратылда көргенлерін
Сиярда мағлұм қылып, айтқан бәрін.
Бұл жерде тәпсілменен баян қылып,
Мүмкін (эмкән) жоқ айтпағыма оның бәрін.

Сыратылдан расул-құда[й] ілгері асты,
Жүрмекке ілгеріге қада[м] басты.
– Иа, расул, менің жасым үшбу дүр, – деп,
Жебірейіл ізет (ғыззат) етіп, аузын ашты.

Макатіл (Михаил) сәлем беріп, қарсы тұрды,
Үстіне қанатының расул мінді.
Әрбір бағзы жүз жылдық бар да менен,
Қаншама от дариялардан өтіп жүрді.

Исрафил анден (онан) кейін болды-лар кез,
Үстіне пайғамбарды мінгізді тез.
Анден соң жеті дария судан өтті,
Бұл түрлі тосыбына (тосуына) айтылды сөз.

Жетпіс мың – бұл дарияның бар кеңдігі,
Үсті мен бұл дарияның және түбі.
«Жетпіс мың – жер мен көктің арасындай,
Әрбірі келеді», – деп, – айтты мұны.

Хисапсыз бар дәлелден жолықты аңа (оган),
Өткізді бір лақазда бәрінен нама.
Өзіне белгіленген жайға келіп,
Жүре алмай Исафил тұрды және.

Бір лабат сол мезгілде әзірленіп,
Мінгізді пайғамбарды үстіне алып.
«Рабырап» – деп, ол лабаттың атын айтар,
Тұрады күн сипатлы шағылланып.

Бар еді пердесі – алтын, інжу нұрдан,
Заморт (изумрут), жақұт, залмат – оттан қылған.
Жел мен су – қалындығы жетпіс мың жыл,
Көптігі әрбірінің жетпіс мыңнан.

Ол Рабырап пайғамбармен паруаз етті,
Лақазда пардалелден алып өтті.
Жетпіс мың алдына перде қылған,
Ғарыш ағла мекеніне расул жетті.

Жетпіс мың әр пердеде зынжыры (шынжыры) бар,
Бір мәлік бір зынжырдан ұстап тұрар.
Мәліктің ол күндегі екі айынның [аяғының]
Арасын «жетпіс жылдык» – деп, хисап қылар.

Ол Рабырап бәрінен хәм өтіп барды,
Алдында Ғаршы ағланың бұ да қалды.
Рабырап сол мезгілде бір хәм болып,
Расулға бір ақ інжу даярланды.

Ол інжу таспих етті, аузын (ағызын) ашып,
Ағызынан әр тарапка нұрлар шашып.
Үстіне Хактың әмірімен расул мініп,
Ілгері бір пердеден жүрді асып.

Астынан ол інжу хәм қалды кетіп,
Пайғамбар тұрып қалды, таспих етіп.
– Ілгері иа, Мұхаммед, келгіл! – деді,
Құданың құдірстімен әлһам айтып.

Бір кадам ілгеріге жақын барды,
Және де таспих етіп, әуез берді.
Әр әуез айтқанына расул-құда[й],
Бір кадам ілгеріге барар еді.

Алладан мың мәртебе болды әлхам,
Бір мәртебе әр асқанда қойды кадам.
Әр басқан қадамының аралығын
«Дүниеше, – деп айтады, – жол жай бірлан».

Расул-құда[й]дың Қапқаусайын ауаданаға барғаны

Мұқарраб періштесі – бәрі қалды,
Көзінен Қадір құда[й] пердені алды.
Қапқаусайын ауадананың мақамына
Алланың латыбиімен расул барды.

Бір күрсі даяр болды ақ інжуден,
Отырды ол күрсіге қылып шүлен.

Сол мезгілде:

– Әлхам айлан, Мұхаммед! – деп,
Бір нада естіледі уахси бірлан.

Расулдің мұны естіп, реңкі қашып,
Тұрды-лар жығылмаққа жақындасып.
Ғайыптан бір қатра шу пайда болып,
Ағзына пайғамбардың болды несін.

Ол қатра қайт ғысылдан тәтті ер-ді,
Ішкен соң, ағзасына қуат кірді.
Расулдің көзлерінен перде алынып,
Әуелін, ақырының – бәрін көрді.

Алла айтты:

– Нада қылып, иа, Мұхаммед,
Хамитімді азиһар етіп айлағыл жат.

Пайғамбар:

– Алла хайбат, Алла, – деді.

Һәм жанау аллхалуат ат уа аллат сбат...

Тағайынлы шаһадаттың калимасын,
Бір Құдай алтушыды ғаша айтты бәрін:
«Мұхаммед һәм расул, һәм құл!» – деп,
Білдірді «расул-құда» – мадиғасын.

– Миграждан кайтканыңда, а, иа, расул,
Бар, – деді – бұл калиманы үмбетіңе алып!
Қағыбада отырғанда оның үшін,
Айтпаққа уәжіп болды тағайынланып.

Әмин расулдің аятлары,
Сөйледі бір дауыста онда (анда) бәрін.
Ғалымдар аттипақпен мағына беріп,
Тәпсірін баян етер писарда оның.

Ақырға жеткенінше мағына берді,
Баршасы үмбетінің тілегі ерді.
«Үмбетіңнің кете-кеткенше күнәларын
Кештім!» – деп, бір Алладан нада келді.

Иауахис али ғабды мауахис баяны

Иауахис ғабды мауахысны,
Расулға уәжіп қылып айтты оны (аны).
Имамның бағзылары ыхтаятпен
Бұл сияр махбига берді мағыны (мағынаны).

Сиярда имамлардан қырсық құл бар,
Хадистен дәлел қылып, айтып дүрлар.
Мен-дағы өз әлімше махпылменен
Бағзысын білдірейін қылып аз һар.

Алла айтты:

– Иа, Мұхаммед, қайырланам,
Дүниені жаратпақта сен мәді ғам.
Егер де өз тәбілің болмағанда,
Бар болып, жаралмас-ты күллі ғалам.

Еш мақұлық келген емес бұл мақамға,
Бұл жайды несіп еттім бұл түн саңа (саған)!
– Жат өстім қанша жерден іздеп келіп,
Һида жаман келтірдің етті маңа (маған).

Арыз етіп расул-кұда[й] айтты халін:
– Үшбу дүр алып келген һидаям менің.
Аплақтарға һаңа нәрсе таппай,
Келтірдім үмбетімнің күнәларын.

– Жә, алла, мәдіге (мадға) сол болса мүмкін,
Ғафу етіп бағышласаң маған бәрін.
Фазылыңмен рахым айлап кешірсесең,
Көп ерүр үмбетімнің күнәлары.

Алла айтты:

– Нада қыл, иа, Мұхаммед,
Көңіліңді дәрһамнан айлағыл шат!
Махшарда қапа болып, жығылағайлар-
Есебі жын, дию, пері – бір нешік зат.

Жүз жиырма төрт мың өткен пайғамбарлар
Астында қадамыңның тұрғай олар (анлар).
Өзіңнен мәртебесі кейін болар,
Жиналған әуел-ақыр барша жанлар.

Өз кәрім, жалалымның хақы үшін,
Үмбетіңнің ғасылықпен қылған ісін.
Шапағат дариясымен таза жуып,
Ғафу етіп қоймағаймын ешбірісін.

Сол уақта бола дүрсің сен шат харам,
Көңіліне үмбет үшін келтірме ғам.
Жат өптім мадиганды баян айла,
Фазылыммен жеткіземін баршасын ғам.

Пайғамбар Аллаға айтты:

– Жә, пәруар,
Мәдигам ғасы жапа үмбет дүрлар.

Күнәсын өз кәрімінмен ғафу етіп,
Жаннатқа кірмегіне қыл ықтияр!

Алла айтты:

– Жетпіс мыңын еттім аңғам,
Бар болса, мадиганды тілегіл сан!
Ғарыз етіп, расул -құда[й] Аллаға айтты:
– Үмбеттер көңілімде бармады ғам.

Алла айтты:

Жетпіс мыңын ғафу еттім,
Ай, достым, мадиганды мағлұм қылдын.
– Жә, Алла, бармады ғам, үмбетім?! – деп,
Арыз етіп расул және ашты тілін.
Жүз бір Алладан әлһам келді,

Пайғамбар:

– Бәріне имам үмбет, – деді.
– Әр мәртебе айтқанда – жетпіс мыңнан
Кештім, – деп, Хадір құда[й] хабар берді.

Бір Құда[й]:

– Тез кел! – деп, айтты және.
– Үмбетімді бергіл, – деді расул, – мана (маған)!

Алла айтты:

– Жә, Мұхаммед, үмбетіңнің
Қаншасын ғафу етейін бұл күн саңа (саған)!

Пайғамбар Аллаға айтты:

– Арызым менің,
Бағышлап үмбетімнің бергіл бәрін!
Қаншама күнәсы көп болғанменен,
Артық дүр неше хисапазлық сенің.

Алла айтты нада қылып:

– Көңіліңді дәрғаһымнан айлағыл, жә, Мұхаммед,
Күнәһиге үмбетіңнің үштен бірін.
Отынан жаһаннамның қылдым азат.

Махшарға халықтың бәрі жиылғанда,
Әркім өз халімен болған онда.
Мәртебең халық ішіне мағлұм болсын,
Сол күні екі есесін (хисасын) берім саңа (саған).

Пайғамбар арыз етіп, айтты мұны:
– Есебін (хисабын) маған бергіл махшар күні.
Ілгергі пайғамбар мен үмбетінің
Білмесін хабарланып бірде-бірі.

Алла айтты:

– Менің һәм бар бір мадигам,
Махшар күні жиылғанда жын мен адам.
Үмбетіңнің әрбір түрлі қылған ісі
Білесің хабарланып сен өзің һәм.

Артықша жақсы көрдің үмбетті сен,
Салғанмын бұл қиялды көңіліңе мен.
Махшарда есеп-сауал қылмас едім,
Сөйлеспек қабыламасым үмбет бірлан.

Үмбетің[е] сенен артық мейірім (меһірім) түсер,
Тіленбек қажет емес маған айтып.

Ақырғы үмбет қылып, соң жараттым:
«Қабірде жатпасын, – деп, – жапа тартып!»

Оларға (аларға) сәжде қылдым жердің бәрін,
Жүргіздім су орнына – топырақтарын.
Суретін бұл дүниеде өзгертпедім:
«Еш мақұлық білмесін, – деп, –ғайыбын оның!»

Үмбетіңнің көп қылмадым малын және:
«Көп болар, – деп, –сауал[ы] оның махшарда».
«Көп болса, көңілі оның қала дүр» – деп,
Ғұмырын аз істедім (істедім) бәрін һама.

Кеселге, «Бижа» – атлы қылмадым кез:
«Тәубесіз кетпесін, – деп, – дүниеден тез».
Жаннатқа сен әуелі кірмейінше,
Кірмейді әнбиелер ашылар кез.

Осынша үмбетінді тілек еттің,
Фазыл менен мархабатлық нада еттің.
Үмбетіңнің жаман пиғылын білдірейін,
Ай, достым, құлак салып, бағым еткін (еткіл)!

Үмбетіңе неше түрлі несіп бердім,
Уақытымен істегенін қабыл көрдім.
«Ай, жылдык, жә апталык тағатымды
Ілгергі істегілі!» – деп айтпап едім.

Жасынан үмбетіңнің халін көріп,
Тұрамын уақытымен ризығын беріп.
«Айлық, жә жылдык несібімді бермедің!»-деп,
Сұрайды дәрғаһыма жаһыл келіп.

Үмбетіңе даярладым жаннат ішін,
Тозакты даярладым кәпір үшін.
Үмбетің жаһаннамға рағият етер,
Істемей ықыласымен әрбір ісін.

Бірінің несіп болған ризықларын,
Бермеймін қиянат қып, біріне онын.
Үмбетің тағатыма қиянат қылып,
Парыз мың, әр иа бірлан істер бәрін.

Дүниеде неше түрлі күнә қылар,
Жасырып бір-бірінен, айтпай тұрар.
Қаншама ол күн күнә қылса-дағы,
Жә қорқып, иа ұялмайды менен бұлар.

Көңіліне бағзысының қиял салып,
Берермін бағзысына малын алып.
Үмбетің бергізуші (бергізгуші) мені білмей,
Бергенге арзалана бек шатланып.

Көрінсе үмбетіңнің күнәлары,
Айтпаймын періштеге әр кез оны.
[Со]ларға бір мүсибат пәле салсам,
Жамандап халық ішінде істер ме еді?!

Осындай неше түрлі айтылды сөз,
Мүмкін жоқ – айтпағыма баршасын тез.
Істеген пиғылымызға қарағанда,
Бұл сөздің жалған емес бәрі де әр кез!

Алла айтты нада қылып:
– Иа, Мұхаммед,
Үмбетінді жарылқадым қылып рахмет.
«Олармен арамызда жеті шарт бар,
Бағзылары тоғыз дүр, – деп, – іследі жат».

Айтайын мағлұм етіп оның бәрін,
Бұл сөзден харсаныт болар көңілің сенің.
Бірінші, қайсы үмбет тағат қылса,
Шүбәсыз (шүбһәсыз) «Бір!» – лігімді біліп менің.

Тағатын рия қылман – оның қылған,
Өз атым кәрімімнің уәжі (уәжі) бірлан.
Басында оның өз шамасы келгенінше,
Қызметті, халін біліп, бұйырамын!

Екінші, күнә қылып, басында жүрсе,
Бір мәртебе ықыласпен тәубе қылса.
Күнәсын әуел-ақыр кеше дүрмін,
Сақтанып екіншіде қылмай жүрсе.

Үшінші, үмбетіңе жеті ағза бар,
Алтауы күнә бірлан есен (ғисан) қылар.
Біреуі ол күнәдан барғиз етіп,
Ол істі наһи маңа қылмай тұрар.

Айтылған біреуінің тәсілі үшін,
Кешемін өзгесінің қылған ісін.
Тозақтың жеті есігін бекем (махкум) байлап,
Беремін ол үмбетке жаннат ішін.

Төртінші, күнә қылса қайсы пенде,
Көңілінде пұшайманлық қылса әр (һәр) не.
Бесінші, бір үмбетің қылса күнә,
Алмаса пұшайманлық һәм көңіліне.

Дүниеде неше түрлі кесел менен,
Мұсибат бере дүрмін кайгы аңа (оған).
Ол көрген дүниедегі мехнатлары
Күнәға кибрат болар бәрі аңа (оған).

Ағзасын мағисбаттан таза етіп,
Жарылкап кіргізермін жаннатқа оны.
Алтыншы, тозақ ағызын екі мезгіл
Ашамын бір мәртебе болса хасыл (кабыл):

Біреуі – қыс уақытының суығында,
Біреуі – жаз күнінің ыстығында.

Тозақтан несіп болған үмбетіңе,
Көрсетіп ыстық, суық күнді аңа (оған).
Дүниеде аның (оның) бірлан жәбірлетіп,
Кешемін күнәсының бәрін һама.

Жетінші, үмбетінді фазылым бірлан,
Махшарда хисап-сауал қыла-дүрман.
Ғаділіммен хисап қылып сұрамаймын-
Істерін бұл дүниеде әр не қылған.

Үмбетің, қайсы пенде, күнә салса,
Аздырып, тура жолдан, ақылын алса.
Мойнына азғырушының қоя дүрмін,
Істеген күнәсының барлығынша.

Үшбу дүр сегізінші шартым аңа,
Жаксы күн ғазиз кеше бердім аңа.
Ол күннің тәсілімен жарылқармын
Үмбетің өз пиғылымен қылса әр не.

Үмбетке, тоғызыншы, фазылым менің-
Махшарға жинайын да жанның бәрін.
Жаннатқа кәрім іслеп кіргізермін,
Істеген, ғафу етіп, күнәларын.

Алла айтты:

– Өз жайыңа барсаң егер,
Менен айт үмбетіңе алты хабар.

Біреуден біреу егер қорқар болса,
«Бір түрлі жет[се], – деп ойлап, – залал».

Әлбетте менен қорықсын үмбетлерің,
Әмірімді, ықыласымен, қылсын менің!
Егер де ғазап қылсам, күшім жетер,
Лаказда жоқ қыламын оның бәрін.

Екінші, бір адамды, дос деп тұтса,
Пайдасы, тиген үшін, сыйлап күтсе.
Рахматым – баршасына заһар үшін,
Іс лайық дүр ол қызметін маған қылса.

Үшінші, талап етсе әр нәрсені,
Лайық дүр сұрамаққа менен оны.
Қолында еш мақұлықтың дүниесі жоқ,
Мұқтаж дүр аты жынның бәрі маған.

Төртінші, ол ұялса, бір адамнан,
Үмбетің ұялсынлар дәрғаһымнан!
Істеген ерте-кеш те күнәларын
Әрдайым біле дүрмін құдіретіммен.

Бесінші, берер болса дүние малын,
Лайық дүр беруіне маған бәрін.
Мал-мүлік, жан-тәнінің бәрін берген
Ортақсыз, бір Құдай-мен дүр оның.

Алтыншы, бір адамға сеніп тұрса,
Жалғансыз, айтқан сөзін, рас білсе.
Үмбетің мснің айтқан уағдама
Лайық дүр ықыласымен сыддық қылса.

Арыз етіп бір Аллага айтты расул:
– Күнәһар үмбет үшін көңілім бұл.
Лайық пенделікке қызметі жоқ,
Сақтарлық кәріміңмен мархабат қыл!

Қырық жаста өлсе үмбет, ажал жетін,
Күнәсын ғафу айла, рақым етіп.

Алла айтты:

– Қырықта өлсе, үмбетлерің,
Күнәсын өз фазылыммен кештім өтеп.

Және айтты:

– Елу жаста өлгенлерге
Рақым етіп, қазап қылма һәм оларға!
– Кештім, – деп, бір Алладан нада келді,
– Елу жаста өлген үмбет қылса әр не!

Ғарыз етіп расул-құда[й] айтты-лар арыз:

– Алпыста өлгенлерді кешіргілі баз.
– Ғафу етіп оларды һәм кешірдім! – деп,
Бір Құдай құдіретімен қылды әуез.

Және айтты:

– Жетпіс жаста өлгендерін
Күнәсын ғафу айла фазылың бірлан!

Алла айтты:

– Жетпісте өлген үмбетіңе
Қылмакка қатты қазап – ұялармын.

Жетпіс жыл бұл дүниеде пенде жүрсе,
Көңілінде «Бір» – лігімді бір хақ білсе,
Әр түрлі әмір мағрұб бұйрығымның
Бәріне күмән болмай істеп тұрса!

Істесе, тағатымды, қабыл көріп,
Дүниеден сол дінімен кетсе өліп.
Жетпістен жасы асып өлгенлерге
Айтармын махшар күні хабар беріп.

Қаптаған адамыңды қасына алып,
Сираттан, барыңызлар сізлер өтіп.
Махшардың қайғысынан қалыс болып,
Жаннатқа тұра дүрсіз ғашырат етіп.

...Үмбетің бұйрығымды әмір естейін,
Дүниеде оның бірлан тағат қылсын!

Әр күнде елу мәртебе оқып намаз,
Зікірімді тағат еткен құл, сен ағаз!
Ертеден кешке шейін тағам татпай,
Алты ай ораза тұтып тұрсын-лар баз.

Пайғамбар мұны естіп, жылады ол һәм,

Деп айтты:

– Үмбетімнің қуаты кем.

Жә, Алла, өз фазылыңмен мархабат қыл,
Әміріңнің жеңіл айла баршасын һәм!

Алла айтты:

– Елу күннің қойдым бірін,

Һәм қойдым оразаның отыз күнін.

– Және де үмбетіме жеңілдет! – деп,

Ғарыз етіп, расул-құда ашты тілін.

Бір уақытын ілгергідей және берді:

– Әр заман жеңілдет! – деп айтар еді.

Үш айға ақырында ораза түсіп,

Мезгілге жиырма бес намаз келді.

Пайғамбар сұрамаққа енді ұялып,

Анден (онан) соң ғарыз айтпады ырзаланып.

Алла айтты:

– А, на, достым үмбетіңе

Парыз етіп, бұл әмірімді, барғыл алып.

Үмбетің фазылымды қылып тұрсын,

Көңіліне аш келтірмей, бір Хақ білсін!

Ол қылған қызметінің хақысы үшін,

Фазылыммен махшар күні жаннат кірсін!

Жаннатты даярлармын оның үшін,

Істесін ықыласыммен әрбір ісін.

Жә, достым, өз фазылыммен кө[r]сетейін,

Көрмекке, көңілің болса, оның ішін.

Расулдің жаннатты көргені

Пайғамбар Аллаға айтты ғарыз халін,
Мадигам дәрғаһына мағұлым сенің!
Сүйіккі үмбетіме даяр еткіл,
Жә, Алла, жаннатыңның көрсет ішін!

Алла айтты Исрафилге қылып пәрмен:
– Алып бар Жебірейілге достымды сен!
Баршасын сегіз лейіш (пеш) сайран етсін (еткізсін),
Жебірейіл ертіп жүріп ғиззат бірлан.

Исрафил Хақ әмірімен келді жетіп,
Ғиззатпен пайғамбарды қасы[на] (қайтты) ертіп,
Алланың ілгергі айтқан ғинаятын
Білдірді Жебірейілге мағлұм етіп.

Жебірейіл пайғамбарды жүрді алып,
Жаннаттың айуанына кірді барып.
Есіктің айуанының кеңрасына
Қарады расул құда[й] назар салып.

Есіктің, қызыл алтын, еді (ерді) бәрі,
Жол еді бес жүз жылдық әрбірлері.
Һәм және бес жүз жылдық-биіктігі,
Сыйынды ғып бір айуанға қойған мұны.

Қалқасы (халқасы) – қызыл жақұт замұрдан,
Есіктің қалқасын һәм жақұт қылған.
Ішінде ол есіктің қырық шарһа бар,
Кеңрасы бар, әрбірінін, қырық мыннан.

Бір мәлік ол кеңрада қарар қылар,
Қолына екі табақ ұстап тұрар.
Бірінде ол табақтың нұр салынған,
Ішінде біреуінін холласы бар.

Сауал ғып Жебірейілден сұрады расул,

Ол айтты:

– Иа, Мұхаммед, періште-бұл.

Хазірет Адам үмбеті (һүмбеті) пайғамбардан
Ілгері жаратылған ескен мың жыл.

Қолына табақтарды тұрар алып,
Алланың пәрменімен даярланып,
Жаннатқа үмбетлерің дахыл болса,
Басына бұл жауһарды шашқай бары[п].

Жебірсійл бұл сөзді айтып, есік ұрды,
– Кімсіз? – деп, Разауан мәлік әуез қылды.
Ілгергі аспандағы айтылғандай,
Өзі мен пайғамбарды кұп білдірді.

Разауан қазір (қәзір) келіп, есік ашты,
Расулға сәлем беріп амандасты.
Разауанның рұқсатымен (ұлықсатымен) расул құда
Жаннатқа кірмек үшін қадам басты.

Бар еді және сегіз халипасы,
Әрбірі бір есікке еді басшы.
Әр және халипаның бір-бірінде –
Бар еді жеті жүз мың періштесі.

Разауанның һәм жетпіс мың қағидасы бар,
Жетпіс мың әр қағидада мәлік тұрар.
Баршасы бір аллаға таспиқ етп,
Разауанның қызметінде тұрған бұлар.

Жаннаттың дуалының кірпішлері:
Зәбіржат, алтын, күміс, жақұт, – бәрі.
Һәм және Лұлу менен Мишік, Кабур,
Алаймен (лаймен) бір орнына қойған, әні!

Дуалдың бес жүз жылдық қалыңдығы,
Саплығы астанадан тұнық тұрар.
Әр адам тысқарыдан назар етсе,
Ішіндегі бар нәрсені көріп тұрар.

Жапырағы Мишік ғанбұр, еді гәбұр,
Шөптері зағпыран (зағсыран) мен аргуан дүр.

Замурт, жакұт, ахмар, інжу, маржан.
Орнына сида (пида) тастың түгел мәшрүр.

Ішінде хисабы жоқ көшкі (кешкі) тұрған,
Бағзысы лағыл, жакұт, һәм жауһардан.
Замұрт, қызыл алтын, ақ күмістен
Көшкінің біріне күңра қылған.

Жетпіс мың сарай бар әр көшкіде,
Сарайда жетпіс мыңнан бар хұжыра (кұжыра).
Хұжыраның жетпіс мыңнан ханасы бар,
Тахыт бар әрқайсының іштерінде.

Бар еді жетпіс мыңнан төсеклері,
Жібек пен зарағыбат холла еді бәрі.
Үстінде тахытының бір хор тұрған,
Холламен сайластырып койған, эне!

Ол хордын – жетпіс холла үстінде бар,
Түплері (төслері) бір-бірінен бөлек тұрған.
Холланың ғибары жоқ саплығынан,
Ағзасын ішіндегі мағлұм қылған.

Баршасын Мишік ғабурдан хошбой қылған,
Басында-тәж, масығы – бәрі жауһардан.
Алдында әрбір хордың жетпіс ғалам,
Сап бағлап, қызметінде қатар тұрған.

Жаннатта ағып жатқан арықлар бар,
Сүт пен су һәм ғасылдан хамар дүрлар.
Тамам сол жаннаттағы сарайлардың
Бәріне бұл төрт арық барып тұрар.

Ғасылдан ол арықтың тәтті бәрі,
«Ұшбу (осы)» – деп, – Мишік ғатбурдан, – айтар оны.
Сабыл, Хақ, тәнім – зәнжабылдан,
Бар еді және неше б[ұ]лақлары.

Атырабы алтын, күміс, інжуінен,
Сұлу дүр ішіндегі тастары һәм.

Арапқан (арасқан) мен және сәнбіл, зағыраннан –
Көгеріп, шөп орнына біткен [оған] аңа.

Ішінде дархатлары көрмеген көз,
«Үшбу (осы)» – деп, биіктігін айтады сөз.
Бір пенде саясынан шыға алмайды,
Шапса да жүйрік атпен жетпіс жыл тез.

Дархаттың қызыл, алтын еді (ер-ді) бәрі,
Забыржат, інжу, жақұт – жапырақлары.
«Кендігі бұл дүниедей жапырақларының
Дибаж мен сындысы хыриар» – деседі, әне!

Дархаттың әрқайсысында мысиуас бар,
Бір жаннан (ианнан) жетпіс түрлі ләззат алар.
Егер де пенденің көңілі тілер болса,
Алдына нұр табакпен түсіп тұрар.

Пенделер ол табакты алдына алып,
Жегей-лер тойғанынша мейірі қанып.
Ілгергі қалыбында сый[лы] болар,
Сол заман орынына қайтып барып.

Құстар бар дархатларда ұшып жүрген,
Әр түрлі аңғамлардың бәрін білген.
Ол құстың суреті мен сұлулығын
Тағбыр ғып жеткізе алмас ешкім тілмен.

Пенденің құс етіне көңілі кетіп,
Жемекке талап етсе, қиял етіп.
Алланың пәрменінен кебеп болып,
Алдына пенделердің келгей жетіп.

Пенделер ол кебепті алдына алар,
Тойғанша құс етін жеп, рақатланар.
Сол заман ілгергідей бір құс болып,
Басына ол дархаттың ұшып барар.

Жаннатта төрт дарияны және көрді,
Сүт пен һәм ғапілменен хамар ерді.

Бұл дүние ол дарияға қарағанда,
Сахарадай бір легенше көрінеді.

Дариялар барар (барұр) еді тізбектеліп,
Жаннаттың баршасынан ағып өтіп.
– Бұл дария қайсы жерден шығады? – деп,
Сұрады Жебірейілден сауал етіп.

Расулға бұл сөзді айтты:

– Күп аламын,
Басынан хабарым жоқ бұл дарияның.
– Көрмекке шыққан жайын ғарыз қылсам,
Көрсетер күдіретімен Алла бәрін.

Сол заман бір періште келді жетіп,
Расулға сәлем берді ғиззат етіп.

Деп айтты:

– Жә, Мұхаммед, бұл дарияның
Басына алып барайын сізді ертіп.

Үстіне қанатымның сіз һәм мініп,
Ашпағыл, көзіңізді, отыр жұмып.
Дарияның қайсы жерден шыққанлығын
Мен сізге кө[r]сетейін мағлұм қылып.

Пайғамбар қабыл алып оның сөзін,
Отырып қанатына, жұмды көзін.
Лаказда расул-құда көзін ашып,
Қасында бір күмбездің көрді өзін.

Інжуден ол күмбездің еді бәрі,
Кілті-алтын, заларжыдан – есіклері.
Бір құстай такта отырған көрінеді,
Күмбезге қояр болса бұл дүниені.

Дарияның төртеуі һәм бұл айтылған,
Ағызып шығарар еді ол күмбезден.

Мәлікке расул айтты:

– Есік ашқыл,

Ішіне бұл күмбездің кіре дүр мен.

Ғарыз етіп, періште айтты:

– А, иа, расул,

Кілт илан ашылмайды, білсеңіз бұл.

Бисмилла қалмасын тамам етіп,

Ашылғай, бұл есікке ишарат қыл!

Пайғамбар:

– Бисмилла! – деп, ашпа қылды,

Сол заман ол есіктің кілті ашылды.

Анден соң расул-құда[й] ішке кірді,

Дарияның шыққан жерін анық білді.

Ішінде ол күмбездің төрт дария бар,

Оларға «Бисмилланы» жазып дүрлар.

Төрт дария Бисмилланың төрт көзінен

Бұлақтай пайда болып ағып тұрар.

Алла айтты нада қылып:

– Иа, Мұхаммед,

Үмбетің «Бисмилланы» қылса-лар жат.

Несіп қып бұл дарияны бере дүрмін,

Отынан жаһаннамның қылып азат.

Пайғамбар ол мекеннен қайтып келді,

Разуанды тақта отырған және көрді.

Хисапсыз атырабында мәліклері,

Сап бағлап, қызметінде тұрар ер-ді.

Разуанға расул айтты:

– А, иа, бірадар,

Үмбетім ғасы жапа, көп күнәһар.

Жаннаттан үмбетіме орын бар ма,

Білдіріп ахуалынан істе (айла) аз һәр.

Расулға Разуан айтты:

– Үш хиса (есе) – жаннаттығы барша адам.

Екі хисасы – өзіңнің үмбеттері[ң],

Бір хисасы (есесі) – өзгелерден – бәрі тамам.

Әр үмбет калима айтса бір мәртебе,
Жаннаттан бір үй етер Алла аңа (оған)!
«Келгенде, ол пендені кіргізгіл!» – деп,
Бір Құдай тапсыра дүр кілтін маңа (маған).

Бұл сөзден пайғамбарға шатлық жетті,
Әлхиса, ол жайдан хәм өтіп кетті.
Ыдырысқа жаннат ішінде душар болып,
Пайғамбар сәлем берді, тағзым етіп.

Ыдырысқа тағзым етіп, айтты расул:
– Қызметің дәрғаһына болып кабыл,
Лақазда жан тапсырып, және тұрып,
Ғинатсыз несіп қылды жаннатты бұл.

Расулға Ыдырыс нәби айтты және:
– Көп ерлер (ерұр) баршадан хәм қайғы маңа (маған).
Жаннатта нәби болып жүргенменен,
Жақсы еді үмбет болып өлсем саңа (саған).

Ыдырысқа расул айтты:
– Жаннат кірдің,
Сайран етіп хорлармен [қор қыздарымен] бірге жүрдің!
«Мен сенің үмбетіңнен болмадым!» – деп,
Үмбеттің шарапатын нешік білдің!

Расулға Ыдырыс айтты:
– А, иа, пәруар,
Жаннатта неше жақсы сарайлар бар.
Хәм және сайран етіп жаннатларда
Қаншама сұлу жүзді хорлар жүрер!
– Кірмекке қиял етсем үйге келіп,
Ойлансам, сүйіспекке хорды көріп.
– Мұхаммедтің үмбетінің нәсіліміз
Сен бізге келме! – дейді, әуез беріп.

Бір тахыттың басы ерұр ғарыш ағла,
Миы шыққан (шеккен) борбайынан аяқ – бәрі һама.

Арасы шапқан атқа – жүз жылдық жол,
Һәм және үй: екі есік қойған аңа (оған).

Пайғамбар:

– Немене? – деп, сұрадым оны,

Алла айтты:

– Мұхаммедтің үмбеттері,
Намазын жамағат бірлан ада қылса,
Ол құлдың орны болғай – тақтың бәрі.

– Көрген соң бұл жайларды кірмедім, – деп,
– Көңілімде оның үшін арманып көп.
Әрдайым арыз етіп, тіленемін,
Өзіңе үмбет болмақты көңіліме алып.

Әлқисса, расул-құда[й] онан өтіп,
Жаннаттың бәрін көрді несіп етіп.
Бір құдай нада қылып, расулға айтты.
Өзінің құдіретімен әлхам етіп:

– Жә, достым, бұл жайлардың көрдің бәрін,
Ақырғы үмбетіңнің орны сенің.
Кәпірге тозақты һәм даяр еттім,
Көрмекке көңілің бар ма оның жайын?!

Расулдің тозақта көргені

Расулдің көрмеклікке көңілі кетті,
Жебірейіл пайғамбарды қасына ертті.
Мәлікке хақ әмірімен алып келіп:
– Тозақты көрсеткіл! – деп, азһар (заһар) етті.

Расулға мәлік айтты:

– Жә, пайғамбар,
Астына қадамыңның айла азһар.
Мұбарак қадамына назар етсе,
Һәмматлы бір періште көрінеді-лер.

Жер мен көктің арасындай бойы оның,
Мұрнынан от шығады дахиы аның (оның).

Жаһаннамның Муәкіл періштесі-
Мәліктің «Сухашыл» – деп айтады атын.

Әмір етіп мәлік айтты Сухашылға:
– Жебірейіл Мұхаммед пен келді мұнда:
Баршасын өз көзімен назар етсін,
Көрсеткіл жаһаннамды үшбу [осы] күнде.

Сухашыл (Шухашыл) төмен қарап иба қылды,
Айрылып екі жаққа жер ашылды.
Құдайдың (Хұданың) құдіретімен пайда болып,
Көрініп жеті тозақ қатар тұрды.

Пайғамбар назар салып көрді бәрін,
Жаһаннам – біріншінің дер-ді намын.
Ішінде забанилар тұрар еді:
Көзі-көк, реңкі – қара, ағызы (аузы) – жалын.

Олардың өз сыдығына (шейғына) жоқ дүр шама,
Жеті аспан, жеті қат жер, – бәрін һама.
Аузының бір жағына салып қойса,
Білмес-ті хабарланып бірін және.

Ішінде жетпіс мың тақ – оттан қылған,
Әр тақтың арасы бар жетпіс мыңнан.
Дарияның жетпіс мыңнан шағбасы бар,
Жетпіс мың бір шағбада саһар тұрған.

Шаһардың сарайы бар жетпіс мыңнан,
Жетпіс мың әр сарайда хана тұрған.
Бір сандықты бір ханаға салып қойған,
Әрқайсы жетпіс түрлі ғазап қылған.

Тактардың баршасында бар дархаты,
Басында миуасы бар «Зақым» атлы.
Тозаққа кіргендердің тағамы-сол,
Заһардан ащылығы еді қатты.

Пайғамбар хана көрді – бір диірмен,
Басында ғазап қылар аның (оның) бірлан.

Әуелі жаһаннамға тастағанда,
Пендені ұндай қылар диірменмен.

Бар еді һәм жетпіс мың дариялары,
Артықша ол күн еді аның (оның) бәрі.
Ішіне тастағанда білінбепті –
Жеті аспан, жеті қат жер -- бұл дүниені.

Дариялар мұжы ұрғанда жушка келіп,
Сидалар шығарады әуез беріп.
Ол сида естілсе, зәресі ұшып,
Бұл халықтың қалар еді баршасы өліп.

Құртлары – жетпіс баслы, реңкі-қара,
Оттан дүр, жылан, шаян, – бәрі һама.
Тозаққа дахыл болған пенделердің
Етін жеп, ғазап қылар бәрі және.

«Осынша һайбатымен ол жаһаннам
Ғазабы өзгесінен, – айтады – кем.
Бұлардан неше есе (хиса) артық болар,
Кейінгі тозақтардың баршасы һәм!».

«Нәзір» – деп, екіншісін айтар және,
«Тарпашыл» аты мәлік – күтуші аңа (оған).
Әуелгі жаһаннамға карағанда,
Екі есе (хиса) ғазабының бәрі һама.

«Хатым» – деп айта[ды] дүр үшіншіні
«Тасыр-пашыл» – аты, мәлік күткен аны (оны).
Ілгергі айтылғандай: «Екеуінен
Үш есе ғазабының бар әрбірі!».

«Шығбыр» дүр – төртіншінің атларын біл,
Суәгіл періштесі дүр тәмикашыл.
Ішінде қанша арық ағар еді (ерді),
Тереңдігі әрқайсының – бар жетпіс жыл.

«Десіл» – деп, бесіншісі хабар берді,
«Асташыл» (апташыл) Муәкіл періште ерді.

Хисабын Хактан өзге білмейтұғын
Ішінде жылан менен шаян көрді.

Деп айтты «Аты-Сиқыр» – алтыншысын
Үстіне отлы жалын перде қойған.
Муәкіл қатешіл һәм періште бар-
Ішінде хисабы жоқ, – деді, – тұрған.

Айтады жетіншісін «һадия» – деп,
Хистырайыл күтіп тұрар есігін кеп.
Асбұр мен отлы табыт колына алған,
Хисапсыз забанилар ішінде көп.

Расулдің мұны көріп, ренкі кетті,
Көңіліне, үмбет үшін, қайғы жетті.
– Бұл жайлар қай пенденің орыны? – деп,
Мәліктен расул-құда[й] сауал етті.

Расулға Мәлік айтты:
– Жә, пайғамбар,
Айтайын жетінші қылып азһар.
Ғайсаға ғасы болған мұнафиқ пен
Қауымы мен ферғауынның, Қарын (Харон) кірер.

Ол көрһуа алтыншыдан орын алар-
Аллаға шәк келтірген кәпір барар.
Ішінде неше түрлі ғазап көріп,
Абада, ал абадағаша бакыс қалар.

Бесінші жаһылларның орынлары-
Ақырда ғазап қылып, салғай аны (оны).
Төртінші тамұққа Ібіліс айла,
Һәм оның табиғларының кірер бәрі.

Үшінші тамұққа Жаһут [Жөйт] кірер,
Ол жайдан ақырғаша шықпай тұрар.
Ақырғы оттан – Сираттік қауымдарын
Екінші тамұғымен ғазап қылар.

Бірінші жаһаннамда кім скеніп –
Тоқтады пайғамбарға айтпай халін.

Мәлікке расул айтты:

– Жаһаннамның

Білдіргіл-қай тайпа кіргенлерін.

Расулдің бұл сөзіне бермей жауап,

Тұрды-лар Мәлік – тозақ төмен қарап.

– Не нәрсе болса-дағы білдіргіл! – деп,

Пайғамбар екі ләнші (скінші) қылды талап.

Жебірейіл Мәлікке айтты:

– Айтқыл оны,

Бұл күнде лазым ерұр білгенлері.

Расулға мәлік айтты:

– Жаһаннамға

Күнәһар үмбетіңнің түсер бәрі.

Айтыңыз ғасыларға хабар беріп,

Түспесін жаһаннамға мұнда келіп!

Жә ұғлан, жә кәрі адам болса-дағы,

Зәредей қам (хам) стпеймін, халін көріп.

Пайғамбар үмбетіне қайғыланып,

Жылады көзлеріне жасын алып.

Расулдің көз жасына тағат қылмай,

Мәлік пен жебірейіл һәм тұрды налып.

Аллаға расул-құда[й] қылып минажат,

Деп айтты:

– Ай, Құдая, хазыл қажет.

Күнәсын үмбетімнің ғафу етіп,

Отынан жаһаннамның асла (істе) азат!

Алла айтты:

– Жә, хабибім, қайғыланба!

Үмбетің жер жүзінде қылса әр не.

Күнәсын ғафу етіп кешірермін,

Жүз есе мұнан артық фазылым сана (саған).

Расулға, мұны естіп, шатлық жетіп,

Сұрады Жебірейілден әуез етіп:

– Фазылымен рұқсат берсе Хадір-Құда,
Қап тау сайын мақамына барсам өтіп.

Пайғамбар ол мақамға барды (өтіп) және,
Расулға нада қылды Уахи дана:
Жаннаттың ракаты мен жаһаннамның
Көрсеттім ғазабының бәрін сана (саған).

Қауымыңа, көргеніңнің, айткыл бәрін,
Дінге еніп, айтқаныңды қылса сенің!
Оларға бермеклікке уағда қылдым,
Жаннаттын неше түрлі нығметлерін.

Жә, достым, үш өсиет айтайын мен,
Бір сол – қайғы-ғамға ұшырасаң сен.
Атымды ағызыңа (аузыңа) алып, зікір айла,
Мен саған өз нәпсіңнен жақын дүрмін.

Әлінше ренжімесін Мәзлүм кәріп,
Бір мәртебе дұға қылса олар налып.
Тағрипын ренжіткенге тарттырармын,
Фазылыммен ол дұғасын қабыл алып.

Үшінші, қайсы түрлі корсең жәбір,
Разы бол, бәріне һәм, қылып сабыр.
Бұл дүние еш пендеге қылмас опа,
Алданып зейнетіне, болмасын құл!

Аллаға расул айтты:

– Уһи кәрім,
Бұл істі өзі (уәзи) қауымға қылсам мағлұм.
«Бір түнде мұның бәрін көрдім!» – десем,
Сөзіме ешкім нанбас айтқан менін.

Алла айтты:

– Әбубәкір сыдык айтса,
Анден (онан) соң, деп айта алмас, ешкім: «Бекер!»
Бір адам Миғражыңа шәк келтірсе,
Дүниеде, иманы жоқ, кәпір өтср.

Әлқисса, расул-құда рұқсат алып,
Қапқау сайын ауаданыдан қайтты барып.
Ғажайып көп хадиса жолды көріп,
Мұсаға жолықты-лар душарланып.

Мұса айтты:

– Қапқау сайын жайға бардың,
Сөйлесіп хаби достыға, қайтып еттің.
Өзіңнің үмбетіне парыз етіп,
Қаншама руза (ораза), намаз қабыл еттің.

Мұсаға расул айтты:

– Сөзім тыңла,
Оразасы үш ай болды әрбір жылда.
Әр күнде жиырма бес намаз қылар,
Әміріне риза болып, келдім мұнда.

Мұса айтты:

– Ауыр қызмет мұның бәрі,
Тұтпаққа үмбетіңнің келмес халі.
Алланың дәргәһына арыз етіп,
Және һәм жеңіл етіп алғыл оны!

Мұсаның бұл айтқанын қабыл алып,
Алланың дәргәһына қайта барып:
– Парызыңды үмбетіме жеңіл қыл! – деп,
Сәжде етті, мінажат қып, басын салып.

Алла айтты:

– Сақыт еттім бейуақыт намаз,
Рузаның (оразаның) бір айын һәм тастадым баз.
Мұсаға расул-құда[й] қайтып келіп,
Алланың мархаматын қылды әуез.

Мұса айтты:

– «Баз» – ға һәм келмес шама,
Зағип дүр, үмбетіңнің бәрі хама.
– Парызыңды үмбетіме жеңілдет! – деп,
Айтты барып Алланың дәргәһына.

Намаздың бес уақытын және берді,
Пәрменін қабыл етіп расул келді.
Әр мәртебе келгенінде хазірет Мұса:
– Мұнан һәм жеңіл етіп алғыл! – деді.

Әлқисса, неше мәртебе расул барып,
Бес уақыттан, әр барғанда, әкелді алып.
Ақыры – «Бес уақыт намаз» болып,
Бір жылға – бір ураза (ораза) тағайынланып.

Мұса айтты:
– Аллаға бар және қайтып,
Мұнан һәм жеңіл айла арыз айтып.

Мұсаға расул айтты:
– Ұялармын –
Алладан сұрамаққа мұнан [артық].

Пайғамбар бес намазды қабыл алды,
Бір айға тағайынланып руза қалды.
«Үмбеттің ғибадаты үшбу дүр!» – деп,
Халқына жеті аспанның мағлұмланды.

Жебірейіл пайғамбарды қасына алып,
Аспаннан, хақ әмірімен, қайтты барып.
[«Р】ужы, Мажушы»]-атлы бір қауымға
Дағуат қып, Хақ әмірін, айтты барып.

[Бұл]арға тәсіл етпей тілі,
Ілгергі кәпірлікпен қалды діні.
«Білқа, Жабылса» – атлы екі шаһар
Күнбатыс, күншығыста еді әрбірісі.

[Он] мың әр шаһардың даруазасы,
Бір пар сынғы даруазаның екі арасы.
[Әр]бірін он мың адам күтіп тұрар,
Олардың он сәргерден болып басы.

[Он] мың даруазада бір лек тұрар,
Бір айға және он мың қызмет қылар.

[Қи]ямет болғанынша көптігінен
Екінші кезек келіп тұрмас болар.

[Олар]ды Хақ жолына дағуат қылды,
Баршасы қабыл алып, дінге кірді.

[Періш]тенің Әмір, Мағрұп әмірінің
Баршасын тағылым алып, тұтып тұрды.

[Һә]м және үш қауымға болды-лар кез,
Оларға: «Дінге кір!» – деп айтты-лар сөз.
Көңілінде ол малғұндар: «Бір алладан-
Өшім!» – деп, білмеуші еді басқаны әр кез.

Баршасы Хақ жолынан басын тартты,
Әр түрлі кәпірлікті аузына алды.
Жебірейіл пайғамбарды анден (онан) кейін
Һәм және бір қауымға алып барды.

Расулдың бәни Ибраһимді дінге дағуат қылғаны

Асылы еді ол қауымның Исрайылдан,
Самырдың сабасынан келіп тұрған.
Бұлардың мұнда келген уақиғасын
«Қисса сіл әнбияда» тәпсіл қылған.

Баршасы мүмин еді дінге кірген,
Мұсаның шарифатын тұтып жүрген.
Таураттың кітабынан оқып көріп,
Мұхаммед-Мұстафаның нағытын білген.

Жебірейіл оларға айтты:

– Мұхаммед! – деп,
Шатланып, мұны естіп, қуанды көп.
Баршасы бір-біріне хабар беріп,
Тұрды-лар пайғамбардың алдына келіп.

Оларға әуез қылып, айтты расул:
– Тұтасыз қайсы дінді қылып қабыл?

Ол айтты:

– Біз Мұсаның үмбетіміз:
Жаратқан барша жанды Құдайға құл!

Бағзы бір ол қауымның әдеттері (ғадеттері),
Жок еді халықтың ішінде мұнда бары.
Көңілінде расул құда түслерін көріп,
Олардан сауал етін, сұрады, эне (әні).

Деп айтты:

– Сарғайып тұр түслеріңіз (топларыңыз),
Мағлұмат баян айлап бұларды сіз.

Ол айтты:

Бір Құданың корқынышынан-
Қауіп етіп, кеше-күндіз қайғырамыз.

Және айтты:

– Киімлерінің бәрі жүннен,
Киесіз неше баптан сізлер оны?

Ол айтты:

– Ілгергі өткен пайғамбардың
Жөн еді киімінің баршалары.

Және айтты:

– Жылайсыз-дар туса бала,
Шат болып қуанасыз өлгенде жан.

Ол айтты:

– Дүниеге келген мсхмат көрер,
Өлгендер рақатланар жаннат бірлан.

Және айтты:

– Ашық тұрар есіктерің,
Білдіріп хақиқатын айтқыл оның!

Ол айтты:

Оның үшін ашық тұрар,
Алмайды бір-бірінің ұрлап малын.

Және айтты:

– Ойларыңның бірдей бәрі,
Не үшін мұндай қылған, білдір оны.

Ол айтты:

– Бір-бірінен артық болса,
Ойлайды қызғанышлық көңілдері.

Және айтты:

– Мешітлерің қашық тұрған,
Өлікті үйлеріңе жақын қойған.

Ол айтты:

– Сауабымыз көп болады,
Мешітіміз алыс болса, қадам ұрған.

Үйімізге өлік тұрса жақын болып,
Өлімді ұмытпаймыз – оны көріп.
«Бізлер ғам осылардай боламыз!» – деп,
Айтамыз нәпсімізге тынба беріп.

Және айтты:

– Дүкендерің ашық тұрар,

Ол айтты:

Әр нәрсенің бағасы бар.
Қол қойып, керсегінше алып кетер,
Ресім жоқ-жалған айтып, сауда қылар.

Деп айтты:

Сізлерде жоқ кесел және,
Себебін мағлұм етіп, білдір маңа (маған).

Ол айтты:

– Біздің қауымда күнә болмас,
Күнәдан бұл кеселдің болар бәрі.

Бағзы пенде күнә қылса көңіл бөліп,
Аспаннан пайда болар бір от еніп.
Құданың құдіретімен халық алдында
Күйдіріп, халак етер, оны (әне) келіп.

Осындай неше түрлі сөз сұрады,
Жауабын баршасының айтып тұрды.
Расулдың пайғамбар хақлығына-
Баршасы калима айтып, дінге кірді.

Олар айтты:

– Жә, Мұхаммед, бар бір арызымыз.
Әр жылы тауап қылсақ қағыбаны біз.
Тартылып, жер танабы жақын болса,
Айтсаңыз дұға кылып Аллаға сіз!

Көрмесе ешбір адам бізді және,
Біз көрсек халайықтың бәрін хама.
Алланың ғам расулы, ғам құлысыз,
Үмбетпіз акырғаша бізлер саңа (саған)!

Пайғамбар дұға қылды қол көтеріп,
Тілегін қабыл қылды Алла беріп.
Қағыбаны ол жамағат тауап етер,
Ешкімге көрінбестен бір жел келіп.

Әлқисса, расул құда аттан (астан) өтті,
Жебірейіл пайғамбарды жынларға елітті.
Жынлардың баршасын хәм жинап алып:
– Кіргіл, – деп, – дін жолына – дағуат етті.

Олардың баршасы хәм тілін алды,
Кәлима тұт та ухид етіп, дінге кірді.
Жебірейіл пайғамбарды қасына алып,
Мұхаммед досы – мешітіне алып барды.

Расул құданың мешіт Аксаға қайтқаны

Мешітте екі ракағат істеп намаз,
Аллаға шүкіранамен қылды әуез.
Ілгергі банилар мен расуллардың
Суретін пайғамбарға кө[r]сетті баз.

Суреттің расул құда бәрін көрді,
Жебірейіл бәрін айтып, тойындырды.

Оңында – Әбубәкір, солында – Ғұмар (Омар),
Ішінде өздері һәм тұрар еді.

Қайтпаққа бір Алладан болды әлһам,
Қасында бірге тұрды Жебірейіл һәм.
Меккеге расул құда қадам ұрып,
Келеді жол үстінде пырақ бірлан.

Жолықты керуенлерге жолда келіп,
Олар һәм пайғамбарды қалды көріп.
Бұлардан әр не көрген уақиғасын-
Айтамын кейінірек хабар беріп.

Әлқисса, өз жайына расул келді,
Сол кезде төсеклері жылы еді.
«Үш сағат, жә төрт сағат өтті-лер» – деп,
Имамның бағзылары хабар берді.

Орнынан, таң атқан соң, расул тұрып,
Қағбаға тауап үшін барды жүріп.
Жиналған адамдардың ортасында
Миғражын баян етті, мағлұм қылып.

Есітіп, қайран болып тұрды бәрі,
Кәпірлер: «Жалған сөз!» – деп, айтты бәрі.
Миғражға нанған адам мұрит болды,
Кем ақыл – мұсылманның бағзылары.

Әрдайым расул құда айтқанында
«Рас!» – деп, Әбубәкір айтар еді.
[Бір] ғанат Әбужаһил бір айтқанда,
Көргенің жоқ, бұл айтқаның бекер! – деді.

[Бі]р кісі бұл Миғражға болса ақырар (қарар),
Махшарда болса керек сыдық пен жар.
Миғражға күмән болған махшар күні
Жаһылдың қатарында болар олар.

Кәпірлер бір-біріне хабар беріп,
Бір жерге кеңес қылды бәрі келіп:

Бір түнде жеті аспан мен Мұхаддастың
Мұхаммед: «Келдім, – дейді, – бәрін көріп!»

– Аспанның біле алмаймыз біз хабарын,
Тамамлап Мұхаддастың айтар жайын.
Кітапты қолымызға ұстап тұрып,
Сұрайық Мұхаммедтен түрін оның.

Әр түрлі Мұхаддастың жайлары көп,
Айтканы дұрыслыққа тұрмай келіп.
Нахидан жалғанлығы білінген соң,
Айтады халықтың бәрі: «Жәдігөй!» – деп.

Бұл сөзден кәпірлерге шатлық жетіп,
Мешітті көргенлерді қасына ертіп.
«Біздерге Мұхаддастың суретлерін
Расулға білдір, – деді, мағлұм етіп!»

Пайғамбар кіргенде әуел барып,
Мешітке караған жоқ еді назар салып.
Олардың бұл сөзіне жауап бермей,
Токталып, карап тұрды, қайран қалып.

Жебірейіл пәрмен бірлан көктен етті,
Сол жерге Мұхаддасты алып келді.
Пайғамбар кәпірлердің сұрағына
Көзімен көріп тұрып, жауап берді.

Кітапқа бар айтканы тура келді,
Кәпірлер тамаша ғып, аң-таң қалды.
Мұхаддас тарапынан мұнан бұрын,
Қурайыштың кетіп еді керуенлері.

Қурайыштар расулға айтты пілдің барын,
Әсте (ішінде) пұлды Мұхаддасты көргендерін.
– Бізлерден Шамға кеткен керуендерге
Не үшін кез болмады жолың сенің?

Оларға расул айтты:
– Бүгін түнде

Жолықтым үш керуенге жол үстінде.
Біреуі түнде қонып жатыр екен,
«Руха» – деп, ат қойылған бір Мәнзілде.

Жоғалтып түйелерін іздеп жүрген,
Жолықтым өздеріне барып оның.
Олардан бір кесе су алып іштім,
Келген соң, сұрасаңыз, айтар бәрін.

Екінші бір керуенді көрдім және,
Қонып жатыр Замырдада бәрі хама.
Екі адам бір түйеге мінген екен,
Жақындап жол үстінде бардым аңа (оған).

Түйесі менен үркіп тулап еді,
Түйеден адамлары һәм жығылды.
Біріне зиян тимей, тұра келді (түрегелді),
Адамның біреуінің қолы сынды.

Үшінші – өздеріңнің керуендерің,
Тағымның манзылында көрдім бәрін.
Ертең сәске уақытында әзір (хәзір) болып,
Меккеге баршасы һәм келгей оның.

Кәпірлер пайғамбардан мұны естіп,
Бұл сөзді сынамаққа қалды кетіп.
Таң атып, сәске уақыты болғаннан соң,
Қарады тамға шығып, назар етіп.

Ақшада (ақшамда) керуендердің бәрі келді,
Расулдің айтқанындай бәрі еді.
– Сол күні Мұхаммедке жолықтым! – деп,
Ілгергі болған істен хабар берді.

Осындай мұғижазаны көріп тұрып,
Ешбірі дінге енбеді: «Бір Хақ!» – біліп,
«Мұхаммед[ті] сиқырлықпен көргендер!» – деп,
Айтады бір-біріне мағлұм қылып.

Ақша(м)ға баршасы һәм болған ақырар,
Аятпен назым болған, Құранда бар.

Аспанда барғандығын отыз асхап
Хадистен нақыл қылып, айтып дүрлар.

Сиярда баршасының бар аттары,
Сахаба киір еді онын бәрі.
Хадисте матуатыр болғаннан соң,
Көңілінде күмән етпес ешкім оны.

Миграждың тамам еттім хикаясын,
Мәжмилмен әрбірінің айтып ісін.
Фазылымен қадір құда[й] ғафу етсін,
Білместен қате болған әркімге сын.

Тамам болды.

Расулдің ауырғаны

Хижраның он бірінші болды сана,
Сиярдың ауылында ерді және.
Ғайсаның құжырасына жинап алды,
Асхаптың кетасының бәрін һәма.

Оларға назар етіп шаһи расул,
Көп жылап, қапалықпен болды мәуіл.

Деп айтты:

– Арзы-қынзыны зиада етіп,
Бір Құда[й] тағатынды қылсын қабыл!

Махшарда тірілгенде есен әсле жан,
Сәлемет тұрыңызлар бұл дін бірлан!
Әміріне ғамыл (амал) етіп, қызметін қыл,
Алланы халипа еттім сізлерге мен.

Асхаплар расулге айтты арыз (ғарыз) етіп:
– Бұл түрлі сіз айтасыз сөз көрсетіп.
Бұл сөзден ажырмақлық мағлұ(м) болар,
Дүниеден өтесіз бе ажал жетіп?

Оларға расул құда айтты мұны:
– Ілгергі қанша жақсы жанның бәрі,

Дүниеде бірде-бірі қалған емес,
Қояды ақырғаша нешік мені.

Жылады асхаплары һәм мұны естіп,
Реңкі өшті баршасының, әлі кетіп.

– Жә, расул, сіз өлсеңіз, кім жуар? – деп,
Сұрады пайғамбардан әуез етіп.

Пайғамбар:

– Жуар, – деді – жақынларым,
Бұл қызмет тағайынланған хатында оның.

Расулдан сахабалар және сұрады:

– Қай түрлі болады, – деп, – кебінлерің?

Бұл жерде пайғамбардан көп нақыл бар:
«Көмгіл, – деп, – көйлегіммен!» – қылды азһар.

Мысырдың жапасының холласы дүр,
Бағзылары «ақ» болмағын айтып дүрлар.

Пайғамбар асхапларға айтты және:

Ғұсыл етіп кидірген соң кебін маңа (маған),

Сол жерге табытыммен жалғыз қойып,

Тысқары тұрыңызлар бәрің маңа (маған)!

Әуелі намазымды Алла есітер,

Анден (онан) соң Жебірейілге нәубат жетер.

Михаил (Макайыл) Исафил мен һәм Ғазазіл (әзәзіл),

Баршасы нәубетімен келіп өтер!

Нәубетпен періштелер тұрғай келіп,

Баршасы намаз қылғай, ішке еніп.

Онан соң Аһылбайтым намаз етсін,

Нәубетпен ол күнінде кезек беріп.

Асхабым онан (анден) кейін қылсын намаз,

Оқысын жаназымды қатынлар паз.

Жас балалар қатыннан соң және келіп,

Бір-бірден оқысынлар қылып ағаз (әуез)!

Артымнан қалмаңызлар һыншы бір нала,

Үмбетке сәлемімді айтқыл және.

Алланың әмір мағрұп ісін қылсын,
Қоймасын сүннетімнің бәрін һама.

Асхаплар, қапаланып, кайғырма көп!

Және айтты:

– Көрге сізді кім қояр? – деп.

Пайғамбар:

– Аһылбайтым қояр, – деді,

– Аспаннан жәрдем қылар періште көп.

Расулден осы түрлі сөз есітіп,

Баршасы қапалықпен қалды кетіп.

– Ләшкермен Нақияға барғыл! – деді,

Апсама сахабаға әмір етіп.

Атыраптын баршасына хабар салды,

Неше күн ләшкер «ислам» даярланды.

Пайғамбар сол ортада кесел болып,

Асама ол ғараға (ғазға) бармай қалды.

Бір түні пайғамбарға Әлһам жетті,

Бақиға дұға қыл! – деп, пәрмен етті.

Атасы Мұнхианың азатлысын

Ол түні жолдас қылып, қасына ертті,

Бақиға дұға қылып келді қайтып,

– Және де барғыл, – деді, – Әлһам айтып!

Бұл сапар барғанында расул құда

Тіленді дұға қылып, хадден артық.

Алладан көп мархабат болды мұна (бұған),

Онан соң қайтып келді құжырасына,

– Ахузда (ағузда) шәһитлерге дұға қыл! – деп,

Құданың күдіретімен болды нада.

Ахузға расул құда және келіп,

Шәһитке дұға қылды, қол көтеріп.

Сол жайдан құжырасына қайтқанында,

Расулдің басы ауырды кеселденні.

Ол уақытта жеңіл еді кеселдері,
Бақиға қиял етті баз барғалы.
– Мойнына пайғамбардың қолын артып,
Көтеріп, көрстанға апар, Ғалы!

Қасына сахаба[лар] еріп келді,
Бақида жатқанларға сәлем берді.
– Фазылыңмен мұның бәрін жарылқа! – деп,
Аллаға мінажат қып, айтар еді.

Пайғамбар асхапқа айтты:

– Сөзім тыңда,
Жебірейіл бір мәртебе келіп әрбір жылда,
Құраннан тағылым беріп қайтар еді,
Бір жылы екі мәртебе келді мұнда.

Бір жылда екі келмек себебі оның-
Ажалым, мағлұм болды, жетті менің.
Бір құдай[й] ықтиярды берді маңа (маған),
Жаннат пен бұл дүниедегі қазыналар,-

Деп айтты:

– Бұл дүниені қыл ықтияр!
Болмаса, сапар етіп, жаннатқа бар!
Жұмаққа бармақлықты қабыл қылдым,
Бұл дүние ешкімге опа қылмай дүр-лар.

Жә, Ғалы, өсиет қылып айтамын мен,
Ғұсыл етіп, өз қолыңмен, таза жу сен!
Кө[r]сетпей, пенде бірлан жауып тұрғыл,
Көр болар ғауыртымды менің көрген!

Тұрғай-лар кіндігімде су тоқталып,
Ол суды бағышладым – ішкей алып!
Пайғамбар расулдардың ғылымын берді,
Көңіліне қадір құда зейін салып.

Өсиет осы түрлі сөзін айтып,
Бакидан құжырасына келді қайтып.

Мешітке үш күннен соң және келді,
Фазылға Ғалы бірлан қолын артып.

Мінберге шығып тұрып айтты хакка шана,
Онан соң асхапларға айтты және:
– Баршаңыз хабарланып, біліңіздер,
Ажалым жақын болды, өлім маңа (маған)!

Әркімнің менде қысас, хакысы бар,
Берейін, өлмей тұрып, қылсын азһар!
Бір адам ол мәжілістен түрегеліп,

Деп айтты, тағзым етіп:
– Ай, шаһариар!

Ілгеріде: «Берейін, – деп – бір мәртебе!»
– Айттыңыз үш опаба күміс маңа!
Фазылға расул құда пәрмен етті:
– Мен үшін айтқанларын бергіл аңа (оған)!

Онан соң құжырасына қайтып барды,
Сәрсенбі, бейсенбі күн жатып қалды.
Мешітке жұма күні және келді,
Мінберде Хактың әмірін аузына алды.

Оқыды жамағатпен жұма намаз,
Мешіттен құжырасына қайтты-лар баз.
Кеселі бұрынғыдан артық болып,
Сөйледі эзуәжіне қылып ағаз.

Деп айтты:
– Есіттіңіз, эзуәжлерім,
Нәубетпен жүрмеклікке келмес халім.
Ғайшанын құжырасына барып жатам,
Сол жерде қызметімді қылсаң менім.

Сол күнде Маймуаның үйінде еді,
Баршасы ризалықпен жауап берді.
Расулды Ғалы бірлан, хазірет Ғаббас,
Ғайшанын құжырасына алып келді.

Басуға пайғамбардың келмей халі,
Сүйрелеп, барар еді, аяқлары,
Бір кесел «Алыстама» атлы пайда болып,
Мұбарак ағзасының қызды бәрі.

Кеселі хадден артық болды қатты,
Төсекте шыдай алмай, аунап жатты.
– Бұл кеселіңіздің қатты болу себебі не? – деп,
Бибі Ғайша азыһары етіп, расулға айтты.

Ғайшаға жауап беріп айтты расул:
Сізлерге екі есе естілсе бұл,
Кеселі әр кісінің қатты болса,
Әлбетте сауабы һәм артықша, біл!

Ілгеріде барғанымда қабірге мен,
Заһарлы тағам берді жәһут маған!
Ағзамда ол заһардан қалған еді,
Сол кесел болғалы дүр үшбу заман.

Жебірейіл пәрмен бірлан көктен еніп,
Расулға хактың әмірін айтты келіп.

Алла айтты:

– Достым көңілі маусыл болса,
Кеселден құтқарайын, шипа беріп.

Дүниеден – ақырғаша кетпей тұрсын,
Құп алса, мұнда келіп, жаннатқа кірсін!
Пайғамбар жауап беріп, бұл сөзді айтты:
– Достымның, әр не қылса, өзі білсін!

Жебірейіл мекеніне қайтып кетті,
Расулдің бұл кеселін барша есітті.
Дүниеден өтпеклігін кәміл біліп,
Есікте сахабалар сыриат етті.

Бұлардан расул құда хабарланып,

Деп айтты:

– Қалам, дәуіт келгіл алып.

Менен соң кімрә болып, азбагай-лар
Берейін пәрменімді хатқа жазып.

Бағзылары: «Берейік!» – деп, қиял етті.
Бағзылары: «Бермелікке! – сөз күше[й]тті.
Бұл уақытта: «Кеселінің себебінен
Ақылынан танды!» – деп, хабар (қиял) жетті.

Ортадан әуез етіп айтты Ғұмар (Омар):
– Бұл күнде пайғамбардың кеселі бар.
Алладан уахиы бірлан нәзіл болған,
Құранмен ғамал (амал) қылсақ, болады-лар.

Асхаптың бағзысы Омарға ерді,
Бағзысы сый бермеклік мақұл көрді.
Сол жерді екі көрһу жанжал болып,
Құжыраның есігінде әр сөздерді.

Пайғамбар асхаплардан мұны біліп:
– Қатты сөз айтпа, – деді, – түс[ті] жыртып!
Орнына менен кейін келтіріңіз,
Айтайын үш өсиет аз һәр қылып.

Бір ты[й]ыш арабтарда жазира бар,
Ішінен кәпірлердің бәрін шығар!
Екінші арабтардан елші келсе,
Оларды азаткерім етіңізлер!

Үшінші – пайғамбардың айтқандарын,
Айтпады сиярда һәм шархиларын.
Ол күні осы түрлі пәрмен етіп,
Қайтарды жауап беріп халықтың бәрін.

Жебірейіл сол мезгілде көктен еніп,
Бір табыт зәмілдадан алып келді.

Пайғамбар:

– Ай, пірадар, бұл не дүр? – деп,
– Білдір, – деп, Жебірейілге хабар берді.

Жебірейіл расулға айтты:

– Хабибу Алла

Жаннаттан алып келдім табыт саңа (саған)!

Бұл дүние бибақтыдан (бейбақыттан) сапар етсең,
Мүбәрак ағызаңызды салып аңа (оған)!

Ізетпен жер жүзінен алып барып,
Қоярмын ғарыш ағлаға оны елтіп.
Ағзаңны жер жүзіне қоймағаймын,
Жә, расул, мақұл көрсең, рұқсат етін.

Көзінен расул құда ағызып жас,

Деп айтты Жебірейілге:

– Ай, қарындас,

Табытты өз жайына алып барғыл,
Көңілімде мәдиғамды айтайын бас.

Бір құдай[й] уағда қылып, маңа (маған) бас жар,
Деп еді: «Үмбетіне көп күнә бар!

Олардың ортасында сен тұрғанда,
Кешемін тәсіліңнен (тәпіліңден) қылса әр қар (егер)».

«Суретін өзгертпеймін!» – деп, уағда қылған,

Сол үшін жер қойнында жата дүр-ман.

Исрайыл сорын үріп, тірілткенде,

Топырақтан тұрсам керек оның бірлан.

– Таразы сират көпір – әр сауалдар,

Үмбетіңе, барша пенде, көп қатер бар!

– Күнәсын ғафу ет! – деп, Хақтан тілеп,

Сол халде шапағат қып, болармын жар!

Жебірейіл мұны естіп, кетті қайтып,

Табытты өз жайына қойды алып.

Ат қойған «Абрахат» сол бір кітапта

Білдірген үшбу сөзді зікір етіп.

Расулдің қатты болды кеселдері,

Жатар еді – ұйықтамаққа келмей халі.

Дүниеден өтпегіне көзі жетіп,
Асхаптың жылады-лар (жығыладылар) тамам бәрі.

Хасусан (Хапупан) сарылар жер еді ғам,
Осында отырмастан баршасы һәм.
Мұхаммед – пайғамбарым, раһбарым
Есікте тұрар еді келіп әрдам (Һәрдайым).

Пайғамбар асхабының халін көріп,
Артықша ренжір еді көңілін бөліп:
– Ағза жоқ ашылмаған қабақлардан,
Жатайын жастығыма, – деді хабар беріп.

Қабакты даяр қылды, ағызын (ауызын) алып,
Үстіне құяр еді су апарып.
Расулдін ағзасына қуат енді,
Азырақ бойдан қызу кетіп, сәлеметленіп.

Мешітке бармақтыққа ойы кетіп,
Жастықтан бас көтеріп расул тұрды.
Қолынан Ғалы бірлан Фазыл ұстап,
Көтеріп мешітке алып барды.

Мәшһүр-Жүсіптің «Дала уалаяты» газетінде (1889-1991 ж.) және «Айқап» журналында (1912 ж.) басылған туындылары

Адам һәм онын ғұмыры

Дүниені тамам қылып жаратып болған соң, көкті уа жерді жаратушы адамды һәм ғайри мақұлықтарды өз дарқанына шақырыпты: әрқайсысына біртүрлі мінез беруге, дүниеде тұрған мезгілде һәм әрқайсысына белгілі ғұмыр беруге.[182] Әуелі барған адам болыпты, һәм оған айтыпты:

– Сен, адам, жаратылмышлардың тәжісін, сенің суретін мағыналы артық болды, саған сөйлер сөз һәм ақыл берілді, саған барша мақлұқаттар төмен болып хакімінде болар, сен олардың баршасына

хүкім қылып тұрарсың, қырдағы шөп һәм ағаштардың жұмысы саған қарайды, өзің жер үстінде 30 жыл ғұмыр сүрерсің, – деп.

Сонда адам разы болмай, бір жағына бұрылып кетіп, өзіне-өзі айтыпты: «Әгәр мен дүниенің патшасы болсам, һәм маған барша дүниедегі жоқ сапалар тиісті болса бір 30 жыл ғұмыр сүргеннің не пайдасы бар?» – деп, адам бағзы бір көбірек ғұмыр сүруге бұйырылған жануарларға ғажап қылып, көре алмай қарап тұрыпты.

Сонан соң бір уақытта есекке келіпті, есекке айтқаны мынау:

– Сен, жаза көріп, мехнат, машақат көріп жүрерсің, таяқтан өлгенше шаршап, болдырып жүрерсің, тыныштығың аз болып, жейтін тамағың дәмсіз шөп болар, һәм ғұмырың елу жыл болсын, – дейді.

Есек тізесінен жығылып, басын жерге ұрып сұрапты:

– Әгәр мен дүниеде сондай азаппенен жүретін болғанда, менің ғұмырымды 20 жылдай азайтса, тәуір болар еді, – дейді.

Сол уақытта адам жақындап келіп арыз қылып сұрапты:

– Есектің тастап тұрған 20 жасы менің ғұмырыма қосылса екен, – деп, һәм разылық алыпты.

Онан соң иттің кезегі келіп, оған айтыпты:

– Сенің міндетті жұмысын – үй күзету болар, һәм нәрселерге қарауыл болу, шынжырлаулы тұрып, һәм сол уақытта айға да үруге міндеттісің, өзің сүйек кемірерсің, ғұмырың дүниеде қырық жыл болар, – деп.

Ит бас ұрып, арыз қылыпты:

– Әгәр мен дүниеде сондай қорлықпенен тұруға бұйырылған болғанда, адамның үйін, һәм уа нәрселерін күзетіп қарауыл болып, һәм сүйек кеміріп күнелтетін болғанда менің жасымды 20 жылдай азайтқанда жақсы болар еді, – деп.

Сол уақытта адам қайтадан келіп, иттің алмай тұрған 20 жасын сұрай бастапты, һәм адам арызына тағы да разылық алыпты.

Ең соңында кезек маймылға келіпті. Оған айтылған сөз мынау:

– Сенің адамға бір-ақ сыртқы сипатың ұқсар, бірақ сол уақытта бала рәуішті ақымақ боларсың, жүргенде белінді бүкірейтіп жүрерсің, балаларға ермек боларсың, һәм үлкен кісілерге ойын болып дүниеде 60 жыл жүрерсің.

Маймыл сорлы тізесінен тұра қалып арыз қылыпты:

– Әгәр мен адамға бір-ақ сыртым ұқсайтын болса, һәм ақымак болып, балаларға, кім болса оған, ермек болатын болсам, менің ғұмырымды 30 жылдай қыскартса тәуір болар еді, – деп арызын айттып бара жатқанда, бір жағынан тағы адам келіп, сол маймылдың тастап жатқан 30 жасын тағы сұрапты. Бұ жолы да ерінбей жүрген адамның арызы қабыл болыпты.

Сонан соң барша мақұлықтар өз жұмыстарын біліп, бет-бетіменен тарапты. Сонда адам да барып, өзіне әуел берген 30 жылдың ішінде бақытты дәурен сүріп, еш уайымсыз жас жігіт болып тұрыпты. Онан соң отыздан асып елуге шейін қатты жұмыстар қылып, мехнаттарыменен жүріпті, түрлі шаруа қылып, көп қиналып. Бұл 20 жастың есебі баяғы есектен алған 20 жыл болады. Содан адам елуден асқан соң өзінің 70 жасына шейін оны-мұныларын жатып аңдиды, һәм өзінің үйін, нәрселерін сол уақытта һеш не болса оған күдіктенгіш келеді. Сол мезгілде кім болса соған айғайлап, һәм сүйек жұтудан да таймайды. Адамның сол жастары иттен алған жылдары болады. Сонан 70-тен асқан соң ажардан, ақылынан айрылады, бала рәуішті болады, ол уақытта бүкірейіп, иіліп те кетеді, балаларға һәм әркімге ермек ойын болады. Сол жастар өз еркіменен маймылдан алған жылдары болады.

Человек и его век

Сотворив мир и найдя его совершенным, творец неба и земли призвал к себе человека и прочих созданий для того, чтобы назначить каждому из них особенный образ жизни и определить, сколько кому жить на земле.

Первым приблизился человек и ему сказано было:

– Ты – человек, венец творения – тебе присвоится прямой благородный вид. Тебе дан дар слова и мышления, тебе все будет подвластно, ты будешь распоряжаться всеми остальными существами, и трава полей, и плоды деревьев будут твоею собственностью, а жить тебе на земле 30 лет.

Недовольным человек отошел в сторону, говоря самому себе: «Если я – царь природы и мне представлены все наслаждения жизни, то что толку прожить каких-нибудь 30 лет?» С завистью смотрел не-

благодарный человек на зверей, из коих многим дарован был более долгий век.

Вот дошла очередь до осла, и ему сказано было:

– Ты будешь терпеть наказания и страдания, будешь таскать на себе тяжести, пока не падешь под ударами погонщика, будешь задыхаться, почти не ведая отдыха. Не сочные травы будут тебе скудным кормом и жить тебе 50 лет.

Животное упало на колени и взмолилось:

– Если мне суждено влачить такую жалкую жизнь, то лучше сократить мой век на 20 лет!

Поспешно приблизился человек и стал просить о прибавке тех 20 лет, от которых отказался осел. На просьбу человека последовало согласие. Очередь была за собакою и ей сказано было:

– Твоею обязанностью будет стеречь дом и караулить имущество прикованною на цепи и, не доверяя даже луне, ты должна будешь лаять на каждую тень. Ты будешь глотать кости и жить на земле 40 лет.

Собака упала на колени и взмолилась:

– Если мне суждено влачить такую жалкую жизнь, только и делать, что стеречь дома и сокровища людские, и притом существовать голоданием костей, то лучше сократить мой век на 20 лет.

Снова поспешил приблизиться человек и стал просить прибавить ему 20 лет, от которых избавить ее только что умоляла собака. Снова на просьбу человека последовало согласие. Наконец дошла очередь до обезьяны, которой сказано было:

– Ты будешь походить на человека по внешности, но при этом ты будешь по-детски глупа, будешь ходить с согбенною спиною, будешь служить забавой детям и развлечением для взрослых, и жить тебе 60 лет.

Бедная обезьяна упала на колени и взмолилась:

– Если мне только по внешности напоминать человека, быть глупой игрушкой для детей и глупцов, то лучше сократить мою жизнь на 30 лет!

Не успела обезьяна высказать свою просьбу, как приблизился человек и стал просить подарить ему и эти 30 лет. И на этот раз последовало согласие на просьбу неугомонного человека.

Разбрелись все животные, каждое по своему назначению; побрел и человек своею дорогою и прожил положенные ему 30 лет беззаботно, веселою молодостью. Затем наступили 30-50 года, когда ему уже приходилось трудиться, таскать тяжести, скудно питаться, большие испытания переносить для добывания куска хлеба, – то были годы из жизненной доли осла. А когда человек кое-что соберет к 50 годам, он лежит и караулит свой дом и сокровища, не доверяет даже луне, каждая тень ему подозрительна. Он рычит на каждого приближающегося к нему и готов глотать кости, то годы, взятые им из жизненной доли собаки. Пережив 70 лет, человек постепенно теряет ум, становится по-детски глупым, ходит с согбенною спиною, служа забавою детям и глупцам, – эти годы он унаследовал от обезьяны.

Қарға мен лашын

Бір қарға көп жемтік өлексені жиып таусылғысыз қылып, таудай қылып үйіпті. Бір қыран лашын-бидайық соны көріп: «Мынауменен жақын болсам, өмірімде қарным ашып, өзегім тала ма?» – деп, сол қарғаға тимей, көрші қонып жақындасып жүріпті. Манағы бидайық көрінгеннің желкесін қиып тастай береді екен. Сүйтіп жүре – жүре қарға манағы бидайықтың қиып тастап жүргенін ұмытып кетіп ойлапты: «Осы жеген нәрселерімнің бәрін өзім алып жеп жүрмін ғой», – деп. Екінші ойлайды: «Осынша үйілген боктығым тұрғанда, маған лашынға жолдас болып не керек, өзім лашыннан артық емеспін бе?», – деп, шалқан-шалқан басып, «қарқ-қарқ» деп тауды жаңғырықтырыпты. Мұндай шалқан басып тау жаңғырықтырғанын көрген соң, әртүрлі құстар маңайына жиыла беріпті.

– Пәлі қарғам, пәлі даусына, бір сенен артық құс жоқ, – деп, манағы үйіліп жатқан жемтіктің шетінен ептеп жеп жүрісіпті.

Сонан соң баяғы бидайық мұның бұл ызасына шыдай алмай канатын қомдап алып, аспаннан бір келіп қарғаға түйілген екен. Манағы қасындағы үйіліп-төгіліп жүрген құстан біреуі қалмай бытшыт болып кетіпті. Сонда қарға жаныменен қайғы болып, кірерге жер таппай, жиған боктығы басына пәле болып тигенін білген соң, айтты дейді: «Әкем жегені бок еді, шешем жегені бок еді, құстың етін жегенім жоқ еді. Енді осы қылық өзіме айып еді», – дейді.

Бейшара қарғаның жиған боқтығы басына пәле болды. Неге десек – оның жиылған боқтығы болмағанда, лашын да оған айналмас еді және де басқа құстар да қасына жиылып желіктірмес еді. Ал өзі көзіне көрінгенді қиып тастап жүрген лашын қарғаға не себептен жолдас болды?

Ворон и сокол

Один ворон, озабочиваясь обеспечением своей жизни, заблаговременно собрал множество запаса, разной разности, так что у него образовалось провизии целая куча.

Какой-то сокол заметил это богатство: «Не дурно бы познакомиться с этим вороном, мне никогда не приходилось бы голодать, он наверно поделится со мной». С этой целью сокол поселился поближе к ворону.

Тем не менее, он не прекратил своих хищнических нападений на мелких птиц, остатки коих бережливо затаскивал к себе ворон, который питаясь ими привольно и беззаботно, до того избаловался, что наконец вообразил из себя превосходнейшую птицу. «Столько у меня запасов. Разве я хуже сокола, я сам могу добывать пищу!» С этого времени он стал чаще каркать восторженно. Последствием этого было то, что вокруг него собралось много ничтожных птиц, которые так ловко хвалили голос вороны, что последний добровольно делился с ними провизией. Ворону с этими новыми слугами жилось очень хорошо и широко. Такая широкая обстановка и веселье ворона совершенно вывели сокола из терпения. Он быстро поднявшись, по обыкновению в воздух, вдруг спустился стремительным махом на ворона. Все окружавшие телохранители до последнего разлетелись в разные стороны. Бедный ворон понял в чем дело и сознался в своей ошибке. «Родителям моим суждено было питаться навозом, чем попало, а не мясом уток, гусей. Мне тоже следовало бы идти по их следам». Здесь очевидно ворон обязан своим страданием неумению пользоваться своей провизией и легкомыслию. Если бы он пользовался запасом умеренно и не восхищался, то не собрал бы столько птиц, избаловавших его.

Чему не подвергает нас легкомыслие?
Оно ведет иногда даже к гибели.
И мы обязаны ему же.
Своим недоучением и невежеством.

В мире нет ничего вечного,
Постарайся же, молодежь, всеми силами,
Пока в летах и время не прошло,
Сделаться людьми.

Тұрмыс жайда болған хабарлар

Хұрмәтлү редакторларға, жана жылың мұбарәк барлығына құтлы болсын айтып, газетіміздің қызып дүрілдеуін тілеп жазып тұрмын. Қазақ халқын ұйқысынан оятушы болған сүйікті газетімізден іздеген жоғымыздың табылғанына қуаныш кылып. «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады?» – дегендей, қазаққа пайда келтіретұғын сөздерді өзім ойлап тауып жаза алмаған соң, өнеріменен, білімділігіменен жұртқа аты шыққан шаһбаз талаптыларға араның ызылдағанындай болып тиіп кетсем, ұйқыдан оятып, сөзден сөз туғызып, тиісті жауап қайтарып, газет оқушыларды газетке ригбәтләнiп көңiлденiп оқуына себептей болып, араның ызылдағанының ақыры бал болуға айналса» – деген үміт бірлән еді.

Бұрынғылар айтқан: «Пайданы басыңа қыл, басыннан асса, досыңа қыл» – деп. «Осымның әр жерден жауап үміт етіп жаза бергендігім өзіме пайда ғой» – деп ойлаймын. Не үшін десеңіздер, «дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады» – деген бұрынғының сөзі бар. Маған насихат беретін, білгенінше ақыл үйрететұғын дін қарындас достарымның көбейе бергеніне шүкіршілік кылып тұрмын.

Кіші жүзде Алшын – Қаражігіт би деген атақты кісі болған екен. Сол кісінің қартайып келген уақытысында бір жұт болып еді. Жаман жұтап, тік мүйізді сиыр, тік құлақты жылқы, төрт түлік малдан дәнеме қалмапты. Сонда Алшын – Қаражігіт бидің азамат ер жеткен жалғыз баласы бар екен. Сол баласын Ұлы жүзде Үйсін – Төле биге жібереді дейді.

– Бар балам, ақыл сұрап кел, кедейліктен кісіні ерікке қоймай сүйреп алып шығып құтқаратұғын айла болар ма екен? – деп.

Бұған айла не болатұғынын Алшын Қаражігіт бидің өзі де білсе керек. «Бірақ өзімнің үй ішімнен айтқаным балама ем болмас, не де болса, алыстан барып естіп келсе, көкейіне түсіп, көңіліне қонып, баламның ұғып алуына жақсы болар» – деп ойлады дейді. Сонан бала Ұлы жүз – Үйсін – Төле биге әдейі іздеп барып, мейман болып, барған күні жатып, ертеңінде қайтпакшы болған соң, Төле би сұрады дейді:

– Балам, жай жүр ме едің, жол болсын, жұмысың не еді? – деп. Бала айтыпты дейді:

– Елім жаман жұтап, төрт аяқты малдан дағы қалмаған соң, әкем сізге жіберіп еді: «Ақыл сұрап кел, – деп, – қайтсек біз ел қатарына қосыламыз?» – деп.

Сонда Үйсін Төле би айтты дейді:

– Ә, балам, жігіт адамның керт қара басына үш кесір бар. Ол үш кесірдің бір де бірінен аман болған адамның қарны ашпайды, өзегі талмайды, аштан өлмейді, телміріп кісіге бармайды, – дейді. Егер де сол үш кесірдің бір де бірі жігіт адамда бола қалса, ішсе, асқа жарымайды, кесе, киімге жарымайды, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, ғұмырында кедейліктен құтылмайды, – дейді. Сонан басқа әш нәрсе демейді. Биде де үн жоқ, балада да үн жоқ, бір қатар сонымен отырды дейді. Манағы (банағы) баланың әлгі сөздің шешуін біліп кетейін деп қарап отырғанын білген соң, би:

– Балам, жай тоқтадың ба? – деді:

– Манағы бір сөздің аяғын біліп кетсем деп, соған қарап отырмын, – деді.

– Пәлі (Бәли), балам, сөздің қадіріне жететұғын бала екенсін, енді саған оның мәнісін айтайын, – жігіт адамға бас кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышы болу, кенже кесір – кедейлік кесірлік. Осы үш мінез бір адамда болса, ол адам өмірінде оңбайды, осы үшеуінің бір де бірі жоқ болған адам кісіге мұқтаж болмайды, күннен күнге ілгері баса береді, – дейді.

Сонан бала рұқсат алып кайтып, есен-аман еліне келіп, Үйсін Төле би осылай деді деп, халқына айтып, жұттан бір тайлы қысыр бие қалған екен, бұрын айыртып: «Жалғыз осының сүті кімнің аузына жұғын болады?» – деп, қоя берген екен. Сол биені жалғыз тайын желіге байлап, күні-түні ерінбестен, ұйықтамастан сауып, бір қара сабаны толтырып, ауыл аймағын жиып алып, бәрін тәтті қымызға тойдырып:

– Кел, бозбалалар, еріншектікті, ұйқышылдықты, кедейлікті тастап, үйде қарап отырмай, ер басына бір-бір қара пайда тауып келіндер! Мұнда кемпір-шал, қатын-қалаш, келін-кепшік, балашағаны әуел құдайға, онан соң міндетін маған тапсырыңдар. Жалғыз торы биені ұйықтамастан бағып, ерінбестен сауып, соның сүтімен бәрін асырап жатайын, – деп. Елінің бас көтерер азаматын пайдаға жіберіп, өзі айтқанындай қылып, бәрін ашықтырмай асырап, сақтап, бір биенің сүтін ұрулы елге жеткізіп тұрды дейді. Сонан пайдаға кеткен жігіттер жаз бір қара тауып келді, күз бір қара тауып келді, қыс бір қара тауып келді. Ер басына бір жылда үш қарадан тапқан соң, екі-үш жылда ел қатарына қосылып, мал-малданып, алды-алдына ауыл болып қалды дейді. Төрт-бес жылда баяғы байлығына қайта қалпына келіп, әлі осы күнге шейін: «Алшын – Қаражігіттің арты бай, жақсы, орынды болды» – деп сөйлетеді.

Мұны айтып тұрғаным, бозбалалар, еріншек болмандар, «еріншектің қолы жетпейді, үлгісіз нұсқа бітпейді» – деген сөз бар, ұйқышы болмандар, «ұйықтаған ұйқы алар, ұйықтамаған жылқы алар» – деген сөз бар. Сөз көгермейтін кедей болмандар, «жетесі асыл арланбас, жеті атасына дарымай» – деген сөз бар. Кеше қоян менен койдан соң, біздің елдің бозбалалары ұрлық кылса, өлетұғын болды, шөп жесе қақалатұғын болды, «атам сондай артық болған, бабам сондай жұрттан асқан кісі еді» – деп кәсіпке айлануға намыс кылды да, борыш басынан асып, расход үстінен басып бара жатқан соң, көбі

адвокаттыққа кірісіп, соны өнер көріп кетті. Бұрынғылар дауқор болған, сөз қуған кісіні жеті соққанның біріне қосып сөйлеген екен, яғни: «Сөз қуған» – дейді екен.

Местные известия

Баян-Аул. Не могу не приветствовать редакцию нашей уважаемой газеты с новым годом, с новым счастьем и выразить ей пожелание дальнейших успехов и развития. Успехи и процветание ее обуславливаются прежде всего поддержкою читающей публики, отношениями самого населения, среди которого, могу сказать, она является будильником, и, в особенности, поддержкою и сочувствием этому священному делу интеллигентной части нашего народа. Ввиду этого, хотя чувствую себя в литературном отношении не вполне состоятельным удовлетворять задачи Редакции, я счел не выходящим из сферы приличия коснуться, как насекомое «с жужжанием», наших известных умов, дабы они разбудились и обратили бы свое благосклонное внимание на это первое на нашем языке издание, развитие которого крайне желательно. На этот счет гласит пословица: «Прежде принеси пользу себе, а затем приятелю». Свои корреспонденции имеющие целью получить отзывы из разных мест нашей степи, я признаю бесполезными, ибо отзывы моих достойных собратьев назидательного содержания поощряют меня глубоко и душевно, желательно увеличение числа таких соотечественников.

XXX

При жизни знаменитого бия рода «Алчын» Караджигита, его волюсть в одну суровую зиму потеряла весь скот? Лошадей, коров, верблюдов и баранов; осталась лишь одна дойная кобыла с двухлетним жеребенком, которую отпустили на свободу, – молоком де одной кобылы никого не прокормишь. У бия был единственный взрослый сын, которого отец и отправил к бию Большой Орды рода «Уйсунь» Тюле с поручением узнать, как избавиться от бедности. Средства на это знал, конечно, и сам отец – бий, но посылал сына к чужому потому, что из чужих уст слова ценятся и воспринимаются лучше и в память врезы-

ваются рельефнее, нежели из семейных. Сын прибыл к искомому бию, переночевал у него гостем. Утром, когда молодой человек собирался уехать, бий по обыкновению спросил о цели его приезда. Тот заявил об обеднении своей волости от джута и о поручении отца о выходе из положения бедняков. Выслушав молодого юношу, бий сказал: «А, а, сын мой! Для обеспечения благоденствия жизни всякий должен избегать трех родов зла, отсутствие которых влечет человека к счастью, вполне обеспечивает жизнь, а присутствие их, напротив, не дает человеку возможности ладить с жизнью и потому жизнь им поддается трудно». После этих слов старик замолчал. Гость также остался в ожидании разъяснения этого изречения. Наконец, бий, убедившись во внимательности юноши к нему, проговорил: «Что молчишь, сын мой?» – «Ожидаю Вашего разъяснения». – «Молодец, сын мой! умеешь ценить наставление, вникать в смысл речи; ну, слушай, какие это недостатки человека: первый наш порок – леность, затем сонливость (изнеженность, белоручка) и, наконец, упрямость. Вот эти свойства губят нас! Кто умеет устранить их, то на его долю выпадает благоволение Божие, он будет счастлив, а подчинение власти этих пороков вовлечет человека в беду, несчастье».

По возвращении домой молодой человек сообщил об этом отцу и представителям волости. Слова бия – старца навели их на мысль. Прежде всего взяли за молоко пущенной на волю кобылы и добывали ежедневно столько кумысу, что при аккуратном расходе самого бия достаточно кормилось все общество. Да, главное, в силу наставления бия-философа, по внушению би Караджигита, все мужчины решили отправиться на работы-приобрести хоть по одной скотине. Только бий остался в ауле с целью равномерно кормить детей, женщин и стариков, которые благодаря заботливому распределению бием единственной пищи, не чувствовали голода. По истечении весеннего сезона разосланные люди вернулись с работы, и каждый из них привел по одной скотине; также приобретали по одной голове за летние и осенние работы, так что в один год каждый имел по три скотины. Таким образом в 3-4 года настолько нажились, что вполне имели возможность, восстановить прежнюю жизнь. Нелишне заметить, что потомки означенного бия Караджигита теперь говорят славятся благосостоянием. Все это я сообщаю нашей молодежи с той целью, чтобы они поняли

преимущество трудовой жизни и отвергли бы все пороки, которые всякий разумный человек может устранить по пословице: «Благородные не гнушаются трудом». Чувствительный удар нашему благосостоянию нанесли минувшие злосчастные годы – «баран» и «заяц». Положение нашей молодежи было безвыходное. Воровством нельзя было промышлять, средств к жизни не было. Многие известные люди гнушались трудом, между тем расходы и долги завалили их по горло. Ввиду такого несчастного положения, не имея никакого выхода, некоторые были вынуждены решиться на занятие в роде адвокатуры. Прежде таких людей презирали, считали за нравственную низость занятие подобным ремеслом.

Жақсы молда

Бір үлкен ғұлама молда судың басына дәрет алу үшін барса, бір қайықшы судың жағасында жаңа қайыққа мінейін деп жатыр екен. Қайығында отыз шыны арақ бар екен, аузын печаттап үстіне жазыпты: «Мұның аты хошлық» деп. Молда таң қалыпты, талай жерді кезіп едім, базарда хошлық деген сатылатұғын нәрсені көргенім жоқ еді және есіткенім де жоқ еді деп, қайықшыдан сұрапты. «Бұл шыныларыңдағы не нәрсе?» – деп, Қайықшы айтыпты:

– Әй, байғұс молдам, мұны не қыласың, бар өз жұмысыңмен бол, – депті.

Молда мұның не екенін білуге көңілі кетіп, қайықшыға айтыпты:

– Бұл шыныдағы не нәрсе екенін білмей сенің қасыңнан кетпеймін, – депті. Қайықшы молда сұрап қоймаған соң, айтыпты:

– Бұл арақ, Бағдадтың халифа сұлтанына апарамын, – деп.

Молда караса, қайықтың ішінде бір жуан таяқ жатыр. Баяғы қайықшыға айтыпты:

– Ана таяқты маған алып бер – деп. Қайықшы шәкіртіне бұйырыпты:

– Сұраған таяғын алып бер, не қылар екен? – деп.

Таяқты молдаға алып берген соң, молда ағашты қолына ала салып, баяғы шыныларды бір-біріне ұрып күлпарша, быт-шыт қылды дейді. Қайықшы қорқып жылап, ойбай салып шаһардың шетін

карап, күзетіп тұратұғын төреге арыз қылған соң, төре дереу молданы ұстап, халифаның алдына алып барыпты. Ұшбу уақиғаны бастан аяқ баян қылған соң, халифа ашуланып, қанын ішіне тартып, түгі сыртына шығып, молданы алдына алдырып, қаһар уә саясатпен:

– Сен кімсің – деп сұрапты, – осындай әдепсіздік, білместік, диуаналық іс қылған?

Молда айтыпты:

– Мен мұхтәсібін, яғни адамдарды тексеріп, жаман жолдан кайтарып тыюшымын – депті.

Халифа айтыпты:

– Сені кім сайлады, кімнің бұйрығымен сайландың?

Молда айтыпты:

– Мені құдай, пайғамбар сайлады, сол құдай тағала мен пайғамбардың бұйрығымен сайландым, – депті.

– Жоқ, сайлаған кім сені, айт, – деп, патша қаһарымен қысыпты.

Молда айтыпты:

– Сені кім патша сайласа, мені сол мұхтәсіб қылып сайлады.

Патша бұл сөзден тоқталып, басын төмен салып, кішкене ой ойлап отырды дейді және басын көтеріп, молдаға айтыпты:

– Бұл шыныларды не себептен сындырдың? – дейді.

Молда айтыпты:

– Мұны сындырғаным – саған жаным ашып және өзіңе караған жұртына жаным ашып, өзіңе һәм халқына шафқатым келіп сындырдым, – депті.

Халифа айтыпты:

– Маған қалай жаның ашып аядың?

Молда айтыпты:

– Бұл менің қылған ісім өзің қылатұғын іс еді. Сенің әлің келмей бара жатқанын білдім, уә және сені киямет азабынан халас қылайын дедім, – депті.

– Халыққа қалай жаның ашып шафқатың келді? – деген соң, молда айтыпты:

– Мұны сен қылған соң, сенен көріп, жұрт та қылады, сен тыйылсаң, сенен ғибрат алып, жұрт та тыйылады, народ көп, жұрт бейбастақ, жамандықты ұлығының ыңғайына қарай тоңкеріледі. Егер билеп тұрған ұлық жақсы жолда болса, халық һәм соны еліктеп

жақсылыққа тырысады, егер ұлық жаман жолда болса, халық һәм жамандыққа айнала береді, халық басшысынан ғибрат алады деді, – дейді.

Сонан соң патша мұның бұл сөзіне қайран қалып, молданың қолын ұстап:

– Мұнан былай қайда жамандық көрсең тыңшы бол, ешкім сенің бетінді қағушы болмасын деді, – дейді.

Ұшбу замандағы біздің ұлықтар бірі халифа Бағдад, бірі шаһар күзетіп тұрған төре мысалында, бірі қайықшы мысалында болып, қазақ ішінде шарифатқа, низамға муафиқ келмейтұғын бағзы бір істер шыныдағы хошлық мысалында оны көрсімен ұрып сындыратұғын молда бұл заманда тым аз. Молданың өзі де нәпсі арзуымен мұбтала болып: «Қайтсем, халыққа жағамын, шартық қошқар, шанжау майын қалай айла қылып аламын?»-деп, мұның соңында жүр.

«Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деп, елу-елу жерден бағзы бір адам табылса, шыныны сындыруға қорқады: «Шаһар күзеткен төренің молданы халифаның алдына алып барғанындай қылып, аяқ-қолымды бір уыс қылып, бір жерге домалатып алып бара ма?» – деп.

Бұл қауіппен хақлық әшкере бола алмайды. Бұрынғы өткен атақты Наушеруан, әділ Хұсрау патшалар арызқор көп болып, айтуға ауыз жетіп саф келмейтұғын болған соң, хукім қылады екен: «Кім де кім арызқор болса, қызыл киім кисін, арызқордан басқа ешбіреу қызыл киім киюші болмасын!» – деп. Осындай бір рет іс шығарса, ұлықтар білер еді тыныштық-тынышсызын. «Төс айылдың батқанын иесі білмес, ат біледі» дегендей, өз жанына батқанын әркім өзі біледі. «Аш қадірін тоқ білмейді», жаяулықтың жаманын атты қайдан білсін, жалаңаштықтың жаманын тонды қайдан білсін?!

Хороший мулла

Один ученый мулла, придя для омовения на берег, застал там лодочника, собирающегося отплыть на противоположный берег. В лодке у него было несколько запечатанных бутылок вина с надписью: «хошлык – увеселительный». Побывавший во многих местах мулла нигде не встречал предметов торговли с такою надписью

«хошлык», поразившая его неизвестностью. Он не утерпел, спросил лодочника: – Что за вещи в твоей лодке?

– Зачем тебе, мулла, знать это? Будь сведущ в своих делах, – отвечал тот.

Но любопытный мулла не оставил его, стал настойчиво требовать объяснения этих вещей.

Это – вино, везу халифу (который, вероятно, был большой охотник до спиртных напитков), ему нужно – сказал, наконец, лодочник.

Мулла тотчас же попросил у него железную палку из лодки и в несколько приемов разбил все бутылки. Лодочник, испуганный поступком муллы, с криком и ругая себя за свою неосторожность, пошел с жалобой к ближайшему городовому, который моментально арестовал муллу и этот последний, после нескольких минут, очутился в присутствии халифа, очень раздраженного поступком его. Повелитель этот бледный, как полотно, сверкая огненными глазами, измеряя презрительным взглядом муллу, обратился к нему и произнес:

– Кто ты такой, дерзнувший натворить такие глупости? Ты мне, как повелителю, должен сказать правду.

– Я один из тех немногих смертных, которые другим показывают путь истины, правды и добродетели, и которые осуждены бороться с всевозможными пороками, на что очень падко бедное человечество! Я следую законам Всемогущего Бога и Его пророка, хотя терплю неудачи, лишения и пр. Таков мой жребий!

– Нет, скажи правду, кто избрал тебя?

– Я избран Тем, кто сделал тебя царем.

Халиф смягчился, задумался и спросил его, почему разбил бутылки.

– Я не мог вынести заблуждений своих братьев, которые с тобою, главою, на шатком богопротивном пути, что и побудило меня уничтожить этот плод с дерева, развращающий вас нравственно.

– Как ты пожалел меня?

– Вот как: то что сделал я, должен был сделать ты сам; но я знал, что у тебя нет силы воли и, желая уменьшить твою муку загробной жизни, стер все, что составляло источник твоего зла.

– Народ тут при чем?

– Толпа-подражательница всем твоим деяниям, так как ты-глава ея. Если ты человек порочный; то от тебя твои поданные берут дурной пример, что, конечно, очень не желательно. Если ты оставишь свои слабости, т.е. будешь вести себя как подабают нравственному человеку, то такая жизнь, достойная подражания, исправит твоих поданных.

Тогда царь, выслушав слова муллы, вполне согласился с его мнением.

Ғажайып бір құс заманымызда

Павлодар оязының Ақкелін елінің С.М. ұғлы Шормановтың Орал тауынан шыққан жақсы бүркіті бар еді. Халық ішінде атанған лақабы «Сәкеннің шұбары» – деп аталған еді. Бұл С.М. баласының қолында жиырма жылдай салынып, мұнан бұрын ілгері песінде бірнеше жыл салынған құс екендігі Көкшетау тарапындағы Уәлихановтардың хәм мағлұмы еді.

Сол жануарды өткен 1889 жылдың ішінде біреудің бір жаман бүркіті алып, қанатын жаралап, ескермей сол жарасымен салып жүріп, жарақатының зақымынан суықта қанаты үсіп кетіп, мән бәгід салуға жарамай қалды.

«Жаманның кесапаты тиер һәр жерде, жақсының шарапаты тиер тар жерде» деген мақалдың алдыңғысына тура келіп, жылында жиырма – отыз түлкі алмаған қысы кем еді. Бұ тарапта түлкінің аздығынан осыдан көрінгенін жібермей алып жүрген, болмаса түлкінің көп жерінде мұнан да көп алатын өнерлі құстардан еді. Жылына он бестен қойып, орташа есептегенде жиырма жылда үш жүз түлкі, екі қасқыр алған екен. Және бүркітпен алған тау түлкілері Қоянды уә Қараөткел жармеңкелерінде сақталатұғын түлкілерден екі есе ондылығы әр жерде бүркіт салып, түлкі алғызушылардың мағлұмы еді. Бұған бина бұл жиырма жыл ғұмырының ішінде қылған қызметін ақшаға арзан қойғанда, үш теңгеден түлкі басын есептесек, тоғыз жүз теңге. Оның бұл пайдасынан бөлек алған қызықтығы мехнәт уә машақатының тақабіліне тұрсын, біздің қазақ халқы бүркітті пайда үшін салмайды, қызығына құмарланып, сол үшін машық қылып ұстайды. Осы жануарды аман отырғанда Ташкент шаһарында уақиғи болашақ выставкаға апарамын деген үміт бар

еді. Немене, боқ басында қор болып қалды. Дүние шіркіннің қызығы таудай болса да, ақыры бір осындай болып қалмақ бар екен.

Беркут

Известый беркут (орел). Замечателен был беркут у киргиза Павлодарского уезда Акмолинской волости С.М.Чорманова, привезенный когда-то из Уральских гор. У Чорманова он прожил 20 лет и несколько лет у первого хозяина, был известен Валиханову в Кокчетаве. В минувшем 1889 году он получил страшную рану в крыло от нечаянного столкновения с одним ничтожным беркутом, отчего и сделался негодным к охоте. Прежде он ежегодно вылавливал по 10-20 лисиц и более, смотря по количеству последних. Если будем считать в год средним числом хотя по 15 лисиц, то за 20 лет выловил 300 штук и, между прочим двух волков. Заметьте, что пойманные беркутом горные лисицы, вследствие доброкачественности меха, продается дороже, чем те, которых привозят на Куяндинскую и Акмолинскую ярмарки. 300 лисиц, если считать хоть по 3 руб. за штуку, дадут 900 руб. Впрочем, киргизы не берут во внимание материальную выгоду охоты – им нужна только забава, утешение, с этой целью и приучают птиц. Упомянутого беркута предположено было свозить на имеющую быть в Ташкенте Туркестанскую выставку.

Баянауылдан

Білімді даналардан тілегіміз,
Қызметкер тілек үшін білегіміз,
Особой прибавления ведомостіне
Жіберген біздің сауға тілегіміз.

Ведомосқа сөз жазбақтан максат (максұд) хабар
Ішінен әр кім іздеп жоғын табар.
Жамансыз жақсының да қадірі болмас,
Табылып жатыр мұнан көп пайдалар.

Мен жаздым білгенімше хактық сөзді,
Бостан-бос жібермеске келген кезді.

Әлхак мұр деген сөз шын хақиқат,
Байқаймын ұнатпайды әркім бізді.

Біреуі оң, жазған сөздің бірі теріс,
Бір жерден табыла ма ылғи келіс?
Оятсам ұйқысынан меймандарды,
Қылғандай ыңғайы бар ұрыс-керіс.

Оятпасам, барады жолдан қалып,
Тынышын алдым көбінің тұрту салып.
Достық демей менікін, қастық көрсе,
Несіне әуре боламын азаптанып?!

Бипайда бір жүрген жан менің өзім,
Хақтық жұртқа жақпайды көрді көзім.
Редакцияда тұрушы данышпандар,
Ұнамаса қояйын менің сөзім.

Мәдрә умрут дұшман досқа,
Ұнамсыз сөзді керек кылу қысқа.
Жаза бергім келеді білгенімді,
Сіздерден болса рұқсат біз байғұсқа.

8-номердегі өлеңге

Көшпелі қазақ жұрты малын баққан,
Ежелден тұқымына шаруа жаққан.
Қазақтың көшкені – айт, қонғаны – той,
Қай жерде оңғаны бар жатақ жатқан?!

Қазаққа шаруа малын баққан пайда,
Жұрттар бар егін салған әрбір жайда.
Күн көру өлмес үшін ол бір кәсіп,
Байыған егін салып қазақ қайда?

Аралап Шу, Қаратау, көрдім Сырды,
Тырналап жатқан жұртты кара жерді.
«Жаратқан құдай артық Сарыарқа!» – деп,
Көруіне бәрі де ынтық біздің қырды.

Біздің қыр күнелтеді арпа жемей,
Ұн керек болса, базар жақын Семей.
Бір көш жер әлде қандай мұн болатын,
Емесіңіз сіздің жақтай тегіс кедей.

Егін салма дедім бе кедей болсаң,
Пайда деп мен де еттім ғой оны қылсаң.
Мал сірә киім, тамақ болмай ма екен,
Пайдалы мал шаруасы көшсең-консаң.

Қайиды, бота туды түйе болар,
Бір жылдан соң жүгіңе ие болар.
Мал шаруадан егінді пайдалы деп,
Қазақ болсаң айтуың кие болар.

Ісі еді кентті жұрттың егін салған,
Қазақ тапқан береке шаруа малдан.
Қазақтың көшкен-қонған мерекесі,
Бұрынғы ата-бабадан мирас қалған.

Егін салып, жұрт асқан қазақ қайда?
Шаруаменен жұрт асқан болған байда.
Көшпес кент, ұшпас тауық болған жұртқа,
Әрине, жай жатқаннан егін пайда.

XXX

«Малшы көзсіз, жарты көз бала» – дедім,
«Өзің көрмей, бәрі де шала» – дедім.
«Бір кедейді салдым деп жатып алмай,
Бір жағынан өзін де қара!» – дедім.

«Қайыр деген байда ма, малда ма?» – деп,
Қай жерде айттым: «Кедейді жалдама!» – деп.
Өз малын өзі бақпай бос жүргенді
Аз ғана қылып едім әңгіме көп.

Мақтанар кедей байдың дәмін ішіп,
Көбі оңбас халал жүрмей түзга тұшып.

Кедейлер өлмес қамын қылам десе,
Жоқ па екен малайлықтан басқа кәсін?

Бай малын айналдырар, кедей – күшін,
Су қосса сүтке, болар о да сусын.
«Малынды бақ, қаңғымай!» – деген сөзді,
Шам қылып, айыптандың оның несін?!

«Егін салма!» – деп айттым қашан саған?
Жерін айтшы сөзімнің ұнамаған?
Мен ұқпай, сөздің түбін жазған болсам,
Өзің ұққан сөзіңді айтшы маған.

«Егін салма!» – дедім бе жарлыларға?
«Жатақ болма!» – деп айттым малы барға.
Не егінде, не көшу, шаруада жоқ,
Мәз болма картопия, қара нанға,

Деп айттым: «Пайда қыл!» – деп бозбалаға,
Меніреулер біреу түртпей қозғала ма?
«Мал да бақ, егін де сал, сауда да қыл,
Бостан бос жүрме, – дедім – күр далада!»

XXX

Халал жүрсен, жағарсың құдайыңа,
Сөз табылар айтуға талайыңа.
Ерте тұрдың дегенді не орынмен,
Айтқанымды білмесең тұр жайыңа.

Бай еді көшпей жатқан тыныштық үшін,
Жоқтығын біліп айттым еш жұмысын.
Жұмыссыз уақытта, жанды тыныш сақта деп,
Мезгілсіз тұрдың дедім соның үшін.

Тән күтпесең, табылар сырқаулығың,
Өзіңе өзің қылған қай жаулығың?
Бір мезгіл ұйқыменен тынықпасаң,
Болмай жүрер, деп едім денсаулығың.

Уақыт емес жазғытұрым егін салған,
Егін, пішен уақыты емес даярланған.
Астық шілде жайлауға елдің барып,
Мезгіл еді әркімнің тыныштық алған.

Жаз шілденің уақыты еді июнь-июль,
Іс еді бір уақиға болған биыл.
Мәфһүміне түспестен айтқан сөздің,
Қайырып жауап айтудан деймін тиыл.

Айыптап қай сөзімнен түстің мені,
Келмей тұр бұ сөзіңнің бізге жөні.
Сөзіме қазақша айтқан түсіне алмапсың
Оқытып қырық-елу жыл болмас сені.

Бұл сөзге намыс қылған тамам жатақ,
Дейсін бе жатақ деген сол жақсы атак.
Талайың тынышын кетіп тентіресің.
Дауласып шаһарлықпенен болып шатақ.

Кәсіп қыл, көшпелі жұрт, мал баққанды,
Қойындар құр далаға аулаққанды[лакқанды].
Егін сал, саудагер бол, тірлік қыл,
Қыла бер қолайыңа ол жаққанды.

Елге көш, шаруа жайын ұнатқаның,
Егін сал көше алмастай сол жатқаның.
Кәсіптің неше түрлі бірінен жоқ,
Жатақта жалқаулықтан қай жатқаның?

Жақсылық ғылым іздеп тердің несіп,
Сөйлеген қызыл тілім желдей есіп.
Әркімге әңгімеден үлес берген,
Баласы мен Көпейдің Мәшһүр Жүсіп.

Из Баян-аула

Представляя настоящее мое стихотворение
В Редакцию нашей уважаемой газеты,

Обращаюсь к ней с просьбою
Не отказать в помещении моих стихов.
В газету и, вообще в периодическое издание,
Которое служит для пользы народа,
Может писать всякий.
«Без лжи правда не ценится» –
Польза от немолчания очевидна.
Я написал, по возможности,
Сведения более или менее достоверные.
Но, однако, как видно, мои статьи
Многим не по вкусу приходятся.
Положим, с людьми ошибки могут случаться;-
Я ведь хочу будить наших собратьев,
А некоторые, не понимая моей цели,
Упрекают меня в литературной бездарности.
Для успокоения этих авторов,
Которым не понравились мои статьи,
Лишь остается мне молчать.
Мне было бы весьма желательно,
Если бы уважаемая Редакция высказала
Мнение относительно моих статей,
Дабы я мог дать им другое направление.
Вообще, я мог бы согласовать свои статьи
С духом самого издания.
Кочевники киргизы скотоводы
С незапамятных времен.
Все достояние степняков в кочевьях;
Не знаем преуспевавших в жизни джатаков.
Для жизни кочевников целесообразнее скотоводство,
(Понятно, что и хлебопашество несомненно полезно
Но однако, обогативших от него у нас нет).
В бытность мою на Чу, Каратау, Сырдарье,
Мне не раз приходилось видеть земледельцев,
Имевших страстное желание
Жить в нашей степи (Сары-Арке).
Киргизы не любят просо, –

Для муки не далек Семипалатинск,
Слава Богу, имеем скот,
Можем ездить в город.
Да, ведь, я вовсе не отверг земледелия,
А, напротив, доказывал его доходность;
Притом говорил о скотоводстве,
Как необходимом промысле кочевников.
Скотоводство, дающее ежегодно свой доход,
Для степняков выгоднее хлебопашества,
Которое соответствует жизни оседлых.
При условии, повторяю, кочевой жизни
Скотоводство, как древнее наследие, более прибыльно.
По крайней мере, пока нет киргиз,
Обогативших от земледелия;
При оседлой жизни, как уже сказано,
Несомненно целесообразно земледелие.
Я настаивал на том,
Что нельзя слишком полагаться на пастухов,
И что самому баю необходимо
Иметь за скотом бдительный надзор.
Я никогда не требовал,
Чтобы баи не занимали бедных, –
Лишь только коснулся тех басв,
Которые не смотрят за хозяйством.
Замечено, что многие из бедных пастухов
К делу относятся далеко недобросовестно.
Они в случае нужды могут
Найти другие занятия в жизни.
Я крайне удивляюсь,
Какие мои безосновательные мнения.
Я не отверг пользы хлебопашества
И одобрял другие занятия, –
Если Вы, автор, находите мои слова неправильными,
То потрудитесь разъяснить истину?!..
Разве я советовал беднякам
Не заниматься хлебопашеством?

Лишь советовал нашим баям
Не переходить в джатаческую жизнь,
Указал степной молодежи пользу труда,
Ибо лентяи без побуждений не тронутся,
И даже советовал, кроме земледелия и скотоводства,
Вести рациональную торговлю.
Смотря, кто к чему более способен.
Еще из стихотворения того же автора,
Составленного против моего мнения,
Я вижу, что почтенный автор
Очень туманно понял то,
Что заставило меня заговорить
Об утреннем вставании джатаков.
Джатаки, большинство которых трудится,
Летом не имеют тяжелых работ.
В это летнее свободное время
Им необходимо дать телу должный отдых.
Известно, что, пренебрегая здоровьем,
Человек всегда может
Подвергнуться всякого рода болезням;
Потому я и говорил о бесцельном, даже вредном
Для организма беспокойстве джатаков.
Притом, тогда весенние работы на пашне были окончены
И не настало время сенокоса,
Были самые жаркие дни, требующие отдыха,
Был месяц июнь или июль.
Не понимая цели моей статьи,
Неужели автор найдется возразить мне.
Я не понимаю, что находит
Этот автор в моей корреспонденции
Главное – он вовсе не понял меня.
Пожалуй, трудно развить в нем мысли,
Обучая его хоть 40-50 лет.
Я знаю, что мое мнение джатакам противно,
Хотя им нечего хвалиться:
Оны часто впадают в тягость,

Имея тяжбы с городскими жителями.
Подтверждаю, что нам не следует бесцельно шляться,
Следует взяться за известный промысел
Как я выше упомянул, по желанию,
Прилежанию: скотоводством конечно,
Кто кочует, – а в противном случае,
Занимайтесь земледелием,
Я крайне сожалею о том, что многие
Джатаки без всякого промысла сидят.
В молодости, странствуя ради науки,
Я составил свои наблюдения
И высказал мнение своим соотечественникам.

Үш Едіге туралы

Біздің қазақ халқының ата-бабаларынан бері қарай келе жатқан әрбір нәрсені ырым қылатұғын әдеттері бар еді: «Шопанының таяғынан» – деп. Мұның мағынасы – халық ортасына келген жақсы меймандардың келін-кеткенін ырым қылып, жұрт билеген ел ұлықтарының халқына құт болған-болмағанын ырым қып, соны айтушы еді. Кеше қазақта үш Едіге өткен екен. Әуел Едіге, орта Едіге, ақыр Едіге. Әуел Едіге батыр өткен кісі екен. Токтамыс хан деген ханның заманында орта Едіге деген ғазиз өткен кісі екен. Кешегі Әз-Жәнібек, Асанқайғының замандарының соңынан кешікпей-ақ шыққан кісі екен. Ақыр Едіге деген би болып жұрт билеген кісі екен. Кешегі Абылай ханның заманында, сонда Едіге бидің таяғы жұртына шопан құт болып: «Едігенің майлы жұрты» – атанған екен. Заманындағы қариялар, кара бұқара халқы: «Халық камын жеген Қарқарадай хандарының саламаттылығына, ел камын жеген Едігедей билерінің саламаттылығына!» – деп дұға қылады екен. Сол Едігеден соң, баласы Шон би жұрт билеп би болған екен. Бұл кісінің тұсында һәм халық бай болған екен. Сол күндерде қазақтың төрені қадірлеп, басына көтеріп, хан қылатын күні бір Тұрсын хан деген төрені Шон би Сүйіндіктің баласына хан көтерген екен. Үш жылдан соң Тұрсын хан өліп, жұрт үш күндей жиылып, жаназасын оқып, Шідерті деген өзеннің бойына қойыпты. Сонда Шон би үш күн ұдайы жылап мауқын баса алмай-

ды. Әбден жылап қоймаған соң, бидің өзінің қасында жалбандап жүре беретұғындардың бірі бойы үйір болғандығын қылып:

– Тұрсын хан емес еді, өзің хан едің. Енді жұрт өзіне жеке қалды ғой. Жалғыз қара болдым деп қуанғаннан-ақ жылай берсің ғой! – дейді.

Сол уақытта Шоң би жаман кейіп, әлгідей айтқанына ыза болып:

– Сен оңбассың – депті. – Мен мұның өлгеніне жыламаймын, алғаш хан болған жылы үш тайым құлындап еді, екінші жылы алты тайым құлындап еді. Үшінші жылында тоғыз тайым құлындап еді. «Көлдiң құты кетсе, қотаны бірге кетеді» – деп еді. Жылқыға қадамы құт болып еді. «Жұрттың құты шайқала ма?!» – деп жылаймын, – деді.

Айтқанындай-ақ мұның артынан Шоң бидің өзі өліп, Кенесары заманы болып, жұрт бір олай, бір бұлай құбылып, Қуандық, Сүйіндіктітегі Азнабай, Санақ дейтұғын бас-басына жеті мыңнан жылқы біткен байлардың бәрі малдан айырылып, балапан басына, тұрымтай тұсына заман болыпты.

Қиссадан қисса деп мұны сөйлегеніміздің мәнісі кеше 1890-ыншы жылда дала уалаятының генерал – губернаторы Әуелі ұлық дәрежелі, елінде құрметлі генерал ат кавалері (Барон Таубе) хазіреттері өз қол астына қараған халқының хал-ахуалын білмегеннің, тарихын, пәрменінде болған ұлықтарға тәрбие болу үшін, Ақмола облысына, Семей облысына қараған дала уалаяттарын көріп өткеннен бері қарай, шүкір құдайға, қара бұқара халқының мал шаруасына береке кіріп, арық мал семіріп, малдың желініне сүт берекесі кіріп, төрт түлік мал шаруасымен тұрған қыр қазағына бір түрлі қуаныш пайда болды. Бұл берекенің кіргендігін һәм келіп кеткен құрметті ол ұлықтардың қадамы қайырлы тигендей болғандығын (тафауал-билқайр) деп жақысылыққа ырым қылып, үкім арыз қылуға аузы жетпей жүрген нашарлар дала уалаятының (90-ыншы жылының 23-інші нөмірдегі) ұлығымыздың пәрменін естіп.

Әуелі жаратқан Алла тағалаға құрмет сана ойлап, ұлы ұлық император ағзам хазіретінің датына мәзкөрдүға ойлап, бұл мархабатты господин генерал ат кавалері (Барон Таубе) хазіретіне ықыластары шынымен осыдан зияда болып, дәрежелері (нарқы) тағылары шығарлары (бір қатар) болсын деп дұғада болындар.

Кұдайым жұрттың дұғасын қабыл қылсын! Ұлықтарының көңілін
кара бұкара халқына мейірімді қылсын! Жақсылардың шарапаты мен
жұрттың шаруасына береке кірсін!

XXX

В нашем Киргизком народе издавна сохраняется вера в счастливое предзнаменование; за счастливое же предзнаменование принимаются разные случаи, как, например, посещение какого-нибудь семейства незнакомыми, но почетными гостями; проезд в общество какого-нибудь чиновного лица, имеющего начальственную власть где-нибудь, – хотя бы от него и не было для общества опоры, и пр.

Были времена, когда между киргизами жили люди по имени «Идегэ»; их именовали: Идегэ первый, Идегэ второй и Идегэ третий. Первый Идегэ жил во времена Хана Тохтамыша и славился батыром; второй Идегэ был человек благочестивый; он жил во времена известных смертных Аз-Джаныбека и Асана; третий Идегэ был человек в полном смысле Бий, он жил во времена Хана Аблая, управлял народом, костьюль его служил правилом; управляемый им народ прозывался «Майли». Почтенные страшины заботились о нуждах народа, а народ заботился о своем благосостоянии и молился за благополучие таких Биев, каков был Бий Идегэ. После этого Идегэ явился Биес сын его Чон; Чон Бий также управлял народом, и при его управлении народ процветал богатством; в это время народ почитал и уважал султанов и возводил из них в Ханское достоинство; Чон Бий возвел Ханом Султана Турсуна и поставил его ханствовать в Суюндуковском племени; Турсун хан правил только три года и умер; на похороны его съезжался народ три дня, читались Джаназы, и народ, оплакивая смерть Хана, похоронил его на берегу речки Чидерты;

Чон Бий по три дня плакал безутешно, и когда он не переставал проливать слезы, тогда один из возвращавшихся постоянно при нем людей, пользуясь близостью к Бию, сказал: «Ведь не Турсун Хан ханствовал, а ты, так что же плакать: теперь властителем над народом остался ты один, а потому и плачешь от радости! При таком печальном положении, раздосадованный сказанными словами Чон Бий сказал: «Глупый ты человек! Ты ничего не понимаешь, и проку из тебя не будет!

Я плачу не о смерти, а вот почему: в первый год ханства Турсуна у меня было три тая и все они ожеребились, на второй год ожеребились уже шесть таев, а в третий год – девять. Если в озере исчезнет сила, то вслед затем и стада пропадают; присутствие Турсуна служило к упрочению сил народа, и я плачу о том, как бы не случилось потрясения!» Так и случилось: Чон-Бий умер, настало Кенесаринское время, и народ смутился не зная, что делать и куда кинуться, и в этом беспокойном положении народ потерпел разорение. В Суюндуковском роде были в то время известные богатые люди Азнабай и Сапак, которые одарены были таким богатством, что каждый из них имел по семи тысяч лошадей, но и они все разорились и лишились всего достояния. То было время несчастья для народа!

Объясненное предисловие высказано мною по следующему случаю: в нынешнем 1890 году Степной Генерал-Губернатор Барон Таубе, вступив в управление краем, тотчас поспешил обозреть положение дел в степи и лично удостовериться в благосостоянии и нуждах народа, и имеет показать этим пример начальствующим лицам, преподать им указания и наставления. Проезд Его Высокопревосходительства по степи и обозрение Акмолинской и Семипалатинской областей, благодаря Бога, явили в народе счастливое предзнаменование к улучшению благосостояния: после проезда его исхудалый скот начал отъедаться и жиреть; от молочных животных прибавилось молочная пища для людей, и в питательности появилось более прочности.

Итак, посещение степи Начальником края, и вместе высоким гостем, проявило в народе радость на счастье к благополучию и увеличению народного благосостояния! К тому же считаем нужным присовокупить еще и то, что № 23 Степной Газеты выражены Его Высокопревосходительством те же заботы о нуждах и благосостоянии степного народа. За все такие милости приносятся теплые молитвы к создателю мира Богу Всевышнему о здравии и долголетьи Его Императорского Величества и всего Августейшего Семейства и, вместе, о здравии и счастье Его Высокопревосходительства, да будет он здоров и благополучен, да благословит его Всевышний, и да возвысится сан его! О, Боже милостив! Услышь и прими молитвы на-

рода! Всели в сердца начальников заботу и правду о нуждах народа, дабы он укреплялся и процветал в благосостоянии.

Жиренше шешен мен хан

Заман кадымда қазақ жұртында бір Жиренше шешен деген кісі өткен екен. Сол замандағы хандардан бір хан Жиреншені сөйлетіп көремін деп шақыртты дейді. Сонда Жиренше шешен ханға кірген жерден:

– Бір жасыңыз мың болсын, – деген екен.

Хан бұл сөзін ұнатпай:

Шешен кісіден де осындай орынға келмейтін артық сөз шығады екен, – депті.

Сонда Жиренше шешен айтты дейді:

– Құлдық таксыр, құп айтасыз, адамның өзі мың жасамайды, артында аты қалса, аты мың жасайды, екінші дүниеде бір қызық көрген дәурені, бір күнінің өзі мың жылға тұратұғын қызық дәуренменен өтсін деп айтып едім, – депті.

Сонан соң хан бұл сөзін хош алып, арымас ат, тозбас тон берген екен. «Арымас ат, тозбас тон» – дегеннің мәнісі өзіне бір орын беріп, қашан өлгенінше деп уәзипа тағайын қылған екен осы айтылған хикаяны тақуя үшін.

Джиренше и хан

В древнее время жил между киргизами один славившийся красноречием человек, по имени Джиренче. Один из тогдашних ханов, пожелав видеть Джиренче и поговорить с ним, приказал призвать его к себе. Явясь перед лицом хана, Джиренче начал приветствовать так: «Да будут, государь, дни жизни твоей один год в тысячу лет!» Хану не понравилось это и он с негодованием сказал: «И от людей красноречивых истекают такие бессмысленные слова?» «Прости, государь! – поклоняюсь, сказал Джиренче. – Тебе кажется, так пусть будет это правда! Но я скажу вот что: человек сам не живет тысячи лет, но если он какими-нибудь делами и заслугами оставит память о себе, то имя его живет на земле и более тысячи лет; во-вторых скажу, что если

человек, живя на свете, проводил время в удовольствии и все ему благоприятствовало, то один день такой жизни стоит столетней жизни! Вот почему, я и сказал такие слова, желая, чтоб все время правления твоего протекло в благополучии и приятном для тебя, государь, удовольствии!» Хану понравилось такое разъяснение, и он подарил Джиренче коня неизнуримого и одежду неизносимую. Это значит, что хан назначил Джиренче на такую должность, на которой он будет служить до конца жизни.

Қазақтардың бұрынғыдан қалған сөздері

Бұ хикая кеше Қаракерей – Қабанбай, Қанжығалы – Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақ ұғлы Жәнібек, – осы айтылған батырлардың заманында қазақ жұртында Көкшетау деген жерде қырық сегіз жыл хан болып, күллі қазақты билеп, бір Абылай хан деген артық бақытты адам өткен екен. Соның хақында бір ақынның айтқан бір ауыз өлеңін айтайын:

Қылады Мекершіде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін,
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Және бір ақынның оның хақында айтқан бір ауыз өлеңі:
Абылайдың әкесі Абдулфаиз,
Хан баласы төсенбес ескі киіз.
Бағынбаған жұрттардан алым алған,
Абылайға шығып па екі мүйіз?!

Абылай хан қалмақтан, қырғыздан, сарттан ақ үйді алып, дәуірі бір жүрген уактысы болған екен. Сол Абылай хан күндерде бір күн қазақтың қабырғасы кең, қарны жуан, шекесі толық, миы көп, ойы терең билерін жиып алып: «Маған не нәрсе өлмейді соны ойланып, толғанып тауып беріңдер де тоғыз қылып менен сый алыңдар», – дейді.

Заманындағы билер: Қазыбек баласы Бекболат би, Жәнібек баласы Дәуітбай би, Шобалай баласы Жәнке батыр, би Төлебай баласы Едіге би, Бөгенбай баласы Төреналы би, бұлардан ғайри аты атал-

мыш билердің бірсыпырасы сол мәжілісте болса керек. Сонда жұрт емес пе, қарап отырсын ба: «Көз байғұс көргенше, ауыз байғұс сөйлеп қалады» – дегендей, бір кемеңгер айтты дейді:

– Өлмегенде не өлмейді, кара жер өлмейді. Дүние дүние болғаннан бері қарай жер баяғы жер қалпында келе жатыр. Қанеки, жерден өлу бар ма? Өлмейтұғын нәрсе осы кара жер – дейді.

Бір ділмар тұрып айтты:

– Өлмегенде не өлмейді, асқар тау өлмейді. Дүние дүние болғаннан бері қарай тау тау болады да тұрады. Қанеки, тау өле ме, өлмейтұғын нәрсе осы таулар – дейді.

Өзіне су жұқпас, аяғына шаң жұқпастың бірі отырып айтты: – Өлмегенде не өлмейді, аққан су өлмейді, дүние дүние болғаннан бері сарқырап ағып жатқан су. Суда өлу бар ма? Өлмейтұғын нәрсе дүниеде осы ағып жатқан су – дейді.

«Ауыздыға сөз бермен, аяктыда жол бермен» – деп жүргендердің бірі отырып айтты дейді:

– Өлмегенде не өлмейді? Аспандағы ай мен күн өлмейді. Дүние дүние болғаннан бері қарай ай-ай, күн-күн. Қанеки, осы екеуінде өлу бар ма? Өлмейтұғын нәрсе – анық осылар – дейді.

Әркім әртүрлі айтып жатыр. Біреу үй дейді, біреу бұ дейді. Абылай хан: «Жарайды, таптың», – деп ешкайсысының сөзін қостамай, жай отырды. Жұрт дағдарды.

– Өлмейтұғын нәрсе билердің осы айтқан нәрселері ғой. Қанеки, мұнан басқа өлмейтұғын нәрсе бар ма?» – дегенде, бір кожа, білмес, кісі көзге ілмес, аналардай атакты би емес, бір адам түрегеліп қол қусырып:

– Алдияр таксыр, өлмейтұғын нәрсені мен айтып берейін. Бұлардың айтқанының бәрі де өлетұғын нәрсе – дейді. Қара жердің өлгені – қар астында қалғаны, асқар таудың өлгені – басын мұнар шалғаны, аққан судың өлгені – мұз боп тоңып жатқаны, ай мен күннің өлгені – түнеріп барып батқаны. Өлмегенде, не өлмейді, жақсының аты өлмейді, молданың хаты өлмейді. Анық өлмейтұғын нәрсе осы екеуі – дейді.

Сонда Абылай хан ұшып түрегеліп қамқа тонды үстіне жауып, алтын жиханы басына шаншып, бұйдас белбеуді беліне буындырып, етегін толтырып, «тоғыз» қылып сый берді дейді.

Баганагы билердің бәрі де жан-жағынан анталады дейді: -Батырдан да жолды игі деп, бәрімізден сен оздың, шешеннен сауга, мергеннен сұралғы деген, бәрін өзің алып кетпе, бізге де байла – дейді.

Сонда жан-жағына қарап айтты дейді:

– Сендерден мұны аяп, қызғанып алып кетіп бара жатқаным жок. «Атамыз Абылай ханның бір ауыз сөзіп тауып, алған сый-сияпаты екен!» – деп, балаларым мұра қылып заманында айтып жүрсіп, – деп, байламастан бәрін түгел алып шықты дейді.

Қалай, жүйрігіңнің есебін тауып самсаған сары колдың ішінен олжаны үйіп-төгіп алып шығуы!

Киргизская легенда

В давнишнее время в местности «Кокчетау» (синяя гора), обитал Хан Аблай, котрый одарен был особенным умом и счастием; он властвовал над всеми киргизами сорок восемь лет, собирал дань и с неподвластных ему кара-киргизов, калмыков, сартов, брал от них и лучших красавиц с богатством и белыми юртами; времена Хана Аблая были тревожны, но народ его был крепок и сыт, были люди с большим умом, да и заботы были глубоки.

Один из акынов в импровизации своей, между прочим, воспел:

«Магерья-да қылады,

«Байляр савда!

«Топ бузар,

«Батырлар, –

«Калын джауда!»

То есть:

В Магерьевской ярмарке

Богатые люди торгуют.

Товары в тюках отправляют:

Батыры Аблая,

И в густых стычках,

Тюки разбивают!

В те времена жили известные бии: Бекбулат бий – сын Казыбеков, Даутпай – сын Джаныбеков, Джанабатыр – сын Чобабаев, Идеге – сын Тюлебаев, Тюреналы – сын Бугомбаев.

Однажды Хан Аблай, собрав этих биев, предложил им подумать хорошенько и объяснить ему: что на свете есть бессмертное? При чем сказал, что разрешив этот вопрос, вы получите от меня «тогузы» богатых подарков.

Слухи о таком вопросе Хана и о богатых подарках скоро разнеслись по многолюдной Орде, и на этот съезд собралось множество любопытных зрителей.

Обсуждая предложенный Ханом вопрос, один из биев высказал, что если в здешнем мире существует что-либо бессмертное, то это есть ничто иное, как земной шар, так как с самого сотворения мира земля остается в том же положении, как создана была и в начале. После этого являются личности из толпы зрителей, и один из них высказал, что бессмертным телом он считает Аскарские горы, потому что они с самого начала как выросли горами, так и остаются теми же горами. Затем другой высказал, что на здешнем свете бессмертные тела есть текущие воды: они с самого сотворения мира шумно текут и текут беспрестанно: Является третий человек-пешеход и говорун, который заявил, что бессмертные тела в здешнем мире есть небесные светила – луна и солнце, потому что с самого создания мира они созданы были такими же светилами, какими видим их и теперь; вот эти только небесные светила луна и солнце и есть на свете действительно бессмертные. И так бии и прочие разноречиво высказались о бессмертности предмета.

Хан Аблай, войдя в заседание, спросил: «А что, нашли? и решили ли вопрос?» Все оробели и не нашлись, что отвечать; но потом Бии объяснили о высказанных разноречиях. В это время, встав на ноги и скрестив руки на груди, невзрачный Ходжа произнес:

– Позволь, Государь, я объясню вопрос о том, что на свете есть бессмертное, а все те предметы, о которых высказано, есть предметы смертные: земля есть тело умирающее потому, что засыпается снегом и находится под ним долгое время; Аскарские горы есть тела смертные потому, что верховья закрываются льдом и облаками; текущие воды есть тела смертные потому, что замерзают и находятся под льда-

ми; луна и солнце можно считать умирающими телами потому, что некоторое время бывают невидимы. А если есть на свете предметы бессмертные, то это – имя доброго и славного человека и имя ученого, писателя.

Выслушав такое объяснение Ходжи, Хан Аблай встал с места и, подойдя к этому бедняку надел на него дорогую шубу, на голову его положил золотое украшение, и кроме того одарил его «тогузами» подарков. Бии позавидовали счастливому невзрачному Ходже, удостоенному столь дорогих ханских подарков, и приговаривались чтобы он поделился подарками с ними, но он ответил:

– Я не из скупости не могу поделиться с вами, а потому, что получил эти подарки от Хана, дорожу ими и желаю, чтобы также дорожило ими и мое потомство!

Сказав это, Ходжа собрал все подаренное и удалился.

Малшы Алтай

Бұрынғы заманда Қуандықтың баласы Алтай Піспекбайдың жылқысын баққан екен. Піспекбайдың бір жақсы көретұғын атын түнде арқаннан жібермейді екен. От жерге өзі қолынан апарып арқандап, таңертең өзі суғарады екен. Күнде ертеңмен атын арқаннан босатып алғалы барса, аты өзі арқандаған жерде болмай, басқа жерде арқандалып тұрғанын көріп, түнде өз атын өзі андиды дейді. Бай бас бағып, атын түн болғанда сыртынан шолғап жүрсе, жылқышысы Алтай жылқыдан келіп байдың атын бір түнде басқа жерге бірнеше қабат жылжытып арқандап кетеді екен.

Сонан бай мұны шын ықыласымен баласындай жақсы көріп жүреді екен. Қыс жақындаған соң, елдің қыстауға қонар мезгілі болған соң, бай да қонуға даярланды. Сонда Алтай Піспекбайға айтты дейді:

– А, бай, осы малыңды аман қылып әкеп берсем, тәуір көресің бе, жұтқа шалдықтырмастан семіртіп, көбейтіп? – дейді.

Піспекбай жауап берді:

– Сені жай да тәуір көремін, малымды аман қылып алып келгеніңді тәуір көремін – дағы, – дейді.

– Олай болса, жылқыңды, ірі кара малыңды маған бер, – дейді. Жүре алмайтын ұсақ малыңды өзіңде қалдыр, – дейді.

Байдан ықтияр болған соң, жолға керектінің бәрін алып және бір темір қазық алып, жолға жүріп кетті. Үйден былай шығысымен күн суық болып, жер қатып қалды. Манағы темір қазықты жерге қағып байқады дейді. Темір қазық бір елі кірген жерге бір күн тоқтайды, екі елі кірген жерге екі күн тоқтайды, тіпті кірмеген жерге тоқтамайды да, айдағаннан айдап отырып, қай жер жақсылық болса, соған апарып тоқтады дейді. Бұл жақта қалған Піспекбайдың малының бәрі жұтады. Бір-ақ Піспекбайдың інісінің жалғыз қара нары қалды. Қыс өтті. Жарқырап жаз шықты. Күн күркіреп көк шықты. Алтайдың келетін уақыты да болды. Піспекбай Көктөбенің басына шығып ертеңнен кешке шейін жан-жаққа көз жіберіп, шаң көрінбес пе екен деп қарайды да отырады. Көп уақыт өтсді. Алтайдан бар деген, жоқ деген хабар болмады. Піспекбай салы суға кетіп, үйіне келеді екен.

Бір күн Байбике деген бойжеткен қызы әкесімен бірге не көрінер екен деп қарап тұр екен, сонда Байбике әкесіне айтты дейді:

– Міне, бір қос атты келеді. Атка отырысы Алтай ағам сықылды. Астына мінгенін танымаймын. Жетегіндегісі – мен көшке мінетұғын қара жорға ат, білемін, – дейді.

Піспекбай:

– Қойшы, балам, не Алтай болсын? – деп сенбеді дейді. Сонынан анық таныған соң, қуанғаннан:

– Сүйіншісіне сені бердім! – депті дейді.

Піспекбай Алтайменен көрісіп құшақтасып сүйісіп тұрды дейді. Байбике ақырын ғана жылап тұрды дейді. Сонан бай Алтайға әбден қуанып разы болғандықтан, ақ отау тігіп, алты канат ақ орданы басына көтеріп, Байбике деген қызын Алтайға берді дейді. Міне, қараныз, халал көңілімен баққандықтан, қалыңсыз қыз алып, көсегесі көгерді.

Ол Байбикеден Мойын туды. «Мойын болмай, ойын болмас» – деген Мойын – сол. Аралбай, Сарманбай, Қазыке, Мұрат, Айт болды, бай болды. Баршасы-Жоғарғы Алтай, бәрі – Мойынның балалары.

Байбике өлген соң, Піспекбай және Алтайға Аққоян деген қызын – балдыз, беріп, бұл Аққояннан Әліке, Байдалы, Сайдалы туды. Барша Төменгі Алтай – Аққоян тоқалдың баласы.

Алтай-пастух

Пастух Алтай, сын Кувандыка, пас громадные табуны лошадей, принадлежащие богатому баю Фыспекбаю. У этого Фыспекбая была любимая лошадь, которую он сам собственноручно привязывал на ночь арканом на место, где была наилучшая трава, утром же сам водил ее на водопой. Вдруг он стал замечать, что лошадь кто-то перевязывает ночью на другое место. Это его заинтересовало и он решил подкараулить и узнать с какими целями перевязывают его любимого коня. В первую же ночь Фыспекбай разгадал в чем дело. Это его табунщик Алтай в течение ночи перевязывает лошадь несколько раз, чтобы она всегда имела свежий корм. Такая заботливость о его лошади очень понравилась богатому баю и он полюбил его как сына. Стала приближаться зима, настало время кочевникам перебираться на зимовки. Начал готовиться к этому и Фыспекбай. Тут Алтай подходит к своему хозяину и говорит: «Фыспекбай! хочешь ли, чтобы твой скот не погиб зимой от падежа и метелей, чтобы он откормился и размножился и будешь ли ты любить меня». «Конечно буду: я и так люблю тебя», – отвечал Фыспекбай. «В таком случае, – продолжал Алтай, – поручи мне лошадей и крупный скот, мелкий же оставь у себя, так как он не в состоянии сделать большого перегона». Получив на это согласие Фыспекбая, Алтай, запасшись всем необходимым для дальней дороги, и захватив, кроме того, железный кол, отправился в путь. Не успел он отойти достаточно далеко от дома, как начались уже холода и земля замерзла. Алтай стал пробовать землю железным колом и где он входил в землю на палец, там оставивался на один день, где на 2 – на два дня, а где совсем не мог пробить землю, там вовсе не делал остановок. Подвигаясь таким образом, он добрался до места где было тепло и достаточно корма. Между тем на зимовке, где остался Фыспекбай, погиб весь скот за исключением одного одногорбого верблюда, принадлежавшего брату Фыспекбая, Ишпекбаю. Наконец зима прошла, наступило лето, а с ним время возвращения Алтая. Фыспекбай каждый день всходил на высокую гору «Кок-Тюбе» и смотрел во все стороны, не покажется ли где пыль от его табунов. Но время шло, а об Алтае не было ни слуху ни духу. Фыспекбай, очень волновался и ходил как в воду

опущенный, но вот однажды, когда он с дочерью своей Байбике находился на горе и безнадежно смотрел в даль, Байбике вскрикнула от радости и сказала отцу:

– Отец, вон я вижу всадника, едущего к нам и своей посадкой напоминающего Алтая, в поводу же он ведет другую лошадь, в которой узнаю твоего любимого вороного иноходца.

Отец сначала не поверил, но видя вдали еще пыль, убедился, что это Алтай и в радости сказал дочери:

– Я отдам тебя Алтаю в качестве суюнчи (подарок при радостном известии).

Встреча была самая радостная, Фыспекбай целовал и обнимал своего нареченного сына, а Байбике тихо плакала. В скором времени состоялась свадьба, и Фыспекбай поставил молодым шестиканатную юрту.

Вот так Алтай взял девушку без калыма, исключительно заслужив расположение отца усердной и бескорыстной службой и честным исполнением своего долга.

От Байбике родился сын Муин. Народная пословица говорит: «Не было бы Муина, не было бы и мира». У Муина были сновья: Аралбай, Сармантай, Казыке, Мурат и Аит. Они считаются родоначальниками Верхних Алтайцев (киргизское племя).

По смерти Байбике, Алтай женился на младшей дочери Фыспекбая – Аккуян. От нее были сновья Алике, Байдалы, Сайдалы – от них произошли нижние Алтайцы.

Баянауылдан

Кеше карадан хан болған Едіге ұғлы Шон бидің уакытында Көкшетаудан бергі жері біздің Сүйіндік деген халқының жайлауы екен. Итемген-Мамай деген көлдерде Шон бидің Итемген деген баласы тұрып, сонан «Итемген» атанған екен. Қарағайлы шоқының қасында «Ақмырзаның Қарасуы» – дейді (Ерейменнің Ақмолаға қараған жағында), «Олжабай сәресі, Едіге сәресі, Шорман тамы, Тайбай көлі, Үшмырзаның көлі» – дейді, соларының баршасы – Сүйіндіктің сол жерлерін мекен қылып жүргенде өткен жақсыларының аты. Бұл жерлерінің бәрін Керей, Қанжығалы қыстау қылып кеткен соң, біздің халық жайлаудан қалды. Себебі жайлап барған елдің малын

қуып, ұрыс-төбелес қыла берген соң. Мұнан біздің Сүйіндік деген халқының малының қонысы тарылып, шаруасынан бсрекесі кете бастады. Оның ақыры «Жігіт жаманы қыз қориды, бір нәрсенін жаманы тұз қориды» дегендей, Өлеңтінің ар жағына өткізбейтін болған соң, жұрттың мұнан тынышы кетіп, екі жақ болып айтысып, ол жақтан Кәрібай мырза Шідертіден бүлік қылып, сондықтан «Жер аламын!» – деп, бұл жақтан Хусайын мырза: «Өлеңтінің ар жағынан аз болса, бес шақырым жер алармыз!» – деген. Сол арада неше мәрте чиновниктер шығып, екі тараптың начальниктері бас қосып, Кәрібай мырза мен Хусайн мырзаның ынтымағы бір жерге келмеген соң, бітіріп тына алмай жанжалмен ұрысып, керісіп қайта беруші еді.

Кеше Жанкеде «бітер істің басына, жақсы келер қасына» – деп, чиновник Тюфяев келіп, екі жаққа да насихат айтып, ұзын сөздің қысқасы, Хусайн мырза айтқан сөзіне жетіп, Өлеңтінің ар жағынан төрт жарым шақырым жер алды. Ежелден ата-бабасы жер-су алған адамның баласы да, ет пен терінің арасында жел сықылды өнері барлардан не де болса бір асты, 1889-ыншы жылда бірінші октябрьде жәрмеңке болып, Баянауылда, сонда начальнигіміз военный губернатор басшылығының нашарды байларымен теңдікке жеткізіп, алым-шығынды байларға тарттырсын деген жарлықты есіттіруі бойынша Ақбеттау елінің ел билеушісі Хусайн Боштайұғлы елінің байынан нашары көп болған себептен, бір ауылнайдан 60 үйді алымнан шығарды. Төрт үйге бір теңгеден салды. Және сегіз үйге екі теңгеден салды. Он үйге салықты 3 теңгеден салды, он алты үйге 4 теңгеден салды. Бір ауылнайда 200 үй болса, қалған жүз жиырма үйге алымды малына қарай лайықтап салым сала берді. Елу басынан он үй нашар алымсыз қылып отырды. Бұлардың алымын байлардың үстіне салды. Байларға бұл дәнеме емес. Ақшасының пайдасымен болса да толады. Өз күнін өзі көре алмай отырған кедейге бір теңге салса да, соның өзі әлде қандай ауыр жүк болып кетеді. Бұрынғы заманда бір сарттың баласы көшеге тамашаға шығыпты. Сол сарт өзі бір нашар жарлы екен. Киім тауып киюге, ас тауып ішуге де ауқаты жоқ болса керек. Манағы бала үйіне келген соң, әкесі сұрайды: «Балам, базарда не арзан, не қымбат екен?» – деп. Бала айтады: «Әке, базарда түйе арзан екен» дейді. Сонда әкесі айтты: «Балам, түйенің басы

не екен, неден сатылып тұр екен?» деді. Бала айтты: «Түйенің басы бір ділдә, ең барып тұрған түйе бір ділдәдан аспайды» деді. Сарт айтты: «О, түйе қандай қымбат, балам. Осы ма арзан дегенің?» – деп басын шайқады деді. Бала үндемей әкесі жаратпаған соң, өзінің түйе арзан деген сөзінен ұялып шығып кетті деді. Біраз замандар өтіп, манағы сарт онан – мұнан мал тауып байыпты. Сондай бай болыпты. Ешбір нәрсеге мұқтаж болмайтұғын болыпты. Бір күні баяғы бала көшеге тағы тамашаға шығыпты деді. Тамашадан қайтып үйіне келген соң және тұрып әкесі сұрады: «Балам, базарда не арзан, не қымбат екен?» – деп. Сонда баласы айтады: «Әке, базарда түйе қымбат екен», – деді. Сонда әкесі айтты деді: «Балам, түйенің басы не екен, неден сатылып тұр екен?» – деді. Бала айтады: «Түйенің басы қырық ділдә, ең аяғын қырық ділдәдан сатып жатыр. Мен түйенің мұндай қымбат болғанын көргенім жоқ». Сарт қарқ-қарқ күлді деді. «Балам-ау, саған не болған, түйе мұнан арзан сатылғанда жерде қалсын дейсің бе? Бұл не деген арзаншылық, қырық ділдә деген шіркін түйеге со да жеткен баға болып па?» – деді. Бала қайран қалып әкесіне жауап қайырды: «Әке, сіз баяғыда түйе бір ділдә болған күнде қымбат деп мені үйден ұрысып шығарып жіберіп едіңіз. Бүгінде қырық ділдә болса арзан дейсін. Мұнын мәнісіне мен түсіне алмадым ғой?» – депті. Сонда әкесі айтыпты деді: «Балам-ау, сол түйе бір ділдә болған күнде біздің қолымызда бір теңге де жоқ еді. Жоқ күнде бір ділдә түгіл бір теңге десе бізге қымбат еді. Құдайға шүкір, бұл күнде қырық ділдә демек түгіл жүз ділдә десін. Мен қанша түйе алсам да шамам келеді. Алуға шамам келетұғын болған соң маған бүгінде жүз ділдә десе де арзандай», – деді. Сол айтқандай, байға қанша көп салғанмен, жанына батпайды, малының басы былай тұрсын, ақшасының пайдасымен төлейді. Ақшасы жоқ байлар қойының жүн-жабағысымен төлейді. Не қылса да. «Бар мақтанса, табылады, жоқ мақтанса шабылады» – деп, жарлығы бір теңге әлде қандай. Нашардың кісіге тиер пайдасы жоқ. Бір тиын бізге бермек түгіл өзі тамағына төлеп жей алмай, үстіне тауып қие алмай жүр. Байдың пайдасы тиеді. Бұрынғылар айтыпты ғой: «Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы» – деп. Байды жамандап, нашарды мактап, нашардан бір нәрсе алады екен деп жатқаным жоқ. Бірақ Хусайн мырзаның нашарға қылған болыстық жақсылығын айтып жатырмын.

А.Ф. Сорокин деген бай бірнеше жылдай саудамен жай салып, орнығып тұрғаннан бері қарай: «Келін келсе аяғынан, шопан келсе таяғынан» – деп, қазақтың мақалында бар тұрғаны жағымды болып: «Балдан тамады, байдан жұғады. Ғақыл – әдіс, айырыс – жұғыс»-дегендей аз ғана Баянауылымыздың қазақ, орыстары байып һәм біраз жылдан бері жәрменке болып, сол жәрменкеден орыстар һәм жатақ болған нашар қазақтар пайдаланып жылдан-жылға көтеріліп келеді. Оның бер жағында сол А.Ф. Сорокиннің өз байлығынан басқа өнері һәм болып, машина өнерлерінің қай түрлісі болса да, баршасын ғылыммен үйреніп білген. Сағат істеу, тігін тігу, неше түрлі ағаштан адам көрмеген нәрселерді жасау. Оны қатырып жасамақ та, бек аса орнына келтіріп жасайды. Осы күнде Баянаула тауының ішіне әр жерге омарта қойып, бал арасын ұстаудың ғылымын әбден таза білгендігі сонша, 1888-інші жылы аралары жұтап, төрт омарта арасы қалған еді. Сонан 1889-ыншы жылда жеті омарта бала шығарып, баршасы он бір омарта болды. Әр омартадан екі пұттан бал алды. Балдың қадағы Баянаулада арзан болғанда 20 тиыннан сатылады. Бұл не деген пайда?! Біздің қазақ ара дегенді тауда ұшып жүрген көп шыбындар деп ойлайды. Мұның ғылымын біліп, А.Ф. Сорокиннен басқа омарта жасап, араның басын біріктіріп, бал жиып алғысы жоқ. «Егер де сонан көріп, ғылымын үйренсе, қазақтар һәм осындай әрбір тауларда араның көп жиылып жүретұғын жеріне омарта жасап, бал жиып алса, аяқ астынан оңай табылған бір пайда болар еді!» – деп ойлаймын. Біздің қазақтың байлары малынан айрылған күні көбі кісіге жүруге де жарамай аштан өліп қалатұғын көрінеді. Бай болса сол байлығының үстіне осындай әртүрлі өнері болса, егерде жазатайым болып малынан айырылған күнде өнерімен тағы сол малындай малды тезінен тауып алуына болса керек. Мұны айтып тұрғаным, қазақ халқына: «Бай екенмін, малым бар, неге мұқтаж боламын?!» – деп, бос жүруді өнер қылмаса керек. Мал деген қолдың кірімен бірдей нәрсе, жуса кетіп қалатұғын. Қазақ айтады: «Дүние деген, шіркін, тойға келген қыздай, кетеріне келгенде қолға ұстаған мұздай» – деп. Адамның өлсе сүйегімен кететұғын, өз басына біткен өнерден басқаның керегі жоқ. Нәрсе өнер деп етік тіккен, ағаш шапқан, кірпіш құйған. Мұндай нәрселерін айтпайды. Бұл қарынды аш, енді жалаңаш қылмастай бір нәрсе.

Өнер сол мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге жаһұт кылу. Әр не болса ғылыммен болғанды айтады. Ғылымсыз болған нәрсенің пайдасы жоқ. Мал жиып, бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десен, ғылым-пайғамбарлардан қалған мұра. Яғни пайғамбарлардың бұрынғы өткен хандарының, жақсыларының қылып өткен өнері. Мал қарау – байдан қалған мұра. Әлі күнге шейін оны жер жұтып барады және мал иесі малды қалай сақтаймын деп соның уайым, қайғысында болады. Ғылым иесін өзі сақтайды. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді. Мал біткен кісі сараң болады. Әркімге бір беруге қимайды. Ғылымды болған кісі ғылымын шашып жұртқа үйретудің жаһұтұнда болады. Малы көп кісінің қияметте сұралуы, тергелуі көп болады. Мал иесіне үлкен зарар болады. Ғылым иесіне сол күнде үлкен пайда келтіріп, неше таршылықтан құтқарады. Малға бір апат болмай қалмайды. Жау алады, өртке күйеді, суға кетеді, ең болмағанда, көп тұрумен шіриді. Ғылымға еш апат жоқ. Адамның өзі өліп қалмаса, оған еш нәрсе залал келтіре алмайды, һәм күнкілді рашын қылып ашып, әр нәрсеге түсірімді қылады. Мал біткен кісі мұрын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін-өзі төменшілікке алып, кішік көңіл болады. Бұған қарағанда еркек бол, ұрғашы бол, ғылым үйренуге тырысып, соның жаһұтында болу керек. Ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей керекті нәрсе. Еркекке бір есе керек болса, ұрғашыға он есе керек. Еркек өзі оқып білмесе, бір жерден барып естісе де, бір сөз үйренеді. Ұрғашы бейшара өзі оқып білмеген соң, ол ешқайда бара алмайды. Сонан соң қайдан естіп үйренеді?! Сол үшін көбінесе ұрғашы оқыса керек. Біздің қазақ ойлайды: «Қатын молда болып, бала оқыта ала ма? Ұрғашыны оқытып не керек?» – дейді. Жоқ, олай емес. Ойлап тұрсаң, еркектің оқығанынан да ұрғашының оқығаны пайдалы. Неге десен, ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей парыз. Оның бер жағында ұрғашы оқып ғылымды болса, алған ерін жақсы сыйлап, күтіп, оған таза қызмет қылудың мәнісін біледі. Һәм өз бойына керекті зәрулі болған табиға ғибраттарының ғылымын біледі. Һәм балалы болған уақытта сол балаларын жақсы әдеппен үйретеді. Еркек ертеңнен кешке дейін үйде

отыра бермейді. Не саудада, не шаруада, не егінде, бір жұмыста да лада жүреді. Ұрғашы үйден шықпайды. Балаларының тәрбиесінде болып, сонан соң оның ғылымды болғанының пайдасы сол өзінің балаларына тиеді. Қазақ айтпай ма «алып (яғни батыр, балуан) анан» деп. Бұған қарағанда, ана жақсы болса, онан туған бала да жақсы болады. Ана бір жаман, ғылымсыз, меніреу болған соң онан туған бала не қылып оңсын?! Адамның білгіш, өнерлі болуына әуелі ата-ананың жақсылығы себеп. Қазақта мақал бар: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – деген. Екінші тұрмыс-жайдың адамдарының жақсы ғылымды, өнерлі болуы керек. Біздің қазақтың бұрынғы өткен жақсылары айтады екен: «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауыл бол; қызың өссе, қызы жақсымен ауыл бол!» деп. Үшінші өнер алуға, ғылым оқуға барған жері жақсы, үлгілі жер болсын. «Опаға барған ағарады, күйеге барған қараяды» – деген сөз бар. Әкесі бір қой баққан, жылқы баққан, шешесі бір жіп-шу ескен қатын. Бұл екеуінен туады, атын Бөкбасар, Итбасар қояды. Бес-алтыға келген соң асық ойнайды. Он-он бірге келген соң доп ойнайды. Жиырмаға жетіп, ат арқасына мінген соң, ең өнерлісі атқа мініп, ауыл-ауылдан қыз анықтайды. Ауыл көшіп жайлауға барады. Қыс қыстауына келеді. Онан басқа барар, тұрар жері жоқ. Бұл арада жүріп қазақ байғұстың баласы не өнер табады және керек әр адамға жақсы өнегелі, үлгілі жерден қыз алуға. Бұрынғылар айтпай ма: «Қатын алма, қайын ал, // Жақсы көрген тамырдың атын алма, тайын ал» – деп. Және ол жақсы жерден қыз алуды ойлағанда, шешесіне көз сал. «Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп асын іш» – дегенді білмейсің бе? Еркек балаға жасынан қыз айттыру бір лайықсыз нәрсе. Неге десеніз әркімнің өзінің көңілі сүйгені болады. Құда жақсы, құда жаман болсын, жасында біреуге құда болып, өскен соң, жақсы-жаманына қарамай, қазақ мал кетпесін деп алып бере қояды. Сонан соң бір-біріне муафық қылмай, көбінесе ұрыс-талас, жанжал, дау осыдан болады. Не еркек ұрғашыны жаратпайды. Тастаймын деп әуре болады. Не ұрғашы еркекті жаратпайды. Осыдан құтылсам екен, бір жақсы байға тисем екен деп әуре болады. Қыз баланы һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек. Ер бала болсын, қыз бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылған соң, бұлардан жанжал, ұрыс, талас анда-санда болмаса шықпайды және бір-біріне ма-

хаббатты болып, бұлардан туған бала һәм жақсы туады. Еркегіне ұрғашы, – бір-біріне көңілсіз болып жүргенде туған бала онша жақсы болмайды және ұрғашының түсіне карау жарамайды, есі мен ісіне карау жарайды. Отырыс, тұрысына, аяк басқан жүрісіне, қылығына, әдебіне, аузынан шыққан сөзіне қараса керек. Ұрғашының жақсы-жамандығы осы мінездерінен айырылады. Жалғандағы бір қиын нәрсе өзіне муафик қатынды танып алмағы. Ұрғашының өзіне муафик байды тауып тимегі. Мұның бәрін айтқандағы мақсұтымыз сол, баланың жақсы тумағын басынан ойлау керек деп айтып жатырмыз. Хош, ол бала туған соң, не қылмақ керек? Әуелі оған жақсы ат қою керек. Екінші, балаға сүт емізетұғын қатынның жақсы таза жүретұғын халал етіп, халал жейтұғын қатын болуы керек. Не үшін бала жас күнде халал сүт емсе, өскенде табиғаты һәм халалдықты болады. Егер де жас күнінде харам сүт емген болса, өскенде табиғаты һәм харамдықта болады. Ол халалдық, харамдық емшек сүтте болмайды. Сол емшектің иесі қатыннан болады. Ол біздің қазақ бұрынғылары айтады екен: «Адал сүт емген бала болса!» – деп. Оның мәнісі сол, бала емшек еміп жүргенде, емізген шешесі жамандыққа айналмаған болса, соны айтады екен. Хош, онан соң бала емшек емуден шыққан соң, мінезі жақсы, әдепті, таза табиғатты адамға үйір қылу керек. Оған жастағыны ұмытпас деп жас күнінде баланың табиғаты жақсылықпен әдептенсе, өскенде һәм жақсылыққа тез шығушы болады. «Сүтпен берген мінез сол бағытымен кетеді» – деген сөз бар. Баланың табиғаты үйінде ішпек-жемекте болады. Осыларды әдетпен, өлшеумен жас күнінен қалып алдырса, өскенде көп пайдасы болады. Алты-жеті жасқа жеткен соң молдаға оқытуға берсе керек. Ол молданың өзі әдеп көрген, ғұламалардан, ишандардан, бұрынғы өткен жақсылардан баһза алған һәм ұстазынан рұхсат алған, сыналып өткерілген молда болсын! Жарамайды – бір ноғайға еріп, хатшы болған, бір сартқа еріп, қосшы болған, шала хат таныған, бұзылған, жаман жерлерде оқыған, өзі бұзылған адам баланы бұзып жібереді. Сонан соң ол бала өмірінде түзелмей кетеді. Әр нешік баланы бек жақсы молдадан оқытуға жаһуд қылу керек. Баланы жаман адамдарға, пасықтарға, бұзығы жоқ жерге, қолындағысын ысырап қылатұғын кісілерге үйір қылып, ондайлармен араластырмаса керек. Молдалар мен өнерлі, білгіш адамдар, жақсыларының сахаба-

тында көп жүрген сыр мінез жақсы деп ауызға ілінген адамдармен үйір қылса керек. Балаға жақсы адамдардың мінезін мақтап, ұқтырып құлағына сіңіріп, жаман адамдардың мінезін жамандап, ондайды жек көрсетіп, баланы жастан бағу керек. Қазақта мақал бар: «Қатынды бастан, баланы жастан» – деген. Бұрынғылардың сөзінің бәрі рас сөз. Бірақ халық ата-бабасының көрсетіп кеткен үлгісімен, айтып кеткен ескі сөзімен ғаміл қылмайды. Балаларға үйрету керек. Аз-аздан дін туралы, құдай тағаланы білдіріп, һәм ғайыр ең керекті сөздерін білдірсе керек. Тіршілік неменен болады? Қалай қылса, адам қор болмайды, оны білдірсе керек. Онан соң ата-анасының құқы қандай? Ағайын, қарындас, көршілес һәм барша халқының бұлардың құқы қандай? Баршасын танытса керек және оқудан шығарда оларға дұға үйретсе керек. Патшаның ғадетіне, байлардың сахауатына, ұрылардың шыға таппағына, балаларының дафух болмағанына, оттан, судан, өтірік жаладан, тиген пәледен барша халықтың тынышлығынан (түншілігінен) деп және балаларға білдірсе керек. Мемлекетке, патша хазіреттеріне қандай міндетті екендігін һәм патшаның дүниеде тәрбиесінде тұрғандығын, ол ұлық император ағзам патша хазіреттеріне махаббат көңілді қылып бұлардың әр қайсысының шүкіршілігін орнына келтірсе керек.

Баян-аул

При жизни знаменитого бия Чона Идыгина, заметно выделявшегося умом из «черной кости», все степные пространства от Баян-аула до Кокчетава были летовками рода «Суюндук», на что указывают даже названия тамошних урочищ. Так, озеро Итемген-Мамай названо так по случаю рождения в его окрестностях сына Чона, Итемгена, а также земли около уроч. Карагайлы-Чокы, Акмырзанын-Карасу (от Иреймена по направлению к Акмолинску), Улджабай-Сюресы, Идыге-Сюресы, Чорман-Тамы, Тайбай-Кулы, Учмырзанын-Кулы получили названия от имен населявших их владельцев.

Со времени поступления этих стойбищ во владение родов «Керей» и «Канджигалы» старые хозяева лишились права пользования ими вследствие могущих произойти неприятностей, которые так часто обнаруживали последние рода, выражая их в ссоре, самовольном

угоне скота и проч., с целью не допускать туда старых владельцев. Последствием этого обстоятельства было чувствительное стеснение в землепользовании рода «Суюндук», что, наконец, вынудило обе стороны окончательно порешить, посредством переговоров, этот по-земельный спор. Для обсуждения этого вопроса со стороны Керсеуцев и Канджигалинцев был избран Мурза Карыбай, имевший целью сделать границею уроч. Чидерты и захватить часть земли, принадлежавшей противникам. Представителями рода «Суюндук» в депутаты был избран Хусаин Мурза, намсревашийся провести границу по крайней мере, в 5-ти верстах за Уленты. Дело было сложное, тянулось долго. Командировалось много чиновников, но по случаю разногласия означенных избранных двух лиц, оно все оставалось неоконченным.

Наконец наступил благоприятный час для разрешения этого спора. Виновником этого счастливого исхода дела был чиновник г. Тюфяев, командированный для разрешения этого вопроса. Предположение Хусаина оказалось целесообразным, граница назначена за Уленты, за 4,5 версты. Таким образом, как потомок достойных отцов, Хусаин обнаружил в этом деле должную энергию, заслуживающую внимания.

1-го октября в Баян-ауле начальником нашего уезда было объявлено распоряжение г. Восного Губернатора о взимании сборов с богатых представителей населения за бедняков. Согласно этому распоряжению, управитель Акбетавской волости Хусаин Буштаев, хорошо вникая в положение бедных, довольно многочисленных, 60 юрт их совсем освободил от сборов; 4 юрты должны были внести по 1 руб.; 4 юрты по 2 руб.; 12 юрт по 3 руб.; 16 по 4 руб.; вообще в каждом ауле юртавладельцам были назначены посильные пропорциональные сборы. В общем на каждые 50 юрт приходится по 10 бедных кибиток, исключенных из взноса сборов. За них обязали баев, которые, по нашему мнению, не должны чувствовать обременения. Они могут покрыть эти расходы своими доходами, а для так называемых голых бедняков приобретение денег крайне затруднительно.

По этому поводу считаем не лишним привести следующий анекдот: какой-то очень бедный сарт, не имеющий даже средств к продовольствию, однажды спросил своего сына, возвратившегося с базара, о цене предметов торговли. Между прочим, сын с удивлением сообщил о необыкновенной дешевизне верблюда, стоящего не более

одного червонца. Выслушав сына, отец сказал, что это очень дорого, и охладил восторг сына. Разговор на том и кончился. После этого прошло много лет. Сарт разбогател. Однажды он опять спрашивает своего сына о цене на животных и получает в ответ, что цена на верблюда очень высокая – не менее 40 червонцев. Сарт расхохотался и стал уверять сына, что эта цена вовсе небольшая. Сын был поражен словами отца и напомнил ему первый разговор, когда один червонец оказался баснословным. Тогда отец с улыбкой ответил: «Сын мой, ведь в то время у нас не было состояния, не было и одного червонца, чтобы приобрести верблюда, а теперь мы богаты, можем купить верблюда даже за 100 червонцев. Нам теперь червонцы – пустяки!..» Точно так же взимание сборов с баев не должно приносить им ущерб: имеющие деньги могут пополнить убытки процентами или продуктами скота. Недаром гласит пословица: «Хорош бай-да не дает; хорошо масло-да не приходится есть». Такое справедливое распределение податей обязано старанию, энергии и справедливости управителя Буштаева.

Поселение в Баян-ауле А.Ф. Сорокина благоприятно отозвалось на окружающих, которые, по-видимому, стали стремиться к улучшению своего хозяйственного быта. В последние годы в Баян-ауле бывает ярмарка; здешние казаки уже поправились, и киргизы-бедняки начинают поправляться. Между прочим, у А.Ф. Сорокина можно позаимствовать ремесла и разного мастерства, например: часовое, столярное и даже фотографию. В настоящее время он старается развить в Баян-ауле пчеловодство. В 1888 году ульи понесли убытки, уменьшились до четырех, а в 1889 году их было 11; причем каждый из них дал по 2 пуда меду. Фунт меду у нас 20 коп. Желательно, чтобы и киргизы испытали счастье на Баян-аульских горах по пчеловодству, тем более здесь много «ара» – род пчелы; но, однако, кроме Сорокина, еще никто из этого промысла не извлек пользы. Киргизам необходимо взяться за ремесло. Баи, лишась состояния, обыкновенно не могут скоро вернуть его, даже вовсе не могут, потому что ничего не знают – ни ремесел, ни искусств... Потому и надо нам научиться чему-либо, не предаваясь праздной жизни. Есть пословица: «Богатство приходит как девица на той (праздник), а уходит как лед с рук». Более желательны познания по ремеслам, искусствам теоретические. Практически усвоенные ремесла, например чеботарное, столярное, только обеспечивают жизнь,

а соединение практических навыков с теоретическими сведениями дают несравненно больший шанс к жизни. Знание ремесел, хозяйства, в особенности научным путем, или вообще образование необходимо нашему народу. Мы напрасно подчиняемся лени и предрассудкам. Науку уважали все великие деятели. Нет сомнения, что стремление к науке несравненно предпочтительнее пред всякою целью, например наживы богатства, слепая страсть к которому может уклонить человека от пути истины, правды и добродетели. Ученые любили и стремятся ко всему возвышенному и пользе человеческой. Наука поведет к познанию долга человеческого и, развивая разум, подчинит разум, подчинит нас его воле. Склонность к приобретению богатства и приобретение деморализует человека, сообщая ему гордость, тщеславие и проч. Образование необходимо как для мужчины, так и для женщины. По моему мнению, оно более необходимо для женщин вообще и наших в частности, которые по условиям жизни мало вращаются в обществе и мало знают свет. Киргизы говорят: «К чему учить девочек? Они ведь муллами не станут». Нет, если судить по разуму, то для женщины учение более необходимо, ибо на ней лежит обязанность семейная и в ее руках должно получить первоначальное воспитание молодое поколение, которое своими нравственными зачатками немало обязано семье; кроме того, она может повлиять и на мужа, который, особенно у нас, мало имеет дел с семьей, бродя по промыслам. Недаром гласит пословица: «Хорошие дети обязаны хорошей матери». Значение матери громадное. Конечно, может влиять и отец – вообще семья, обстановка; как говорить по этому поводу пословица: «Что видел в гнезде, то и берет». Говоря о судьбе молодого поколения, нельзя не упомянуть о значении окружающей среды, людей. Насчет этого также существует сентенция: «Если хочешь сделать хорошими детей, то имей соседями тех, которые умеют ухаживать за своими детьми». Для успешного достижения цели, как сказано выше, необходимо учение, на которое у нас мало обращают внимания. Безграмотные родители вовсе не заботятся о детях; им даже дают имена странные. Дети до юношеского возраста проводят время праздну, ни на что его не употребляют, затем делаются волокитами, никуда не едут, видят только голую степь. Что же они могут приобрести? Еще один из важных вопросов, касающихся нашей жизни, – тот, что необходимо лучше поставить брачное дело, не соче-

тать молодых людей произвольно, нужно сообразовываться с условиями жизни. Очень желательно не обручать их в очень молодых годах; пусть они достигают юношеского возраста. Тогда они сами могут сойтись по желанию, влечению сердец. Действующий у нас калымный обычай кажется неудовлетворительным, нецелесообразным, ибо очень часто не бывает взаимного согласия сочетающейся пары. Такое несогласие нередко бывает причиной зла. Для предотвращения могущих происходить раздоров между брачащимися необходимо взаимное их расположение, которое приобретает близким знакомством. При таком порядке вещей несогласие не может иметь места – разве редко впоследствии?.. Таким образом, вступление в супружество дело серьезное в жизни каждого человека, потому и есть о чем подумать. Это не есть временное коммерческое товарищество, временно вести дело и расстаться!..

Семейная солидарность, как известно, много влияет на детей. Теперь несколько слов о последних, на воспитание которых также мало обращается внимания. Им прежде всего следует дать должное имя и в младенчестве хорошо ухаживать в гигиеническом отношении. Воспитывающая их женщина должна содержать себя чисто и нравственно ввиду возможности влиять на питомцев. По мере возраста у ребенка нужно развить нравственные задатки, направляя по пути морали. Полезно соприкосновение с хорошими людьми. С 6-7 лет необходимо приступить к обучению грамоте, причем нужен достойный мулла-наставник, соответствующий своей роли. Он должен быть хорошо знаком со своим делом, методичен, нравственным и имеющим надлежащее свидетельство о своем знании. Следует избегать малограмотных вертопрахов, деморализованных и бывших в услужении у татар или сартов-спекулянтов: они только портят молодое поколение. Полезно развить в детях уважение к достойным людям, примеры которых весьма дороги; действовать нужно путем нравственных наставлений, сообщениями о разных противоположных лицах. Гласит другая пословица: «Жену приучай сначала – дитя с молодости». Желательно придерживаться хоть таких прежних изречений. Жаль, что этого не принимают в соображение. Также необходимо дать детям постепенное религиозное понятие о жизни, о ее условиях, нравственном долге человека к родителям, родственникам

и обществу. Затем представить сведения о государстве, о долге ему, обязанностях Государю Императору, под покровительством Которого на земле благоденствуем, и развить любовь к Нему, обучить молитве о здравии и благоденствии Царствующих Особ и процветании отечества.

Тұрмыс жайында болған хабарлар

Биылғы қыс көшпелі халықтың есінен қалмастай болды, өткен 1890-ыншы жылға қарағанда. 1-ші мартқа шейін қыс жақсы болып тұрды. Марттың басы әбдеке деген күн түске шейін күн құлақтанып, бір жылынып, бір суынып тұр еді. Түстен кейін жел оңнан болып, солғындау боран болды. Сонан марттың жетісіне шейін ашылмай, қар үстіне қар жауып, жерге ақша қар қалың түсіп, 8-інші мартта күн ашылды. 9-ыншы мартта, сенбі күні қар еріп, сол кеткеннен кете бастады. Марттың 15-іне шейін жердің қарлысынан қарасы ден болып, мал бір тойынып тырандап қалды. 16-ыншы мартта және сенбі күні жел терістен болып, ақша қар жауып, 17-інші күні бораңқырап және ақша қар жауып, жердің жүзі жұмыртқадай аппақ болып жатып алды. Сонан бұл қар жиырма үшінші мартта кетіп, жер дүние тағы бір қарайып, суырлар шығып, жан-жануарлар ракаттанып, қара жерден шөп жеп, өз аяғымен су ішіп, әр нәрсе өзіне-өзі келіп қалды. 26-шы мартта сенбі күні жел терістен болып, қар жауып, бұл ақша қар мейлінше қалың түсіп, бір терістен, бір оңнан борап, ерсілі-қарсылы болып, шиырлап жатып алды. Бір күннен бір күні суық болып, жел шығып, сүйегі жұқарып, шыңы жетін тұрған мал даладан шөп алып жей алмады. Алты айға деп өлшеп үйген пішен, қыс жеті ай болып кеткен соң, таусылып, қолдан саларға малға дәнеме болмады. Қой, қозы жалғыз-жарымдап өле бастады. Қозысын көтере алмай, көтерем болып саулық өлді. Енесінен сүт шықпай, тамаққа жарымай қозы өлді. Жұрттың «он екі ай шығып, бір ай тығып» деген жалғыз айы осы еді. Бұл айдың өзі мұндай қыс болып, қысыңқырап кеткен соң, қысқы қызылдың таусылған уақыты, жаңалап мал союға пышаққа жарарлық мал болмай, қайдағы құрт, қарындағы май, пұттаған ұн, қадақтаған май, – бәрі бірдей таусылып, халық осы бір он бес күн, жиырма күн, марттың 26-сынан апрельдің 20-сына шейін сондай ақыршылық болып қысылды. Алла пана берсін, «бұрынғы жуан

сорлы, жіңішке үзілуге тақады» – деген бекер екен. Жіңішке өлуге тақалып, жуанның өзі үзілуге тақалды. «Сорлы балаға сорлы қатын жолығады» – дегендей, Баянауыл, Қызылтау, Далба үшеуінің ортасында сегіз болыс Сүйіндіктің байлары, мал иелерінің өздері де ашаршылық көрді. Қысқы тамақ таусылып, малдары осындай халде болды. Сөйтсе де, аш болмасқа тырысты. Бекен байдан ұн сатып алып: «Пұтын екі теңгеден» – деп. Осында да сорлылық қалмады. Неге десеніз, сатып алған ұны қызған екен. Ұн сатып алған мырзалар, байлар ғайбаттайсыздар Бекенді – қызған ұн сатқаны үшін. Рас, мұнысы мақұл емес. Не қыласың, мінеки, өздеріңіз баймын деп мұрындарыңызды көтересіздер. Не себепті өздеріңіз сол байлығыңыз бардан пайдаланбайсыз. Мәселе өздеріңіз егін салмайсыз, зиян болар ма еді, егер де өздеріңіз көп сатып алып қойсаңыздар астықты. Егін көп шыққан жылы һәм қыс қатты болған жылы кедей бейшараларға тиісті бағаменен сатсаңыз, Бекен қу құсамай. Сонда өздеріңіз де тоқ һәм кедей бейшаралар да тоқ болар еді. Мен болыстыққа таласатын ақшаға сатып ал демеймін. Сол ақшадан басқа сандығыңызда жатып шіруге тақалған ақшаға. Егер де жақұт етіп пайдалансаңыздар, өздеріңіздің байлығыңызбен биылғы қыста жуан созылып, жіңішке үзілмес еді.

Из Баян-аула

Нынешняя зима в сравнении с прошлой 1890 г. была памятна для кочевников. До первого марта нынешнею зимою погода стояла благоприятная. С этого числа погода изменилась – то холод, то тепло, северный ветер все усиливался, сопровождаясь небольшими буранами. Ненастье продолжалось до 7-го марта, в продолжение которого выпало снегу довольно много. После бурана снег начал таять. Начиная с 8-го до 15-го марта выпавший снег весь растаял, так что исхудалый скот мог достать себе корм беспрепятственно. Такая благоприятная погода стояла долго. 16-го марта подул снова юго-восточный ветер; снег падал хлопьями, а 17-го опять был буран, так что вся степь покрылась снегом, как зимою. С 23-го марта была оттепель, продолжавшаяся три дня, в это время скот снова оживился духом и бродил везде, легко находя подножный корм. Наконец наступил тот продолжительный зло-

памятный день 26-го марта. В этот день направление ветра не изменилось, а только поднялся сильный буран, снегу выпало очень глубоко; вместе с тем был страшный мороз, продолжавшийся до 20 апреля. Все это действовало на исхудалый скот очень губительно: он был не в состоянии доставать себе корм, почему принужден был голодать. Сено, запасенное хозяевами на шесть месяцев, тоже вышло; вследствие чего произошла потеря в незначительном количестве мелкого скота. Да и сами хозяева тоже испытали голод: все съестные запасы, припасенные к зиме, истощались. Надежда их на скот была плохая, почему они находились в критическом положении. Хотя была возможность достать себе хлеб у купца Бегена, уплачивая за пуд по 3 руб.; но и тут преследовала неудача, потому что купленная ими мука оказалась залежалой. «Г.г. богачи-покупатели, вы обвиняете Бегена за то, что тот продавал свою испорченную муку очень дорого; конечно, это не одобчительно со стороны Бегена. Что ж делать?! Вот вы сами, ссылаясь на богатство, задираете свой нос кверху. Но почему вы не пользуетесь своим добром? Положим, сами не занимаетесь хлебопашеством, а что, вредно ли вам было бы, если бы вы накупили в запас в урожайный год хлеба и стали бы продавать с следуемым барышем, не так жадничая, как Беген, тогда были бы сыты и сами и нуждающиеся бедняки, которые, покупая хлеб по умеренным ценам, не голодали бы. Не говоря уже про те деньги, которые откладываются вами на состязание за должность волостного Управителя, или те, которые лежат без употребления и, как мука, начинают портиться от долгого лежания. Если бы вы умели пользоваться своим добром, нынешняя зима не влияла бы на вас так, как по пословице: «Толстый удлинится, тонкий разорвется».

Ноғай хикаясы

(адамзатты жаратқан турасынан)

Адамды жаратқаннан кейін Алла тағала оған қарап айтты:

– Саған бердім отыз жыл ғұмыр!

– Я, Алла, оның аз, – деп қапаланып адам айтты:

– Ғұмыр сондайын жақсы, һәм онда сонша жақсы қызықты нәрселері бар дүр. Көңілімнің қалағанының хисабы жоқ. Мұндай аз

уақыттың ішінде жақсылыққа тоймай қаламын, мархабат етіп қос маған тағы да бірнеше жыл ғұмырыма, – деді.

Алла тағала адамзатқа ешбір қарамайынша, басқа түрлі хайуанаты жарата бастады. Ол жаратты итті.

– Бердім саған ит, жиырма бес жыл ғұмыр. Сен адамзатқа шын жолдас боласың, үйін-мүлкін андып тұрасың, бірақ өзің аш, әр тараптан сені қуады, аштықтан қорадан, көшеден жиып-теріп жүресің қалған-құтқан нәрселер мен тастаған сүйектерді.

– Ой, мұныңыз көп, – деп жылап тілей бастады ит.

– Маған болады, 10 жыл ғұмыр берсең де, жаратушым, – деді.

– Иттің он бес жылын маған бер – деп тілей бастады адам.

– Жақсы ал, – деді.

Иттен соң Алла тағала жаратты есекті. Есекке айтты:

– Саған жиырма бес жыл ғұмыр бердім, – деп.

– Сен адамзатты тыңдаушы боласың. Ол саған мініп жүреді. Оның ауырлығынан сенің арқаң мүлде жауыр боп кетеді. Ол сені қуалайды қашан кім сен арып-шаршап тізеңді бүксең, ол сені ұрып-соғады. Оның көзіне сен бір қор жаратылған көрінесің. Ол саған айтуға басқа сөз таба алмайды, сені қор етні айтуға өзіңнің атыңнан басқа.

– Ой, жаратушым, мұның артықша бек көп, – деп есек шырылдап қоя берді. – Маған он бес жас та болады, ғұмырымды қысқарт – деп.

– Маған бер, жаратушым, оның он жыл ғұмырын, – деп қайтадан тілеп сұрады адам: бұ есек сенің мархабат етіп бергеніңді ұқпайды, бер оны мархабат етіп, маған.

Алла тағала айтты:

– Жақсы, мұны да ал.

Онан соң жаратты Алла тағала маймылды:

– Саған 20 жыл ғұмыр бердім. Сен ағаш бұтақтарында секіріп жүресің және бұтақтарға жабысасың, хәм сен тыныштықты білмейсің. Сенің жалғыз өңің күлкі болады. Беттерің тырысып жыбырлап, көздерің жан-жаққа алақтап тұрады.

– Ойбай, – деп қайғырады маймыл, – маған он жас та болады ғұмыр етуге. Ей, жаратушым мархамат етіп қысқарта көр!

– Маймылдың он жасын маған бер, – деп, қолын көтеріп адам сұрады.

– Жақсы ал, – деп оған жаратушы айтты.

Адам ғұмыр етіп тұра бастады. Отыз жыл ғұмыр еткені байқалмастан өтіп кетті. Ол ғұмыр етmiş мезгілінде рахат, көңіл қоштықтарын істеген оның жаны қоштықпенен, жүрегі ғашықтықпенен толған еді. Ол қапа дегеннің не екенін білген жоқ еді, һәм жоқтық, наукас дегендерді байқамаған. Ол жақсы рахатта тұрды қалағанынша, ғұмырының барлығы ұжмақ мысалында көрген еді. Тез уақыт ішінде-ақ отыз жылдан асып кетті. Енді иттен алған жасы жетті. Ол көшеден, қорадан һәм әрбір нәрсені жия бастады бір қорадан бір қораға, бәріне де шыдап жүрді. Иттен алған ғұмыры бітсе керек, есектен алған ғұмыры келді. Ауыр жүктер аркасынан кеткен жоқ. Оның қуанып қышқырған дауысы байқатып жібергенде, жараларына таяк тиіп қалады. Ол сонда бұдардың бәріне де шыдап жүрді. Есектен алған жасы тез бітіп қалса керек. Маймылдан алған жасы жетті, оны жас балалар қоршап алып айналдырды, бірі жеңінен, бірі етегінен тартып, ең үлкен немересі аркасына шығып, өңгесі сақалына, мойнына жабысты, ол бет-аузын жыбырлатып тырысып, балаларға күлкі боп қалды. Олар ертеден кешке шейін тыныштық бермеді. Түнде дем алу орнына ыңкылдап шығады. Бір күні ол ернін жымқыртып, бір күлкі істеп жіберейін деген уақытында орнында қатып қалып, ол мүлде жоқ боп қалды.

Татарская легенда

(о создании человека)

Сотворив человека, Бог обратился к нему: «Дарую тебе тридцать лет жизни».

– О Боже, этого мало, – жалостно простонал человек.

– Жизнь так хороша, в ней столько прелестей, желания мои так бесконечны, что в такой короткий промежуток я не успею ничем насладиться. Даруй мне еще несколько лет.

Но Бог, не обращая внимания на человека, продолжал творить другие существа.

Он создал собаку.

– Дарую тебе двадцать пять лет жизни, собака! Ты будешь верным другом человека, будешь беречь его дом и добро, а сама, голодная

и гонимая повсюду, будешь жадно собирать со двора и улиц отбросы и кости.

– О, этого много! – взмолилась собака. – С меня будет и десяти лет жизни, о Создатель!

– Дай мне пятнадцать лет ее жизни! – взмолился человек.

– Хорошо, возьми!

За собакою Бог создал осла.

– И тебе тоже дарую двадцать пять лет жизни. Ты будешь послушным орудием человека. Он будет ездить на тебе – от его тяжести твоя спина превратится в сплошную рану; он будет гнать тебя, и когда ты усталый и разбитый, склонишь колена, он будет бить тебя. Ты будешь самым презренным существом в его глазах, и он не найдет другого слова – более обидного для себя, как назвать его твоим именем!

– О, Боже, это чересчур много! – заголосил осел. С меня хватить и пятнадцати. Сократи мне жизнь!

– Дай мне, Боже, десять лет и его жизни, – вновь взмолился человек. – Этот осел не понимает Твоего дара. Даруй его мне.

– Хорошо, возьми и это!

Потом он создал обезьяну:

– Дарую тебе двадцать лет жизни. Ты будешь карабкаться по стволам дерева, цепляться за ветви, ты не будешь знать покоя. Один твой вид будет вызывать насмешки. Морда твоя будет постоянно кривляться, лапы дрожать, а глаза ходить по сторонам.

– О, о! – завывала обезьяна. – Мне и десяти лет достаточно. Сократи, о Боже, смилуйся, сократи!

– Дай мне и эти десять лет! – робко протянул руку человек.

Бог даже не взглянул в его сторону.

– Хорошо, возьми! – сказал Он.

И стал жить человек. Тридцать лет его жизни прошли не заметно. Он упивался жизнью, наслаждался ее дарами; он упивался природою, восхищался ее красотами. Его душа была полна поэзии, а сердце – любви. Он не знал, что такое страдания, боли и лишения. Ему жилось так хорошо, так привольно, что жизнь ему казалась сплошным раем. Но вот быстро перевалило ему за тридцать. Наступила пора лет, взятых у собаки. Он стал жадно собирать со дворов, улиц и помойных ям.

Его гнали из одного двора, а он входил в другой; его били и ругали, а он переносил в надежде, что собачья пора кончится. Но едва она окончилась, как наступила пора лет, выпрошенных у осла. Тяжелые вьюки не сходили с его израненной спины. Когда он, усталый и разбитый, останавливался, его толкали вперед, ругая и осмевая. Иногда, улучив минуту, он падал на землю, думая отдохнуть, но радостный его крик обращал на его лень внимание и острые палки пронизывались в его раны. Но он переносил в надежде, что пройдет скоро ослиная пора. Но едва перевалилась и эта пора, как наступило время годов, взятых у обезьяны. Его окружили подросшие дети и внучата; одни дергали его за рукава, другие за полы, самый старший внук взбирался ему на спину, а остальные цеплялись за бороду и шею. А он кривлялся, гримасничал, дергал глазами и губами на утеху деткам. Те с утра до вечера трепали его, а ночью, вместо сна, он только стонал. И в один прекрасный день, когда он, поджав губы, собирался скорчить самую смешную гримасу, он так и застыл на месте. Его не стало больше.

Туысқан – бауырларыма бір насихат

Әй, қазақ ағайындар! Жылдан жылға кедей болып, жоқ жерде малдарыңнан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көресіз?! «Қыс алды, боран алды» – дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, суықтан үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. Қазақта бір мақал бар: «Жаман Құдайшыл келеді» – дейді. Ол сөздің мағынасы құдай, құдайдың жазуыменен болды десеніз, бұл сөздің тұрғаны теріс. Өзі жаратқан мүлкін, өзі бар қылған мақұлығын құдай неге қырады? Кім болса, ол болсын, өзі жасаған нәрсесін өзі бүзбайды. Құдай тәбәрақ оттағала мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар. Ол мезгіл Ысырапыл (Исрафил)періштенің сұрын (сорын) үруімен (ұруымен) болмақ. Немесе осы болған борандарды Ысырапыл періште сұрын ұрды деп білесіздер ме?! Жок, жок! Ысырапыл періште ұрса дүниеден не қалмақ? Онда дәнеме қалмақшы емес!

Осыншама кемшілік, осынша қорлық қайдан келіп жатыр? Нығымет не екенін білмегендеріңнен. Ол нығыметтің қадіріне жетіп,

шүкірана қылмағандарыңнан болып жатыр. Құдайдың сендерге берген сансыз, есепсіз нығметінің қайсы бірін айтып шаршайын. Сонда да шүкіранасы өте тиісті болған зор нығметтердің бірсуін айтайын. Әй... көзбен қарап, ынсапты құлақпен тыңдайтұғын, ағайындар! Бұл дүниеде үстіннен қарап тұрған патша ағзам Хазіреттерінің барлығын, басында болған нығметтерден артық нығмет деп білуге керек. Не үшін десеңіз, патша ағзам Хазіреттерінің тахт тасырыпында, сая-дәулетінде болумен әркімнің басы, малы есендікте тұрады. Осы нығмет бір-біріне үстін қарап тұрған патшасына шын көңілмен тілеулес болу ең зор шүкіршіліктен саналады.

«Алыстан зілалл – сұлтан Алланың көлеңкесі» – деп айтылған. Құдай тағаланың көлеңкесі бар делінбейді, Кагбатолланы-Бәйталла деп атаған есепті. Бәйт деуменен ол құдайға ой болып табылмайды. Тек шарапатты, құрметті басқа ойлардан артықтығын білдіру үшін айтылады. Бұ да сол сықылды сұлтандардың шарапаты, құрметі басқалардан артық болғандығы үшін айтылады. Сұлтан деген сөздің мағынасы – не қыламын десе өзі ерікті, кісіден сұрап іс қылмайды, көңілі нені тілесе, соны қылуға шамасы келеді деген сөз. Ол сұлтан болушының кім болмағанымен жұмысыңыз болмасын. Алла тағала оттағала кәләм хадимінде... бұйырды мағынасы... айтқыл, ей Мұхаммед, Мәліктердің мәлігі, Алла тәбәрак оттағала кімді тілесе, өзінің мүлкіне соны ие қылады деп. Олай болса, құдіреті күшті құдай өзі қалап бірсыпыра мүлкіне ие қылып қойған соң, біздер сол патша ағзам хазіреттерінің қазған жолында, шашылған топырағында болып, кеше, күндіз дәулеттерінің артылмағанына дұғада болсақ керек.

Біз осы күнде ел аралайтын жаудан, ірге аралайтын даудан, аузы қанды бөріден, қолы қанды ұрыдан, аман-тыныш тұруымыз патша ағзам хазіреттерінің жәмиясында болғандықтан.

Кеше XVIII ғасырдың ішінде Қазақ уалаятында «Қоқан заманы» деген заман болды. Сонда қазақта мақал болып қалды: «Ақжалау барда малым бар деме, Әзірейіл барда жаным бар деме» – деген сөз. Ол «Ақжалау» – деген Қоқан хандарының ел шабатұғын қосыны екен. Ол «Ақжалау» ат үстінде, жүргенде қазақтың малында, басында, қатын-қыздарында ерік болмады. Қазақты шапқанда, қандай шапты, атқамінер, сойыл ұстарын тегіс қырып, бесіктегі балалардың ұят жерін қаратып, еркек кіндіктен дәнеме қалдырмай, мал-жан, үй-

мүкәмалын қосындағыларға олжалы қылып, қатындарын апарып күң орнына жұмсады. Жалғыз жарым еркектерді «Ақжалаудың» ат үстіндегілері хандарынан, колбасыларынан жасырып, ұрлап, өлтірмей, тірі алып кетіп, Ташкентте Қоқанның ар жағында Қанбағыс, Досбағыс деген қырғыздың еліне жиырма бес ісек – тұсаққа сатады. Сонан өлмей, тірі құтылып келген шалдардың талайымен сөйлесіп, осы әңгімені өздерінен естідім. Сонда аса зорлық қылып шапқанда, біздің Арғынды, оның ішінде Қуандық, Қаракесекті баса шапқан екен. Сол шабыншылықта жетім-жесір болып, Алатау, Қаратаудың Қокан, Ташкентке қараған қазақтарының қолында жеті-сегіз жасында олжасында қалғандардың кемпір болған күнінде талайына жолығып сөйлестім. «Баяғы Арғын ауғанда, «Ақжалау» шапқанда, олжада қалғандарымыз» – деп сөйлесті.

Осы Қокан заманы өтіп, император ағзам хазіреттеріне бағынғаннан бері жесір қатын, жетім бала малына ие болып, қазақ жұрты асын тыныштықпен ішті. Бізді осындай амандықта сақтап келген ұлық патшаға әркім шын көңілімен дұға қылса, өзі ақ ниетте болып, шын көз жасыменен заманның түзелмегін үміт қылып құдайдан сұраса, заманның түзелуіне, әркімнің істеген ісі ілгері басуына мен кепіл. Құдай тәбарак оттағаланың сөзі Құранды қараңдар, пайғамбар сөзі хадисті қараңдар, сол екеуінде айтылған сөз хәләп болса, не қылсаңдар, о қылыңдар, мен ризамын.

Бар білгендерін: «Жұрт бұзылды!» – дейсіңдер, жұрттың бәрін аралап жүріп, ішек-қарнын ақтарып көріп қойдың ба?! Өзің бұзылған үшін айтасың. Қазақ мақалында да айтады: «Өзі ұры жұрттың бәрін ұры дейді, өзі қары жұрттың бәрін қары дейді», – деп. Сен де өзінді үйінде отырып түзетші, ақжүрек, ақпейіл болып, шын ықыласын, көз жасыңмен халық жұрттың пайдасына, һәм жұрттың басқарушысы болып тұрған патша ағзам хазіреттеріне – ғаділетті, мархабатты болуына тілектес болшы, заман да түзеледі, адам да түзеледі.

Жұрт жиылған жерде патша ағзам үшін тілек тілеп, дұға қылудың нұсқасы мынау: «Ярып! Өзіңнің пақыр құлдарыңның дұғасын қабыл ет. Ярып! Осы күнде, осы сағатта бірнеше жұрттың бастығы болған патша ағзамның ғұмырын ұзын, өзін бақытты қылып, әр жерде керек соғыста, керек ояу, керек ұйқыда болсын, көңіл тыныш қылсаң еді!

Ярып! Саған ғана ғибадат қыламыз... Ғазиз патшамыз біз құлдарына әрдайым ғәділ, шапағатты болып, өзінің ғақыл, нұрын бүтін мемлекеттің пайдасына сарып етсе еді!

Ярып! Әумин!

II

Біреуден біреу көре қалған заман ғой. Біздің қазақ бейшара: «Ораза жоқ, намаз жоқ құдай деген жанбыз» – деп жүрген, жайылулы мал сықылды, жосулы аң сықылды, союға, сатуға мал емес, атып алуға аң емес. Сарыарқаның иен шөбінің байлығыменен шаруа күтін, мал бағып, ғылым – білімнен, әр түрлі үлгілі-ғибратлы өнерлерден... едидиция болмай, нөл орнында қалған жұрт еді. Солдаттықтан қашқан құмыра бөрікті, толағай басты ноғайлар келін: «Бәдәуім», «Кесікбас», «Ақыр Заман» – деген кітаптарын оқытып, өзі құдайдың бұйрығынан, ақ патшаның құрығынан қашып жүрген қулар Россияның жұртын жамандап: «Патшаның бізге қысымшылығы осындай, қаһары қаттылығы осындай» – деп, құдайды ұзынқұлақтан зорға естіп жүрген қазақты шөптің басынан үріккен қойдай, ай жарықта көленкесінен қорыққан қояндай қылып.

Россияның бас хакімдері қазаққа: «Қала сал, балаңды оқытуға бер!» – десе, біздің ноғай да осыларды айтқан: «Осындай қиялап барып тозаққа түсірген, – деп, – қала салсаң, шіркеу сал, – дейді, балаларыңды орысша оқытуға берсең, солдаттық алады» – деп, көнсктен шошыған биедей қылып шошытып, ғұмыр бойы өзіменен жерлес, сулас, отғас, ораздас болып тұрған Россия жұртыменен ынтымағын қосуға келтірмей, қазақтың ақылсыз надан қатындарды дуана келеді деп өз баласын өзі қорқақ қылып үйреткендей жаман қылып, көк миль қылып жіберді.

Ферғана заманынан ақ патшаға қарамай, қашты, қуды, бірін-бірі иттей талап жүрген заманның кезінде өз басын өлімнен алып қашқан сарт-сауанның қулары олар да келіп, қазақ ішіне молдалық қылып, бала оқытып, ол кеше Батыр ханнан, Мәделі ханнан, Құдияр ханнан – солардан қорқып қашқандар. «Қайда патша болса, халыққа қылатұғыны осындай зорлық-зомбылық!» – деп, ғылым-білімі жоқ надан жұрттың қылған патшалығын ғылым-білімді әдебиеттен

камыл жұрттардың патшаларымен бір бәс қылып сөйлеп, кара қазақтың көңілін жақсы ниеттен, ізгі пиғылдан айыруға көп себеп болды. Қазақ мақалында бұрынғы әулие өткен ата-бабалары айтып кеткен: «Қойды шартық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» – деп. Сол мақалдың хақиқатын, міне, біздер көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай болып нандық. Қазақ ішіне кім келеді? Онан қашқан, мұнан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді. Және соның бәрі де қазақты жер-көкке түсірмей мақтай келеді: «Дін де сенде, әулиелік те сенде, адамгершілік те сенде» – деп. Әсіресе бір әпендемін деген қулар араб жұртын жамандап, Мекке... Медине... екі шәріптің адамдарын жамандап, ол жақта кісінің аузына өліп барамын десе, бір қасық су тамызар жан жоқ, Әулие онда емес, мұнда... Шарапат онда емес, мұнда. Машайх та осында, дін де осында... өзге жұрт бәрі аштан өлейін деп, қырылайын деп тұр, – { дейді}.

Сонан соң қайтсін бұл сорлы қазақ! Ноғайдан келді қазақтың өзін мақтады, өзгенің бәрін жаманға қойды. Сарттан келді, о да осыны айтты. Әпенді келді, ол бәрінен асырды. Сонан соң бұл қазақ ойлады: «Біз болған екенбіз, жетілген екенбіз, дүние де бізде екен, әулиелік те бізде екен. Дүниеде не жақсылық – бәрі бізде екен» – деп. Дәнемені керек қылмайтын мұнсыз болды. Құдайдың бізден аяған дәнемесі жоқ екен. Осы келіп жүргеннің бәрі судырап тұрған молда ғой, әулиелікке жеткен ишандар ғой, дүние жаман болса, сонша жерден осындай жақсы жетілген кісілер неге келеді?! «Дүниеде төрт түлік малдан асылды құдай жаратқан жоқ екен, қазақтан асыл жұртты жасаған жоқ екен де, Сарыарқадай жер қайда барсаң да, жоқ екен!» – деп. «Қыс болса, жылқының қазы-қартасындай тамақ қайда? Жаз болса, қымыздан артық шарап қайда?!» – деп, шалқасынан түсіп жатты да қалды. Наданшылық пенен ғапылдықты скі жағына екі қыз алып жатқан кісідей құшақтап қатты да қалды. Елді қортық бүлдіргені – осы. Айта берсем, ақыры және бар.

Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан

Жапанда жалғыз тағы боп жүрген бір түйеге қаңғыған бір жалғыз түлкі ұшырапты. Екеуі жолдас болып кете беріпті.

Бұларға бір қасқыр кездесіп, үшеу болыпты. Үшеуі жолдас болып кете барыпты. Сөйтіп келе жатса, алдарынан бір арыстан жолығыпты. Төртеу болған соң, «түгел болдық» – деп қуанысып:

– «Біреуден екеу жақсы, екеуден үшеу жақсы» – деген осы екен-ау! Айлас-мұндас, ордалы құлан, рулы ел, ұялы терекпіз, – десіп жүріпті.

Шөп табылады, су да табылады. Түйенің азығы түгел болған соң, екі өркеші екі баладай, әбден жетіліп семіріпті.

Түлкіге тышқан жоқ, қасқырға қой жоқ, арыстанға ең аяғы қоян да жоқ. Бұларға арықтық кіріп, аштық жүдете бастайды. Үшеуі түйені күндеп, семіздігіне сұқтанып, көзін жоғалтуға ұйғарысыпты.

– Бұған әлімжеттік қылып, тарпа бас салуымыз ұят болар, жолдас ақысы бар ғой. Мұның есебін қалай табамыз? – деп, үшеуі кеңесіпті.

Сонда түлкі бәлекет жымың етіп:

– Маған ерік берсеңдер, мен оны өз ырзалығымен-ақ қарашығын батырып, үнін өшірер едім, – депті.

Арыстан да, қасқыр да:

– Е, жарайды, бізге тек есебін тауып, тамақ түсірудің қамын қыл, – десіпті.

Анау екеуі тамақ аулап кеткенде, түлкі түйенің қасына келіп, солқ-солқ жылай берді дейді.

Сонда түйе маңқиып:

– Түлкішегім, қарындасым, неге жылайсың? – деп сұрапты.

– Жыламай қайтейін, мына өзге үшеуіміз бір төбе, сен бір төбе едің. Көрнектіміз де, көріктіміз де сен едің. Қараңды көріп, ішпей мас, жемей тоқ болып жүруші едік. Сенен айырылып қалсақ, құтымыз қашады-ау, қарнымыз ашады-ау деп жылаймын, – дегенде, түйе шошып кетіп:

– Түлкішегім, әлде жаман түс көрдің бе? – депті.

– Тәйірі, түсті айтып тұрғанын. Бұрынғылар: «Түс – түлкінің боғы» – демеді ме? Қылышын сүйретіп қыс келді. Түйенің шудасынан қар жауады, оңды-терісті боран соғады. Шөп қар астында қалады. Мына үшеуіміз інге кірсек те жан сақтаймыз. Сенің құрықтай мойнын бар, сырықтай сирағың бар, екі өркешің анау-мынау қораға сияр емес. Осы байғұс жел өтпейтін жабуға сүйеніп, асты құрғақ жылы қорада жатып, жан сақтап жүрген мал еді. Үскірік аязда босқа өліп қалады-

ау деп, ішім елжіреп, бүйрегім бұрылып, бауырым езіліп, сені қимай жылап тұрғаным ғой, – дегенде, түйе түлкінің бұл сөзіне қатықтай қатып, сүттей ұйып:

– Маған бір ақыл тауып бер, – депті.

– Таптым ақылды, мына арыстан, қасқыр, мен – үшеуміз он екі қойға сенін құныңды толықтырып кесіп алайық. Біз не қыламыз десек те, сен көне бер. Сол көнген ақыңа жарқырап жаз шыққанда, жүнін желкілдетіп, құйрығын жайқандатып, он екі қойды алдыңа салып берейік. Он екі қойдың жабағысы өзіне қандай жылы жабу болады?! Көдеден жіп ширатып, селеуден ине істеп, өзім қандай ұқсатып сырып, жабу ғып беремін? Келер қыста қандай сұрапыл боран соқса да, тонбайсын, – деген соң, түйе есі шығып:

– Жарайды, түлкішегім, – деп, көне қойыпты.

Арыстан мен қасқыр келген соң, олар да түлкінің айтқанын құптап, түйе де:

– Оған ырзамын. Тек қойды жарамды ғып берсендер болады, – дей беріпті.

Түлкі мен қасқыр түйені сойып жатыр дейді. Сонда түлкі:

– Бұл жарықтығыңның өзге еті бір төбе, ішек – қарны бір төбе ғой. Дүниеде түйенің ішек-қарнынан тәтті тамақ болады деймісің, – деп күбірлей берді дейді.

Түлкі соны айтқанда, қасқыр мен арыстан:

– Е, оны қалай жейміз? Былғаныш қой, – депті.

Сонда түлкі тұрып:

– Жаман-жұман қатындар қандай оңдап аршып, судан таза, сүттен ақ қылады! Айналайын арысекем өзі барып, дария көлге малшып-малшып алып келсе, қандай тап-таза болады?! – деген соң, арыстан дырдай болып, мақтанып:

– Мен болмасам, сен екі итке тазалық қайда? – деп, ішек-қарынды арқалап ала-ақ жөнелді дейді.

Түлкі мен қасқыр арыстаннан айбынып, қаһарынан қаймығып, бір жапырақ тата алмай, өліп-өшіп ынтасы кетіп, құлкыны құрып барады. Әбден шыдай алмаған соң, түлкі қасқырға:

– Жерік асын ғой, көзін ойып жей ғой, мен миын жейін. Арыстан жоқтамас, жоқтай қалса, мидың жауабы даяр. «Көзін неге жедің?» – десе, маған жалт қара, жауабын мен беремін, – депті.

Бір мезгілде арыстан келіп, түйенің етін түгендеп, шскенің ішінде миының жоғын көріп:

– Ми қайда? – дегенде, түлкі жұлып алғандай:

– Таксыр, сізге не болды? Түйеде ми болушы ма еді? Миы болса, өзін-өзі он екі қойға саудалап, өлімге басын байлай ма? – дегенде, арыстан басын изеп:

– Оның да дұрыс-ау! «Түйеде ми болады» – деп тұрғаным – менің де миым жоқтығы ғой, – депті.

Арыстан көздің жоқтығын көріп:

– Көзі қайда? – дегенде, қасқыр түлкіге жалт қарапты.

Түлкі:

– Маған несіне қарайсың? Мана саған: «Жеме!» – дегенде, болып па едің? «Жеме» – десем, тіл алмайсың, түйеде көз болмайды деп, өмірі айтпаған өтірікті қалай айта алам? – дегенде, арыстан қасқырға тап беріпті. Қасқыр каша жөнеліпті. Екеуі бірін-бірі қуып, дөңнен дөң асып көрінбей кетіпті.

Түлкі түйенің қаны-жынын, бір тал түгін қалдырмай, іннен інге, көрден көрге тығып, жып-жылмағай, жым-жылас қып, қарап отырыпты.

Бір мезгілде әбден алқынып, ырсылдап, екі танауы шелектей боп арыстан келіпті. Келіп, жан-жағына алақ-жұлақ етіп:

– Е, түйенің еті қайда? – дегенде, түлкі дым көрмеген немеше:

– Ойбай, сендер жемей жатып, қырық пышақ болып, жан-жалға кірістіңдер. Біріңе-бірің бір жапырақ етті қимай, алас ұрып берекелерін кашты. Өзді-өзің бүйтіп жатқанда, соңыра маған он екі қойды қалай бересіңдер?» – деп, түйе ұшып түрегеліп, тайраңдап-тайраңдап кетіп қалды, – деген соң, арыстан анкиып тұрды да қалды дейді.

Түсініктер

1. Бұл 13-том басындағы «Адам тәні туралы» (бірінші әңгіме), «Құтырған ит пен наданды салыстыру» әңгімелері әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 4-папка, 251-254 беттерінен алынса, бұдан кейін 5-папкадан келтіру басталады.
2. «Нух пайғамбар мен бір кемпір» әңгімесінің бірінші нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚК-да сақталған Мәшһүр-Жүсіптің 1176-папқасы (212 б.) мәтіні бойынша Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 6-томында (Павлодар, ЭКО, 2005, 53-54 б.) берілсе, бұ жолғысы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 5-папқасынан (1-2 б.) алынды. Жеке әріп өзгешелігіне тоқталмай-ақ, негізгі айырмашылықтарды көрсетіп өтсек, бұрынғыдағы «таһроп қылғанда» орынын осы нұсқада «білінгенде» сөзі иеленген.
3. Бұрынғыдағы «әулетіне» орнына бұ жолғыда «үрім-бұтағына» – қоныс тепкен.
4. Екінші нұсқадағы: «Маңайында еді» сөздері бастапқыда мүлде ұшыраспауымен ерекшеленеді.
5. Бұл үлгідегі: «деп айтылғандығы» – сөздері де әуелгіде мүлде жоқ.
6. Әдепкідегі үлгіде «қонбайтұғын» сөзі мүлде орын алмаған.
7. Соңғы «өзі де аман» сөздері де бастапқыда кездеспейді.
8. «Шегіртке» сөзі де бірінші нұсқада жоқ.
9. «Түбі-тегі Қыпшақ еді» – деп басталатын «Еділ-Жайық ертегісі» мәтіні де осы жазбадан (5-папка, 3-6 б.) алынып, 6-томда (47-49 б.) берілді.
10. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» – мақалының шығу төркіні» – мәтіні де осы жазба (7-12 б.) негізінде 5-томда (94-97 б.) жарық көрді. Осы орайда әңгіменің ең соңында берілген: «Мұнан соң хазірет Дәуіт ғалайссалам қатынды жібермей, [қам]атып қойып» – делініп, ескірген беттің іріп түсіп қалған тұсына тік жақша ішінде «қам» – сөзі енгізілсе, бұ жолы «қам» орынын «тоқт» әріптері иеленсе, «тоқтатып» сөзі қалпына келетіні анықталды.
11. «Сөз тапқанға қолқа жоқ – деген сөздің басы қайдан шыққан» мәтіні де осы жазба (13-16 б.) бойынша 5-томға (97-99 б.) кіргізілген.

12. «Байды құдай атқаны» – деп басталатын Шортанбай өлеңі бұдан бұрын ОҒКҚҚ-дағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1177-папка, 24 б.) бойынша 7-томда (88 б.) жарияланғаны мәлім. Бұ жолғыда сәл өзгешелік бар, бұрынғыда: «Кедей қайтіп күн көрер, // Жазбай жатақ жатқаны»-делінсе, бұ жолғыда «қайтіп» орнын – «қайтсе», «жазбай» – дегенді «жаздай» иеленген.

13. «Сарыбас мерген» әңгімесі осы жазба (5-папка, 20-23 б.) негізінде 6-томға (49-52 б.) енгізілді.

14. «Ұйқының әлегі» (Сарыбастың екінші бір әңгімесі) туындысы да осы жазба (5-папка, 24-25 б.) бойынша 6-томда (52-53 б.) жарияланды.

15. «Хазірет Ғақаша сақаба ан хазіретіміздің он жеті ұранды туын көтеріп еді» – деп басталатын «15 мәтін [Сахаба ұрпағы] (5-үлгі)» әңгімесі осы жазбаға (Мәшһүр-Жүсіп, 5-папка, 27-29 б.) сүйеніп, 8-томда (80-82 б.) басылды.

16. «[Құрып] бір қалдың, балам-ай» – деп басталатын шағын мәтін үзігі Мәшһүр-Жүсіптің «Әдһам диуана және Ибраһим» дастанының аяқталымын білдіреді. Дастанның екінші нұсқасы түрлі көшірмелер бойынша Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 3-томында (мәтіні:55-100 б.; түсінігі: 344-347 б.) басылса, кейін қолға тиген өз жазбасы (II-папка, 234-279б.) негізінде әзірленген бірінші нұсқасы 12-томда (20-60 б.) жарық көрді.

17. «Орманнан бір шал қайтты отын алып» – деп басталатын Ғафурахман өлеңдері бет шеті жыртылуы әсерімен толық сақталмаған.

18. «Жігіттер, сарандықты қылма кәсіп» – тармағы Мәшһүр-Жүсіптің «Ағашсыз жапырақ» өлеңінің төртінші шумағының басы. Бұл өлеңнің түпнұсқасы табылғандықтан да, бұған дейін Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинаушы, жерлес інілерінің бірі Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы көшірмесі бойынша Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1-томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 169-170 б.) жарияланғаны белгілі. Бұ жолы түпнұсқаға сүйеніп, 7-9 – шумақтарда өзгерістер бары анықталды. Мәселен, бұрынғыдағы: «Өзі істе кедей ессіз жөн білмейді» – деген 27-тармақ бір түрлі түсініксіз болса, кейінгіде ұғым нақтылана түскен: «Өзі есті, кейде ессіз, жөн білмейді». Сондай-ақ әуелгідегі: «Жомарттық қыл, жақсылық орнын тауып»

жолы (29-тармақ) кейінгіде ұштала түсуімен, мағына үйлесімімен ерекшеленеді: «Жомарттық, жақсылық қыл орнын тауып». Сонымен бірге бастапқыдағы: «Дайын-ды, қылған ісің нығыз болсын, // Дүниеде көретін өзің мың жыл» (35, 36 – жолдар) дегенде де түсініксіздік басым болса, осы жолы түзету енгізілді: «Дүниеде қылған ісің нығыз болсын, // Тұрмайсың дүниеде өзің мың жыл».

19. Мәшһүр-Жүсіптің «Опасыз әйел» дастаны оның баласы Мұхаммедфазыл (1890-1969) және Иманғали, т.с.с. көшірмелері бойынша 3-томда (мәтіні:42-54 б.; түсінігі: 343-344 б.) жарық көрсе, бұл жолғысы – ол дастанның екінші нұсқасының соңғы бөлімі көне жазба (ақын ұлы Мұхаммедшарафи (1886-1936) жазбасы болуы мүмкін) бойынша жеке ұсынылып отыр. Жеке әріп т.с.с. өзгешеліктеріне тоқталмай-ақ, негізгілерін атап өтеміз.

20. «... ұрғашының // Жазулы істей бір болмақ саны алты» – сөздері бұрынғыда мүлде жоқ, тек осы жолы енгізілді.

21. «Сөзім көп, айта берсем, мұнан да әрі» – деп басталатын шумақ бастапқыда ұшыраспайды, осы жолғыда бар болуымен ерекшелінеді.

22. Сонымен бірге бұл нұсқада үш шумақтың орыны ауысып берілген. Мәселен, «Жакқа-жакқа ұрады: – Патшағар! – деп» – тармағын мандай еткен екі шумақтық мәтін бұрын «Ысқақ айтты: Бұл қатын-менікі анық» – деп басталатын шумақ алдынан келсе, енді сол шумақтың соңынан орын алған. Сонымен бірге «Жемтікке алданғаннан болдың қарға» – деп басталатын шумақ та 4 шумақ кейін жылжып орналасса, «Өз ойында ойлайсын: «Бұл менікі» – жолын ту еткен шумақтың кейінгіде мүлде ұшыраспауы екі нұсқа өзгешелігін аша түседі.

23. Бұдан әрі жазылуы көмескі, т.с.с. оқылуы қиын болғандықтан, кейінге қалдырылды.

24. «Кіші жүз: Табын, Тілеу екеуін алыпты» – деп басталатын «Қазақ шежіресі, ру ұрандары» мәтіні осы жазба негізінде 10-томда (314-315 б.) басылды.

25. «Қарсұн-Керней: Жарылғап балалары» – деп басталатын Қаракесек шежіресі де осы жазба (5-папка, 42-43 б.) бойынша 10-томға (315-317 б.) кіргізілді.

26. «Қартайғанда қатының дұшпан болды» – деп басталатын Көтеш ақынның 3 шумақтық өлеңі бұдан бұрынғы 7-томда (мәтіні-

28 б.; түсінігі-311-312 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы өзгерісі бар соңғы екі шумағын (5-папка, 56 б.) келтіріп, айырмашылықты нақты көрсетуді жөн көрдік. Мәселен, жетінші жол аяғы бұрынғыда: «солар мінсін» – делінсе, бұ жолғыда: «бұлар мінсін» – делінген. Сонымен бірге тоғызыншы жол ортасындағы «деуменен» орнын – «дегенге», ең соңғы он екінші жол ортасындағы «даяр тұр» орнын кейінгіде «және бар» иеленген.

27. Көтештің «Келін-ау, сен де тексіз, мен де тексіз» өлеңінің екінші жолы басы бастапқыда: «сен неге» – делінсе, соңғыда: «сен мені» деп өзгерумен бірге өлең тууына себепші болған келін әрекеті де басқаша берілген. «Сонда бір келіні анадай алыс жүрін естіп қойып: «Тексіз, шіркін, не дейді, // Тексіз шіркін не дейді?!» – депті. Оны Көтеш естіп қойып, айтқаны дейді».

28. Жаңылтпаштың 7 топтамасы бұдан бұрын әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан (3-папка, 138 б.) алынып, 5-томға (103-104 б.) енгізілгені белгілі. Енді бұ жолғыны жаңылтпаштың екінші нұсқасы ретінде ұсынамыз. Мәселен, бұрынғыда: «Тігіселік, сөгіселік» – деп, екі рет қайталанса, бұ жолы оны «тігісейік» – «сөгісейік» – ығыстырған.

29. Алғашқыдағы «жайылып шыққан» – орнын кейінгіде «айналасы» сөзі иеленген.

30. Әуелгідегі: «тікпек» сөзі «тікнек» – деп өзгерумен бірге «ор киіктің» сөздерін «ор қоянның» – алмастырған. Сонымен бірге «сыпыра сілікпек» дегенді «отыра сілікпек» – ауыстырған.

31. «Беташардың» бірінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасы: Алматыдағы ОҒКҚК, 1170 папка (15-18 б.), әулеттік мұрағаттағы 4-папка (73-76 б.) бойынша 5 – томда (мәтіні: 14-16 б., түсінігі: 339-340 б.) жарық көргені мәлім. Енді бұ жолғысын (5-папка, 69 б.) мәтіннің екінші нұсқасы ретінде ұсынып отырмыз. Айырмашылықтарға тоқталсақ, алдымен «Шуылдама көп болар» жолының бұрынғыда мүлде орын алмағанын ескертеміз.

32. «Қолыма ұршық алдым, – деп» – тармағы да бастапқыда ұшыраспауымен ерекшеленеді.

33. Әуелгіде: «Қойды берсең, қонырдан, // Өсеріне оңдыдан» – делінсе, бұ жолғыда басқаша: «Қойды берсең, ағынан, // Өсер-өспес бағынан».

34. Бұл әңгіменің бірінші нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 1178-папка (717 б.) бойынша берілсе, бұ жолы басқа уақытта жазылғаны, түсінік т.с.с. өзгерістері ескеріліп, екінші нұсқа ретінде ұсынылды.

35. Бұл «Төйте тәуіп» әңгімесі әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасын (3-папка, 95 б., 140 б. және 5 папка 73 б.) бойынша 6-томда (мәтіні – 191 б.; түсінігі – 368 б.) жарияланғаны мәлім. Бұ жолы мәтін соңына қарай орын алған «бірдеме депті» – сөздерінің кезінде қате оқылғаны анықталып, оны «бердім, – депті» – деп түзету керектігі анықталды.

36. «Жағырафияда Тянь-Шан таулары» – деп басталатын мәтін осы жазба (5-папка, 78-79 б.) бойынша «4 мәтін. Географиялық мәліметтер туралы» – деген атпен 8-томда (56-57 б.) басылды.

37. Беттің төменгі жартысы жыртылып жоғалып, бізге жетпегендіктен, мұның алдында «Шиырбай әңгімесі» мәтінінің бас жағы ғана келтірілсе, бұ жолы «Абылай хан сауалы» әңгімесінің бірінші нұсқасы 6-томда (112-113 б.) жарияланса, екінші нұсқа аяғын осы жолы ұсынылып отыр.

38. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 5-папка (82-83 б.) ішінде 1909 жылы Ташкенттен келген Сермұхаммед Токтарбайұлы хаты және ол хаттын жолшыбай бөгелгені туралы дерек берілген: «Байменкөт баласы Шөкі ауылнай үйінің әбдіресінде жатып қалыпты. Сол хаттын екінші бетінде Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған өлеңі 1-томда (Бөгелген хат, 176-177 б.) жарық көрді.

39. «Арғын бабамыз тоғыз жүз алпыс тоғызыншы (969) нижыретте...» – деп басталатын мәтін осы жазба (5-папка, 102-103 б.) бойынша 10-томда (317 б.) орын алды.

40. Әулеттік мұрағаттағы осы жазбада (5-папка, 113-120 б.) және 8-папкада (1-8 б.) Мәшһүр-Жүсіптің «Мына заман» өлеңінің бастапқы 29 шумағы орын алса, «Шалқарбайдың Жүнісін ажал алды» – деп басталатын 30-шумақтан кейінгі соңғы 30-45 шумақтары Алматыдағы ОҒКҚҚ Мәшһүр-Жүсіп жазбасында (1646-папка, 215-218 б.) сақталған. Бұл өлең осы жазбалар бойынша бұдан бұрынғы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1-томында (Павлодар, ЭКО, 2003) басылды (мәтіні: 180-184 б.; түсінігі: 397-398 б.). Онда өлеңнің қайда сақталғаны, 1921 жылы жазылғаны қамтылған.

41. Мәшһүр-Жүсіптің «Хаятбакшы» дастанының әулеттік мұрағаттағы жазба (6-папка, 1-62 б.) бойынша алдымен екінші нұсқасы 3-томда (мәтіні: 113-174 б.; түсінігі: 349-357 б.) жарияланса, алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағаттағы кейінірек қолға тиген Мәшһүр-Жүсіптің ең көне жазбасы II – папка (330-383 б.) негізінде кейіннен 12-томда (72-123 б.) басылды. Бұрын айтылғандай, осы жазбада бастапқы 4 шумақтың жоқ екенін, оның көшірмелер бойынша енгізілгенін қайталап еске саламыз.

42. Нармамбеттің бұл өлеңі осы жазба мен (6-папка, 103 б.) және Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбалары (1176-папка, 382 б., 1645-папка, 143 б.) салыстырылуы нәтижесінде 7-томда (мәтіні: 158-161 б., түсінігі: 354-355 б.) жарық көрді.

43. «Кианилерінің уәлиі-Кикбад, Рүстем» – деп басталатын «Тағы бір дерек» әңгімесі осы жазба (6-папка, 123-124 б.) негізінде 9-томға (6-7 б.) енгізілді.

44. «Мәшһүр-Жүсіптің өлер шағындағы» өлеңінің алғашқы нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша 2-томда (мәтіні: 78-82 б.; түсінігі: 351-352 б.) жарық көргені мәлім. Онда бір мәтіннің екі бөлініп, екі жерде сақталып келген Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1645-папка (209-211 б.) және әулеттіктегі 3-папка (3-4, 7-12 б.) мәтіні біріктіріліп әзірленгені ескертілген. Біз бұ жолы сол мәтіннен кейін қағазға түскен, тек толық жетпеген оның айырма белгілері бар тұстарын екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз. Мәселен, бастапқы 6 тармақтың бұ жолғыда ғана орын алып, бұрынғыда мүлде ұшыраспауы бұл кейінірек қағазға түскен үлгінің әрі бастапқы бөлігінің бізге жетпегенін, әрі бастапқыдан біраз кенейе түскенін дәлелдейді. Сонымен бірге «Құлақ естігенді көз бір көрмек» – деп басталатын қара сөз түсінігінің үшінші сөйлемі бастапқыда: «Былтыр өткен 1928 жылы январдан бастап» – деп басталса (бұл ол үлгінің ең әуелі 1928 жылы қағазға түскенін көрсетеді), бұ жолғыда: «Біздің оз заманымызда 1928-інші жыл ғинуардан бастап» – деп сәл өзгертілген. Сонымен бірге кейінгі өлең соңындағы мына бір түсінік әуелгіде мүлде жоқ, тек осы жолғыда орын алған: «1931-інші жылында, жетпіс екі жаста жазған Мәшһүрдің өз қаламы. Жылы – қой еді, осы алдымыздағы марттың жиырма екісінде наурыз өтіп, қой жылы кіреді. «Тоқты күнінде, сек тұсак күнінде сөйлемедін. «Арық-тұрық кәрі саулық екен» – деме. Жұртта қой қалмады. Енді

сені соймағанда, шайтанды соя ма?!» Назар аударарлық жәйт: мұнда «1931-інші жылында жетпіс екі жаста» – дегеніне қарап Мәшһүр-Жүсіптің туған жылы 1858 емес, 1859 деуге де болатын тәрізді. Әйтсе де ақынның осы өлеңінің өзі: «Жылым қой, биыл жасым – жетпіс үште» – деп басталғанын, ақынның 1931 жылы көз жұмғанын дйттесек, мұсылманша жыл басын санау мен Еуропаша, кейінгіше жыл бастаудың сәйкес келе бермейтінін (Еуропаша жыл 1 қаңтарда басталса, мұсылманша ол март айында басталатыны мәлім) ескерсек, ақын жасын 72-де деу бірыңғай мұсылман үлгісімен есептеу көрінісі де, 73-те деу әрі Еуропалық, әрі мұсылмандық үлгіге сай келетінін аңғару қиын емес. Демек 1931 – жылдың март айына дейінгі уақытта ақын 72-де болса, марттан бастап 73-ке аяқ басты деуге негіз толық.

45. Мәшһүр-Жүсіптің «Мұхаммед пен Әбужаһил» өлеңі бұдан бұрын осы жазбадан (Мәшһүр-Жүсіп, 6-папка, Сұлтанмахмұт (Шолтым) көшірмесі 187-201 б.) алынып, 1-томда (43-50 б.) жарияланғаны белгілі. Бұ жолы таңба көнелігі, көмескілігі т.с.с. салдарынан сол кезде кеткен біраз ақаулар жөнделгенін сараптау үшін, қате ұшырасқан шумақтарды теріп келтіріп, өзгерісті нақты көрсетуді жөн деп таптық. Мәселен, бұрынғыда: «Күжілдеп үрген иттей кәпір төбет» – дегендегі соңғы сөз түсіп қалса, бұ жолы қалпына келтірілді.

46. Бастапқыда: «Емшек сүті аузынан еш кетпей» – делінсе, бұ жолы «еш» сөзі «исі» – деп ауыстырылды.

47. Әуелгіде: «Жаман күліп барады дуылдасып» – қалпында орын тепсе, енді «күліп» – дегенді «гулеп» сөзі алмастырып, ұғым нақтылана түсті.

48. Әдепкіде: «Мұнайтып қайтарма сен, ием өзі» – түрінде келіп, ұғым бұлдырлығы байқалса, кейін: «қайтарма сен» – «қайтармасын» – деп өзгерумен қатар «ием» сөзі бас әріппен жазылып, «Ием» дегеннің – Алла, жаратушы ұғымын беруге қолданылғаны анықталды.

49. Алғашқыда: «Бұрын туып (түсіп)» көрмеген еш мұндайды» – делініп, «туып-түсіп» – сөздерінде ұғым көмескілігі шаң берсе, енді оны «түйіп» сөзі ығыстырып, сөз мағынасы айқындала түсті.

50. Біріншідегі: «көрінбеді» сөзі «көрінбей» – деп түзетілді.

51. Алдыңғыда: «Санасаң, жұрт білді рас күшін» – делініп, кейінгі екінші, төртінші тармақ соңындағы сөздермен ұйқаспау

алға шықса, бұ жолы «күшін» орнын «көпсің» иеленіп, өлең ұйқасы қалпына келтірілді.

52. Бұрынғыда: «Сенімен күресу кәуір әлімсақ-ты» – қалпында беріліп, ұғым бұлдырлығы орнаса, енді ортадағы сөздер: «күресуге ауыр» – делініп, сөз мағыналары нақтылана түсті.

53. Алғашқыда шумақтың үшінші тармағы: «жанды» сөзімен аяқталса, енді ол «жанға» түрінде сәл өзгертілді.

54. «Тобықтыда: Кішеке, Самысты деген... елдің ішінде» – деп басталған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» дастанына өзек болған мәтін осы жазба негізінде (6-папка, 202 б.) 7-томға (157 б.) енгізілді.

55. «Көңіліңе тұт жаратқан Құдайыңды» – деп басталатын, яғни шығарманың 36 – шумағынан кейін өріс алған мәтінді Мәшһүр-Жүсіптің «Жетпіс бап» дастандар шоғырының екінші нұсқасы деп санаған жөн. Мәтіннің бірінші нұсқасы көп жылдар Мәшһүр-Жүсіп атқосшысы болған Иманғали Маненов (1903-1993) көшірмесі бойынша бұдан бұрынғы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары екінші томында (мәтіні: 96-345 б.; түсінігі: 353-378 б.) басылғаны мәлім. Ол түсінік бөлімінде шығарманың басқа да көшірмелері бар скені, Иманғали нұсқасы негізгісі деп саналса да, ара-тұра Жолмұрат Жүсіпұлы т.с.с. жазбалары да пайдаланылғаны туралы кең мәлімет берілген. Осы орайда шығармада орын алған араб-парсы сөздеріне (барлығы – 439 сөз) түсінік беру де сол 2-томда жете сөз болғаны ескеріліп, бұ жолы толық жетпеген, үзік күйінде сақталған екінші нұсқадағы араб-парсы сөздеріне тоқталмай-ақ (ол қайталау болар еді) осы екі нұсқа айырмашылықтарын бөліп көрсетумен шектелеміз. Сөз еткенде де, бұған дейінгі дәстүрімізді басшылыққа алып, бар әріп, сөз ерекшеліктерін тізе бермей, тек негізгі алшақтықтарды атап өтетінімізді еске саламыз. Мәселен, осы бастапқы шумақтың өзінде екінші тармақ бұрынғыда «сыйлап күт» сөздерімен басталса, енді ол «сыйлап жүр» – деп өзгертілді.

56. Бастапқыда (2-том, 101 б.): «Разы бол, берсе қаза, құдіретіне» – делінсе, енді ол: «Сабыр қыл, келсе қаза, құдіретіне» – деп жаңартылды.

57. Алғашқыда: «Жан кинап хақ бұйрығын айлағыл сап», – түрінде келсе, кейінгіде: «Бұйрығын шарифаттың айлағыл сап» – қалпына көшті.
58. Әуелгідегі: «Ақшаға, алтын, күміс назар салма!» – жолы да өзгертілді: «Жок нәрсеге, ағалар, көзің салма!»
59. Біріншідегі: «Бұл жалған бәрімізден өтеді тез» – тармағы да өзгеріске ұшырады: «Бұл ажал бәрімізге келеді кез».
60. «Сол нәпсі жігітлікте тыйылмайды, // Дүние қандай тәтті, қиылмайды» – жолдары да басқа күйге түсті: «Жел көңіл жігітлікте тыйылмайды, // Жан, шіркін, сондай тәтті, қиылмайды».
61. «Көп күнә харап қылар талай ерді, // Шайтанның нәпсі дұшпан тіліне ерді» – тармақтары да түбірлі жаңғыруға кез болды: «Орын бар жататұғын кара жерде, // Шайтанның нәпсі дұшпан тіліне ерме».
62. Сондай-ақ тармақ басындағы мына сөздер біріншіде: «жанынды эзірейіл» қалпында ірге тепсе, енді «эзірейіл шыбын жанды» – деп алмастырылды.
63. Сонымен бірге шумақ соңындағы «мұздай болып» – сөздері «мұздай суып» – делінумен де ұйқас сапасы арта түсті. Атап айтқанда, бірінші, екінші жол аяғындағы: «таза жуып», «жіпсіз буып» сөздеріне осы соңғы өзгеріс құп үйлесіп, толымды ұйқас тудырып тұрғаны анық.
64. «Көп сөз бар мұнан кейін тұра тұрсын» – жолын мандай еткен 99 шумақтық мәтін «Жетпіс бап» туындысының 2-10 бап аралығын камтиды.
65. Әдепкідегі: «Жаратқан тәннен бұрын ақыл-ойды», – жолындағы «тәннен» сөзін бұ жолы 6-папка (204 б.) негізінде «жаннан» – ығыстырды.
66. Бұрынғыдағы: «Басқышы, тірегі жоқ» сөздері орнын бұ жолы «Басқышсыз ашасы жоқ» сөздері иеленді.
67. Алғашқыда: «Бөлмесі әр сарайдың» – деп өрілсе, енді: «Болады әр шаһарда» – деп берілді.
68. Әуелгідегі «тәжді» – сөзін кейін «тісті» алмастырды.
69. «Өзіне» орнын «аузына» иленуі де – кейінгі жазбаға (6-папка, 207 б.) иек арту жемісі.
70. «Кәпірден» – дегенді «жауһардан» – деп ауыстыру да осы жолғы нұсқаға сүйену нәтижесі.

71. «Маклұқ бар әр дарияда ұшан-теңіз» жолы да түбірімен өзгеруімен ерекшеленеді: «Қосақталып, парланып – бәрі егіз».
72. Біріншідегі: «Отқа түссе жанбайды ғадаттары» екінші тармағы кейінгіде төртіншінің орнын иеленіп, оның есесіне әуелгідегі соңғы тармақ: «Әрқашан қабыл болған қажеттері» – бұ жолы алға шығып, екінші тармақ ретінде кіргізілді.
73. «Жеті көк, жеті жерді жалғыз ұстап» тармағын 6-папка (210 б.) бойынша «Жүргізін хүкіметін әрбір жаққа» – жолы алмастырды.
74. «Пісірді дене қылып» – дегендегі «дене» сөзі 6-папкаға (202 б.) сүйеніп, «кірпіші» болып өзгертілді.
75. Алғашқыдағы: «білер ме екен» сөздері де «білер мүмкін» – деп жаңғыртылды.
76. «Мұнша жақсы көресің неге? – дейді» – дегендегі аяққы сөздер «көреді ділің, – дейді» – деп ауыстырылып, ұйқас сапасын қалыпқа келтіру жүзеге асты. Салыстырсақ, бірінші жол аяғындағы «бұл кім дейді» сөздеріне «неге дейді» – дегеннен гөрі «ділің дейді» -неғұрлым жақын екенін байқау қиын емес.
77. «Тобықты-Құнанбай әкесі Өскенбайға ас беру үшін...» – деп басталатын мәтін Мәшһүр-Жүсіп, 6-папка, 216-218 б. негізінде бұдан бұрынғы 7-томда (151-153 б.) жарық көрді.
78. Қазақ мақалдарын түрлі жазбалардан жинап, оқырман іздеуін жеңілдету үшін, бұдан бұрынғы 5-томда (40-94 б.) алфавит реті бойынша басылғаны белгілі. Бұ жолы, түпнұсқада қалай жазылғанын діттеу үшін, екінші рет ұсынуды жөн деп таптық. Сонда көзіміз жеткені: кезінде көшірмелерге иек артқандықтан, «Кедей елдің көшбасшысы көп болады» – жеке басылса, бұ жолы ол Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (Мәшһүр, 6-папка, 218 б.) бойынша «Кері кеткен елдің кеңесі көп болады» – дегеннің екінші нұсқасы ретінде келтірілді. Ең дұрысы – осы соңғы үлгі. Сонымен бірге: «Атутаны билеген ел оңбайды, // Қатыны билеген үй оңбайды» – мақалының бұрынғыда ұшыраспай, тек осы жолғыда орын алуы алдыңғы нұсқамен шектелмеу керектігін дәлелдесе керек.
79. Бұл мәтіннің атауын: «Ғылым-білім» (сегізінші әңгіме) – деп атау себебіміз, біріншіден, мәтін мандайшасында Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен «Ғылым-білім» – деп жазуы себеп болса, оған «сегізінші әңгіме» – анықтамасы қосылуы бұған дейінгі Мәшһүр-Жүсіп

шығармалары он бірінші томында осы топтаманың 6 нұсқасы беріліп, он екінші томда «жетінші әңгіме» деген анықтама орын алмаса да, сол тақырып қайталанып, «Ғылым, білім туралы» – деген атпен берілгені (218-219 б.) ескерілді. Осының бәрін түйіндеп, бұ жолғы мәтінді сол бұрынғы «Ғылым-білім» әңгімелерінің сегізінші нұсқасы деп атауды жөн көрдік.

Осы орайда бұл сегізінші үлгіні бірінші үлгінің екінші бір көшірмесі деуге де негіз толық. Себебі Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170-папка (389-404 б.) мәтіні мен бұл мәтін (6-папка, 219-244 б.) көп ретте орайлас, үйлес келеді. Тек «Бір Алла құдіреті зор, өзі жалғыз» сөйлемі мұнда ең бірінші тұрса, онда жеті сөйлемнен кейін сегізінші болып келтірілген. Сонымен бірге «Адам мүшелері» өлеңі онда да, мұнда да орын алған. Әйтсе де жеке сөз, сөйлем ерекшеліктері бар екені, әр кезде әр қағазға жазылғаны ескеріліп, бұл жеке нұсқа ретінде ұсынылды.

80. Мәселен, осы мәтіннің бас жағында орын алған: «Үшеуі бір жерге бас косқан соң, адам болып селтиіп тұра келді» сөйлемі алғашқыда (11-том, 16 б.) мүлде орын алмаған.

81. «От пен судың арасына жел дәнскер болды» сөйлемі мен оған ілесе берілген 3 сөйлем де әуелгіде болмай, тек бұ жолы қосылуымен ерекшеленеді.

82. Бұл тәрізді айырмашылықтарды тізе бермей-ақ «Жан құлағын салып айтып, тыңдаушының жоғынан – далада тұрған молаға, иесіз қалған қораға айғайлай басым ауырды» – дегеннен кейінгі ұзақ мәтіннің алғашқыда мүлде орын алмауы да екі нұсқаны жеке-жеке ұсыну тиімділігін дәлелдесе керек.

83. Шоң бидің кигіз қадірі, оның ішінде кигіз үй құрамындағы түндік мәні туралы айтқан сөзі бұрын сөз арасында орын алса, бұ жолы жеке тақырыппен бөлініп көрсетіліп отыр. Бұл мәтін шешендік үлгіні, бұрынғы замандағы құн өлшемі, әдет-салт белгісін танытуға да қызмет ете алады.

84. Мәшһүр-Жүсіптің «Адам мүшелері» өлеңінің алғашқы нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ, Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170-папка, мәтіні (404-407 б.) бойынша бұған дейін оның «Ғылым-білім» бірінші әңгімесі ішінде Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 11-томында (Павлодар, ЭКО, 2007, 21-22 б.) орын алғаны мәлім. Содан кейін осы өлеңнің

екінші нұсқасы «Құдірет шеберлігі» – деген атпен 12-томда (264-267 б.) жарық көрді. Үш мәтіннің әр жылдары жазылып, түрлі қағазда орын алуымен бірге, сөз қолданыстарында да өзгешеліктер бар екені ескеріліп, бұ жолғыны (Мәшһүр, 6-папка, 223 б.) мәтіннің үшінші нұсқасы ретінде жеке ұсынғанды жөн көрдік.

Атап айтқанда, бұрынғыда үшінші шумақ басы: «Дәрігері: «Биле – деген – дәмін татып» – деп берілсе (бұл арада анық көрінбегендіктен, кате оқылуы орын алуы да мүмкін -Л.Ж.), бұ жолы: «Дәрігері біледі екен дәмін татып» – деп түзетілді.

85. Алғашқыда: «Ол құтта мүмие зергер керек ұсап» – делініп, екіншіде (12-том, 264 б.): «Ол қуат мүниме зергерге ұсап» – түрінде келіп, бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, бұ жолы (әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 6-папка, 223 б. бойынша ұғым нақтылана түсті: «Құрсағың машина қазанға ұсап (ұқсап)». Сонымен бірге өленнің соңғы шумағының екінші жолы «Бір ісін» – сөзімен басталса, бұ жолы 11 – томдағы «бересін» сөзі сақталды.

86. Мәшһүр-Жүсіптің «Ғылым-білім» әңгімелерінің ОҒКҚҚ, 1170, 1645-папкаларынан алынған 6 нұсқасы 11-томда орын алса, әулеттік мұрағаттағы 4-папкадан келтірілген жетінші әңгіме 12-томда жарық көргені мәлім. Енді сол топтамадағы әңгімелердің сегізіншісі әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 6-папкасы (219-244 б.) негізінде, тоғызыншысы сол папкадағы басқа уақытта басқаша жазылған жазба (245-259 б.) бойынша осы 13 – томға ұсынылып отыр.

87. Мәшһүр-Жүсіптің «Шонтыбай қажы» дастаны әулеттік мұрағаттағы 192 шумақтық осы мәтін (7-папка, 1-63 б.) бойынша алдымен «Жұлдыз» журналында (№ 11-12, 1995 ж., 148-161 б. Әзірлеген-Ертай Жүсіпов), кейін Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 3-томында (Павлодар, ЭКО, 2003 ж., 243-267 б.) Әзірлеген-Гүлназ Жүсіпова) жарияланды. Кейінгі басылым түсінігінде (363-370 б.) дастанның Алматыдағы ОҒКҚҚ-дағы 1171 –папка, 276 (457)-283 (461) б. сақталған белгісіз біреу көшірмесі және әулеттіктегі Жолмұрат көшірмесімен салыстыру жүргізіліп, мәтіндік сараптау берілген.

88. «Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» өлеңі де осы мәтіннен (7-папка, 64-68 және 107-108 беттерден) алынып, бұдан бұрынғы 4-томға (мәтіні:259-261 б.; түсінігі:473-474 б.) енгізілген.

89. «Жылым – кой, алпыс алты – тұрған жасым» – деп басталатын Мәшһүр-Жүсіптің «Той деген соң» өлеңі осы жазба (7-папка, 69-71 б.) негізінде бұдан бұрынғы 2-томда (31-34 б.) орын алды.

90. «Түзелер кашан жұрт боп мына қазақ» – деген жолды мандай еткен Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені» өлеңінің әулеттік мұрағатта екі бірдей нұсқасы (бәрі – акынның өз жазбасы) сақталған: 1. Мәшһүр-Жүсіп, 1-папка, 26-32 б. 2. Мәшһүр-Жүсіп, 7-папка, 96-101 б. Бұдан бұрын әулеттіктегі 1-папка мәтіні мен Мұхаммедфазыл, Жолмұрат көшірмелерін салыстыру нәтижесінде осы туынды бірінші томда (мәтіні: 96-101 б.; түсінігі: 385-388 б.) жарық көргені мәлім. Әйтсе де әрі көрінуі көмескі көне жазуды оқу қиындықтары, екінші үлгінің (Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 7-папка, 96-106 б.) кешендеп қолға тиюі салдарынан алдымен түсінік бөлімінде бет шекесіне жазылған ақын ескертпелері ескерілмеуімен бірге жеке сөздердің қате берілгені ескеріліп, бұ жолы өзгеріс бар шумақтарды теріп ұсынып, кейінгі толықтыруларды нақты көрсеткіміз келді. Бұрынғыда: «Жыландай ысқырумен төгіп зарын» (1-том, 96 бет) дегендегі соңғы сөз «зәрін» – боп өзгертіліп, өлең ұйқасы жақсара түсті.

91. Алғашқыда: «Кетіппіз болып кәпір, шығып діннен» – делінсе, және ол Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 7-папкасына (96 б.) сай болса, бұл жолы «кәпір» сөзі 1-папкада (26 б.) «болып» сөзінің алдында тұрғаны басшылыққа алынды.

92. Әуелгіде: «Жас ұлан мен жынысы әйел, кедей тобы» – делінсе, бұ жолғыда 1-папка (96 б.) негізінде сөздердің орны ауысуы ескерілді.

93. Әдепкідегі: «Онан күші аса алмас жан біткеннің» (1-том, 97 б.) дегендегі «аса алмас» сөздері «аса алмай» болып алмастырылуы екі жазбаға да сай келеді.

94. Әуелгіде (1-том, 98 б.): «Байлардың запыс болған таяғынан» – делінсе, бұ жолы 1-папка (29 б.) бойынша «әккі болған» – сөздерімен ауыстырылды.

95. Бұрынғыдағы шумақ басындағы «тоқтамадым» – дегенді «тоқталмадым» – деп, сәл өзгертумен қатар үшінші жол сонындағы «әрі Айдай» орнын «Ариайдай!» – алмастыруы да кейінгіге зер салу нәтижесі.

96. Біріншіде: «Ақша шамам» (1-том, 98 б.) – делінсе, кейінгіде «шамам» сөзін «шашсам» – деп ауыстыру жүзеге асты. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіптің 1-папкасы жазбасындағы бет шетіндегі ақынның өз қолымен жазған ескертпелері 1-томда (түсінігі: 365-388 б.) ескерілмеген екен, бұ жолы ол жетімсіздік толықтырылды.

«Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені» өлеңі жазылған алғашқы беттің (әулеттік мұрағат, 1-папка, 26 – б.) оң жақ қапталына сыналап, Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған ескертпе: «Боқтағы құрттай быжынаған тыңшылары, қораға байлаған төбеттей арпалысқан цензорлары – біздің аузымызды ашырып, аяғымызды бастырды ма?! Өз атам – «Мүсәпір», әкем аты «Жолаушы» – деп, қаңғырған күніміз де болды. Түннен қараңғы – қайғы, удан ашы – қасірет, қорғасыннан ауыр түңілу мен теңізден терең ойға шомылып, өмір өткіздік».

Осы жазбаның 27-бетінің сол жақ қапталына сыналап енгізілген Мәшһүр-Жүсіп түсіндіруі: «Дей бергіштік – мылжындық қылмайын» – дегені – сакал-мұрт қуарып, бойға біткен тамырдың бәрі бірдей суалып тұрған күнде теңдік, бостандық келді. Бізге онан не пайда?» Тағы да осы жазбаның 28-бетінің оң жақ қапталына Мәшһүр-Жүсіптің сыналаған ескертуі: «Қазақта мақал бар: « [Кері кеткен] нің саяғы далада жүріп тебіседі» – деген. Алқымнан алатұғын жау [жұ]тқан тамақ; желкеге мініп алған жау – кедейлік «Күн де күнін көреді тезек терген» – деген сөз бар. Нан тауып жеген күң қатарында [жүрген] кісі – өзінен басқаға – [пайд]асы тиген».

Сонымен қатар осы жазбаның 29-бетінің сол жағындағы ескертпе: «Бұл Мәшһүр айтқан: «Кісі[ні] әуре қылатұғын үш жын бар: бірі – оқу, бірі – хабар..., бірі – партия. Бес жасымда оқ[умен] айналыстым, ол бір жын. Он бесімде өлең жаб[ысты]... Осы екі жынның [әмір]імен өмір өткіздім».

Сондай-ақ 31-беттің сол жақ қапталындағы түсінік: «Жастық, жігіттік көктемдегі [көк сықылды], кәрілік қар астында қалған шөп сықылды қас...».

97. Мәшһүр-Жүсіптің «Хаятбақшы» дастанын иемденгісі келген біреудің әрекеті туралы дерек әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (8-папка, 169-176 б.) бойынша бұдан бұрынғы «Хаятбақшы» түсінігінде (Мәшһүр-Жүсіп шығармалары, 3-том, Павлодар, ЭКО, 2003, 353-357 б.) жарияланғаны мәлім. Бұл жолы келтіріліп отырған

мәтінде алдыңғымен (3-том, 353-357 б.) үндестік, ұқсастық орын алса да, көп ретте жана деректер қосылғаны т.с.с. ескеріліп, жеке мәтін ретінде тұнғыш ұсынылып отыр. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің шығармасын иемденгісі келушінің аты-жөні бұрынғыда келтірілмесе, бұ жолы оның «Айтмахамбет» деп аталатыны анықталды.

98. «Қыз жұмбағының шешуі» мәтіні де осы жазбадан (7-папка, 116-130 б.) алынып, 1-томға (мәтіні:319-321 б., түсінігі-431 б.) кіргізілді.

99. Мәшһүр-Жүсіптің «Түркістан сапары» өлеңі де осы жазба (7-папка, 131-148 б.) негізінде 4-томда (мәтіні: 150-157 б.; түсінігі: 452-455 б.) басылды.

100. Мәшһүр-Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі осы жазба (7-папка, 149-156 б.) бойынша алынып, басқа мәтіндермен салыстырылып, 4-томда, (мәтіні:272-275 б., түсінігі: 477-479 б.) жарық көрді.

101. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (7-папка, 156-166 б.) негізінде әзірлеген Абай Құнанбаев (1845-1904) өлеңдері 7-томда (128-150 б.) жарық көрді.

102. Мәшһүр-Жүсіптің «Көрінбес өз көзіне, тіпті өз бойына» – деп басталатын өлеңі осы жазба (167 б.) бойынша 2-томға (90-91 б.) енгізілді.

103. Бұл өлеңнің кеш ұсынылу себебі – шығарма басталымын білдірерлік Мәшһүр-Жүсіптің, не оның мұрасын жинаушының қолымен қойылған беттердің «720-722 (1-3)» бізге жетпей, үзік мәтіннің 723 (4) бетінен басталуы ой салды. Соған қарап: «Мәтін басы басқа бетте болар»-деп, кідіріп келдік. Енді акын немересі Төлеубай Шарафиұлының көшірмесіне қарап (6-папка, 138-140 б.), шығарманың «Бұлбұл мен қарғаның айтысы» – деп аталатынын анықтадық. Төлеубай нұсқасы да бізде бар үлгідегі тәрізді: «Атырды бұ сайраумен бұлбұл таңды» – деп басталғанына қарап: «Не ол кісіге де осы үзік қана жеткен, не жалпы шығарма басы осы тармақ болар», – деп шештік. Сондықтан бұ жолы біз келтіріп отырған бастапқы тармақты «Жалпы шығарма басы» – деп кесіп айту қиындығын ескертеміз. Шығарманың қашан жазылғанын өлең соңында автордың өзі ескерткен: «1911-інші жылында, августың перуай басы кезінде «Жантайма» – деген құдықта отырғанда, жазған сөзі. 53 жаста еді. Басына түспеген дәнәмсі білмейді!».

104. «Бұзып жарып кешу қылдым талай өрді» – деген жолды бетке ұстаған Мәшһүр-Жүсіп өлеңі осы жазбаға иек артып (7-папка, 177-178 б.), 4-томда (258-259 б.) орын алды.

105. «Наданнан бойыңды алыс қылып сақтан» – жолымен басталатын бұл мәтінді дйттесек, бұл алғашқы тармақ – ақынның «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы» өлеңінің 101-шумағы басы екені анықталды. Ал, өлеңнің толық нұсқасы Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жинаушылар: жиені Жолмұрат пен кіші ұлы Мұхаммедфазыл көшірмелері бойынша 4-томда (мәтіні: 176-192 б., түсінігі: 461-465 б.) жарияланды.

106. «Иаксыз келген, балам-ай» – деп басталатын үзік мәтін Мәшһүр-Жүсіптің «Әдһам диуана мен Ибраһим» дастанының соңы. Мәтіннің толық нұсқасы 4 көшірмені салыстыру арқылы әзірленіп, алғаш «Абай» журналында (1995 ж. № 3, 43-56 б.), кейін Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 3-томында (Павлодар, ЭКО, 2003, мәтіні: 55-100 б.; түсінігі – 344-347 б.) жарық көрді. Мәтінді әзірлеген-Г.К. Жүсіпова.

107. «Мәшһүр-Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысканы» туындысының бірінші нұсқасының алғашқы бөлімі «Ғалы Күзембайұлы сөзі» әулеттік мұрағаттағы Мұхаммедфазыл (Мәшһүр Жүсіптің кіші ұлы. 1890-1969) көшірмесі (1-папка, 7-9 б.) бойынша, ал, Мәшһүр-Жүсіп жауабы ақын жиені Жолмұрат (1894-1977) көшірмесі (1-папка, 337-339 б.) бойынша ұсынылып, бұған дейінгі 1-томда (мәтіні: 279-283 б.; түсінігі: 420-421 б.) жарияланғаны мәлім. Енді Мәшһүр-Жүсіп жазбасы ішінде орын алған белгісіз біреудің араб әріптерінің ескі үлгісімен жазылған көне нұсқасы табылып, салыстыру жүргізілгенде, соңғынікінде ұғым нақтылығы т.с.с. анықталды. Сонымен бірге бұл жолғыда (7-папка, 189-194 б.) бұрынғыда орын алған 10 шумақтық мәтіннің кірмей қалғаны анықталды. Мәселен, Ғалы Күзембайұлы сөзінде: «Мәшһүрдің өлеңіне әркім талып» – деген бір шумақтық мәтін жоқ болып шықса, сонымен бірге «Мәшһүр-Жүсіп жауабы» бөлімінде: «Мен оқып шыға алмадым биік өрге» – деп басталатын бір шумақ, «Күйіндің маған, бала, жаның ашып» деп басталатын 8 тармақтық үзік, «Кімнің кәпір болғанын көрді көзің» – жолын маңдай еткен 6 шумақтық мәтін, – бәрі 9 шумақ – кейінгі нұсқада болмаса да, әуелгіде бар екені ескеріліп енгізілді.

108. «Мәшһүр-Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы» туындысының бірінші нұсқасы бұдан бұрын Жолмұрат, Мұхаммедфазыл көшірмелері

бойынша әзірленіп, бұған дейінгі 1-томда (мәтіні: 288-297 б.; түсінігі – 425 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы қолымызға кейін тиген Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының түпнұсқасы үзігі (Алматыдағы ОҒККК, 1178-папка, 124 б.) мен әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы арасында орын алған (7-папка, 195-206 б.) белгісіз біреу жазбасымен және Иманғали Маненов (1-папка, 75-82 б.) көшірмесімен салыстыру жүргізілді. 1178-папкада мына бір дерек келтірілген: «Молда Жүніс Шалқарбай қажы баласы молда Мәшһүрден: «Ан хазіретіміздің Миғражға, аспанға [бару] себеп не екен?» – деп сұраған. «Екінші Құранда «Ағуз залмила Алла ғали нахитсымуи мағрұп періштелер дауласты – дейді. Солардың дауласқан сөзіне, оған төре айтушы кім болды?» – сұраған сауалы. Берілген жауабы – өлеңменен ұқтырса!» – деген алтмасына (лат пасына) берілген жауабы» (1178-папка, 124 б.) Бұл сұраққа қалай, қашан жауап берілгені екінші бір жазбада (Мәшһүр, 7-папка, 198 б.) көрсетілген: «Бір жыл ортада өткеннен кейін молда Мәшһүр бұл сөзге жауап қайтарды: «Бұл сөзлеген (сөйлеген) сөзлерін замана қазақ жұртына «Шаһартіл біраққар» – деген жыл. Онан екі жыл ілгері уа Алла ғалам, ұмытпасам, қаракиік жылы».

Сонымен бірге бұл шындықты анықтай түсерлік Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасында орын алған мына бір деректі келтірейік: «Пайғамбардың Миғражға бару себебі не? – деп, молла Жүніс Шалқарбай қажы баласы Мәшһүрден сұраған жылы – 1899 жылдар. 1899 ғинуарда 1317 (біздіңше араб жыл санауын көрсетін отыр. Л.Ж.) ныжырет... болған жұмыстар. Мәшһүрдің қырық бір жастағы кезі. [Қазір] 1946 жылында [соған] 47 жалған болған болады» (Жолмұрат, 3-папка, 317 б.). Міне, бұл жазбадан осы шығарманың 1899 жылы жазылуын анықтаумен қатар, соны жазған Жолмұрат ескертуінің қағазға 1946 жылы түскенін де бағамдай аламыз.

Сонымен қатар Жүніс Шалқарбайұлы сауалын жазып тамамдағаннан кейін берілген Жолмұраттың екінші бір дерегі де назар аудартады: «Жүніс сөзі тамам болды. Бір жыл ортада өткеннен кейін Мәшһүр-Жүсіп бұ сөзге жауап қайтарған. Бұл сөздің сөйленген жылдары – қазақ жұртына «Шүһаратлы сиыр» – деген жыл болды. «Ақ қарлы» – онан бір-екі жыл ілгері еді. Уалла ағылам, ұмытпасам, қаракиік жылы болса керек. 1899 жыл-1317 нижра лұббинда (1317 саны – арабша жыл

санау үлгісін беріп тұр. Л.Ж.) Мәшһүр-Жүсіптің қайтарған жауабы» (Жолмұрат, 1-папка, 277 б.).

Бұл жолы алдыңғы 1-томда (176-192 б.) басылғанды мәтіннің екінші нұсқасы санап, бұ жолғыны алғашқы нұсқасы ретінде жеке ұсынғанды жөн көрдік. Тағы да жеке әріп, сөз ауысуларын тере бермей, мазмұнды нақты ашарлық ұтықты өзгерістерге салыстыру жүргіземіз. Мәселен, екінші шумақтың үшінші жолы бұрынғыда: «Хан – кара, кожа-молда, төре болсын» – деп берілсе, бұ жолғыда түпнұсқа (1178-папка, 124 б.) бойынша «төре» сөзі орнына «патша» енгізілді.

109. Бастапқыдағы 23-тармақ: «Ғылым хал, ғылымидан баһра алып» – түрінде келсе, бұ жолы алдыңғы сөздер: «Ғалам хал, ғылым халдан» – деп өзгертілді.

110. «Өтіпті бізден бұрын Әбушайыры»-жолын маңдай еткен шумақ әуелгіде (1-том, 289 б.) бесінші шумақ ретінде келтірілсе, бұ жолы жетінші ретінде келтірілумен қатар, бірінші тармақтағы «бізден бұрын» – дегенді «имам Махмұт» алмастырды.

111. «Бір сөзге көп дауласқан төрт періште» – дегендегі ортаңғы сөздер: «назақласқан көп» – деп ауыстырылды.

112. Алғашқыда: «Шу мен шу, қан мен жыннан қорытылып» – дегендегі бастапқы сөздер бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, бұ жолы түзетілді: «Шөп пен су».

113. Әуелгідегі: «Ғылымға көңілін оның орон қылды» тармағы: «Ғаламға көңілін оның орын қылды» – деп өзгертілді.

114. Әдепкіде: «Сөзінің болған тартыс біреуі – бұл» – деп берілсе, енді «болған тартыс» орынын «талас болған» иеленді.

115. Бұрынғыда: «Қылыштай қынабы алтын жарқ-жұрқ етіп, // Асылың енді біздің түсті көзге» – деп келтірілсе, бұ жолы соңғы тармақ жаңаланып, ұғым нақтылана түсті: «Асылып енді белге түсер көзге!».

116. «Бірдей болса көңіліне барлық, жоқтық» жолы бастапқыда (1-том, 295 б.) шумақ соңында тұрса, бұ жолы екінші тармақ ретінде келтірілумен қатар бұрынғы екінші жол: «Отындық болмаймысың, болса оқтық» – делінсе, енді ол жол төртіншіге шегеріліп: «Ренішсіз көңілде болса оқтық!» – деп түзетілді.

117. Мәшһүр-Жүсіптің «Ораза туралы» өлеңі де осы жазба негізінде (7-папка, 207-216 б.) 4-томға (306-310 б.) кіргізілді.

118. «Хор қыздарының хикаясы» өлеңінің алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен ертерек жазылған үлгісінен (II-папка, 151-154 б.) алынып, осы жазбамен (7-папка, 218-227 б.) салыстыру жүргізілсе де, сол көненің сақталғаны Мәшһүр-Жүсіп шығармалары, 4-томында (мәтіні: 301-306, түсінігі: 483-484 б.) ескертілген. Біз бұ жолы осы кейінгіні екінші нұсқа ретінде алып, жеке ұсынғанды жөн көрдік. Тағы да жеке әрпі т.с.с. өзгешеліктерін тізбей-ақ, негізгілеріне көңіл бөлеміз. Мәселен, мұндағы үшінші шумақтың соны бұрынғыда: «Пейіштің тамамдалған түгел үйін» – деп берілсе, бұ жолы соңғы үш сөз: «Түгелденген тамам үйін» – деп ауыстырылды.
119. Бұрынғыдағы: «домаланған» сөзі бұ жолы: «жұмырланған» – деп өзгертілді.
120. Бастапқыдағы: «сөз бар» орынын бұ жолы «бетіне» иеленді.
121. «Тура» сөзі «бойы» болып өзгертілді.
122. «Таһыратты» – дегенді «тарау – ашық» алмастырды.
123. «Түрлі жайды» – сөздері «түрлі шиуа» – деп ауыстырылды.
124. Әуелгідегі «Ішкені алқымынан белгілі боп» – қалпында өрістесе, бұ жолы (7-папка, 221 б.) «Миығынан жеген асы белгілі боп», – деп өзгертілді.
125. «Айнымастан» – дегені «қалыбында» сөзімен ауыстырылды.
126. Алғашқыда бір шумақтың төртінші жолы: «Айтайын әнгіме сөз, сіздер тыңда» – түрінде орын алса, кейінгіде ол тармақ мүлде басқаша: «Парықтап (ғарықтап) сол, қырық түрлі, жалғыз қылға» (7-папка, 222 б.).
127. «Жалғандағы» – дегенді «дүниедегі» сөзімен ығыстыру да – кейінгіге (7-папка, 223 б.) иек арту жемісі.
128. Біріншіде: «Бар ма еді өз жаныңа сол өз қасың» – делініп, «өз» сөзінің бір тармақта екі рет берілуі орын алса, бұ жолы бастапқы «өз» сөзі «бір» деп түзетілді.
129. Әдепкіде: «Іспенен, естуменен бұл кетіпті» – деп келтірілсе, енді бастапқы сөз «есінен», кейінгі «бұл» – «сол» делініп өзгертілді.
130. Алғашқыдағы: «бұлқынып өт» – бұ жолы «бұлқып өтсей» – деп алмастырылды.

131. Осы жазбадағы (7-папка, 227-243 б.) «Оюын ойып» – тармағымен басталатын А. Байтұрсынов өлеңдері 7-томда (200-206 б.) орын алған.

132. «Бір қиял: оң ба, теріс пе – ол арасын құдай біледі» – деп басталатын «Алла құдіреті» – мәтіні осы жазба (7-папка, 245-279 б.) бойынша берілді. Мәтін аяғының бізге жетпегенін ескертеміз.

133. Осы жазбадағы 247-беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына сөз жазылған: «Шарық кайуан зужал деген таста. «Рақасм жазу деген жикка ал – қалам» – дегенді қалам жазуы болды.

134. Осы мәтін орын алған 251-беттің оң жақ қапталы шекесіне көлденеңдеп мына ескерту жазылған: «Тұтып» – деген – «Әулиенің барып тұрғаны» – деген».

135. Осы мәтін жазылған 257-беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту кіргізілген: «Мұхаммед – дана. Нағуз билламин ғалайта. Әлһам ғали ал-заһим. Фаһим қазақша – пайым. Уаһим – оқыл».

136. 267-беттің оң жақ қапталында бұл беттегі мәтінге қатысы жоқ ескерту орын алған: «Сәуір – апрельдің жетісінде туады».

137. «Қарағай түбі – кара өлең» – деп басталатын мәтін – қазақ фольклоры үлгісі «Сайын батыр» жырының бір үзiгi. Бұл туындының толық нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1170-папка, 225-284 б.) бойынша 5-томда (мәтіні: 215-264, түсінігі: 392-400 б.) басылғаны мәлім. Бұл жолғы үзік сол жырдың екінші бір нұсқасы бар екеніне жарық түсіреді. Олай дейтініміз: осы үзіндінің өзінде жекелеген сөз, өлең тармағы болмаса, өзгешелік мол. Мәселен, «Қарағай түбі – кара өлең» – дегеннен кейінгі 11 тармақ бұрынғыда мүлде жоқ. Сонымен бірге «қарағайдан табытын» – дегеннен кейінгі екінші жол аяғы бұрынғыда: «салыңыз» – делінсе, бұл жолғыда – «сайласып»; ал төртінші соңындағы «байлаңыз» орнын кейінгіде «байласып» иеленген. Сонымен қатар: «Қалмақ көрмес орынға // Ер Сайынды жайласып» – жолдары бастапқыда мүлде жоқ. Сондай-ақ әуелгіде: «Қимай кетті жыласып» – делінсе, бұл жолы: «Еңіреп, қимай, жыласып» – түрінде келіп, белгілі бір ұғымның нақтылана түсуі жүзеге асқан.

138. «Мәшһүр-Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені» туындысы бұдан бұрын Әмен Көпейұлының төл шығармасы ретінде қарастырылып,

баспа бетінде жарық көргені (Ұл еді қарсы туған көк дауылға. Жалын, 1989, № 1, 110 б. Әзірлеген-Н. Жүсіпов) мәлім. Кейін Мәшһүр-Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлының анықтамасы (Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1173-папка, 9-дәптер, 1-2 б.) бойынша жоғарыдағы аталыммен 4-томға (мәтіні:227-230 б.; түсінігі: 468-469 б.) енгізілді. 4-томдағыны осы туындыны өлеңнің бірінші нұсқасы санап, кеңейтіліп, өзгертіліп Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған бұл үлгіні (7-дәптер, 299-307 б.) мәтіннің екінші нұсқасы ретінде жеке ұсынып отырмыз. Бұ жолы да жеке әріп т.с.с. өзгешеліктердің бәрін тізбей-ақ, тек негізгілерін атап өтеміз.

139. Бірінші нұсқадағы: «Құр сұлдең жүре алмайсың басып қадам» – делінген 10 тармақ бұ жолы кейін ысырылып, 26-жол ретінде берілген. Сондай-ақ бұл 10 – жолдағы босаған орынды мүлде жаңа мәтін: «Ақққан жас екі көзден тарам-тарам» – иеленген.

140. «Он тоғыз – отыз бірді список қып, // Жібермей қамағанда толған аран» – жолдары да көп кейін жылжып, 18-19 тармақ орнынан ауысып, 73-74 – жол ретінде сап түзеген.

141. «Солдаттар иіріі айдап қамағанда» – деген 13 – жол да кейін ығысып, 25 – тармақ ретінде берілумен бірге сол тармақтағы «айдап» сөзі «қамап» – деп ауыстырылған. Сонымен бірге осы шумақтың екінші жолы, жоғарыда атап өткеніміздей, 10-тармақтағы орнынан ауысып, 26 – жол ретінде енгізілумен бірге, шумақтың соңғы екі тармағы тыннан қосылған.

142. «Жел тимей, күнге күймей жүрген басым» – деп басталатын 22 жолдық мәтін бұрынғыда мүлде орын алмай, тыннан қосылғанын ескертеміз.

143. Әуелгіде шумақ соңы «естен танам» – деп келтірілсе, бұ жолы өзгерген: «шаршап талам».

144. Бастапқыдағы шумақ соңындағы: «ала алмаған» сөздері де бұ жолы (7-папка, 306 б.) «алалаған» – деп түзетілді.

145. Алғашқыда шумақтың екінші, төртінші жолдары: «құр қалмас-ты», «жұрт адасты» – түрінде келсе, бұ жолы: «құр қалмаған», «ақылынан» – деп алынды.

146. Біріншідегі: «Жол көрсеткен» сөздері «жол көрмеген» – делініп, ұғым нақтылана түсті.

147. «Кенесары жорығына қатысты төртінші дерек» мәтіні осы жазба (Мәшһүр-Жүсіп, 7-папка, 308 б.) бойынша 9-томға (180 б.) кіргізілді.
148. «Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда» мәтіні де осы жазба (7-папка, 309-310 б.) бойынша 8-томға (166 б.) кіргізілді.
149. «Хазірет Әнес ризалығына тарайтын нәсілі» – деп басталатын мәтін де осы жазбадан (Мәшһүр, 7-папка, 339-344 б.) алынып, 8-томға (76-77 б.) енгізілді.
150. «Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың» – деп басталатын Көтеш ақынның (XVIII ғ.) бір шумақ өлеңі бұдан бұрын Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1178-папка (60, 211 б.) бойынша 7-томда (30 б.) жарық көргені белгілі. Бұ жолы Мәшһүр-Жүсіп ойының қозғаушы күшін бұзбау үшін басқа бір мәтінде (8-папка, 23 б.) орын алу ретімен берілді.
151. Бұл мәтін осы 8-папка, (30-32 б.) бойынша «Шын дәулет пен жын дәулет туралы» – деген атпен жарияланды («Ұлағат» журналы, 3, 1995, 99-102 б. Материалды әзірлеген – Нартай Жүсіпов).
152. «Дуаның пайдасы туралы» – деп аталған мәтін осы жазба (8-папка, 33-36 б.) негізінде бұған дейін жарық көрді (Қараңыз: М.Ж. Көпейұлы. Дуаның пайдасы туралы // «Зерде» журналы, 1, 1995, 28 б. Материалды әзірлеген-Нартай Жүсіпов).
153. «Абылай мен Жарылғап» мәтіні де осы жазбадан (Мәшһүр-Жүсіп, 8-папка, 36-44 б.) алынып, 9-томда (71-74 б.) басылды.
154. Мәшһүр-Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны әулеттік мұрағатта сақталған ақынның өз жазбасы (6-папка, 1-62 б.) бойынша бұдан бұрын 3-томда (мәтіні: 113-174 б.; түсінігі: 349-357 б.) басылғаны белгілі. Біз назар аударған мәтін сол түсініктің 353-357 бетінде осы жазба (8-папка, 169-176 б.) бойынша берілген.
155. Бұдан бұрын Шоң биге арналған әңгімелер ішінде «Тіл мен көз» әңгімесінің екінші көшірме нұсқасы Мәшһүр-Жүсіп атқосшысы Иманғали Маненов жазбасы (3-папка, 105-106 б.) бойынша 6-томда (168-169 б.) басылған еді. Бұ жолы кейін табылған түпнұсқаны бірінші нұсқа ретінде келтіріп отырмыз. Салыстыра карағанда, бұрынғы көшірмеде түпнұсқадан ауытқу едәуір екені де анықталды.
156. Бұған дейін Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын оның өз жазбалары бойынша беріп келсек, енді оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) көшірмелері бойынша бере бастаймыз. Көшірме ғана

сақталып, түпнұсқаның бізге жетпеуі себебі көп. Соның басты себебі Алматыдағы ОҒКҚК-да сақталған қолжазбалардың сақталу сапасы төмендігінен деп санауға негіз аз емес.

157. «Бала Сүлеймен тапқырлығы» әңгімесі де Жолмұрат көшірмесі (1-папка, 230-231 б.) бойынша ұсынылды.

158. «Сөзге тоқтау мәні» мәтіні де Жолмұрат (250 б.) бойынша берілді.

159. Бұдан бұрын бұл мәтіннің қысқа үлгісі Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (2-папка, 341-342 б.) негізінде бірінші нұсқа ретінде 6-томда (122-123 б.) орын алса, бұл жолы Жолмұрат жазбасы (1-папка, 250-251 б.) негізінде соның кеңейтілген екінші нұсқасы ретінде жеке ұсынылып отыр. Бұл мәтіннің қашан қағазға түскені Жолмұрат жазбасы соңында ескертілген: «Көшірілді 1937 жылында 9.01 – гинуар күні».

160. Ел арасында бұл үлгінің көп нұсқасы болғандығы «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» кітабында (2-том, Алматы, Ғылым, 1979, 109-115 б.) біршама дәлелденген. Мәшһүр-Жүсіп жазған бұл нұсқа Жолмұрат көшірмесі (1-папка, 321-332 б.) бойынша тұңғыш ұсынылып отыр.

161. «Он алты, екі бала, жасқа жетті» – делінгенде, екі баланың әрқайсысы 8 жасқа келгені, оның жалпы жиынтығын 16 саны құрайтыны айтылып отыр. Себебі тап осыдан кейінгі шумақтың өзінде: «Ұл мен қыз тоғыз жасқа келді сонда» – деп айтылып, соның алдындағысы сегіз жасты білдіретінін дәлелдей түскен.

162. Бұл арада Баянауылдағы дуанбасы Мұса Шормановтың алдына барғанда, Мәшһүр-Жүсіптің 9 жасында бір шумақ айтқан өлеңмен үндестік бар: «Болғанда ашу пышақ, ақыл-таяқ, // Сол таяқ кемімей ме жонған сайын?!» Бұл орайда бала кезінде шығарған айшықты үлгісін ақынның кейін жазылған осы дастанға енгізген деп санаған жөн. Осы туынды жазылған мәтін соңында Жолмұрат Жүсіпұлы бұл дастанның көшірілген уақытын: «1951 жыл, 5 апрель» – деп ескерткен.

163. Жолмұраттың бұл көшірмесі (1-папка, 95-102 б.) Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан (Алматы, ОҒКҚК, 1645-папка, 142-145 б.) алынып, 9-томда басылған «Абылайдың тұтқын болуы» (үшінші нұсқа) мәтінімен көп тұста біркелкі, ұқсас болуымен көзге түссе де, оқиғаның басталу, жалғасу реті сөз колданысы т.с.с. тұрғыдан қарағанда, аздаған айырмашылығы бары ескерілін, жеке нұсқа ретінде ұсынылып отыр.

164. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» туралы бұрынғы томдарда сөз арасында ғана (8-том, 169-170 б.) аталып өтсе, бұл жолғы екінші нұсқасы оқиғаның кеңірек баяндалуымен ерекшеленеді.

165. Мәшһүр-Жүсіп жинауымен жеткен, іздеушінің жұмысын жеңілдету үшін алфавит тәртібімен берілген «Қазақ мақал-мәтелдері» топтамасы ішінде: «Бурыл атта бұғау бар, // Оны кесер егеу бар» – сөздері мақал үлгісі ретінде (8-том, 53 б.) берілсе, бұ жолы Жолмұрат көшірмесі ретін сақтап (демек бізге әзір жетпесе де, дәл осы үлгідегі Мәшһүр-Жүсіп жазбасы орын алған болар деп санаймыз), бұл үлгілерді екінші нұсқа ретінде жеке алып ұсынып отырымыз.

166. Тағы да 5-томдағы «Қазақ мақал-мәтелдері» топтамасына қарасак, бұл мақалдардың онда да орын алғанын көреміз. Әйтсе де онда «Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас» – деп басталатын мақалдар шоғыры онда дәл осы қалыпта берілгенімен (5-том, 52 б.), бар тұста олай емес. Мәселен, бұрынғыда «Қазақ болмай, ғазап болмас, // Тамақ болмай, таму болмас» – деп тамамдалса, бұ жолы оған «Ит баласы сауын болмас» -тәрізді үш жолдық тың мәтін қосылған. Осы тәрізді кейінгі үлгілердің үстелуін, орын ауыстыруын ескерсек те, мұндағы топтама бөлімдерінің әрқайсысы өз орнын сақтап, басқаша ажарға бөленіп тұрғанын да ескермеуге болмайды.

167. Бұл мәтін аяғында Жолмұрат қолымен мына ескерту жазылған: «Көшірілді 1952 [жылы], 9 июньде, (16 разазында). Көшіруші-Жолмұрат Жүсіпұлы, Баянаулада, 10-ауыл қазағы».

168. Отаршылдық саясатты неғұрлым өткір сынаған Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жойылып отырды десек, соның бір көрінісі осы туындының әулеттік мұрағатта ғана сақталуы (Жолмұрат, 2-папка, 270 б.) дер едік. Белгілі бір ұлтты толық жою үшін, алдымен оның шұрайлы жерін тартып алу отаршылдардың басты бағыты боп келгені бұл туындыдан анық көрінеді.

169. Ақындар, батырлар тегін көрсетуге арналған бұл туындының да түпнұсқасы емес, көшірмесі ғана әулеттік мұрағатта сақталуы кешегі кеңестік отаршылдық саясатқа не ұнамағанын дәлелдеуге де дерек бере алады. [Тағы да тік жақша ішіндегі сөздер оқырманға түсінікті болу үшін біз қосқан үлгілер екенін ескертеміз. Л.Ж.].

170. Бұған дейін жинақталған мақалдарды оқырман іздеуіне қолайлы болу үшін алфавит тәртібімен берген едік (5-том, 40-94 б.).

Бұ жолы әрі сақталу реті бойынша, әрі ішінара калып койғандарын камтып ұсынып отырмыз.

171. Бұдан әрі Жолмұрат атамыз бұл мәтін туралы: «Көшербай Бижанұлының жазуынан алынды. Көшіруші – Жолмұрат Жүсіпұлы. [19]74 жылы, 22 апрельде, сексен жасында. Тамата тамам, болған шамам», – деп жазған. Жолмұрат Жүсіпұлы көбінесе Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан көшірсе, бұл арада түпнұсқаға қолы жетпегендіктен, ара-тұра көшірмеге иек артқанын ескертіп отыр деп санаймыз.

172. Бұған дейін бұл мәтіннің екінші нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1170-папка, 798-808 б.) бойынша 9-томда (мәтіні:164-167 б., түсінігі:352-353 б.) жарық көрсе, бұ жолғы Жолмұрат көшірмесінің әр тұсында өзгешеліктер бар екені ескеріліп, үшінші нұсқа ретінде жеке ұсынылып отыр.

173. «Қазақтың сол кездегі басшы адамдары сөйлесіп, келісіп, уағда хат алып, ауызекі ант алып, ит терісіне жаздырып...» – деп басталатын ұзақ сөйлем де бұрынғы екінші нұсқада мүлде жоқ болуымен ерекшеленеді.

174. «Жалайыр-Шордың әңгімесі» – деп аталатын Жолмұрат көшірмесі соңында Жолмұраттың өз қолымен жазылған мына ескерту орын алған: «2-томның 184-бетінен алынды Мәшһүр сөзі». Осы орайда 1994-1995 жылдары Мәшһүр-Жүсіп шөбересі Нартай Жүсіповтің ҚР ҒА ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбаларының бейне көшірмесін түсіріп алғанын ескерсек, бұл дерек мәтіннің Жолмұрат жазған жылдары (1946-1950) бар болып, кейін жоғалғанына жарық түсіреді. Бұл жоқ болу сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптің басқа да жазбаларының Ғылым академиясы қолжазба қорынан 1932-2008 жыл аралығында ұрлау-жымқыруға ұшырап келгенін, алдағы уақытта ол теріс үрдіс жалғасуы мүмкіндігін де ескерте алады.

175. Зарауханың арғы атасы Ақжігіттің Мәшһүр-Жүсіпке де төртінші ата болып келетінін ескеру керек. Таратып айтқанда: Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) – Мәшһүр – Жүсіп. Сермұхаммедтің әпкесі Зарауха екенін де ескерген жөн.

176. Мәшһүр-Жүсіп өмірбаянының алғашқы екі нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1645 – папка, 153-164 б. және 1178-папка, 194 б.) бойынша бұған дейінгі Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 9-томында (274-281 б.) «Мәшһүр-Жүсіп өміріне қатысты

деректер» – деген атпен жарық көргені мәлім. Бұл мәтіннің үшінші, төртінші нұсқаларының басталуы бірдей де, өрбу түрлішелігімен көзге түседі «Қараңыз: 11-том, 147-148 б. және 12 – том (178-179 б.). Бұл мәтіндердің екеуі де Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған (11-томдағысы, ОҒКҚК, 1170-папка 1042 б. алынса, 12-томдағысы әулеттіктегіден (1-папка, 124 б.) келтірілген. Бұл мәтіннің бесінші нұсқасы да ОҒКҚК-дағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 1176-папка, 208 б. негізінде әзірленіп, «Мәшһүр-Жүсіп өмірі» – деген аталыммен 10-томда (244 б.) орын алғаны белгілі. Ал, бұл жолғысы түпнұсқа емес, көшірме бойынша әулеттік мұрағат, Жолмұрат, 3-папка, 328-329 б. негізінде әзірленіп, мәтіннің алтыншы нұсқасы ретінде ұсынылып отыр.

177. «Атамыздың қырық екі жасында...» – деп басталатын осы сөйлемнің маңдайшасында Жолмұраттың өз қолымен мәтіннің кімнен көшірілгені нақты көрсетілген: «4-томның 19-бетінен алынды. Өз қолжазбасынан». Бұл түсіндірменің маңызы – бұрынғы кезде (1946 жылдары) Мәшһүр-Жүсіптің осы жазбасының сақталғанын, кейін қолды болғанын тағы да дәлелдей түседі.

178. Бұл өлең маңдайшасында: «Мәшһүр сөзі. 3-томның 382-бетінен» – деп, Жолмұрат қолымен жазылуы да оның Алматыдағы Ғылым академиясында болған жылдарында (1945-1946) бұл өлеңнің Мәшһүр-Жүсіп жазбасы ішінде сақталғанын, кейін жоғалуы мүмкіндігін аңдатады.

179. Жолмұрат жазбай кеткен соңғы екі жолды мәтін түсініктілігі үшін Мәшһүр-Жүсіптің Алматыдағы ОҒКҚК, 1178-папкасынан (229 б.) алынып, 7-томда (30 б.) жарияланған нұсқа бойынша келтірдік.

180. Мәшһүр-Жүсіптің «Миғраж» дастанының алғашқы нұсқасы бұдан бұрын: Жолмұрат (3-папка, 104-112 б.), Иманғали (2-папка, 46-61 б.), Мұхаммедфазыл (2-папка, 91-102 б.), белгісіз біреу көшірмесі (Алматыдағы ОҒКҚК, 1171-папка, 32(195)-20(209) б.), т.с.с. – айналасы 6 көшірме бар екені ескеріліп, Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 2-томына (мәтіні: 146-160, түсінігі: 359-361 б.) жарық көргені мәлім. Бұл жолы сол дастанның екінші нұсқасын [Мәшһүр-Жүсіптің әр жылдары белгілі бір тақырыпты түрлентіп, түрліше бірнеше нұсқа түрінде жазып келгені белгілі – Л.Ж.]

Ал, дастанның екінші нұсқасы ертерек (1880-1890 шамасы) жазылса да, кейінірек қолға тиген Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша 11-томда (мәтіні: 263-277 б., түсінігі: 401-406) орын алғаны белгілі. Дастанның үшінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Иманғали Маненовтің (1903-1993) екінші бір жазбасы (1-папка, 98-147 б.) бойынша ұсынылып отыр.

181. «Расулдің ауырғаны» шығармасы Иманғали жазбасы (1-папка, 147-153 б.) бойынша берілді.

182. Мәшһүр-Жүсіптің «Дала уалаяты» газетінде (1889-1901 ж.) басылған туындылары және оған байланысты түсініктемелер кезінде 1989 (656 б.), 1992 (576 б.), 1994 (816 б.) жылдары «Ғылым» баспасынан шыққан, «Дала уалаятының газеті» атты әдеби нұсқалар жинақтарынан алынып басылып отыр. Бұл жинақтардың құрастырушысы: белгілі ғалым Ү. Субханбердина. Бұдан әрі бұл жинақ атауын «ДУГ» деп қысқартып көрсетіп отырамыз.

Адам һәм оның ғұмыры – Человек и его век

1889 жылғы ДУГ № 6-7 әдеби қосымшаның 22-24 – беттерінде басылған ертегі. Соңынан «Юсіп бин Көпей» деп қол қойылған. Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің белгілі ертегісі, 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағында басылған.

Қарға мен лашын – Ворон и сокол

1889 жылғы ДУГ № 7 әдеби қосымшаның 25-26-беттерінде басылған аңыз-ертегі. Соңынан «Юсіп бин Көпей» деп қол қойылған. Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің белгілі аңыз-әңгімесі. 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағында басылған. Бұл да сол «ДУГ» жинағында (Б. 142-144, 629) бар.

Тұрмыс жайда болған хабарлар – Местные известия

1890 жылғы ДУГ 9-санында басылған мақала. Алшын руынан шыққан Қаражігіт, Үйсін руынан шыққан Төле би туралы аңыз-әңгімелер келтірілген, еңбек дәріптелген. Мақала ішінде қазақтың мақал-мәтелдері мол келтірілген. Сонынан «Ю.Көпей марқұм ұлы» – деп қол қойылған. Бұл да сол «ДУГ» жинағында (Б. 161-165, 630-631) жарияланған.

Жақсы молда – Хороший мулла

1890 жылғы ДУГ 14-санында басылған әңгіме. Соңынан Юсіф Көпеев деп қол қойылған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл әңгімесінде казак арасындағы ел басқарушылар мен молданың іс-әрекеттерін сынаған. Бұл да 1989 жылғы «ДУГ» жинағында (Б.170-173, 631) бар.

Ғажайып бір құс заманымызда – Беркут

1890 жылғы ДУГ 18-санында жарияланған әңгіме. Соңынан «Юсіф Көпеев» деп қол қойылған. Бұл да сол «ДУГ» кітабында (Б. 177-178, 631) басылған.

Баянауылдан – Из Баян-аула

1890 жылғы ДУГ 23-санында басылған казак елінің хал-жайы, шаруашылығы туралы өлең. Соңынан «Баласы мен Көпейдің Мәшһүр Юсіп» деген. Осы газеттің 8 санында басылған М. Ботбаевтың «Қазаққа мынау пайда егін салсын» деген өлеңіне жауап ретінде өз пікірін жазған. Бұл да жоғарыдағы жинақта (Б. 195-200, 633) бар.

Үш Едіге туралы

1890 жылғы ДУГ 46 санындағы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мақаласында казак тарихындағы үш Едіге туралы деректер беріліп, Сүйіндік руы туралы аңыздан үзінді келтірілген. Мақала соңында «Юсуф Көпеев» деп қол қойылған.

Жиренше шешен мен хан – Джиренше-Шишен и хан

1893 жылғы ДУГ 2-санында басылған аңыз-әңгіме. Соңынан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолы қойылған. 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағында басылған. Бұл да жоғарыдағы жинақта (Б. 468-469, 642) жарық көрді.

Қазақтардың бұрынғыдан қалған сөздері – Киргизская легенда

1893 жылғы ДУГ 13-санында басылған. Абылайдың сұрағына жауап берген бидің сөздерінен аңыз-әңгіме. Соңынан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолы қойылған. Бұл да жоғарыдағы жинақтан (Б. 476-480, 643) алынған.

Малшы Алтай-Алтай пастух

1894 жылғы ДУГ 6 санында басылған аңыз-әңгімеде жылқышы Алтайдың адал еңбек сіңіріп, бай қызына үйленгені; Жоғарғы Ал-

тай, төменгі Алтайдағы қазақ рулары туралы деректер келтірілген. Соңынан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолы қойылған. Бұл да 1989 жылғы жинақта (Б. 500-503, 644) бар.

Баянауылдан – Баян-Аул

1890 жылғы ДУГ 6,7 сандарындағы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мақаласында қазақ елінің шаруашылығы, мәдени өмірі, оқу-ағарту ісі, қыз балаларды оқыту керектігі, кәсіппен айналысу, тәлім-тәрбие мәселесі, әдет-ғұрып, салт-сана, жанұя мәселесі туралы айтылған. Мақала соңынан «Юсіп Көпеев» деп қол қойған. Бұл 1994 жылы жарияланған «ДУГ» жинағында бар (Б. 110-122, 784).

Тұрмыс жайында болған хабарлар – Из Баян-Аула

1891 жылғы ДУГ 20 санындағы мақаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазғытұрымғы ауа райының қолайсыз кезеңдерін суреттей отырып, мал шығыны, аштық туралы мәлімет берген, халықты егін салуға үгіттеген. Бұл да 1994 жылғы жинақта басылған (Б. 194-197, 788).

Ноғай хикаясы адамзатты жаратқан турасынан-Татарская легенда о создании человека

1901 жылғы ДУГ 45 санында басылған мысал ертегі. Ертегінің басқа вариантын М.Ж. Көпеев осы газеттің 1889 жылы 6,7 әдеби қосымшасында жариялаған. Бұл үзінді де 1992 жылы жарық көрген «ДУГ» жинағынан алынған (Б. 501-505, 572).

Туысқан бауырларыма бір насихат

Көпеев М.-Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. – «Айқап», 1912, № 7, 146-154 – б.; № 8, 170-175 б. Автор мақалада қазақ елінің экономикасына тоқталған. Татар елінің қазақ еліне тигізген әсерін сөз еткен. Бұл мәтін 1995 жылы жарық көрген «Айқап» кітабынан (Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – Б. 106-109, 304-305) алынды (Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов).

Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан

Алдымен осы аталыммен балаларға арналып, Ташкентте (1929 ж.) басылып, кейін «Қазақ халық ертегісі» – 1-томына (Алматы, Жазушы, 1986, 72-75 б.) енді.

Мазмұны

Адам тәні туралы.....	3
Құтырған ит пен наданды салыстыру.....	4
Нух пайғамбар мен бір кемпір.....	4
Жүсіп пайғамбар туралы	6
Мақалдар туралы.....	6
«Ақ тышқан жұты»	8
Ғафурахман өлеңдері.....	9
Мәшһүр-Жүсіптің «Ағашсыз жапырақ» өлеңі	9
Мәшһүр-Жүсіптің «Опасыз әйел» дастаны	10
Неке шарттары	15
Табиғат пен адам денесін салыстыру	15
Өмірбаяндық дерек	16
Дін тағылымы (1-әңгіме).....	17
Дін тағылымы (2-әңгіме)	18
Көтеш ақын өлеңі	21
Дін тағылымы (3-әңгіме)	21
Мұса Шорманов және Қаныш Сәтбаев	22
Жаңылтпаштар	23
Беташар	24
Көңілін сұрағандарға Досболдың айтқаны	25
Шымырбай әңгімесі	26
Өмірбаяндық мәліметтер.....	27
Дін тарихы.....	27
Жаратылыс туралы.....	28
Өткір нақыл сөз (афоризм).....	30
Мәшһүр-Жүсіпке жазған Әлкей Марғұлан хаттары	31
Ақырет жабдығы	34
Ғұмар Қарашев өлеңі.....	41
Сократ сөзі сабақтары	43
Мұхаммедәмен Көпеев өлеңі.....	44
Пайдакүнемнен сескену	45

Табиғат пен адам денесін салыстыру	46
Мәшһүр-Жүсіптің өлер шағындағы сөзі	47
Жыл мезгілі ерекшеліктері	48
Қилы деректер	49
Мәшһүр-Жүсіптің	
«Мұхаммед пен Әбу Жаһил» өлеңі	50
Мәшһүр-Жүсіптің «Жетпіс бап» туындысы	51
Қазақ мақалдары	74
Ғылым, білім (8-әңгіме)	74
Сөз ғибраты	77
Табиғат ғибраты	81
Шоң би әңгімесі	87
Мәшһүр-Жүсіптің «Құдірет шеберлігі»	
өлеңі (үшінші нұсқа)	88
Ғылым-білім (9-әңгіме)	89
Мәшһүр-Жүсіптің	
«Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені» өлеңі	94
Мәшһүр-Жүсіптің нәпсі т.с.с. туралы айтқаны	95
Соқыр, мешел аудармасы	97
Мәшһүр-Жүсіп деректері	98
Мәшһүр-Жүсіптің «Бір хан әңгімесі» туындысы	99
Мәшһүр-Жүсіптің	
«Бұлбұл мен қарғаның айтысы» өлеңі	100
Мәшһүр-Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысы	102
Мәшһүр-Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы	107
Хор қыздарының хикаясы	117
Бегім Шайхының батасы	122
Алла құдіреті	122
Күнтізбе деректері	129
«Сайын батыр» жыры	130
Қарғымпаз, һәм әдепті ат туралы	130
Мәшһүр-Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені	134
Мәшһүр-Жүсіпке Б.Юсупханов хаты	138

Бекмұхаммед Табан молла баласына аманат	139
Мәшһүр-Жүсіпке Шайым Нұғманұлының өлең хаты....	140
Кейінгі заман адамдары туралы	142
Дұаның пайдасы	148
Географиялық деректер	149
Тағы бір жеке деректер.....	150
Тіл мен көз	150
Бұл Мәшһүрдің бір адасқаны	151
Бала Сүлеймен тапқырлығы.....	151
Сөзге тоқтау мәні	152
Күйеуін менсінбегенге Байдалының төрелігі	153
Назымбек пен Күлше қыз	154
Қалдан Шерін мен Абылай хан	169
«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»	175
Ғибрат сөздер, шешендік үлгілері	176
Мақалдар	177
Тоғжан мен Торайғыр қағысуы	178
Тоғжан мен Сақау қағысуы	178
Дін ғылымы тағылымы (1-әңгіме).....	179
Дін ғылымы тағылымы (2-әңгіме).....	182
Шал мен қыз қағысуы	183
Мәшһүр-Жүсіп туындыларына Жолмұрат түсініктері ..	184
Мәшһүр-Жүсіптің Сарыарқадан айрылу мұңы	185
Мәшһүр-Жүсіптің «Жалғыздық» өлеңі.....	186
Ақындар, батырлар тегі туралы.....	187
Жолаушы әңгімесі	190
Ел арасының бір жанжалы	190
Жаяу Мұса тегі туралы.....	191
Тарихи бір дерек	191
Мақалдар	192
Жәуке бидің Шоңайға айтқан түс жоруы	194
Жұмбақ – он сан шешуі	194
Қоңырбай әңгімесі	195

Торсықбай әңгімесі.....	195
Сағынай асын Мұса Шорманұлы басқарғаны	196
«Мұса мырза асы» деректері».....	197
Тұрлыбек ұлықтың істері	197
Шоң мен Тұрлыбек кездесуі.....	199
Болыс сайлауы және дүние алдамшылығы	201
Мұстафа мен Шөже қағысуы	205
Тарихи деректер.....	205
Абылайдан кейінгі хандар.....	206
Жалайыр-Шордың әңгімесі.....	210
Хандар туралы деректер.....	210
Некесіз әйелге бармағандар туралы	211
Мәшһүр-Жүсіпке сүйенген Жолмұрат түсініктері	211
Зарауха әңгімесі.....	212
Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны	212
Тағы бір деректер.....	214
Мәшһүр-Жүсіп өлені	215
Мәшһүр-Жүсіптің «Есіл сөзім» өлені.....	215
«Дандайсыма» – сөзінің тарихы	217
Арғын шежіресі деректері	217
Миғраж (үшінші нұсқа)	219
Мәшһүр-Жүсіптің «Дала уалаяты»	
газетінде (1889-1991 ж.) және	
«Айқап» журналында (1912 ж.)	
басылған туындылары	
Адам һәм оның ғұмыры.....	289
Қарға мен лашын	293
Тұрмыс жайда болған хабарлар	295
Жаксы молда	300
Ғажайып бір құс заманымызда	304
Баянауылдан.....	305
Үш Едіге туралы	313
Жиренше шешен мен хан.....	317

Қазақтардың бұрынғыдан қалған сөздері	318
Малшы Алтай	322
Баянауылдан.....	325
Тұрмыс жайында болған хабарлар	337
Ноғай хикаясы.....	339
Туысқан – бауырларыма бір насихат.....	343
Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан.....	347
Түсініктер	351
Мазмұны.....	380

Мәшһүр-Жүсіп

Шығармалары. 13 том

06.08.2008 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.
Шартты баспа табағы 22,4. Есептік баспа табағы 14,3.
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 32-16-08